



Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігі



ҚҚДИ
РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Қазақстандық
қоғамдық
даму
институты

Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер

НҰР-СҰЛТАН

ӘӨЖ 321
КБЖ 66.1
М 65

*«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының
Әдістемелік кеңесі баспаға ұсынады*

Авторлар ұжымы:

*Ж.Буканова – тарих магистрі,
Л.Нуркатова – әлеуметтік ғылымдар докторы,
Г.Сұлтанғазы – тарих ғылымдарының кандидаты,
Б.Масатова – гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Н.Калашникова – саясаттану ғылымдарының докторы,
З.Малғараева – философия ғылымдарының кандидаты,
С.Иманбаева – әлеуметтік ғылымдарының магистрі,
Л.Бурлаченко – педагогика ғылымдарының магистрі.*

Рецензенттер:

Тарих ғылымдарының докторы Х.Абжанов
Әлеуметтану ғылымдарының докторы З.Шаукенова

Редактор:

«Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институтының
«Рухани жаңғыру» орталығының басшысы Ж.Буканова

М-65 Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер. –
Нұр-Сұлтан: «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ,
2020. – 150 б.

ISBN 978-601-08-0158-5

Осы басылымда «Рухани жаңғыру» бағдарламасын институттандыру мәселелері қарастырылады. Авторлар ұжымы Рухани жаңғыру қағидаттарын ілгерілету бойынша жинақталған тәжірибені теорияландыру және Бағдарламаны институттандыру бойынша тұтас картина қалыптастыру әрекеттерін жасаған. Басылымда Бағдарламаны ілгерілету бойынша түрлі көзқарастар және Бағдарламаны жүзеге асыру процесіне тартылған стейкхолдерлердің бірлесе әрекет ету құралдары ұсынылған.

Зерттеудің ерекшелігі «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты жүзеге асыратын жобалар бойынша алынған кешенді нәтижелер және ғылыми айналымға тұңғыш рет енгізілген талдаушылық баяндамалар кешенімен қамтамасыз етіледі.

Кітап мемлекеттік органдар мен өңірлік жоба кеңселері қызметкерлеріне арналған. Монография әлеуметтік-саяси білімдер моделі бойынша пәндер үшін оқу құралы ретінде, сондай-ақ оқырмандардың кең көлеміне ұсынылады.

Басылым сатуға арналмаған және тегін таратылады

ӘӨЖ 321
КБЖ 66.1

ISBN 978-601-08-0158-5

© «Рухани жаңғыру» КеАҚ, 2020

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Кіріспе | 4 |
| I тарау. Қоғамдық сананы жаңғыртудың теориялық және тарихи жақтары | |
| 1.1. Қоғамдық сана ғылыми талдау объектісі ретінде: теориялық тұжырымдамалар және проблемалық алаң..... | 6 |
| 1.2. Қазақстанның ұлы ойшылдарының еңбектеріндегі «Рухани жаңғыру» идеясының бастаулары..... | 20 |
| II тарау. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ережелерін тұжырымдамалау және ілгерілету | |
| 2.1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын құрудың тарихи қажеттілігі және алғышарттары..... | 39 |
| 2.2. Бағдарламаны институттандыру және заңдастыру барысы..... | 60 |
| III тарау. Қазіргі кезеңдегі бағдарламаны ілгерілетуге әдіснамалық тәсілдер | |
| 3.1. Бағдарламаны жүзеге асыруға қазіргі кезеңдегі көзқарастар: әлеуметтік шығармашылыққа жағдай жасау..... | 84 |
| 3.2. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысушылардың бірлесе әрекет етуін үйлестіру..... | 101 |
| 3.3. Әлеуметтік әрекеттестік технологиясы мен түрлері..... | 111 |
| Қорытынды | 133 |
| Қосымшалар | 135 |
| Әдебиеттер тізімі | 143 |

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы соңғы онжылдықтағы күтілген құжат болды. «Алдымен экономика, тек содан кейін саясат» принципін басшылыққа ала отырып еліміз Кеңес Одағының ыдырауы кезеңіндегі ең күрделі дағдарыстардың бірін еңсеріп, алды және экономикалық және саяси жүйені жаңғырту үшін жағдай жасады. Реформалардың нәтижесінде Қазақстан әлемнің дамыған 50 мемлекетінің құрамына еніп, халқаралық танымалдыққа ие болды. Әлеуметтік-саяси тұрақтылыққа ықпал ететін факторлардың бірі Қазақстан Республикасы Конституциясымен бекітілген идеологиялық плюрализм принципі болды, ол қоғам мен мемлекеттің одан әрі дамуына негіз болған демократияландыру барысын жылдамдаты. Сонымен қатар, идеологиялық көпқырлылықты әлеумет «идеясыз нақтылық» жағдайы ретінде қабылдап, бастады бір мезетте идеология болмаса да Қазақстан қоғамының қоршаған ортаны қабылдауы мен тұрмыс салтының ерекшелігін көрсете алатын тұжырымдамалық жағынан рәсімделген құндылықтарға сұранысы пайда болды. Бұл жерде КСРО үлгісіндегі догмалық идеология туралы сөз қозғалған жоқ, әңгіме қуатты мүдделілік қалыптастыратын идеялық платформа құруда. Дәл осы уақытта нақтылы міндеттер мен еліміздің болашағына деген көзқарастар берілген Елбасының мақаласы жарық көрді. Мазмұндық жағынан алып қарағанда ол қазақстандық қоғамның ұзақ мерзімге арналған даму бағдарларын қалыптастырады. Бағдарламалық мақалада ұсынылған идеялар әл-Фараби және Абай сияқты ұлы философтардың еңбектерінің мазмұнымен рухани ұштасып жатыр. Мақала біз эволюциялық даму императивіне сәйкес бірнеше жүздеген жылдар бойы ұстанып келе жатқан құндылықтар санаттары мен қондырмаларына өзінше бір жаңаша көзқарас болды.

Мақалада көрініс тапқан басты тұжырымдамалар ұлт құрылымы процесінің біріктірушісі және ынталандырушысы мүмкіншіліктеріне ие екендігі айқын.

Қазақстандық саяси дискурс тұңғыш Президент, Елбасы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалаларының негізгі ережелерінен көрініс тапқан қоғамдық болмыс құндылықтары мен оларды қазіргі заманғы жаңа мазмұнда берудің жаңа форматтарын іздестірумен сипатталады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының принциптерін түсіндірудің қиыншылықтары сапалы ғылыми әдебиеттер мен оларды ілгерілету

бойынша әдістемелік нұсқаулықтардың жетіспеушілігімен байланысты, мұның өзі мақаланың бағдарламалық ережелерін тиісінше түсіндіру жағынан алып қарағандағы тиісті институттар мен сарапшыл қауымдастықтың қызметін өзектендіреді. Бағдарламаның мазмұндық бөлімі бүкіл қазақстандық қоғамның мүддесіне сәйкес келетін стратегиялық бағдар қалыптастырады және мақала ережелері негізінде жаңа бірлесе әрекет ету мәдениетін қалыптастыру үшін мүмкіншіліктер ашады.

Ғылыми қауымдастық Бағдарламаға талдау жасау мен теорияландыру әрекеттерін жасады. Мысалы, 2017 жылы Қазақстан стратегиялық зерттеу институты мақалалар жинағы мен ғылыми сарапшылар қауымдастығы өкілдерінің сұхбаттарын дайындап, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласына алғашқы көзқарастары келтірілді. Үш жылдан кейін тарихи құжаттың тереңдігін түсініп қана қоймай, Бағдарламаны ілгерілетудің нақты нәтижелерін бағалау мүмкіндігіне ие болып отырмыз. Жинақталған тәжірибе дәуірдің басты құжатын ғылыми ой елегінен өткізу дәстүрінің негізін қалауға мүмкіндік береді.

Бұл басылымның мақсаты – Бағдарламаны саяси және әлеуметтік кеңістікте институттандыру барысының негізгі кезеңдерін ашып көрсету және оның негізгі ережелерін тұжырымдамалау болып табылады.

Зерттеудің міндеттері аталған мақсатты детерминдеуге және келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

- ғылыми талдау объектісі ретінде қоғамдық сананы бөліп көрсету. Тақырып бойынша бұрын жарияланған жұмыстардың маңызын төмендетпестен біз басты назардың жаңғыру процестеріне аударылғанын мойындауымыз қажет. Басылымда қоғамдық сананы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының әрекет етуімен байланыста қарастыру әрекеттері жасалынды;

- бағдарламаның идеялық негіздерінің ұлы ойшылдардың еңбектерінде ашып көрсетілуі және олардың Бағдарлама тұжырымдамаларын қалыптастыруға ықпалы;

- ұлт құрылысы барысында идеологияның қажетті институт ретіндегі рөлін белгілеу;

- бағдарламаның жүзеге асырылу кезеңдеріне және Бағдарлама құрылымының институттандырылуына талдау жасау;

- бағдарламаны жүзеге асыруға қазіргі заманғы көзқарастар қалыптастыру.

Зерттеудің ерекшелігі «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты жүзеге асыратын жобалар бойынша алынған кешенді нәтижелер және тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген талдаушылық баяндамалар мәліметтері арқылы қамтамасыз етіледі.

I ТАРАУ. ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ТАРИХИ ЖАҚТАРЫ

1.1 Қоғамдық сана ғылыми талдау объектісі ретінде: теориялық тұжырымдамалар және проблемалық алаң

Елбасы, тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы іс-жүзінде елімізді Үшінші жаңғырту идеялары мен міндеттерінің логикалық жалғасы болып табылады, оның бастау алғаны туралы Елбасы өзінің «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауында жариялаған болатын. Жолдауда жарияланған әлеуметтік-экономикалық сипаттағы жаңғырту шараларының мазмұны бағдарламалық мақалада жаңғыртудың өзге жақтарымен салыстырғанда негіз құраушы болып табылатын рухани бөлімнің енгізілуімен толықтырылды. Қазақстанның рухани жаңғыру моделі анықталды, оның субъектісі қоғамдық сана болып табылады.

Қазақстандық дискурста «қоғамдық сана» терминінің тұжырымдамалық мазмұны түрлі формадағы адам қызметінің мазмұнымен іс-жүзінде байланысты болып келетін детерминделген тану көзқарасы қалыптасқанын атап көрсетуге болады. Мысалы, Р.Қадыржанов «қоғамдық сана адамзат қоғамының қоғамдық болмысына қарсы қойылатын, адамның пәндік-тәжірибелік қызметін белгілейді. Көп жағдайларда мұндай қарама-қарсы қоюшылық шартты түрде болып келеді, себебі әлеуметтік нақтылықта сананы болмыстан бөліп алу мүмкін емес, адам қызметінде олар ажырағысыз болып біріккен. Соған қарамастан тәжірибеде де, танымда да қоғамдық болмыс пен қоғамдық сананың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар, бұл ерекшеліктер оларды жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік береді» деп көрсетеді. [1]. Калашникова Н.П. «қоғамдық сана қоғамдық болмыстың пайда болуымен бір мезетте қалыптасады және дамиды, себебі сана тек әлеуметтік қатынастардың өнімі ретінде ғана мүмкін болады. Бірақ қоғам да оның негізгі элементтері, оның ішінде қоғамдық сана қалыптасқан кезде ғана қоғам деп аталына алады», – деп атап көрсетеді [2].

Қазақстанның ғылыми кеңістігінде осы тақырыпты зерттеу бойынша кең көлемдегі зерттеушілік тәжірибе бар. Отандық ғалымдар М.С. Ашимбаев, А.К. Абдина, А.К. Жолдубаева, А.Т. Забиров, Р.К. Қадыржанов, А.Г. Косиченко, А.Н. Нысанбаев және тағы басқалар өздерінің ғылыми еңбектерінде ұлттық (қоғамдық) сананың табиғатын, оның негізгі құндылықтық сипаттамаларын, жаһандық трендтермен байланыстағы өзгерістерін қарастырады [3].

Сонымен қатар, Елбасының бағдарламалық мақаласы жарық көргеннен кейін отандық зерттеушілерге қоғамдық сана феноменін, оның құрылымын, оны жаңғыртудың жолдары мен түрлерін, қазіргі адамның санасына тарихи мұраның ықпалын, сондай-ақ осы мәселені терең талдау үшін кешенді аксиологиялық және танымдық көзқарастарды зерттеу мәселелері бойынша дискурс қалыптастыру мен дамыту бойынша жұмыс жасау қажет.

Соған байланысты қазіргі Қазақстанның ұлттық санасы мен ұлттық бірегейлігі тақырыбына ерекше көңіл бөлген M.B. Olcott, R. Faranda, David B. Nolle, R. Brubaker, D. Beachain, R. Kevlihan, P. Doganaksoy, S. Cummings, B. Dave сияқты шет елдік зерттеушілердің жұмыстары зерттеушілік қызығушылық тудырады [4].

Әлеуметтік жаңғырту бойынша зерттеулер арқылы қазақстандық ғалымдар қоғамдық келісім, ұлттық бірегейлік, қазақстандық құндылықтар сияқты тұжырымдамаларды жаңғырту процесінің біртұтас, өзара байланыстырушы негізі ретінде қарастырады. Ұлттық (қоғамдық) сана феноменін және тұтас алғандағы «ұлттық» феноменді зерттеу шеңберінде зерттеуге арналған тұрақты мәселе-ұлттық бірегейлік қалыптасты. Жаһандану, көп мәдениеттілік процестері бұл мәселені ғылыми зерттеулер мен тәжірибенің алдыңғы шеңберіне алып шықты.

Осы жағынан алып қарағанда зерттеу әдісі ретінде конструктивизм ұлт, ұлттық мәселелерді объектілік атрибуттарды талдау арқылы емес, танымның неғұрлым терең мазмұны мен мәні арқылы қарастыруды ұсынады. Бұл көзқарас ұлттық (қоғамдық) сана, ұлттық бірегейлік, ұлттық ерекшелік мәселелерін түрлі институттар мен жүйелер арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай симбиоз осы феноменге біртұтас көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік береді, ал бұдан әлеуметтік-мәдени сүйемелдеу перспективаларын анықтау, ықпал ету мен түзету енгізу мүмкіншіліктері туындайды [5].

Қоғамдық сана тарихи даму өнімі бола отырып тұлғаның мәдени негізі рөлін атқарады, оның мазмұны жеке сана мен қызмет түрлері арқылы игерілген кезде тарих пен мәдениеттің қозғаушы күші қызметін атқарады. Саяси дискурста «қоғамдық сана» ұғымы жүргізіліп жатқан жаңғырту процестерімен қатар түсінік беруде біршама өзгерістерге ұшырағанын атап өтуге болады.

Бірнеше зерттеу бағыттарын бөліп көрсетуге болады, онда авторлардың бір бөлігі қоғамдық сананы жер шарының басым (негізгі) бөлігінің тұрғындарының (нақтылы сана иелерінің), елдің, қаланың, ұжымның ақпараттық, жағдайлық, діни және табиғи көзқарастарын анықтайтын қолданыстағы факторлар мен процестердің жиынтығы деп қарастырады. Осы жағынан алып қарағанда қоғамдық сананы белгілі бір мәдениеттің

өнімі деп қарастыруға болады. Терминнің өзі қоғамға деген көзқарастың антропоморфизмінің мысалы бола алады.

Егер де қоғамды ақпараттық жүйе ретінде қарастыратын болсақ, онда қоғамдық сана – бұл адамдар тобы бөліп көрсеткен неғұрлым оларға тән болып келетін жауаптар мен әрекеттердің жиынтығы болып шығады.

Философтардың өзге бір тобы қоғамдық санаға қоғамдық сананы білдіретін және оған ықпал ететін сезімдер, көңіл-күйлер, көзқарастар, идеялар, теориялар жиынтығы түріндегі қоғамның рухани өмірі деген анықтама береді.

Үшінші топ адамдардың өзара қарым-қатынас жасауы барысында қалыптасатын қатынастар, адамдар арасында объективті өмір сүреді, бірақ олардың санасына тәуелді болады деп есептейді [6].

Ғылыми әдебиеттерде берілген кейбір түсініктемелерді жинақтай келе қоғамдық сананы адамдардың идеялары, теориялары, көзқарастары, түсініктері, сезімдері, сенімдері, эмоцияларының жиынтығы, қоғамның табиғаты мен материалдық өмірі көрініс табатын көңіл күйлер мен қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесі ретінде қарастыру мүмкін болады.

Зерттеушілер қоғамдық сананың қызмет етуінің кейбір ерекшеліктерін атап көрсетеді. Мысалы, ғалымдар қоғамдық сананың шарттылық сипатын таниды. Олар өздерінің пайда болуына негіз болған қоғамдық шарттар мен қоғамдық қатынастар жоғалып кеткен кездің өзінде де сақталып қала беруі мүмкін. Бұлай деп есептелінетін себебі адамдардың көзқарастары мен сенімдеріндегі өзгерістер мысалы экономикалық болмыс немесе саяси қатынастардың өзгеруімен бір мезгілде бірден жүзеге асырылмайды.

Қоғамдық сананың қызмет етуінің тағы бір жағы ретінде адамдардың санасы, олардың идеялары мен көзқарастары қоғамдық болмыстан қалып жатады және белгілі бір мерзім ішінде оларға сәйкес келмеуі де мүмкін екендігін атап өтуіміз қажет. Мұндай артта қалушылық орын алған жағдайда не адамдар санасында өткеннің «келесі» қалуы немесе дәстүрлердің тұрақты негізде сақталуы туралы сөз болып отырған болып шығады.

Расында да, бірнеше зерттеушілер атап көрсеткендей, қоғамдық сананың да, жеке сананың да қалыптасу көзі адамдардың болмысы болып табылады. Олардың қызмет етуі мен көрініс беруінің негізі ретінде қызмет пен тіл әрекет етеді. Алайда бұл бірлік елеулі айырмашылықтардың болуын қарастырады.

Бірінші. Жеке сананың нақтылы жеке адамның өмір сүру жасының ұзақтығымен байланысты болып келетін өмір сүру «шегі» бар. Қоғамдық сана болса көптеген ұрпақтардың өмірін «қамтуы» мүмкін.

Екінші. Жеке сана жеке тұлғаның жеке сапаларының, оның даму деңгейінің, жеке мінез-құлқының және т.б. белгілерінің ықпалында болады. Ал қоғамдық сана белгілі бір дәрежеде жеке тұлғадан жоғары тұрады. Оның құрамына жеке адам санасына тән болып келетін ортақ белгілер, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын және қоғамдық болмыстың дамуымен бірге өзгеріске ұшырап отыратын белгілі бір білімдер мен бағамдар жиынтығы кіруі мүмкін. Басқаша айтар болсақ, қоғамдық сана тұтас алғандағы қоғамға немесе оның құрамына кіретін түрлі әлеуметтік қауымдастықтарға тән болып келуі мүмкін, бірақ ол арасында елеулі айырмашылықтары бар жеке саналардың жиынтығы бола алмайды. Сондықтан да қоғамдық сана мен жеке сана өзара бір бірін байыта отырып өзара бірлесе әрекет етеді [7].

Қоғамдық сана қоғамның бүкіл өміріне белсенді ықпал етеді. Алайда бұл ықпал өздігінен емес, адамдардың қызметі арқылы көрініс береді. Мұнда адамдардың әрекеті қоғам өміріне прогрессивті ықпал етуі де, тежегіш ықпал етуі де мүмкін. Олай болатын себебі кез келген қоғамда түрлі идеялар орын алады – ескі және жаңа, алдыңғы қатарлы және консервативтік, мұндай жағдай әрине қоғамдық сананың жағдайына да ықпал етеді. Белгілі ресей экономисі – М.В.Ломоносов атындағы ММУ экономика факультетінің деканы, экономика ғылымдарының докторы А.А.Аузан Жапонияның ұлттық бірегейлігінің қоғамдық сана арқылы қалыптасуының әр түрлі түрлері мен әдістеріне қызықты мысал келтіреді: «Ұлттық бірегейлік бар – бұл парадигма. Ол шекараларды белгілейді. Ел осы бірегейлік шеңберінде белгілі бір деңгейде күш жұмсайды, оның көрінісі өзгеріске ұшырағандай болып көрінеді, бірақ өз өзіңнен асып түсе алмайсың. Бірегейлік елдің дамуының қатаң шектерін белгілейді. Бір топтан өзге бір топ арқылы екінші бір топқа өтудің бірден-бір айқын мысалы Жапония бола алады – ол ұлттық бірегейлікке елеулі ықпал етудің орын алғанын көрсетеді. Естеріңізге сала кетейін, Мейдзи реформалары кезінде тыныш өлім жағдайында болған жапон ұлты батыс елдерімен сыртқы сауда жасауға мәжбүрлеу арқылы ашылды, оның өзінде бұл әрекет Жапонияны сақтап қалу үшін емес, нарықты кеңейту мақсатында жүзеге асырылды ...» [8].

Сарапшылардың көпшілігі соңғы кездері ұлттық проблематиканы зерттеудің белсенділендірілуіне қарамастан осы өзекті мәселе бойынша толыққанды зерттеушілік тәжірибе әлі де қалыптасқан жоқ деп есептейді. Мұның өзі танымдық мүмкіндіктерге кең көлемдегі кеңістік береді.

Ұлттық (қоғамдық) сананы қалыптастырудың негізгі траекторияларын зерттеуде философия мен әлеуметтанудың, саясаттану мен психологияның, мәдениеттану мен дінтанудың эпистемологиялық мүмкіншіліктерін

пайдалану маңызды. Мұндай ғылымдардың топтамасы ұлттық (қоғамдық) сана феноменіне дұрыс ғылыми баға беруге, оның дамуының негізгі бағыттарына ықпал ететін неғұрлым маңызды әлеуметтік-мәдени факторларды анықтауға ықпал ететін болады.

Проблематиканы ұғыну және оптималды шешімдер іздестіру үшін аксиологиялық және пәнаралық көзқарастар да маңызды болып табылады, басқаша айтар болсақ, қоғамдық сананың қалыптасуы мен нығаюына құндылықтық көзқарастар, осы процестегі жоғары оқу орындарының кафедраларының рөлі, тұтас алғандағы жаңа гуманитарлық білімдерді дамыту. Елбасының бағдарламалық мақаласында осы мәселелер туралы айтылған: «Біз студенттердің тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология бойынша толыққанды білім алуы үшін жағдай жасауымыз қажет. Біздің гуманитарлық зиялыларымыз еліміздің жоғары оқу орындарында гуманитарлық кафедраларды қалпына келтіру арқылы мемлекет тарапынан қолдау табуы тиіс. Бізге инженерлер мен дәргерлер ғана керек емес, қазіргі заман мен болашақты жақсы ұғынатын адамдар қажет» [9].

Осы тақырыпты өзектендіру үшін 1995 жылы Қазақстан Республикасы Президенті жанынан құрылған кеңес беруші-кеңесуші орган – Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі ҚХА) үлкен маңызға ие болып, тәжірибесін шет елдер де қарастыра бастады. Қоғамдық сананы жаңғырту туралы дискурсты қалыптастыру мен тарату ісінде Қазақстанның жоғары оқу орындары мен колледждерінің кафедралары мен оқыту орталықтарын біріктіретін ҚХА кафедралар ассоциациясы үлкен мүмкіншіліктерге ие. Жүргізіліп жатқан ғылыми, білім берушілік және тәрбиелік бағдарламалар құрастырылымдары, әдістемелік нұсқаулықтар – қоғамдық сананың жаңа тұжырымдамаларын, бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық моделін зерттеу және тарату үшін аса зор маңызды қор болып табылады.

Қоғамдық сана дискурсының жеке бөлімі жаңғырту процестерінің басты алғышарты ретіндегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру мен нығайту мәселелері болып табылады.

Осы жағынан алып қарағанда ұлттық (қоғамдық) сананы ұғыну мен тұтас түсінуге бірегейлік мүмкіндік береді, ол қазіргі заманның іргелі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазіргі әлемнің күрделілігі мен динамикасы барлық дәстүрлі бірегейлікті проблемаландырады және жаңасын қалыптастыру мәселесін күрделендіре түседі. Өзін-өзі бірегейлендіру мәселесіне қазіргі заманның мұндай ықпал етуін жеке тұлғаларда, әлеуметтік топтарда және тұтас алғандағы мемлекеттерде сезіледі. Сонымен қатар, әлемнің барлық елдері өзінің бірегейлігінің дағда-

рысты жағдайды бастан кешпегеннің өзінде күрделі проблемаландырылуы жағдайын басынан кешіп отыр. Отандық зерттеушілер атап көрсеткендей көпұлтты және көп конфессиялы құрылымы бар елдер үшін жалпыұлттық бірегейлікті қалыптастыру барысының ерекше күрделі болып келетінін атап өтуге болады. Мұндай елдердегі азаматтық бірегейлікті қалыптастыру барысының ерекше күрделі процесс екендігі ұлттық және конфессиялық қарама-қайшылықтарды еңсеру қажеттігімен күрделене түседі [10].

Қоғамдық сананы жаңғырту дискурсының өзге бір жағы азаматтық қатыстылықты қазақстандық ұлттық бірегейліктің өмір сүру қызметінің түрі мен әдісі ретінде ұғыну болып табылады.

Әлемдік қауымдастықтың өзі ұлтаралық және конфессияаралық қарама-қайшылықтарды еңсеру, қоғамдық келісімді және жалпыұлттық бірлікті нығайтумен байланысты мәселелерді шешуде Қазақстанның оң нәтижелерге қол жеткізгенін танып отыр. Жалпыұлттық бірігудің жаңа деңгейіне шығу міндеті азаматтық қатыстылық принципіне негізделген қазақстандық ұлт қалыптастыру болып табылады.

«Қазақстан-2050» стратегиясында қазақстандық бірегейлік тұжырымдамасы жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады деп көрсетілген. «Қазақстан-2050» стратегиясының, жаңа қазақстандық патриотизмнің және қазақстандық бірегейліктің өзара байланысы диалектикасы стратегияның өзі, оның принциптері мен ұзақ мерзімдік басымдықтарының айналасында жаңа қазақстандық патриотизм мен қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру көзделген символдар мен құндылықтар болып табылатындығынан тұрады. Жолдауда атап көрсетілгендей «Қазақстан-2050 алдыңғы қатарлы идеалдар қоғамы болуы тиіс». Бұл идеалдар қазақстандық бірегейліктің рухани және әлемге деген көзқарасының негізіне айналуы тиіс. Қазақстандық бірегейліктің маңызы Ұлт көшбасшысының сөзі бойынша келесімен анықталады: «біз біздің мемлекеттігіміздің дамуының келесі кезеңіне аяқ бастық, онда руханилық мәселесі экономикалық және материалдық тәртіп мәселелерінен кем емес маңызға ие болады» [11].

Қазақстандық бірегейлікті одан әрі нығайту үшін белгілі бір деңгейдегі беріктік қорын 2015 жылы қабылданған және Президенттің арнайы Жарлығымен бекітілген қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту мен дамыту Тұжырымдамасы (бұдан әрі Тұжырымдама) негізін қалады. Тұжырымдаманың мақсаттық міндеттері мыналар болып табылады: азаматтық принциптеріне және «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеялар құндылықтарына негізделген қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту; жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Тұжырымдаманы нәтижелі жүзеге асыру Болашағы Біртұтас Ұлт тұжырымдамасын жүйелі түрде дамытуға ықпал етіп, Н.Назарбаев моделін сәтті ілгерілетуді қамтамасыз етеді және оның мызғымастығын бекітеді. Тұжырымдамада әрине, қоғамдық-саяси салада жүргізіліп жатқан жаңғырту процестері есепке алынды, сонымен қатар қоғамдық сананы жаңғыртуды қамтамасыз ететін нақтылы бағдарлар белгіленді. Бұл ең алдымен, Болашағы Біртұтас Ұлт негізінде «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтары және азаматтық принциптері негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту бойынша орталық мемлекеттік органдардың, жергілікті атқарушы органдардың, азаматтық қоғамның жұмыс жүйесін жаңғырту. Азаматтық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың әлемдік тәжірибесіне, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық ұйымы елдері стандарттарына (бұдан әрі ЭЫҰ) сүйене отырып Қазақстан «100 нақты қадам: баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» Ұлт жоспарына негізделген бірегейлік пен бірлік саласында өз көзқарастарын қалыптастырды. Жаңғырту тұжырымдамасын жүзеге асыру кезінде мемлекеттік саясаттың түрлі салалары қамтылды: үкіметтік емес ұйымдарды дамыту, білім беру, жастар саясаты, спорт. Сонымен қатар ЭЫҰ тәжірибесі «мәдениет, медиа саласындағы саясатты жаңғырту, шет елдерде тұратын отандастардың ұйымдарымен, сондай-ақ мұражайлармен бірлесе қызмет ету; кино және тележобалар жасау; ел ішінде және шет елдерде жалпыұлттық және өңірлік брендтер қалыптастыру және ілгерілету; салауатты ұлт қалыптастыру, біріктіруші құндылықтарды зерттеу бойынша халықаралық тәжірибені пайдалану» сияқты жобаларын жаңғырту арқылы енгізіледі [12].

2020 жылы қабылданған 2025 жылға дейінгі азаматтық қоғамды дамыту Тұжырымдамасымен қатар халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасы арқылы бұл құжаттар қоғамдық сананы жаңғыртудың тұжырымдамалық негіздерін теориялық және тәжірибелік жағынан негіздеу үшін берік іргетас қалайтын болады.

Сонымен, саясатта және тәжірибеде қоғамдық сананы одан әрі қалыптастыру, нығайту және сақтау үшін толыққанды әдістемелік негіз жасалынды. Бағдарламалық мақалада негізі қаланған қазақстандық бірегейлік, революциялық емес, эволюциялық даму жолын таңдау тұжырымдамасы мемлекет жүргізіп отырған ұлтаралық тұрақтылық пен игілік саясатының негізіне айналды.

Осы жағынан алып қарағанда бағдарламалық мақала бейнесі мен стратегиясы болашаққа, күшті және жауапты адамдар ұлтын құруға бағытталған қоғамдық сананы жаңғыртуға күшті қуат берді.

Қазақстандық құндылықтарды одан әрі қалыптастыру мен нығайту, ұлттық бірегейлік, қоғамдық сананы өзгерту және ұлтты рухани жаңғыртуға қатысты мәселелердің тұтас пакеті тұжырымдамалық негіздеуге ие болды. Ал «Рухани жаңғыру» бағдарламасын және оның барлық алты жалпыұлттық жобаларын нақтылы жүзеге асыру жаңа трендтермен, мазмұнмен және жаңғырту символдарымен толықтырылып, ұлттық бірегейліктің негізіне, тұтас алғандағы мемлекеттік саясатты одан әрі өзгерту бойынша ұлттың рухани жобасына айналды. Іс жүзінде оның рухани жаңғыруына бастама жасалынды. Сол арқылы Қазақстан ұлтының ұзақ алдағы жылдары қозғалысының бағыты айқындалды, себебі аталған жаңғырту ең алдымен сана мен ойдың жаңа моделін қалыптастырумен байланысты мәселелерді қамтиды. Саяси және экономикалық жаңғыртудағы жетістіктер ең алдымен қоғамдық сана деңгейіне тәуелді болатыны айқын, онда руханилыққа басымдық беріледі. Сондықтан да рухани жаңғыру, рухани жаңару – бұл қазіргі заманның өзекті мәселесі. Қызметтің бұл саласы Қазақстан қоғамын біріктіретін құндылықтарды тереңдетуге басымдық бере отырып түпкілікті жаңғыртуды жүзеге асыруды қажет етеді.

Қазақстандық құндылықтарды, ұлттық бірегейлікті, қоғамдық сананы өзгертуді, ұлтты рухани жаңғыртуды одан әрі қалыптастыру мен нығайтуға қатысты мәселелердің ірі қабаты тұжырымдамалық негіздеуге ие болды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен оның жаңа трендтермен, жаңғыртудың мазмұны мен символдарымен толықтырылған барлық алты жалпыұлттық жобаларын нақтылы жүзеге асыру ұлттық бірегейлікті бекітуге негіз, тұтас алғандағы мемлекеттік саясатты одан әрі өзгерту бойынша ұлттық рухани жобаға айналды. Іс жүзінде оның рухани жаңғыруын қайта құрастырудың бастамасы жасалынды. Сол арқылы қазақстан ұлтының алдағы уақыттағы ұзақ жылдар бойы қозғалысының жаңа векторы белгіленді, себебі аталған жаңғырту ең алдымен сана мен ойдың жаңа моделін қалыптастырумен байланысты мәселелерді қамтиды. Саяси және экономикалық жаңғыртудың нәтижелілігі ең алдымен қоғамдық сананың деңгейіне тәуелді болатыны айқын болып келеді, онда руханилыққа басымдық беріледі. Сондықтан да рухани қайта өрлеу, рухани жаңару-бұл қазіргі заманның өзекті мәселесі. Қызметтің бұл саласы қазақстандық қоғамды біріктіруші құндылықтарды тереңдетуге басты назар аудара отырып түпкілікті жаңғыртуды жүзеге асыруды қажет етеді.

Сананы жаңғырту ұлттық болмыстың «кеңістікті бөлу» емес, «кеңістікті біріктіру» жағдайында жүзеге асырылуы тиіс, ол бір мезетте өткен мен болашақты біріктіруге мүмкіндік береді. Рухани месседжер, болашаққа

ұмтылыстың терең мағыналы болуын М.Әуезов өзінің «Уақытты жалғастырушы жіп» еңбегінде дәл көрсете білді. Жеңілмейтін руханилық, жоғары адамгершілік, рухани білімдер мен мәдениеттің қазіргі қоғам өміріндегі рөлінің маңызыдылығы туралы ой толғай келе белгілі қоғам қайраткері, мәдениеттанушы былай деп атап көрсетеді: «Қазақстан халқын біріктіру – бұл қатаң талап, бұл императив. Оны орындамау бізді болашағымыздан айырады Біз осы жер бетінде бізге ненің қымбат екенін түсінуіміз қажет. Және осыны ұғынатын және түсінетін әрбір адам өз білімдерімен өзгелермен бөлісуі тиіс. Ешкіммен дауласпай-ақ, әркімнің сеніміне кіре отырып бір тілім нанмен немесе бұлақ суымен бөліскен сияқты бөлісу қажет» [13].

Бағдарламалық мақала бейнесі мен стратегиясы болашаққа ұмтылған қоғамдық сананы жаңғыртуға қуатты серпіліс берді. Онда қазақстандық құндылықтарды одан әрі дамыту мен нығайтуға, ұлттық бірегейлікке, қоғамдық сананың өзгеруіне және ұлтты рухани жаңғыртуға қатысты мәселелердің ірі қабаты көтерілген. Ал жаңғыртудың жаңа трендтерімен, мазмұнымен және символдарымен толықтырылған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен оның барлық жалпыұлттық жобаларын нақтылы жүзеге асыру, ұлттық бірегейліктің біріктіруші негізіне, тұтас алғандағы мемлекеттік саясатты одан әрі өзгерту бойынша ұлттың рухани жобасына айналды. Сол арқылы қазақстан ұлтының алдағы уақыттағы ұзақ жылдар бойы қозғалысының жаңа векторы белгіленді, себебі аталған жаңғырту ең алдымен сана мен ойдың жаңа моделін қалыптастырумен байланысты мәселелерді қамтиды.

Қарастырылған дискурс бойынша ұлттық бірегейлік пен азаматтық мәселелерін тұжырымдау жағынан алып қарағанда ҚҚДИ 2020 жылы өткізген «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуының нәтижелілігі» тақырыбындағы республикалық әлеуметтік зерттеу нәтижелері көрсеткіштерінен көруге болады.

Отандастарымыздың бірегейлікті қалыптастыруға қатысты менталдылығын қарастыру жағынан алып қарағандағы қоғамдық пікірді құрастырушы келесі мәселелерді атап көрсетуге болады:

- респонденттердің 68,7% ең алдымен өздерін Қазақстан Республикасының азаматымыз деп санайды. Сонымен қатар 13,7% өз өңірімен байланыстылығын көрсетеді. 10,2% ең алдымен өз ұлтының өкілімін деп есептейді, 5,4% – өз дінінің өкілімін деп есептейді.

- қазақстандықтардың 60% азаматтықты патриотизммен байланыстырады.

- 77% өз халқының дәстүрлі мәдениетіне-тарихына, дініне, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне міндетті түрде құрметпен қарау

қажет деп есептейді. Сонымен қатар 64,1% өзге ұлт өкілдерінің мәдениетіне, тіліне, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау қажет деп есептейді

– Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше ұлттық бірегейліктің сипаттамаларына ең алдымен ұлттық әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлер (60,9%), өзінің шыққан тегін, шежіресін білу (38,2%), елдің тарихын білу (34,7%) жатады.

– 78,2% қазақстандықтардың өмірлік құндылықтарының қалыптасуына отбасының ықпал ететінін мойындап, 19,2% достарының ықпалын атап өтті. Соған қарамастан 38,4% өз өміріндегі барлық құндылықтарды ең алдымен өздері дербес анықтайтынын көрсетеді.

Ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізгі белгілері қазақстандықтардың зайырлы азаматтылыққа бағдарлылығы, құндылықтық бағыттылықта отандастардың санасында оң бағыттар – мәдениетке, тарихқа, тілдерге, өзге елдердің салт-дәстүрлеріне құрметпен қарау, патриотизм, отбасылық құндылықтар жатады.

Оң құндылықтық бағдарлардың осындай мығым негізінің болуы барлық стейкхолдерлердің кешенді және кең көлемдегі идеологиялық жұмысының маңызымен өзектендіріледі. Осы құндылықтар баптауларын қазіргі заманғы софтлармен (дағдылармен) нығайту мен құрастыру бағдарламасы бәсекеге қабілеттілікті дамыту, жаһандану қатерлеріне және пандемияға қарсы тұру қабілеттіліктерін қалыптастыруы тиіс.

«Ұлттық бірегейліктің рухани негізін» құрастырушы келесі тұжырымдама – бұл ортақ тарих және ортақ жад болып табылады, олар рухани дәстүрлердің негізі болып табылады. «Біз – территориясы орасан зор, бай рухани тарихы бар елміз ... – деп атап көрсетті Елбасы. – Соған қарамастан біз мәдениет және рухани мұра жағынан алып қарағандағы қасиетті орындардың бірыңғай алаңын, бірыңғай тізбегін әлі құрастырған жоқпыз» [14].

Біздің халқымыздың ортақ тарихы, Қазақстан Республикасының және қазақстан қоғамының қалыптасу тарихы мен жетістіктерінің тарихы бар. Ортақ тарих тереңге тамыр жайған. Ол ғасырлар көшіне терең бойлайды, оның парақтары қазақ халқы мен көп ұлтты Қазақстанның қалыптасуымен байланысты болып келеді. Ол өз бойына халық даналығының, қоғамдық дипломатияның және дала өркениетінің көздерін сіңірген. Қоғамға ұсынылған жалпыұлттық жобалар: «Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі»; «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық»; «Туған жер»; «Қасиетті Қазақстан» («Қазақстанның киелі жерлері географиясы»); «Жаһандық әлемдегі қазіргі қазақстан мәдениеті»; «Қазақстанның 100 жаңа есімі», рухани жаңғырудың алғашқы

локомотивтері болды, мемлекеттік саясатты одан әрі жаңғырту бойынша жаңа ұлттық қоғамдық жобаларға негіз бола алады.

Елбасының бағдарламалық мақаласының негізгі бағыттарын құндылықтар көзқарасы негізінде зерттей келе келесіні атап өтуге болады: рухани жаңғырудың ұсынылған бағдарламасы – бұл қоғам мен мемлекеттің құндылықтар жүйесін басқару бойынша алғашқы конструктивті тәжірибе болып табылады деген қорытынды жасауға болады.

Осы жағынан алып қарағанда бағдарламалық мақала қолда бар құндылықтарды атап өтумен шектелмейді, сонымен қатар конструктивті, болашағы зор құндылықтар жүйесіне деген қондырма ұсынады. Мақалада айқын бағдарлар мен саяси ерік-жігер көрсетілген, ұлттық құндылықтар мен өзіндік ерекшеліктерді сақтай отырып біздің қоғамымызды сыртқы ортаға тиімді бейімдеуге негізделген жаңартылған қазақстандық жол ұсынысы сипатталған. Оған Президенттің келесі сөзі айқын дәлел бола алады: «Ұлттық-мәдени тамырға сүйенбеген жаңғырту ауа қармап қалады. Ал мен болсам ол жер бетінде нық тұрғанын қалаймын. Ал мұның өзі тарих пен ұлттық дәстүрлер міндетті түрде есепке алынуы тиіс екендігін білдіреді» [15].

Қоғамдық сананы жаңғырту дискурсын дамытуға күшті серпіліс берген Елбасы, тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» екінші бағдарламалық мақаласы болды. Ол Ұлы даланың ерекше феноменін зерттеу үшін сарқылмас мүмкіншіліктер бере отырып Қазақстанда ғана емес, шет елдерде де ғалымдардың, қоғам қайраткерлерінің, ғылыми-сарапшыл қауымдастықтың ерекше назарында болып отыр. Мұның өзі түркі өркениетінің ұлттық сананы қалыптастыратын рухани құндылықтармен шексіз байланысының куәсі бола отырып, түркі халықтары басты рөл атқарған Ұлы даланың шексіз кең аумағында өмір сүрген халықтардың түп тамырын біріктіретін терең философиялық маңызға ие, түркі дәуірінің символдарын терең тануға мүмкіндік беретін, ұлттық сананы қалыптастыратын рухани құндылықтармен түркі өркениетінің шексіз байланысының тағы да бір дәлелі бола алады.

Қазақстан жерін мекендеген көшпенділер көшпенділік ареалының бүкіл кеңістігіндегі қарым-қатынас жолдарын бақылай отырып, тауарлар мен идеялар транзитіне қолдау көрсете отырып, өркениет әлемінің бөлшектенген бөліктері арасында мәдени жетістіктер мен техникалық өнертапқыштықтың таралуына қолдау көрсете отырып көптеген ғасырлар бойы отырықшы өркениеттерді өзара байланыстырды. Сол арқылы оларды бірыңғай мәдени кеңістіктің бір бөлшегіне айналдырды. «Түрлі ұлттық мәдениеттердің өзара байланыстылығы мен өзара бір-бірін толықтырып отырушылығын» қамтамасыз етті. Осы әлемді құратын

далалық белдеу «Қытай, Үнді, Парсы, Жерорта теңізі, Таяу Шығыс және славян өркениеттерін біріктірді».

Қоғамдық сана дискурсын талдауда мақаланың екі маңызды жақтары тарихи жад қалыптастыру мен ұлттық сананы нығайтуға тоқталамыз.

Бірінші. Ұлы даланың жеті қыры – ядросы рухани императив болып табылатын ғасырлар мен өркениеттерге терең бойлауға, үлкен Еуразияның мәдени, тарихи кеңістігін зерттеуге, Ұлттың өзіндік болашақ кодын қалыптастыруға ықпал ететін сарқылмайтын мүмкіншілік болып табылады. Өзінің ерекше мәдениетін, жалпы түркілік өркениетті жаһандық нақтылыққа заңды түрде енгізу-қазіргі заман ұрпағының, оның ғылыми мүмкіншіліктерінің міндеті.

Екінші. Киелі жеті қыр – қазіргі Қазақстан қоғамының құндылық өлшемін, ортақ тарихтың жасампаздығы мен Қазақстан тарихындағы күрделі кезеңдердің маңыздылығы мен заңдылығын атап көрсетеді. Кезінде У. Черчилль мектептегі тарих пәнінің билігі ешбір премьер-министрдің түсіне де кірмейді деп тегінен тегін атап көрсетпеген болса керек. Соған байланысты тарихи жадты нығайту үшін тарихи сананы қалыптастыру қажет.

Үшінші. Ұлы даланың жеті қыры – бұл тарихи естелік. Тарихи жад тақырыбы қазіргі таңда да өзекті. Әсіресе, қоғам өзінің ұлттық бірегейлігін қалыптастырып жатқан тұста, ол терең әрі көп қырлы. Сарапшылардың тарихи жадты ұлттық сананың өзіндік пантеоны (есте сақтауға лайықты атаулар жинағы, тарихи фактлер, өнер мен әдебиет шығармалары) деп атауы тегін емес. Ұлттық сана кемшіліктер мен алалаушылықтардан босап, тарихи мұрасын қайта өрлетпейінше тарихи жадты дамыта алмайтыны дәлелденген. Сол себепті ол пайдалы рухани қор қызметін атқара алмайды. Сондықтан да тарихи жад қоғамды біріктіруші факторлардың бірі ретінде қарастырылады.

Төртінші. Ұлы даланың жеті қыры – бұл көшпенділердің күрделі рухани әлеміне ену және оның ұлттық мәдениет идеясының жалпы-адамзаттық мәдениет идеалдарымен туыстығын көруге мүмкіндік беретін ұлттық сананы нығайтуға ықпалын көру.

Бесінші. Ұлы даланың жеті қыры – бұл Еуразияны жаңаша түсіну. Дәл осы далалық Еуразия жүздеген жылдар барысында өркениеттердің өзара ықпалдастығы мен әр түрлі әлеуметтік мәдени дәстүрлердің достық, тату көршілік қарым-қатынастарының аренасы бола отырып континенттік және тіпті әлемдік көлемде (Атилла-орвегия, Рим және т.б.) өзінің қатыстылығын бекітуге және таратуға ұмтылды.

Лев Гумилевтің сөзімен айтар болсақ Ұлы дала – бұл тек ғылыми зерттеулер объектісі ғана емес, бұл қазақтардың басты біріктіруші

рөлімен Еуразияның мәдениетаралық және кірігуші кеңістігін тарихи түрде жасап шыққан адамдар мен табиғат.

Тұтас алғанда, 2,5 мың жыл өткеннен кейін Қазақстан ұсынған жаңа бейбітшілік бастамалары зияткерлік шекарасын кеңейте отырып бүгінгі таңда түрі сан алуан болып келетін, «Еуразиялық ортақ үй мүддесіне» қызмет ететін ерекше қарым-қатынас институты ретінде қазіргі заманғы керуен сарайдың жаңа тұжырымдамасын ұсынады.

Алтыншы. Ұлы даланың жеті қыры – бұл біздің ортақ тарихымызды тануға, ұлттық сананы нығайтуға ықпал ететін «жұмсақ күшті» қалыптастыратын мүмкіндік. Бұл ең жаңа қарым-қатынас технологияларын қолданатын ықпал етудің ерекше түрі.

Жетінші. Ұлы даланың жеті қыры – бұл ұлт көшбасшысы Н.Назарбаевтың қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін, оның негіз құраушы принциптерін және тұтас алғандағы ұлт саясатын жаңғырту, мұнда ол тұрақты даму үшін ұлттық рухқа ие болады, одан әрі рухани жаңғыру үшін көпұлттылықтың зияткерлік мүмкіншіліктерін көрсетеді.

Қоғамдық сананы жаңғырту мәселелерінің негізгі тұжырымдарының негізін екі бағдарламалық мақала қалады. Бірінші мақалада ортақ қазақстандық бірегейлік мәселелерін көтере отырып қазақ халқының өткен тарихы туралы сөз болды. Екіншісі тарихты қайта көрсету арқылы қазақстандық бірегейліктің терең көздерін негіздеуге бағытталған және Қазақстан бір қарағаннан ассоциацияланатын бейнесі анықталған – ол Ұлы дала елі.

Ұлт көшбасшысы жаңа тарихи дискурс енгізді, ол «Қазақстан-Ұлы дала елі». Дәл осы Ұлы дала кеңістігі территорияның осы географиялық бөлігін белсенді түрде мекендеген, ал одан кейін онда болып жатқан геосаяси кірігу процестерінің қатысушысы болған елдің алғашқы сипаттамасы болып табылады. Осы құрамдас бөліктер біздің өздік ерекшелігімізді анықтады, жаһандық тарих дамуындағы орынымызды белгіледі, біздің өткеніміз бен қазіргі жағдайымыз қоғамдық сананы жаңғырту процесін жалғастыру үшін анықтаушы бағамдарға айналды.

Біздің халқымызға тән болып келетін көшпенділердің белгісі, қазақстандық қоғамның жоғары дәрежелі бейімделушілік қабілеті бәсекеге қабілеттілікті күшейту үшін әлемдік үздік тәжірибені игеруге көмек көрсетуі және оларды өздік ұлттық құндылықтарға айналдыруға көмек көрсетуі тиіс және сол арқылы болашақ ұрпақ үшін сақталатын болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың принципті бағыттары – жаңа ұрпақ бойына бәсекеге қабілеттілік, прагматизм мен реализм, ұлттық бірегейлікті сақтау, эволюциялық даму, сананың ашықтығы сияқты сапаларды сіңіре отырып идеологиялық жұмыстар жүргізу жағынан да,

әрбір отандасымыздың әрқайсысының жеке сипаттамасының белгілері арқылы да ұзақ жылдық идеялық бағдар болуы тиісті.

Сонымен қатар мақала құндылықтарды белгілеп қана қоймайды, қоғамдық сананы жаңғыртудың басты құралдары мен жобаларын көрсетеді. Осы жобалардың тізімінің өзі қоғамдық санадағы өзгерістердің басталғанының, оны нығайту, рухани жаңару қажеттігінің куәсі болады.

Қарым-қатынас саясаты саласында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын одан әрі жүзеге асыру және әлеуметтік мәдени процестерді талдау үшін ұлттық сананы жаңғырту ерекше өзектілікке ие болады, ол жаһандық бәсекелестік жағдайында бұдан әрі нәтижелі дамудың ажырамас құрамдас бөлігіне айналады. Сонымен қатар барлық алға қойылған міндеттерді нәтижелі жүзеге асырудың негізгі шарты экономикалық, технологиялық және әлеуметтік-мәдени жаңғырту процестерін үйлестіру болып табылады. Жаңғыртудың мақсаттары, оның дамудың жаңа тенденцияларын қабылдаумен байланысты құндылықтар қондырмаларына қатысты қоғамда консенсус болмаған жағдайда тіпті ең прогрессшіл реформалардың өзі өмір сүруге қабілетсіз болып шығуы мүмкін, мұның өзі тұтас алғанда жүргізіліп жатқан реформалардың барысы мен темпіне ықпал етуі мүмкін.

Соған байланысты ұлттық сананың одан әрі дамуы мен жағдайы тәуелді болып келетін факторларды зерттеу мен оларға мониторинг жасау, жаңғырту процестерінің жолына кедергі жасайтын себептерді анықтау қажеттігі өзектендіріледі. Сол арқылы қоғамның дамуға және өзгерістерге дайындығы, сондай ақ қазіргі заман қатерлеріне тиісінше жауап бере алу қабілеттілігі анықталады.

Қазіргі таңда қоғамдық сананың теориялық тұжырымдамаларын, оны жаңғырту жақтарын, өткеннің тарихи мұрасын зерттеудің, оның түпнұсқалық базасын насихаттаудың, еліміздің білім беру компонентіне енгізу үшін ата-бабаларымыздың көркемөнер мұрасын жаңғырту жағынан алып қарағандағы отандық дискурсты дамыту өзекті мәселе болып отыр. Теориялық мазмұнды жаңғырту Бағдарламаны жүзеге асыру тәжірибесінің әдіснамалық негізін жетілдіруге ықпал ететін болады. Мұның өзі идеологиялық инфрақұрылымды дамыту үшін мультипликативтік нәтиже беріп, Бағдарламаны ақпараттық-имидждік ілгерілетуге ықпал ететін болады.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың теориялық дискурсының пәнаралық сипатын есепке ала отырып оны құрастыруға ғылыми қауымдастық, білім беру жүйесінің оқытушылық құрамын тарту, кроссмәдени зерттеулерді дамыту, осы тақырыпты құрастыруға отандық think tank (ой орталықтарын) қатыстыруды арттыру арқылы кешенді көзқарасты пайдалану маңызды болып табылады.

1.2 Қазақстанның ұлы ойшылдарының еңбектеріндегі Рухани жаңғыру идеясының генезисі

Болашақ перспективаларын теориялық жағынан негіздеу өткен ойшылдардың шығармашылық мұрасы мәселесінің басты шеңберін құрайды. Тарихи кезеңдердің объективті орын ауысуы, саяси және тарихи нақтылықтың өзгеріске ұшырауы әл-Фараби, Абай, Баласұғын, Ә.Бөкейханов еңбектерінде негізі қаланған негізгі идеялардың мазмұндық жүктемесіне әсер еткен жоқ. Мұның өзі элитаның да, қоғамның да қазіргіміз бен болашағымызды бірыңғай түсінуінің өзектілігінің куәсі бола алады. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы өткен заманның ұлы ғалымдарының бірнеше еңбектерімен үйлесім тауып, олардың идеяларын жаңартылған форматта логикалық жағынан жалғастыру болып табылады.

Үлкен мақсаттарға қол жеткізу үшін адам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынастарын үйлестіру әрекеттерін түрлі кезеңдерде жекелеме саяси қайраткерлер мен шығармашыл элита жасап көрген болатын. Олардың қызметінің басты белгісі болашаққа бағыттылық болып табылады. Олар әдетте уақыт шеңберінен шығып, мәңгілік пен әмбебаптыққа бағытталған болып келеді. Адам тағдыры, оның модустары туралы рефлексия және бақытты өмір рецепін жасауға ұмтылыс бүкіл қазақ тарихының барысында философтар мен саясаткерлердің шығармашылығының мақсаты болып табылды.

Қазақ ойшылдарының рухани-адамгершілік көзқарастары идеалдағы мемлекет пен адам проекциясына негізделді. Бұл феномендердің өзара байланыстылығы олар үшін айқын болды. Бұл мәселенің пайда болуы бақытты қазіргі кезең мен болашақты құрудағы адам мен мемлекеттің рөлдері мен жауапкершілігінің әлсіз бейнеленуімен байланысты болып келеді. Мемлекеттің жеке тұлғаларды да, тұтас алғандағы қоғамды да біріктіруге және рухтандыруға қабілетті бірден-бір мүмкін болатын саяси ұйым түрі болып табылатыны айқын.

Тарихқа саяхат жасау бұл мақсаттарға қол жеткізудің мемлекет басында тұрған және қоғамның қолдауына ие болған пассионарлы тұлға болған жағдайда мүмкін болатынын көрсетеді. Адам жеке алынған санат ретінде мемлекеттің көмегінен өзі қалаған нәтижеге қол жеткізудің мүмкіншіліктеріне толығымен ие бола алмайды. Сондықтан да өзара әрекеттесу процесстері, мәртебелер, міндеттер, борыш өткен ойшылдардың шығармашылық зерттеулерінің объектісі болды.

Мысалы, әл-Фарабидің идеялық мұрасы адамгершілік мәселелеріне негізделді. Ол өз еңбектерінде: «Идеалдағы мемлекет стандарттарына

қол жеткізу «қайырымды адам» санатын қалыптастыру арқылы мүмкін болады, оның ақыл-ойында қайырымды әрекеттер мен ақылдылық жатуы тиіс» деп көрсетті. Бұл сапалардың болмауы идеалдағы мемлекетті құруды мүмкін емес етеді.

Ж.Баласағұнның пікірі бойынша, мемлекеттің гүлденуі басқарушының нақтылы сапаларына тәуелді болып келеді, олардың қатарына ол ақсүйектікті, діндарлықты, білімділікті және әділеттілікті жатқызады. Мұндай басқарушы өзгелерге үлгі бола алады және өз азаматтарының мүддесін білдіретін идеалдағы мемлекет құрудың іргетасын қалайды.

Материалдық және рухани қажеттіліктерін қоса есептегендегі адам табиғаты үнемі мемлекеттік құрылым түрінің утопиялық түріне жақын тұрды, ол әсіресе Асан қайғының шығармашылығынан айқын көрініс тапты, ол әл-Фараби мен Ж.Баласағұнның идеяларын қайтадан өзектендірді, бірақ ендігі жерде ол Жерұйық жер жәннатын іздеу арқылы барша үшін қол жетімді болатын молшылық пен бақыт өлкесін құруды армандады.

XVIII ғасырдағы геосаяси өзгерістер және жаңа қатерлердің пайда болуы тұлғаны жүзеге асырудың шарты ретінде мемлекетті сақтап қалудың маңыздылығын түсінуге алып келді, ол туралы Бұхар жырау өз шығармашылығында үнемі жариялап отырды және Абылай ханның саяси қызметі арқылы осы идеяларды жүзеге асыру әрекеттерін жасады.

Абай Құнанбаев, өз кезегінде адам өмірінің мәнін түсінуге, қоғамдағы қайырымдылық пен зұлымдықтың көрініс берулеріне ерекше көңіл бөлді. Оның шығармашылығында басты назар бақытты өмір сүруге мүмкіншілігі бар адамның өзін-өзі дамытуына бағытталды. Шоқан Уәлиханов қазақ саяси машинасының экологиялық жағынан мүлтіксіз құрылғанын жоққа шығармастан, соған қарамастан даму үшін тек білім мен ғылымды дамыту ғана тың серпіліс береді деп есептеді. Бұл ойшылдардың пікірлерінде тануға ұмтылысы бар адам кез-келген жағдайда, кез-келген ортада өзін көрсете алады деген негіз құраушы ой толғауы жатыр.

Мәселені теорияландыру Алаш қозғалысын құрушы қазақ зиялыларының еңбектерінен көрініс тапты. Қазақ менталитетін жаңарту және саяси және әлеуметтік тәжірибеге батыстық стандарттарды кіріктіру әрекеттері жасалынды.

Қазақ философиясы – ең қызықты, өркениеттік процесстер жағынан алып қарағанда терең ой елегінен өткізуді талап ететін философиялық дәстүр болып табылады. Бірнеше ондаған жылдар барысында қазақ философиясын тұжырымдастыру және оның өркениеттік орнын анықтау процесі жүргізіліп келеді. Қазіргі заманғы қазақстан философтары, мәдениеттанушылары үлкен, ауқымды жұмыс жүргізді, тарихи және

әлеуметтік өлшемдердегі қазақ философиясының тұжырымдамалары белгіленді.

А.Нысанбаев қазақ философиясын «ойлар, идеялар мен бейнелердің өзіндік ерекшеліктері бар» қазақтардың рухани әлемін және менталдық әмбебаптығын қалыптастыратын ғылым деп анықтайды [1, 49 б.]. Қазақ философиясының ерекшелігі туралы айта келе, ғалым: «Бұл философиялық дәстүр ғасырлар бойы өзінің рухани мазмұнын әлемге деген көзқарасын көрсетудің әр түрлі әдістерін пайдаланды» деп атап көрсетеді. Қазақ философиясы діни-мифологиялық, философиялық-көркем (Қорқыт ата, Асан Қайғы), діни-мистикалық (Ясауи, Бақырғани), әлеуметтік-саяси (Баласағұни) түрлерінен бастап әлемді рационалды-логикалық қабылдау (әл-Фараби), публицистика мен лирика философиясына (Шоқан, Абай, Мағжан) дейін өзектендірілді [1, 49 б.]. Қазақ философиясындағы көзқарастардың көптүрлілігі оны грек дәстүрлерімен жақындастырады, ол көптеген факторлармен негізделеді: сыртқы мәдени ықпал, қоғамның саяси ұйымдасуы, әлеуметтік төңкерістер, шаруашылық жүргізу түрі және т.б. Бірақ ең маңыздысы бүкіл тарих барысында көшпелі мәдениеттің біртұтас рухани континиумы сақталып қалды. Философиялық ілімдер бір біріне қарама-қайшы келетіндей көрінгенімен (әл-Фараби рационализмі, Асан Қайғының этикалық-көркем толғаныстары), олардың ортақ белгілері өте көп болып келеді, мұның өзі бізге тарихтағы қазақ болмысының тұтастығы мен үздіксіздігін дәлелдей түседі.

Ғарифолла Есім қазақ халқының дана ойлары тарихын екі үлкен кезеңге бөледі, олардың негізінде қазақ ұлты мен қазақ мемлекеттігінің қалыптасуының екі аса ірі кезеңі жатыр. «Бірінші кезең – олардың генезисі, демек, Қорқыт, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, әл-Фараби, Махмут Қашқари және т.б. сияқты ұлы ойшылдар негізін қалаған дәстүрге бай жалпы түркі философиялық ойы. Жоғарыда аталған орта ғасырлық ойшылдардың шығармашылық мұрасы қазақтардың әлемге деген көзқарасын қалыптастырудың алғышарты, бастауы, негізі болды, осыдан кейін барып оның екінші кезеңі басталады. Жаңа ұлтың әлемге деген көзқарасын қалыптастырудың әлеуметтік-саяси шарты 1456 жылы Шу өзенінің аңғарындағы Қозы қосыны деген жерде қазақ хандығының құрылуы болып табылады. Осы уақытта алғашқы қазақ ойшылдары Асан қайғы және Мұхаммед Хайдар Дулати пайда болды. Қазақ философиясының өзі («Даналық ойлар») өз тарихын дәл осы аты аталған ғалымдардан бастау алады» [2, 3 б.].

Уақыт континиумының ұзақтығы (2 мың жылдан астам уақыт), ортақ түркі тілінің, құндылық бағдарларының, моральдық нормалардың, дала мәдениеті менталитетінің сақталуы көп жағынан алып қарағанда ерекше құбылыс болып табылады. Мұнда ұлы, өз халқы танитын және шексіз

сүйетін қазақ философтары – хақимдер елеулі рөл атқарды деп ойлаймыз. Тарихи дамуда қиылыстардың орын алып отырғанына қарамастан, айтылған сөздің жазылғаннан басымдығы айқын байқалады және қазақ философиясының белгілі бір тұжырымдары, басымдықтары, құндылық қондырмаларының бірлігі байқалады. Кеңістік-уақыттық шеңберден тыс, мазмұндық құндылығы өркениеттік өзгерістерге қарамастан сақталып келе жатқан қазақ философиясының кейбір тұжырымдамаларына тоқтала кетелік.

Қазақ философиясының дамуының барлық кезеңдері ішіндегі бірінші және негізгі идея – бұл халықтың бірлігі, халық пен биліктің бірлігі, ата-баба жерін сақтау идеясы болды. Халықтың бірлігі мемлекеттікті, жерді, болашақты сақтаудың тұжырымдамалық негізі қызметін атқарады. Қорқыт ата, әл-Фараби, Баласағұннан бастап қазіргі уақыт нақтылығына дейін бұл тақырып қазақ жеріндегі мемлекеттіктің саяси өміршеңдігінің индикаторы болып келеді. М. Кашқари өзінің «Дивани лугат ат-турк» еңбегінде халықтың бірлігі мен тығыз топтасуына ықпал ететін сапаларға тоқталып өтеді. Бұл жерде сөз өзара көмек, төзімділік, қарапайым халық пен билеушілердің білімділігі туралы болып отыр. «Егер де саған кедей немесе қайыршы қонақ келсе қонақты көп күттірмей дайын асты алдына тос». «Кек алу мен жауласу барлық адамдар үшін адамнан алынуы тиіс қарыз сияқты екенін есінде сақта! Қайырымдылықты мүмкіндігінше өз қолыңмен көбейте түсуге тырыс». «Құрғақшылық жылдары халық қайда тоқтаса, сен де сол жерді қоныстан» [3, 48-51 бб.].

«Адамдарды бөліп, олардың арасына іріткі салатын күнделікті дау-жанжалдарды бақылай келе, хақим Асан былай дейді: «Қарындасын жамандап, туысты қайдан табасың» («Сколько бы ни ругал единоутробных (Қарындас), никуда от них не деться»). Асан Қайғы осы жолға қарындас сөзін енгізе отырып «Қарындас» (сестренка), бұл сөзге неғұрлым кең, азаматтық мазмұн береді. Хақим Асан былай деп ескертеді: туған жерде, отандастардың арасында, бір мемлекетте өзара сыйластық пен келісімсіз, әлсін-әлі өзіңмен көрші тұратындармен бір-біріңе шабуыл жасап тұрсаң бұл ешқандай да жақсылыққа әкелмейді» [2, 3 б.].

Бұл туралы Абай да күйінішпен айтып өткен. «Біздің ата-бабаларымыз ... қазір бізде жоқ рухани қасиеттерге ие болатын ... – адамдар өздерінің бірлігін ерекше құрметтеп, сақтап келді. Сол кездегі халық даналығы былай дейді: «Жетістіктің бастауы – бірлік, бақуаттылық негізі – өмір», «Жақынын кешіре білмейтін адамды өзгелер де өкпелете алады», «Ағайындылар дауласады бірақ бір-бірінен кетпейді» [4, 194 б., 248-249 бб.].

Абай бірлік дегеніміз не деген сұраққа да жауап іздеген. Бірлік – бұл мүліктің, малдың, тамақтың ортақтығы емес. Бірлік негізі – ақыл-ойдың,

ұмтылыстардың, әр адамның дербестікке ұмтылуының, өз алдына мақсат қоя білуінің ортақтығы.

Әл-Фараби еңбектерінде халықтың бірлігі оның білімділігі, тең құқылылығы, еркіндігі және өзара көмек көрсетуінде деп көрсетіледі. Қоғамның әр түрлі түрлерін көрсете отырып, ұлы ойшыл олардың ішінен ұжымдық және қайырымдысын таңдайды, соны таниды, себебі бұл қалалардағы өмір жоғарыда аталған сапалардың арқасында өзін-өзі басқаруға, бірлікке, бақытқа қол жеткізуге қабілетті болады.

Халықтың бірлігі идеясы жетілген қоғам, жер бетіндегі жұмақ, қасиетті жер туралы философиялық ойлармен ерекше тығыз байланыста болып келеді. Бұл тақырып өмірлері қиыншылыққа, қайғы-қасіретке толы болған көшпенділердің жүрегінің тереңінен шығып жатыр. «Қазақтардың рухани мұрасы өңір тарихының апатты сипатынан, әлеуметтік сілкіністердің терең із қалдыруынан нәр алып келеді» [1, 49 б.]. Қорқыт ата, әл-Фараби, Асан Қайғы, Баласағұни, Ясауи өздерінің философиялық ойларының түпкі мақсаты ретінде әділетті қоғам құруды көрді, онда басты құндылықтар өз халқының бақытымен байланысты болуы тиіс болды. Қорқыт ата өлім жоқ жерді іздеуге бағытталған; әл-Фараби – «Ізгілікті қала»; Баласағұн өз поэмасында мына басты құндылықтарды алға тартады – Дәулет (счастье), Қанағат (умеренность), Ақыл (ум), Әділ (справедливость); Асан Қайғы – жер жәннаты «Жерұйық». «Өзгерістерге бейім адам әлемін әділетті қалыптастыру туралы ойлар – міне ғасырлар бойғы көшпенділер философиясының негізгі мазмұны осындай болды» [5, 224 б.]. Жерұйығын іздеу халықтың ауыр өміріне қайғырудан туындады. Жерұйық – бұл Асан Қайғының арманы. Бұл қасиетті жер, онда құмның орынында-май, судың орынына – сүт, қамыс алтынға айналады, ағаштардың барлығы дәмді жеміс береді. Жерұйықта тұратын адамдар байлар мен кедейлерге бөлінбейді, онда соғыстар болмайды, барлық адамдар тең және бақытты өмір сүреді. Асанның көптеген идеялары Т.Мордың, Т.Кампанелланың, К.Маркстің утопиялық идеяларымен ұштасып жатты. Бұл ең алдымен олар әлеуметтік теңдік идеясынан көрген бақыттың орнын алмастырушы болды.

Дала философтары көтерген мәселе ең алдымен онтологиялық. Бұл олардың философиясынан халықтың, қазақ жерінің тұтастығын сақтау туралы армандарының көрініс табуы. «Шоқан Уәлиханов, мемлекеттік құрылым идеясына ерекше маңыз бере отырып, Асан Қайғыны тұңғыш дала философы деп атады, ол жер – бұл ұлттық сана-сезімнің, халықтың қоршаған ортаны тануының тарихының негіз құраушы басты ұғымы болып табылады. «Жерұйық» сөзі екі бөліктен тұрады – «жер» (земля), «үю» – (благодать). «Ұю» өзінің кең көлемдегі ұғымында Асан Қайғы

үшін мемлекетілік туы астында біріккен ұлттың ұлттық бірлесуі, азаматтылық, бірігуін білдіретін ұғым [2, 3 б.].

Әл-Фараби өзінің алдына жетілген қоғамды анықтау міндетін қояды. Философ қоғамға кең көлемдегі жіктеу жасайды – қалаларды олардың тұрғындарының алдына қойған мақсаттарына қарай қайырымды қала, надандық қаласы, алаяқтар қаласы, билік сүйгіш қала, өршіл қала тағы басқа белгілер бойынша бөледі. Мысалы, «қажеттілік қаласы мен қоғамының» мақсаты «дененің өмір сүруі мен қорғануы үшін қажеттінің барлығын сатып алуға бір-біріне көмек көрсету...». «Айырбас қаласы мен қоғамы – бұл тұрғындары бір-біріне байлық пен барлыққа қол жеткізу мақсатында көмек көрсететін қала» [3, 36 б.]. Әл-Фарабидің пікірінше осы қалалардың ішіндегі ең үздіктерінің бірі «ұжымдық қала» болды, оның тұрғындары не істеймін десе де ерікті болады және ойлаған ісін жүзеге асыра алады. Неліктен философ оған басымдық береді. Ұжымдық қаланың тұрғындарының бәрі тең құқылы, заңдар бір адамға өзгелермен салыстырғанда ешқандай артықшылық бермейді. Билік тек қала тұрғындарының бостандықтарын арттыруға ықпал ететін әрекеттерді жүзеге асыруға бағытталады. Азаматтар өз билеушілерін өздері тағайындайды, ол қаланы тұрғындардың еркімен санаса отырып басқарады. «Нағыз билеуші өзі қаланы басқарудағы өнері мен шеберлігімен өзі және қаланың өзге де тұрғындары үшін шынайы бақыттылық жағдайын жасауға ұмтылатын билеуші, осы мақсат оның билеу өнерінің шегі мен мақсаты болады» [3, 40 б.]. Әл-Фараби қазіргі заманғы демократиялық құқықтық қоғам идеясына жақын болда деген ой қорытуға болады, әрине ол исламның гүлдену дәуірінде өмір сүрді және өзі де өте діндар адам болған болатын.

«Құтты билік» еңбегінде Баласағұн да жетілген қоғам параметрлерін беруге тырысады. Ол билеушіге ақыл айтудан бастайды. Бірақ өзінің «Билеуші» еңбегінде гүлденген мемлекет пен күшті билік құруға бағытталған ақыл беретін Макиавеллиден айырмашылығы, Баласағұн ең алдымен өз халқына бейбітшілік, өркендеу мен бірлікті қамтамасыз ететін билеуші сапаларын бөліп көрсетеді. Баласағұн өз поэмасында қоғамдағы түрлі әлеуметтік және кәсіптік топтарға сипаттама береді, оларға ерекше көңіл аудартады, себебі олардың игілігіне мемлекеттің игілігі тәуелді болады. Жер иеленушілер дейді ақын, – ерек адамдар, себебі «олар азық пен сусын береді», мал иелері қоғамды сүт, ет өнімдерімен, жүнмен қамтамасыз етеді. «Жер бетіндегі барлық таң қаларлық заттар – шеберлердің еңбегінің жемісі». Ойшыл мемлекеттің негізін қарапайым адамдар, ұсталар, малшылар құрайды, олардың еңбегін мемлекет байлығының негізін құрайды деп есептейді. Ол барлық қоғам

мүшелерін достық қатынаста болуға және ең алдымен осы кәсіп иелеріне құрметпен қарауға шақырады, себебі олар адамдарды тамақтандырады және киіндіреді [3, 55-57 бб.].

Саяси-құқықтық жағынан алып қарағанда «Құтты білік» феодалдық қоғамның этикалық нормалары мен әрекет ережелерінің өзіндік кодексі түрінде болып келеді. Поэмада мемлекетті нәтижелі басқару мәселелері күшті мемлекет құру мақсатын қоя отырып қарастырылады. Басқару мақсаты – әділетті қоғам құру және адамдардың жеке бақытқа ие болуы. Поэманың негізгі бөлігін элик (билеуші) Кюндогдының өзінің кеңесшісі Айтолды мен оның ұлы Огдюльмишпен диалогын құрайды. Поэма кейіпкерлері маңызды игіліктер мен қайырымдылықты білдіреді: Кюнтогды (аудармасы – «Күн шықты») – әділеттілікті білдіреді, Айтолды (аудармасы – «Ай шықты») – бақыт пен ақылды білдіреді, оның қызметі бейбітшілік әкеледі; Огдюльмиш («Мақтауға тұрарлық») – халық пен мемлекетті гүлдендіруге қабілетті ақыл-ойды білдіреді. Сондай-ақ, поэмада сопы Одгурмыша («ұшқыр ақыл иесі»), қарапайымдылықты білдіреді: оның уағыздарында сопылық ілімнің негізгі ережелері берілген.

Тұтас алғанда, түркі ойшылдарының этикалық көзқарастарын екі қоршаған ортаны танумен байланысты көзқарастармен байланыста қарастыруға болады. Біріншісі шығыс перипатетизмінің рационалистік философиясы бағытында қалыптастырылған және әл-Фарабидің, Баласұғынның, ал одан әрі XIX және XX ғасыр ағартушыларының философиялық көзқарастары арқылы берілген. А.Иассауидің рухани мұрасы оның ізбасарлары С.Бақырғани, Жүгенеки, Абай, Шәкәрім және т.б. – бұл мистикалық-діни, сопылық ілім, ол да адамның адамгершілік жағынан жетілуін ең алдымен оның өзінің ішкі әлемін тануы, жер бетіндегі игіліктерден бас тартуы арқылы жүзеге асырылады. Бұл екі бағыт – зайырлы-рационалистік және сопылық бағыттар – бірге өмір сүрді, бір-бірімен араласып, кейде тіпті біріге отыра түркілік ұлттық философиялық ойдың одан әрі даму бағыттарын анықтады. Алайда оның ерекшелігі мынада «түркі ұлттық ойының осы екі бағыты арасындағы айырмашылықты абсолюттендіру, тіпті оларды бір-біріне қарама-қайшы қою қателік болған болар еді. Себебі бұл жағдайда рационалистердің де, сопылық бағыт өкілдерінің де мақсаты бір болды: шындықты, ұлттық идеалды, адам мен әлем гармониясын іздестіру болды, бірақ бұл мақсатқа қол жеткізудің жолдары мен әдістері әр түрлі болды. Рационалистер мен сопылық бағыт өкілдерінің шындықты тану әдістерін әйгілі Абу Әли Ибн Сина сол кезеңдегі белгілі сопылық бағыттың өкілі Абу Саид Мейхенимен әңгіме үстінде былайша салыстырды: «Менің білетінімді ол көреді». Оған Мейхени былай деп жауап берді: «Менің көргенімді ол біледі» [9, 60 б.]. Сонымен, суфизм синкретті, теориялық жа-

ғынан рәсімделінген, рухани тәжірибесі бар, әлемге деген көзқарастар жүйесі қалыптасқан ілім болды, оның мақсаты – құдай, адам және әлемнің негізінің бірлігін тану. Ал. Иассауи исламның түркілік бұтағы сопылық бағыттың негізін қалаушы болды.

Сонымен, далалық философтардың философиялық ойларында өз халқының теңдігі мен бостандығы, заңдылық, әділеттілік, адамгершілік, тазалық, билеушілердің білімділігі, баршаның бір-бірін құрметтеуі идеялары жетілген қоғамның негізін құрады. Егер де әл-Фараби мен Баласұғында бұл идеялар неғұрлым тұжырымдалынған болатын болса, дала философтары-жыраулардың философиясында олар ақыл айту, ой толғау, толғау арқылы білдірілді.

Көптеген ойшыл-жыраулар билеушілерде қызметте тұрғанына қарамастан (Баласұғын Қараханидтер сарайында, Асан Қайғы, Жәнібек ханның сарайында, Бұхар жырау, Абылай ханның жанында), қазақ философиясының ерекшелігі оның бейтараптығы, тәуелсіздігі және саяси билікке қатысы бойынша қашықтықта болуы болды. Ол ойшылдың қандай әлеуметтік ортадан шыққанына қарамастан, үнемі халықтың даусы болды. Әлемге деген көзқарастардың уақыттан тыс әмбебаптығы, халықтың мұң-мұқтажына жақындық осыдан келіп туындайды. Әл-Фарабидің, Баласағұнның, Абайдың, Асан Қайғының, Қазтуған жыраудың, Доспамбет жыраудың, Шалкиіз жыраудың, Жиёмбет жыраудың, Марғасқа жыраудың, Ақтамберді жыраудың, Үмбетей жыраудың, Бұхар жыраудың өмірі мен шығармашылығы шындыққа философиялық қызмет етудің үлгісі бола алады, олар өз халқының болашағы үшін өз еңбектері үшін еш ақы талап етпестен бүкіл ғұмырын сарпа қызмет етті. Олар үшін келесі сөздер белгілі бір дәрежеде өсиет болып қалғандай болды: «Біздің дәуіріміздің бірінші ғасырында өмір сүрген Ұлы Майқы би, халықты басқара отырып Анарыстың өсиеттері туралы былай деген еді: «Анарыс әділетті адам үнемі биліктен алшақ болуы тиіс» [10, 44 б.]. «Жырауда заңды билік болған жоқ, бірақ ол үнемі билік пен халық арасындағы делдал болды. Егер де хан халықтың көңіл күйін білгісі келсе, ол өзіне жырауды шақырып оны өте мұқият тыңдайтын болды ... Жырау өзіне хан шатырына жолды тек өзінің жеке басының сапаларының арқасында, білімінің кеңдігінің, қуатты, өткір сөзімен, шешендік өнерімен, белсенді азаматтық көзқарасының арқасында өзі салатын болды» [2, 4 б.]. Жыраудың моральдық көзқарастарының дербестігін Жиёмбет жыраудың Есім ханға айтқан мына сөздерінен-ақ білуге болады: «Менің берген кеңестерім дұрыс болатын. Менің сөзімнің күшіне сенетін жағдайлар аз болған жоқ. Сен, хан өзіңді қолайсыз сезінесің бе? Мен оған еш қайғырмаймын. Сенің мейіріміңсіз де өмір сүремін» [11, 161 б.]. Сонымен, дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі ойшылдардың ерекше

мәртебесі олардың билеушінің еркі мен халықтың мұң-мұқтажының белгілі бір айнасы, реттеушісі болуына мүмкіндік берді. Л. Гумилевтің сөзімен айтар болсақ, дала философтары – бұл тарихтың ең бір жауапты сәттерінде дүниеге келген және халық пен жердің сақталуына ықпал етуші пассионариилер болды.

Өзінің бүкіл тарихы барысында шаруашылықтың басты түрі ретінде көшпелі өмір салтын сақтау мәдени кодтың бірлігінің негізіне айналды және қазақ философиясының тағы да бір ерекшелігін – адам мен табиғатты, дін мен философияны, жерде өмір сүрудің қызығы мен қиыншылықтарын біртұтас қабылдауды негіз болды. Этика, онтология, гносеология, дін – философиялық білімнің барлық осы қырлары қазақ санасының болмысын ажырамас бірлікте ашып көрсете білді. Халық санасының біртұтастығы сенім синкретизмін тудырды: ол шаманизм мен исламның үйлесімділігі. Әлемді тұтасымен қабылдау ойлаудың ерекше типін детерминдеді – диалектикалық, философиялық, ақылды, өткір, бейнелік, бейнелеп айтушылық. Қазақтың дәстүрлі көшпелі қоғамында айтылған сөз үлкен кеңістікте шашырап қоныстанған халықтың мәдени кодын сақтауда үлкен рөл атқарды. Ауызша сөздің арқасында бізге дейін ешбір өзгеріске ұшырамаған түрде келесі дастандар мен поэмалар жетті «Баян-Сулу және Козы Корпеш», «Алпамыс батыр», «Ер Тарғын», «Ер Едіге», «Қамбар Батыр». Бірақ әсіресе бұл өнер ең жоғары деңгейіне қазақ билерінің өмірі мен қызметі арқылы жетті.

Халықтың тарихи жады билерге қатысты айтылған адамгершілік-құқықтық көзқарастарды сақтап, бізге дейін жеткізді. Ең қызықтысы осы көзқарастардың өзі билік сот ісін жүргізудің лаконикалық тілімен жеткізілуінде болып отыр. Олар қысқа да нұсқа, мазмұнды, көркем, есте сақтауға оңай сөздер мен афоризмдер болып табылады.

Біз алдымызға оларға кең көлемдегі талдау жасау міндетін қоймасақ та, олардың кейбіреулеріне тоқталып өтелік.

Билерге қойылатын адамгершілік талаптары:

«Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» – «Би – раб четырёх господ: честный труд, благородство мысли, глубокомыслие и справедливость» [12, 19 б.].

«Атаңның құлы айтса да, әділдікке басыңды» – «Поклонись справедливости, если она высказана даже рабом твоего отца».

«Ханда қырық кісінің ақылы бар, биде қырық кісінің білімі мен ары бар» – «У хана – ум сорока людей, а у бия – знание и совесть сорока людей».

«Бай мал сактайды, би ар сақтайды» – «Богач – это хранитель скота, а би является хранителем совести».

«Атаның баласы болма, адамның баласы бол» – «Не будь сыном только своего отца, а будь сыном народа» [13].

Билердің өзара қарым-қатынасы да жоғары адамгершіліктің, әділдіктің, даналық пен кәсіпқойлықтың жоғары дәрежелі көрсеткіші бола алады. «Төле би, Әйтеке би және Қазыбек би арасындағы қарым-қатынастар өзара құрметке толы болғаны соншама, олар бір-бірінен тым шалғай жерлерде тұрса да, арнайы шабармандар мен елшілер арқылы өзара саяси және шаруашылық өмір жаңалықтарымен бөлісіп, бір-біріне сыйлықтар жіберіп отырған. Олардың кездесулері жаппай халықтық мерекеге айналатын болған. Түпнұсқа деректерден көріп отырғанымыздай алғашқы кездесулерінің бірінде Төле би мен Қазыбек би Әйтеке биді сынап көру үшін оған мынадай сұрақ қойған екен деседі: «Жақсы жігіт деп, нағыз жігіт деп кімді айтады?» – «Кого называют хорошим мужчиной, а кого – настоящим?» Оған Әйтеке би былай деп жауап беріпті: «Көзге ілінген жігітті жақсы жігіт дейді. Тура сөзге басын иген, өзінің дұрыс сөзіне басқаның да басын игізген жігітті нағыз жігіт дейді». «Хорошим мужчиной называют того, кто исправно выполняет мужскую обязанность. А настоящим мужчиной называют того, кто держит честное слово и другим подает пример» [12, 62 б.].

Сот процесінің мақсаттық қондырмалары ерекше маңызға ие болды және қазақ билер сотының тарихи маңызы да осында жатыр. Жазалау шарасын анықтаған кезде билер сотының басты мақсаты әділетті шешім шығару арқылы дауласушы тараптардың ар-намысы мен қадір-қасиетінің сақталып қалуы болды, сол арқылы қоғамның бірлігі мен бейбітшілігі сақталды.

Билер сотының кейбір мақсатты қондырмалары:

«Бидің билігі – жұрттың бірлігі» – «Судебное решение бия должно служить единению народа».

«Билік айтқан би емес, бітім тапқан би болар» – «Бием является не тот, кто производит суд, а тот, который приводит к примирению и перемирию сторон».

«Даудың түбі біту» – «Примирение есть цель и конец тяжбы».

«Дау сұрай келдіңдер ме? Ақыл сұрай келдіңдер ме?» – «Пришли ссориться или пришли в поисках разумного решения?» Этим самым давалось знать, что цель суда – полагаясь на разум, прийти к справедливому общему решению.

«Ақ пен қараны шыңдық айырар» – «Только правда способна различать черное от белого».

«Сөз шынына тоқтайды, пышақ қанына тоқтайды» – «Только правда может завершить разбирательство».

«Сөздің атасы – бірлік, Анасы – шындық» – «Цель судебного разбирательства – прийти к единству, основа же – найти правду»

«Жігіттің құны жүз жылқы, ары – мың жылқы» – «Выкуп за смерть мужины – сто лошадей, а за оскорбление чести – тысяча лошадей» [14, 383 б.].

Мемлекеттікті нығайту, саяси құрылыстың демократизмі, саяси билеуші топтың патриотизмі философтар-ақын-жыраулардың үлкен легін дүниеге әкелді, олар: Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар. Жыраулар философиясы, егер де оның тұжырымдамалық негіздерін сипаттар болсақ – бұл сөз бен ойдың, нақтылы өмір мен арман-тілектердің, ақыл-кеңестердің диалектикасы. Бұл қарапайым бейберекет диалектика емес, бұл жүрекпен сезілген жердегі өмірдің тұрақсыздығының және өзгермелілігін түсінудің диалектикасы, бұл болашаққа деген оптимистік көзқарас, бұл табиғаттың, адам мен қоғамның заңдарының бірлігін ұғыну диалектикасы. «Әлемде өзгермейтін ештеңе жоқ екені шындық, бірақ зұлымдық та мәңгілік емес. Қатаң қыстан кейін суға толы, гүлденген көктем келері сөзсіз емес пе», – дейді Абай. «Әлем – мұхит, уақыт – жел, алдыңғы толқын – жасы үлкен ағалар, кейінгі толқын – інілер, Ұрпақ осылайша ауысып отырады, Және олардың тыныштығы өзгермейтін сияқты» [4, 231 б.]. Осы сөзінде және өзге де сөздерінде Абай өмірдің мәнін анықтауға тырыса отырып, оны өзгерушілік пен дамудан көреді.

Қазақ философиясы белгілі бір трансцендентті білім болған жоқ, керісінше, халық туралы және халықтың тілімен айтатын болды. Дала философтарының әдемі, әсерлеуші, көркем сөзді тілі қарапайым білімнің эквиваленті бола алмайды. Дәлірек айтар болсақ философияның мұндай тілі барлық шығыс философиясына тән болып келеді (Қытай, Үнді философиясын қоса есептегендегі). Конфуций, Будда, Лао-Цзы ең ұлы, күрделі шындықтарды түсінікті тілмен жеткізе білді. Қазақ философиясы да осылайша әрекет етеді, мұның өзі тұтас алғандағы Шығыс менталитетін, саяси институттардың ерекше құрылымын, адамгершіліктің рационалдылықтан басымдылығын көрсетеді.

Бұл қазақ философиясының тағы да бір маңызды белгісін көрсетеді: оның бастау негізі мен түпқазықтық қондырмасы этикалық тұжырым болып табылады. Этика мәселесі өмірдің сан қырлы жақтарын қамтыды: терминдерді санаттандыру мәселесі: «Жер бетіндегі ең жаман не? Ең жаманы көмексіз қалатын қарттық шаққа дейін өмір сүргенің. Ең жаманы қайырымды адамдарға жақсы лебізіңді білдірмеген болсаң» (Асан Қайғы) [3, 117 б.]; табиғатқа қатысты көзқарас; адамның адамгершілік келбетін анықтау.

Адамның адамгершілік келбетінің өлшемі гуманизм идеясы, адам бойында материалдық бастаудан рухани бастаудың басым болуы. «Сана мен жүрек бірлігі, шындықтың рухани-адамгершілік басымдықтары, қайырымдылық пен әділеттілік, толеранттылықтың ерекше түрі және мейірімділік – Ұлы Даланың осы сабақтарының барлығын қазақ философиясы өз бойына сіңірген, ол Мартин Хайдеггердің іргелі онтологиясы және Жан Поль Сартрдің экзистенциализмі жағынан алып қарағанда ерекше қазіргі заманға сай болып келеді [1, 48 б.].

Асан Қайғы философиясы маңызды гуманистік принциптерді постулат етеді: өзара құрмет – «барлық тіршілік иесін аяу, бағалау және құрметтеу» [7, 59 б.], әділеттілік – қоғамдық қатынастар гармониясының негізі ретінде: «Әділдіктің белгілері – Шындыққа көлеңке түсірме. Дана ойдың белгісі – Өткен күнді іздеме. Алаяқ қорқақтың белгісі – Жау күшіне қарсы тұрма. Ашулы, қатыгездің белгісі – Әлсідің малын тартып ал. Ақылсыз бен ойсыздың белгісі – Дана сөзге құлақ аспа» [8, 33-34 бб.].

Қазақ жыраулары үшін – басты ізгілік шындық пен әділеттілік болды. Оған қол жеткізу жолдары, әрине, әр түрлі болды: Сократ әңгімелесті (әйгілі майевтика әдісі), Диоген өз еркімен қайыршылықта өмір сүре отырып уағыздады. Жыраулар өз жырлары мен дастандары арқылы шындықты жеткізушілер болды. Домбыра мен қобызда шебер ойнай отырып, сөзсіз-ақ өздерінің тілектері мен толқыныстарын бере білді. Асан Қайғы, Қазтуған жырау, Доспамбет жырау, Шалкиіз жырау, Жиёмбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Үмбетей жырау, Бұқар жыраулардың өмірі мен шығармашылығы шындыққа беріле қызмет етудің үлгісі бола алды. Олар қайырымдылықты өз халқының болашағын сақтау мен одан пайда табуды көздеместен жасады. Билікті, тек билік халықпен бірге болған кезде ғана қолдады.

Әділдіктің белгісі,
Біле тұра бұрмаса.
Ақылдының белгісі,
Өткен істі қумаса.
Жамандардың белгісі,
Жауға қарсы тұрмаса;
Залымдардың белгісі,
Бейбіттің малын ұрласа.
Надандардың белгісі,
Білгеннің тілін алмаса.
Шамаңша шалқып көре бер,
Қабірге әзір қоймаса.
Артыңда қалар атақ жоқ,
Тіріде данқың болмаса. (Асан Қайғы) [15, 115 б.].

Алайда жыраулар үшін ең басты және қатаң құндылық халықтың бірлігі мен қазақ жерін қорғау болды. Сондықтан да қай жерде болмасын өз сөздері, үндеулері арқылы олар халықты бірлікке шақырды. Бұқар жырау халықтың шынайы күші тек оның бірлігінде деп есептеді. Сыртқы жауларға бөлшектеніп, өзара соғысып жатсаң қарсы тұру мүмкін емес болады:

Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,
Бұл үйректтей болыңыз.
Судан-суға шүйгумен,
Көлден-көлге қоныңыз.
Байлар ұғлы шоралар,
Бас қосыпты десін де,
Маң-маң басып жүріңіз.
Байсалды үйге түсіңіз.
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз. ...[16, 132 б.]

Сонымен, жыраулар жырға қосудан жалықпаған басты моралдық құндылықтары әділеттілік пен шыншылдық, қайырымдылық пен қанағатшылдық, білімділік пен қарапайымдық болды. Қазіргі қазақтар үшін де біздің даңқты ата-бабаларымыз сияқты осы адамгершілік сапалары өте маңызды деп ойлаймыз. Себебі дәл осы сапалардың арқасында қазақтар тарихтың көптеген қатерлеріне қарсы тұрып, өз ұлтын сақтап қалды. Демек, дәл осы сапалар қазіргі таңда да жоғары дәрежеде дамыған қазақтардың түпқазығы болуы тиіс. Сондай-ақ, тек солар арқылы ғана біз әлеммен өркениетті, тең құқылы диалог жүргізе аламыз.

Барлық уақыттар мен халықтардың даналары секілді қазақ философтары мен жыраулар да қасиетті жер мен бақытты кезеңді жырға қосқан («Жиделі – Байсын» Бұқар жырау, «Жерұйық» Асан Қайғы). Онда, барлығы тең және бақытты болады және онда езгі мен соғыстар болмайды. «Асан Қайғы жерінде адамдар жаулық пен шабуылдардан қорықпастан өз ғұмырын толық кешеді, малдары жылына екі рет төл береді және жұттан зардап шекпейді. Барлық адамдар тең, барлығы көңілді, ешкім ешкімді өкпелетпейді, онда жақын адамдар арасында бейбітшілік пен татулық орнаған. Қой үстіне бозторғай жұмырытқалаған осы әлемнен Асан Қайғы ауқаттылықтың символын көреді. Оған жол шөл дала арқылы өтеді, тек шыдамды, төзімді, қиыншылықтарды жеңе білетін, бақыт дегеннің не екенін және бақыт үшін күрестің не екенін білетін халық қана оған қол жеткізе алады» [17, 82 б.]

Қазақ философиясындағы гуманизм жетілген адам мәселесіне кеңіл аударады. Анахарсис, әл-Фараби, Баласағұни, Асан Қайғы, Абай, Шәкәрім сияқты ойшылдар қоғамның бақуаттылығы оның халқының жетілгендігімен анықталады деп әуелбастан есептеген болатын. Бұл қазақ философиясының елеулі айырмашылығы, мұнда халықтың игілігін қандай да болмасын белгілі бір трансцендентті күштер, билеушінің еркі мен ақыл-ойы анықтамайды. Ғасырлар бойы өміршең болып бізге дейін жеткен бұл үнді Абай әділетті түрде «Адам бол» деп белгілеген болатын. «Қазақ философиясы тарихында тұңғыш рет Абай жетілген адам негізі – «толық адам» тұжырымдамалық көзқарастық моделін көрсетті. Абай бойынша жетілген адам тұлғасын оның үш сапасы жасайды: сана, жүрек, ерік. Абайдың шығармашылық мұрасында – сана мен болмыс туралы оның терең ойлары жатыр. «Табиғат – мәңгілік емес, адам өлімге тәуелді емес», – дейді Абай. Бұл жерде жан мен тәннің мәңгілік екенін айтып отыр. Демек, адамның өзіндік «Мені» бар. Тән жойылады, Абай оны «Менікі» деген санатпен көрсетеді («Менікі»)» [2, 8 б.]. Өзінің қара сөздерінде Абай жетілген адам мәселесіне кеңінен жауап береді (толық адам), оның бойындағы үш сапа шеңберін бөліп көрсетеді. Абай адам бойындағы ең асыл зат деп жүректі айтады. Олар – мейірімділік, қайырымдылық, жатты туғанындай қабылдай білу, махаббат, ар-ождан. Келесі шеңбер – бұл білуге ұмтылыс, сана. Үшінші тип – ерік-жігер сапалары: батыл жүрек, қатаң ерік, өз күшіне сенімділік, оларсыз өзге сапалардың өмір сүруі мүмкін емес. Алайда осылардың ішіндегі ең бастысы жүрек болып табылады «Жүрек игілікті іске бөгет жасамайды, бірақ қажетсіз істе сенің қолыңды байлайды». «Өз бойында адамдықты сақта» – деп өсиет етеді Абай [4, 207 б.].

Өзінің жоғары этикалық идеалын Абай келесі адамгершілік формуласы арқылы көрсетеді: «Адам бол! – Человеком будь!», бұл сөзін ол ең алдымен жас ұрпаққа арнайды. Абай былай дейді «күн мен ай – аспан көркі; орман мен жеміс-жидек – таудың көркі, ал жердің көркі – адам» [цит. по 18, 258 б.].

Абай өзінің «Адам бол» деген үндеуіне қандай мазмұн береді?

Ең алдымен ол еңбексүйгіштік туралы айтады, себебі ол адал тапқан табыстың бастауы. «Адал еңбекке қара жер де өскінін береді», – дейді Абай өзінің төртінші сөзінде [18, 321 б.]. «Қазақтың жаманшылыққа үйір бола берет ұғынының бір себебі – жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? *Адамзат, тірілікті дәулет білмек, Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек. Екеуінің бірі жоқ, ауыл кезіп, Не қорлық құр қылжаңмен күн өткізбек*» [18, 319-321 бб.].

Екіншіден, әділеттік. «Адал еңбекпен тапқан байлық адамды тәуелсіз, өзіне сенімді етеді, ол адам бойында асыл қасиеттердің қалыптасуына

ықпал етеді, оның мінез-құлқын жақсартып, оны әділетті етеді» [19, 160-161 бб.]. «Әділеттілік – барлық игі істердің анасы. Ар-ождан ұғымы әділдіктен туындайды. Әділетсіздіксіз сенім де, адамгершілік те болмайды», – дейді Абай [18, 370-371 бб.].

Үшіншіден, «*білуге ұмтылыс*», *саналылық*. «Ғылым – алланың бейнесінің бірі, сондықтан да ғылымға деген махаббат – адамгершілік пен шынайылықтың белгісі. Егер де сен білімді бағаласаң, әрбір жаңадан ашылған шындық сенің жаныңды рахатқа батырып, тыныштыққа бөлейді» [18, 364, 354 бб.]. «Ғылым мен Сана өзін күштегенге төзбейді, өтірікті жек көреді, олар бізді қайырымды, шынайы болуға үйретеді» [18, 371-372 бб.].

Төртіншіден, *өз мінез-құлқыңды тәрбиеле*, себебі «білім мен ақыл-ой сақталатын қойма – адамның мінез-құлқы» [18, 355 б.]. Өзіңді қарапайымдыққа, адалдыққа, өзіңді өзің бақылауға, өзіңді өзің тәрбиелеуге, өзіңді өзің тәртіпке шақыруға үйрен.

Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз.
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз.
Өсек, өтірік, мақтаншақ,
Еріншек, бекер мал шашпақ –
Бес дұшпаның, білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс көнсеңіз [18, 106-107 бб.].

Сонымен, Абай «жуан мәрт» – «благородный человек» бойында шынайылық, адамгершілік, ақыл-ой сияқты сапалары болады дейді. «Шыншылдық әділдікті білдіреді, игі тілек – Қайырымдылықты, ал сана – ғылым атауының бірі», – дейді ойшыл [18, 371 б.].

Абай идеялары халық даналығын көрсетеді. Сондықтан да бұл идеялар қайталанатын және үндеу түрінде болып келеді. Баласағұн: «Мынаны біл: жүрексіз көзсіз сияқты. Ал егер жүрегің жоқ болса, онда сана да қажет емес!» [3, 59 б.]. «Жағымсыз әрекетке тосқауыл болатын – ар. Барлық игіліктің бастауы – ождан» [3, 60 б.].

Әл-Фараби адамның бақытқа қол жеткізуін өз философиясының негізі етіп алады. Адам бақыты о дүниеде емес, осы дүниеде деп айта келе әл-Фараби үш санаттың бірлігінің маңызын атап көрсетеді, олар: білім, қайырым, сұлулық. Өз негізінде игілік болып табылатын әділеттілік

принципі қайырымдылықтың негізін құрайды. Үнемі жетілуге ұмтылыс, шындықты іздеу және игі әрекеттер – адам бақытының негізін құрайды.

Ахмет Иассауи – рухани тәлімгер ғана емес, сонымен қатар дана мемлекет қайраткері. Ол халыққа өз ойын ашық айта алатын кезді сезінген кезде өзекті мәселелерге үнемі назар аударып отырды. Өз уағыздарында Ахмед Иассауи ашкөздік пен арамтамақтықтан жиіркенуге үйретеді, байлықтың бір күндік екені туралы ой толғайды, әділдікті қорғайды. Ахмет Иассауи зайырлы билеушілердің қызметін, байлардың, молдалар мен ишандардың ашкөздігін қатаң сынға алады, оларды халықтың жағдайын емес, өзінің қара басының қамын ойлайды деп сынайды.

Молда, мүфти болғандар,
нахақ дау қылғандар,
Ақты қара қылғандар,
Сол тамұққа кіреді.
Қазы, имам болғандар,
нахақ дау қылғандар,
Ол есектей болып,
жүк астында қалады.
Харам жеген хәкімдер,
пара алып жегендер,
Өз бармағын тістеп,
қорқып тұрып қалады.
Тәтті-тәтті жегендер,
түрлі-түрлі кигендер,
Алтын тақта отырғандар,
топырақ астында қалады! [21]

Түркістандық ойшыл қарапайымдыққа, менмендіктен бас тартуға шақырады. Менмендік ең үлкен күналардың бірі, ал қарапайымдылық сопылық философиясының негізін құрайды.

Дүниесі барлар малын көріп, әуес қылар,
Менмендіктен ол дауласып Құда(й) қылар,
Өлер уақытта иманынан жуда 1 қыл ар,
Жан берерде қасірет бірлен кетер, достар [21, 52 б.].

Дана мемлекет қайраткері ретінде, Хазрет Султан халықты өзге дін, өзге ұлт өкілдеріне төзімді болуға шақырды. Түрлі діни ілімдерді келісімге шақыра отырып, ол халықты біріктіруге ұмтылды. Сондықтан да Иассауи өз «Хикметтерінде» түркілік «Тәңір», парсылық «Құдай», арабтық «Алла» сөздерін құдайды бейнелеуде пайдаланады және олардың ешқайсысына да артықшылық бермейді [22, 79 б.].

*Егер де сенің алдыңды дінсіз тұрса,
Оны ренжітуші болма.*

*Қаталдың жүрегiнен, ренжітушінің жанынан
Құдай кері қарайды [21].*

Х.А. Иассауидің этикалық ілімі белсенді сипатта болды, ол зұлымдық пен әділетсіздікке төзбеушілікке шақырды. Түркі философы, адамдарды сүйіспеншілікке, бір-бірін өз бауырындай құрметтеуге, қиын сәттерге көмек қолын созуға шақыра отырып, адамзатты соғыс қатерінен, басбұзарлықтан, күш көрсету мен тонаудан сақтандырды. Ойшыл адамдар құмарлыққа салынбауы, өзге адамдардың үстінен күн көру арқылы бауы тиіс емес, олар алланың берген ризығына қанағаттанып, аллаға шүкірлік етуі тиіс деді. Көріп отырғанымыздай орта ғасырлық ойшылдың өсиеттері мен нақыл сөздері қазіргі таңда да өзінің өзектілігін жоғалтқан жоқ.

Сопы ғылымға құрметпен қарайды, оны құдайды тану жолдарының бірі деп есептейді.

Егер де ғалымдар келсе түрегеліп құрмет көрсет.

Алаяқ адамдардан еш көмек күтпе [21].

Сонымен, сопылықтың іргелі категориялары – моральды насихаттау, ақыл-ой, сүйіспеншілікті құрметтеу, бұлардың барлығы да тұлғаны жетілдірудің өзгермейтін негіздері болып табылады.

Ахмет Жүгенекі «Ақиқат сиы» поэмасында «шын ердің» портретін береді. Адамгершілік сапалары ретінде ол өзін-өзі ұстау, әділеттілік, шыншылдық, ізгіліктілік принциптерін ұсынады. Ол осы ұғымдардың барлығын «адамгершілік» ұғымына біріктіреді: «Кім адамгершіліктен айрылмаса ол барлығына да лайықты тұлға», – деп есептейді ақын. Баршаның негізі ретінде ол қарапайымдық пен қайырымдылықты ұсынады: «Егер де адамгершілік тұтас ғимарат болған болса, онда қарапайымдық оның іргетасы болар еді», «Қайырымсыз адам жеміс бермейтін ағаш тәрізді, ал жеміс бермейтін ағаш тек отын жасауға ғана жарайды» [3, 84-85 бб.].

Махмуд Қашқари де қайырымды тұлғаның әлеуметтік келбетін келтіреді: «қайырымдылыққа ұмтыл, оған қол жеткізсең өркөкірек болма. Қайырымды болмай құр мақтана беретін адам сынақтан өтер кезде не істерін білмейді» [3, 48 б.]. «Өз тіліңді жаман сөздерден сақта, қайырымды сөздер айтуға дағдылан ... Қайырымдылықты қолыңнан келгенше өз қолыңмен көбейте біл ... қарапайым бол, сенің даңқың ертеңгі күнге де қалсын десең» [3, 50-51 бб.]. Қазақ тарихы мен философиясында адамгершілік идеясы еш уақытта тоқтаған емес және өзге мәселелердің көлеңкесінде қалған емес. Ол халық бірлігінің, мемлекеттіліктің сақталуының, білуге ұмтылыстың бастапқы принципі болды.

Философиялық ізденістердің үлкен бір жігі білім, ғылым, таным дегеннің не екенін ұғыну мен білімнің қажеттігін дәлелдеумен байланысты болып келеді. Бұл мәселелерді белгілі бір деңгейде дала философтарының

барлығы да көтерген. Махмут Қашқари: «Балам менің, менің кеңесімді ал ақылсыздықты қу – кімде талқан болса ол оны бекмезбен араластырады» [3, 48 б.].

Баласагун: «Бар игілік ғылымда, танымда – ұлылық. Олар құдайдың құлдарын ерекшелендіру үшін берілген» [3, 54 б.]. А. Жүгенеки: «Білімнен бақытқа жол ашылады, – Жол басы адамдарға осы жерден ашылады... Білімсіз шындықты жек көреді, уағыз дана және риясыз ... Ғылыммен дос бол, қарапайым кедей – игілік иелері ішіндегі ең танымал байға айналады!» [3, 88 б.].

Абай білім алудың қажеттігін дәлелдейді. Тек білім ғана қазақтарды өзгелермен өздерін терезесі тең сезінуіне, өзге халықтарға тәуелді болмауына ықпал етеді дейді. Білім адал және саналы еңбекпен табыс табуға, өз халқының тірегі мен қорғаны болуға мүмкіндік береді. Мұндай адамдар еліктеу үшін үлгі болады [4, 214-215 бб.].

Сонымен қатар, қазақ философтары танымның түрлері мен әдістері туралы мәселелер бойынша теориялық сұрақтар да қойды. Әл-Фараби, Абай, Ж. Копеев таным түрлері туралы қазіргі көзқарастарға жақын идеяларды ұсынды. Мысалы, Ж. Копеев танымның төрт түрін анықтайды: сезім, елестету, абстрактті ойлау, интуиция. Сезімдік таным бес көзден қалыптасады: «Сезімдік таным суы мол өзен сияқты, оған бес шағын өзен құяды дейді. Оның бірі – барлық көзге көрінетін, келесісі – барлық естілетін, үшіншісі – сезілетін, төртіншісі – иіскелетін, бесіншісі – дәмі бар» [3, 295 б.]. Мәшһүр Жүсіптің пікірінше, танымның ең маңызды түрі интуициялық таным, оған – фантазия мен арманды жатқызады. «Егер де таным материалды сұрыптауды жүзеге асыратын болса, оның пайдалысы қабылданады, ал керексізі лақтырылады ..., ал фантазия, ойлар, армандар сананы дамытады, кеңістігін кеңейтеді, қоздырады, ойға итермелейді ... Тағы да бір маңызды жағы бар – фантазия адамдарды адамгершілікке итермелейді, оларды дана етеді, адамгершілігін сақтайды ...» [3, 295 б.]. Абай танымға ұмтылыс – әр адамның туа бітетін ұмтылысы деп есептейді. Адамның жаны білімнен нәр ала отырып нығая түседі және адамды жетілдіреді. Алайда біз қартайған сайын жанды ұмыта бастаймыз, өзімізді осы әлемге әкелген ұмтылыстарымызды ұмытамыз. Білімсіз адам өзінің қасиеттерін жоғалтады. Бұл философиялық ойлар тағдыры көп жағынан Абайдың тағдырымен ұқсас болып келетін Сократтың ойлары мен идеяларымен үндесіп жатыр.

Біздің халқымыздың тарихының екі жарым мың жылдан астам уақыты ішінде оның тарихының сақшысы, туы қазақ философиясы болды. Өз бойына философиялық ойдың әлемдік тәжірибесін сіңіре отырып, оның тарихпен, жермен және ортақ өмірмен негізделген тек өзіне ғана тән өзіндік ерекшеліктері болды. Бұл тұжырымдар қазақ халқын, оның

мәдениеті мен жерін сақтап қалуда маңызды рөл атқарды. Қазақ философиясы өз халқының көшпелі өмірінің ерекшеліктерін көрсете отырып, ерекше сипатқа ие болды және солай болып қала бермек, сонымен қатар өз бойына жалпыға ортақ философиялық дәстүрлерді сіңіре білді. Осы философиядан тек қазіргі заманғы қазақстандықтар ғана емес өзгелер де күш ала алады, оның идеялары өмірге, оптимизмге және күшке толы. «Қорқыт, Асан Қайғы идеялары жалпыға ортақ жаһандық философиялық әлем танымының негізгі ойшылдарымен бір қатарда тұрады» [5, 224 б.].

Сонымен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы халықтың өткенін, қазіргі уақытын және болашағын біріктіретін платформа болып табылады. Ол жақын болашақта да, алыс болашақта да қазақстан қоғамының даму бағытын айқындайтын, біріктіруші күш мүмкіншіліктеріне ие басты тұжырымдама болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Даланың ұлы ойшылдарының рухани-адамгершілік мұрасына негізделіп құрылған және біз эволюциялық даму императивіне сүйене отырып, бірнеше жүздеген жылдар бойы ұстанып келе жатқан санаттар мен құндылық бағыттарын жаңаша түсінуге негізделініп құрылған.

Әр азаматтың бостандығы құрметтелетін, тұлғаның ар-ожданы мен қадір-қасиеті құрметтелетін, мораль жоғары дәрежеде болатын, әрекеттің этикалық стандарттары және рухани құндылықтар сақталатын бар мүмкіншіліктер қоғамын қалыптастыру бағдарламалық мақаланың негізгі ережелерін жүзеге асыру барысында мүмкін болады.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы қазіргі заманғы мемлекет құру бойынша халықтың идеялары мен тарихи ұмтылыстарын жүзеге асырудың кепілі болады. Ол қоғамдық санаға ықпал ету күші мен әлеумет тарапынан сенім деңгейі бойынша Керей, Жәнібек, Тауке, Абылай, Линкольн, Ганди сияқты қайраткерлермен бір қатарда тұрады. Оның өмірі мен қызметі, шығармашылығы қазақстан халқын жасампаз еңбекке және қазіргі уақытқа және жарқын болашаққа бағытталған сапалық өзгерістерге ынталандырады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қазіргі заманғы философиялық трактаты және өмірлік қызметінің триумфы болып табылады. Бағдарламалық ережелердің өміршеңдігі құндылық бағыттылығының өзектілігімен және қазақстандық әлеуметтің белсенді қолдау көрсетуімен дәлелденеді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тұлғасының тереңдігі мен ұлылығы оның Қазақстанның гүлденуі үшін уақыттан тыс санаттармен ой қорыту шеберлігімен анықталады, оның іргетасын «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағдарламалық ережелері құрайтын болады.

II ТАРАУ. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ ІЛГЕРІЛЕТУ

2.1 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын құрудың тарихи қажеттілігі және алғышарттары

Қазіргі таңда, демократиялық процесстер даму жағдайында идеологияның маңызы қайта күшейіп келеді. Мемлекет пен қоғамның қызмет етуі және бірлесе әрекет етуі үшін қажетті іргетас ретіндегі идеологияның мазмұны қайта оралуда. Сонымен қатар, біз қандай идеологияны ұстануымыз қажет деген мәселе өзектендіріле түсуде? Себебі нақты белгіленген идеяның немесе идеялар кешенінің болмауы әлемге деген көзқарастың бағдарсыз болуына алып келуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Конституциясында біз идеологиялық сан алуандылықты танимыз деп көрсетілген [1]. Қазіргі тарихымыздың маңызды қол жеткізген жетістіктерінің бірі болып табылады. Қолданыстағы идеологиялардың бір де біреуі ресми деп таныла алмайды. Тиісінше, бұл принцип түрлі саяси көзқарастардың, тұжырымдамалардың, партиялар мен ұйымдардың еркін бірге қызмет етуіне мүмкіндік береді және бір немесе бірнеше идеялардың монополиясының орын алуын жоққа шығарады. Алайда, идеологиялық плюрализмді тану мемлекет қоғамдық сананы құрастыру үшін жағдай жасауға немесе оған қатысуға болмайды дегенді білдірмейді. Әлеуметтің қатысушыларының олардың әлеуметтік мәртебесі немесе саяси көзқарастарына қарамастан барлығы бірдей қолдайтын құндылықтар бар.

Идеология мәселесінің саясат күн тәртібіне мықтап енгені соншалық ол қоғам тарапынан да әр түрлі көзқарас туындатары сөзсіз. Бұрынғы кеңестік дәуірмен генетикалық жағынан байланысты қазақстандық әлеуметтің бір бөлігі тек идеология ғана барлық өзара қарым-қатынастар құрастырылатын және мемлекеттің көп қырлы қызметін мазмұнмен толтыратын діңгек болуға қабілетті деп есептейді. Мұндай көзқарастар «идеясыз» саяси құрылым жағдайында бастан өткізген тәжірибе негізінде қалыптасты. Екінші жағынан алғанда идеологиялық қондырмаларға қайта оралу қажет емес деп есептейтін қоғамдық сананы елемейтін жекелеме санаттар бар. Қазіргі қоғам идеологияны қажетті феномен және биліктің қоғамдық қатынастарды реттеу құралы ретінде пайдалануға қайта оралуда [2].

Идеология дегеніміз не? Идеологияның саяси жүйеде жоғары позицияларға ие болуға ұмтылатын жеке институт ретінде пайда болуы Ұлы француз революциясы кезеңімен байланысты. Аталған уақыттың

қоршаған ортаға деген көзқарастар қондырмасы және бірнеше жүздеген жылдар бойы өмір сүріп келген аксиологиялық нормаларға ревизия жасалынды, себебі олар қолданыстағы әлеуметтік және саяси нақтылықты түсіндіріп беруге қабілетсіз болып шықты. Француз революциясы корольдік жеке дара құдай қолдауымен болатын құқығы принципін жойды [3]. Міндетті түрде әлеуметтік және саяси болмыстың дағдарысына алып келетін дәуірдің алмасуы әлемді жаңаша түсіндіру мен оны қабылдау ережелеріне қоғамдық сұраныс қалыптастырды. Еуропаның зияткерлік дамуы секулярлы мазмұн мен құндылықтарға негізделген дінді басты ықпал етуші және философиялық тұжырымдамаларды насихаттаушы күш ретіндегі рөлден ығыстырды. Де Трасси, идеологияны жеке білім саласы ретінде бөліп көрсеткен алғашқы ғалымдардың бірі, адам санасының механикасын зерттейтін ғылымды қалыптастыруға тырысты [3]. Соңғы нәтижесінде француз революциясы дәуірі қазіргі заманның классикалық идеологиясын қалыптастырудың негізін қалады. Сонымен, идеологияның пайда болуының табиғаты биліктің бір құрылымы бүлініп, жаңа құрылымы қалыптаса бастаған кезеңде пайда болатын уақыт аралық және мазмұндық вакууммен байланысты болып келеді. Француз зиялыларының идеологияны анықтауға деген көзқарастарының ерекшелігі оның әмбебаптығында болып табылады. Мысалы, олар «әлеуметтік математиканы» идеология деп таныды, мұнда саяси ғылымдар өзінің қуатты дәлелдік базасымен біріге отырып қараңғылық пен билікті асыра пайдаланумен күрес құралына айналуы тиіс болды. «Әлеуметтік физиология» да идеология радиусына енгізілді, оның мазмұны білім беру мен денсаулық сақтауды қоса септегендегі өмір сүру сапасын жақсартудан тұруы тиіс болды [4]. Идеологияны жасаушылар оны белгілі бір топтың қолындағы белгілі бір құрал ретінде емес, адамдардың игілігі үшін қызмет ететін құрал ретінде қарастырды. Өзінің нақтылы мазмұнында «идеология» сөзі идеялар туралы ғылым дегенді білідіреді. Тіпті идеологияны Ағартушылар кезеңі өнімдерінің бірі деп те айтуға болады. Бірақ та бұл факт одан бұрынғы дәуірлерде идеялық негіздеусіз өмір сүрді дегенді білдірмейді. Кез келген билік, оның ішінде абсолюттік билік те рационалды сүйемелдеуді қажет етеді. Алайда идеологияны оның туындауы мен ағартушылардың ойлары жағынан алып қарасақ, онда идеологияның тарихы ХХ ғасыр идеологиясы тарихымен салыстырғанда мүлдем саясаттандырылмаған сияқты болып көрінеді. Саяси күреспен сипатталатын жаңа дәуірдегі өзгерістер идеологияны қолдануға теориялық қызығушылық пен тәжірибелік форматтарын өзектендірді.

Бірақ теориялық білім ретінде құрастырылғанның саясатқа енуі, ХХ және ХХІ ғасырларда түрлі саяси топтардың қарама-қарсы тұрушылығын анықтап берді. Терминнің эволюциясы түрлі бағыттар

ретінде қалыптасқан, саясат пен рухани дамудың салаларын қамтитын бірнеше мазмұнына алып келді. Идеологияны ғылыми айналымға енген кезінен бастап тұжырымдамалау біршама өзгерістерге ұшырап отырды. «Классикалыққа дейінгі» бірінші кезеңінде идеология теориясы идеялардың пайда болуын зерттеді және идеологияны ойлау ережелерін анықтайтын және саясат пен қоғамдық тәжірибелік қызмет тетіктерінен көрініс табатын белгілі бір норматив түрінде анықтайтын ғылым ретінде қарастыру әрекеттері жасалынды [4]. «Классикалық» теория идеологияны «жалған сана» ретінде анықтап, оның ғылымилығын жоққа шығарды. К.Маркс идеологияны әлеуметтік нақтылықты сәйкессіздікпен, «көріністер» түрінде қабылдайтын, ғылыми бағыт болудан гөрі саяси күрес құралы ретінде әрекет ететін санат ретінде белгіледі [5].

Әлеуметтану ғылым ретінде нығая бастаған кезден бастап идеология шет елдердің М. Вебер, Э. Дюркгейм және К. Манхейм сияқты әлеуметтанушыларының қызығушылық шеңберінің құрамына енді [6]. Олар идеологияның ғылыми еместігі туралы тезисті қолдады және идеология ерекшелігін өзге де дүниеге көзқарастар жүйелері сияқты адамдар сенімінің саласына жатқызды. Себебі идеология когнитивті қызметтер атқармайды және тиісінше гносеологиялық жағынан алып қарағанда ешбір құндылыққа ие бола алмайды. Бірақ соған қарамастан олар идеологияның маңызын жоққа шығарған жоқ. Мысалы, Э. Дюркгейм қоғамда реттеуші және кіріктіруші рөл атқарады деп есептеді. Оның пікірінше «идеологиясыз қоғам болуы мүмкін емес, осы жағынан алып қарағанда ол үнемі өмір сүретін болады және адамдардың әлеуметтік әрекеттерін ұйымдастырады» [7].

В. Паретоға сәйкес, идеологияның негізгі қызметі – санаға ықпал ету мен сендіру арқылы әрекет етуге мүдделендіру. Соған байланысты идеологиядан еркін болу мәселесі өзектендіріледі. В. Паретоның пікірінше шынайы білімге ие болу мен идеологиядан еркін болуға белгілі бір тапқа жатпайтын адамдар ғана қабілетті бола алады деп есептейді, ондай адамдар қатарына ол зиялыларды жатқызады [7].

Әлеуметтік шиеленістің өсуі және балама саяси платформалардың болуы большевиктер диктатурасы билігіне қатер төндірді. Азамат соғысы аяқтала салысымен қоғамда большевиктік парадигмаға сенімсіздік кезеңі басталды. Оған Кеңес Одағының саяси және экономикалық оқшаулану жағдайында болғанын да қоссақ болады. Осындай жағдайда, идеялық бөлінушілікке жол беруге болмайтын болды. Нәтижесінде жанр классикасы ортақ жау бейнесін жасауды талап етті. Осы жағынан алып қарағанда, идеология ортақ жауға қарсы бірігуге шақырған біріктіруші фактор рөлін атқара бастады. Коммунисттер сананы және тұрғындардың саяси қалауларын бақылау құралы ретінде идеологияны қажет етті.

Ұлттық мәселе де және оның коммунистер идеологиясына қалай кіріктірілгені де ерекше назар аударуды талап етеді. Ұлттық азшылықтың билікті қолдауына қол жеткізген форматтар жиынтығы қызығушылық туғырады. Кеңес Одағы Ресей империясының мұрагері бола отырып автоматты түрде көп ұлтты мемлекетке айналды. Ресей XV ғасырдан бастап өз жерін кеңейту саясатын белсенді жүргізді, ал Петр I-ші билікке келген кезден бастап әлемнің даму логикасы өзгеріске ұшырады және оны өзара бөлісу басталды. Территорияларды қосып алу әр түрлі мәртебеге ие болды және қосып алынған жерлердің саяси және экономикалық өмірге қатысу құқығы да әр түрлі болды. Большевиктер империяның ұлттық саясатының кемшіліктерін есепке ала отырып, өз даму жолдарын өздері анықтау және метрополия мен бұрынғы шет аймақтардың өзара қарым қатынас жасауының жаңа форматын ұсынды. Мұның өзі ұлттық сана сезім идеясын одан әрі дамыту үшін жағдай жасау мүмкін емес болатын. Осы жағынан алып қарағанда идеология бұрынғы империяның барлық тұрғындарын қамтыды [10].

Компартияның мазмұны мен әрекеттерін теорияландыру оның өзін сақтап қалуға бағытталды. Осы идеологияны қабылдау мен игеру процесі жеке адамдарға және ақыл-ойға күш көрсету әдістері арқылы жүзеге асырылуы да заңды болды. Бұл тезиске мысал ретінде саяси құғын сүргіннің бірнеше лектерін және психикалық ауруға шалдыққаны туралы айыптаулардың орын алғанын келтіруге болады. Одан ең алдымен шығармашылық және ғылыми зиялылардан тұратын кеңес зиялылары зардап шекті. Кеңес идеологиясы идеологияның қандай болуына нақтылы қарсы мысал бола алады. Большевиктер идеологияның негізін тиісінше түсінуге жол бермеу үшін барлық күштерін жұмсады. Жеке меншік, ой бостандығы, жеке тұлғаның бақыты сияқты факторлар есепке алынбады. Демек, кеңес азаматының барлық әрекеті кеңес мемлекетінің қуатын арттыруға бағытталуы тиіс болды.

Адамның бақытты болу үшін өмір сүретіні айқын және тек қана осы модус мемлекеттің күші мен мүмкіншіліктеріне тікелей немесе жанама түрде ықпал ете алатын болады. Бұл жағдайда, билік пен партия күштеудің классикалық үлгісін білдірді, мұнда кез келген басқаша ойлау жазаланды, мұның өзі қоғам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың үйлесімді болуына ықпал ете алмады.

Соған қарамастан, қазіргі қоғамда кеңестік өткенді және коммунистік партияның ұйымдастырушылық қызметін аңсайтын адамдар тобы да аз емес. Әсіресе бұл өмірінің бір бөлігі тіпті ол «балалық шақты» ғана қамтитын өте аз уақыт болса да Кеңес Одағымен байланысты болған ұрпақ өкілдеріне тән болып келеді. Әділеттілікті қамтамасыз ету мақсатында кеңес идеологиясы шеңберінде жүзеге асырылған жобалар әлеуметтік

мемлекет принциптеріне сәйкес келгенін, қазіргі заман тілімен айтар болсақ, оның әлеуметтік бағытты мемлекет болғанын атап өтуімізге тура келеді. Көпшілік үшін қызықты болған және еліктеу үшін үлгі болған принципшілдіктің эталоны міндетін атқарған мәселелер қалыптастырылды. Қазіргі таңда оң және қолдану үшін дайын тәжірибе ретінде дәл осы мәселелер зерттеу объектісіне айналуы тиіс. Идеологиясыздандыру кезеңінен бастап бұл мәселе өзінің өзектілігін жоғалта бастады, ал оны еске алу жақсылық емес деп есептелінді [11]. Бұрынғы кеңес Одағы құрамына кірген мемлекеттер жаңа достарымен қарым-қатынасты қалыптастыру жағдайында бола отырып идеологиядан қажетті құрал ретінде бас тартты. Бұл жерде баса айта кететін мәселе бұл «жаңа достардың» талабы болатын. Бір жағынан алып қарағанда бұл өзін өзі ақтайтын қадам болды, себебі саяси және экономикалық нақтылықты өзгерту адам мен мемлекет арақатынасының кеңестік моделінен бас тартуды талап етті, себебі онда ол (тұлға) саяси жүйенің шешімдеріне толық тәуелді және оның пассивті элементі болды. Идеясыз нақтылық «кеңестік дәуірден кейінгі капитализмге» тез арада көшу үшін қажетті фактор болды.

Тұтас алғанда кеңес тәжірибесі идеялық платформаны қалай құру қажет және қалай құру қажет емес екендігінің үлгісі бола алады. Кеңес идеологиясы мен оның құрылу тетіктері идеялық құрылғыларды қалыптастырудың классикалық үлгісі болып табылады. Екінші жағынан алып қарағанда кеңес идеологиясы моделінің қолданылу тәжірибесін есепке ала отырып, оның конструктивті элементтерін бөліп көрсете отырып біз идеялар сабақтастығын сақтаймыз және кеңес тарихымен генетикалық деңгейде байланысы бар қоғамның елеулі бөлігі тарапынан қолдау табатын боламыз.

Қазіргі Қазақстанның ұлттық идеясы.

XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап дискуссиялық алаңдардың елеулі бөлігі ұлттық идеяны қалыптастыру қажеттігі мәселесіне арналды. Ғалымдар, сарапшылар, шығармашыл зиялылар өкілдері, саясаткерлер одан қазақстан қоғамын біріктіріп қана қоймай, сонымен қатар оны бұдан әрі өмір сүруге мүдделендіретін құрал ретінде көрді. Бұл мәселе туралы қобалжу Кеңес Одағы ыдырағаннан кейінгі қалыптасқан идеологиялық және рухани вакуумның орынын толтыру қажеттігімен түсіндірілді. Қоршаған ортаны түсіну тұжырымдамаларының орынын батыс мәдениеті өнімдерінің және капиталистік даму бағытының күшті ықпал етуі басты (үнемі жақсы сападағы бола бермейтін), оған орташа статистикалық кеңес адамы психологиялық жағынан да, материалдық-академиялық жағынан да алып қарағанда дайын емес болып шықты. Стихиялы дамушы нарық заңдары жаңа қоршаған ортаға деген көзқарастар қондырмасы мен жаңа құндылықтар басымдықтарын қалыптастыру үшін

іргетас қалады. Нәтижесінде қоғам көлбеу және тік қарым-қатынастары әлсіз дамыған жан жақты бағыттағы мозаикалық ағзаға айнала бастады. Алайда бірлік, ең күшті державаға қатыстылық рухы әлі де болса күшті болды. Осы жағынан алып қарағанда қазақстандық билік КСРО-мен салыстырғанда тиімсіз жағдайда қала бастады. Ол әлі де болса қазақстандық әлеуметтің барлық қатысушылары үшін бірдей жайлы болатын әлем картинасын ұсына алмады. Екінші жағынан алып қарағанда ұлттық идеяны қалыптастыру мемлекеттің ғана міндеті болып табылмайтыны айқын.

Ұлттық идея деп көп қырлы әлемде өзін, ұлттың, мемлекеттің орынын ұғынуды жүйеленген түрін ұғыну қажет. Соңғы нәтижесінде ол кездейсоқ пайда болған сауалдарға жауап беруге қабілетті болуы және жеке алғандағы тұлға ретінде де, өзін қазақстандық/қазақ сезінудегі де өзінің өмір сүруінің мазмұнына алып келеді.

Ұлттық идеяның ішкі мазмұны көп жағдайларда өткен тарихқа жақын болып келеді немесе ұлттың қалыптасу тарихы бойынша және өз халқының әлемдік тарихтағы маңызы туралы мәселелерге жауап беруге қабілетті болады.

Ұлттық идеяның болмауы өте сирек кездесетін құбылыс, тіпті мұндай идеясы жоқ мемлекетті табу қиынға соғады. Идеологиялық қондырмалардан бас тартамыз деп жариялаған күшті мемлекеттер де іс жүзінде оларды ұстанады. Ең сәтті жұмыс істеп отырған ұлттық идеялардың белгілі түрлеріне мысал келтірер болсақ олар: американдық арман – американың басымдығы идеясы. Бұл идеяға ең жаңа мысал келтірер болсақ, ол АҚШ Президентінің соңғы сайлауы. Д.Трампың «Мен Америкаға бұрынғы ұлылығын қайтарамын» деген бір тезисінің өзі және оның қызы Иванканың «Менің әкем Американы қайтадан ұлы етеді» деген сөздері оларға жеңісті қамтамасыз етті. Бұл сөздер Америка халқының жартысынан астамының жүрегін баулады. Бұл олардың қанымен бітеді, әр американдықтың жүрегінде болады. АҚШ-тың ұлы істеріне қатысты болу, орта статистикалық американдықтың коды сияқты болып кеткен. Бұл оларды тығыз топтастырып, біртұтас ұлт етеді.

Ұлттық идеяның негізін не құрайды? Ең танымал әдістердің бірі: тарихқа үңілу, ол басым көпшілік үшін түсінікті әрі қызықты. Біздің жағдайымызда бәрі бір ойлағандай қарапайым емес! Қандай оқиға бүкіл халық үшін бірдей маңызды болуы мүмкін! Қазіргі өмір сүріп жатқан ұрпақ Ұлы Отан соғысы тақырыбымен тығыз байланысты. Бірақ бұл бейнені қазіргі Ресей ұтымды пайдаланып отыр. Және ол соңғы он жылдықтардың лексикасына қарасақ жеңіс символымен саяси құрал ретінде бөлісуге дайын емес.

Тарихтың ұлттық сананың бір бөлігіне айналуы тиіс екені айқын. Орын алған тарихи процесстердің драматизмі оны бірігу құралы ретінде

пайдалануға мүмкіндік береді. Осы жағынан алып қарағанда тарих біздің ата-бабаларымыз өткен және қазіргі ұрпақ қабылдап алған бостандыққа жол ретінде қабылдануы тиіс. Және логикаға сәйкес бұл жолды біздің балаларымыз жалғастырады. Тарихтың маңызын осылайша бағалау келесі маңызды стратегиялық міндеттерді шешуге тиіс болады: ұрпақ байланысы, сезімдер мен әрекеттерді біртұтас біріктіру мен қалыптастыру, когнитивтік міндеттермен қатар аксиологиялық міндеттер – құндылықтарды беру. Болжамшылдық: мұндай көзқарасты қалыптастыра отырып саяси конъюнктурадан тәуелсіз қоғам құрылады, ол ұлттық мүдде дегеннің не екенін сезінеді және оған қол жеткізу үшін бар күшін жұмсайтын болады. Мұндай тетікті біз Қытай тарихы мысалынан көруімізге болады, онда саяси қондырмаға қарамастан қытайдың қуаттылығы мен артықшылығы тезісі жұмыс істейді. Бұл жерде Гегельдің мына бір сөзін келтіре кетуге болады, ол тарихты сана бостандығы процессі деп атаған болатын [12]. Тарихты құрал ретінде пайдалануға қатысты белгілі бір дәрежедегі тәуекелдер бар, себебі ол ұлттық идеяның өзге құрамдас бөліктерімен салыстырғанда көп жағдайда саяси ерікке тәуелді болып келеді. Біздің жағдайымызда, жоғарыда атап өткеніміздей түрлі факторларға байланысты қазақстан әлеуметінің барлық қатысушылары бірдей маңызды тарихи оқиғаларды бірдей қабылдай бермейді. Егер де қазіргі қазақстандық бойынан біз қазақ хандығының тарихына деген қызығушылықты байқаған болсақ, бұл қызығушылық өзге ұлт өкілдері тарапынан белгілі бір себептермен болмауы мүмкін, себебі олардың ата-бабаларының бұл кеңістікпен ешқандай да байланысы болған жоқ.

1917 жылғы революция, ҚазАКСР-інің құрылуы, Ұлық Ұлыстың (Алтын Орда) ұлылығы, тың және тыңайған жерлерді көтеру, желтоқсан оқиғалары: таңдау өте көп, бірақ олардың тіпті әлеуметтік инжинирингтің белгілі құралдарын қолданғанның өзінде біріктіруші мүмкіншіліктері бар ма?

«Жарқын болашақ» бейнесі де кеңінен қолданылады. Бұл әдіс егер бұл болашақта барлық адамға бірдей жақсы болатын болса және оған қол жеткізуге мүмкіндік беретін қорлар барлық қатысушылар арасында тең бөлінген жағдайда жеткілікті дәрежеде нәтижелі болады. Бірақ, екінші жағынан алып қарағанда, бұл «жарқын болашақтың» қашан келетінін ешкім білмейді, ал адам өзінің өмірінің тым қысқа екенін біле отырып ол жарқын болашақты көп тоспай дәл қазір осы жерде көргісі келеді. Бұл айқын біріктіруші рөл атқара алатын символдар болуы мүмкін. Қазаққа домбыраның дауысын естісе, жусанның иісін иіскесе болды осы атрибуттар бірден оны өзінің ұлы тарихымен және даму перспективаларымен байланыстырады.

Ресми идеология үшін белгілі бір негіз жасау әрекеттері бірнеше рет жасалынған болатын. 1996 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру тұжырымдамасы қабылданды. Оған сәйкес «...мемлекеттің негізгі идеялары халықтың бірлігі, азаматтық бейбітшілік, әлеуметтік тұрақтылық, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, келісімшілдік пен төзімділік болып табылады. Қоғамда жалпыадамзаттық мораль нормаларына, ұлттық дәстүрлерге негізделген, азаматтық патриотизм мен жауапкершілікке тәрбиелейтін рухани құндылықтар бекітілуі тиіс ... Қазақстан біздің ортақ Отанымыз деген идея түпкілікті бекітілуі тиіс» [13]. Тұжырымдамада жарияланған ұтылмауы тиіс акценттер жұмыс істемеді және қалыптастырылған жалпыұлттық құндылықтар жүйесі қолдау мен одан әрі дамуға ие бола алмады. 90-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық жағдай жаңа бағдарлар құрастырды. Экономикалық дағдарыс, азаматтардың жалпы игілігінің төмендеуі, жүргізіліп жатқан реформалар мәселенің өзектілігін төмендетті. Билік макроэкономикалық мәселелерді шеше отырып Тұжырымдаманы ақпараттық кеңістікте ілгерілетуді төмендетіп алды. Сонымен қатар қоғам, кеңес идеологиясының шарттары мен нормаларынан босауына байланысты эйфориялық жағдайды бастан кеше отырып жаңа мазмұнның, жаңа координаталар жүйесінің қажет екендігін сезіне бастады және бұдан арғы дамудың іргетасын қалайтын жаңа бағдарламалық құжатты күтумен болды. Алайда осы күту процессін кейіннен кейбір саясаткерлер патернализм синдромы деп атады. Бұл кезде мемлекет тарапынан нақтылы көмек көрсетілуі туралы сөз әлі бола қойған жоқ болатын, бірақ әрбір азаматтың қоғамда қандай орын алатыны және қандай болашағы бар екенін білуіне мүмкіндік беретін жалпы картинаны құру туралы мәселе көтеріле бастады. Бұл жерде мемлекет тарапынан мүдделендіруші лексиканың орын алуы туралы сөз қозғалды.

2010 жылдың көктемінде қабылданған ұлттық бірлік Доктринасы идеялық/идеологиялық платформа құру процессінің тағы да бір кезеңі болды. Құжаттың өзектілігіне қарамастан, қоғам оның алғашқы редакциясын біржақты қабылдамады. Мәтінді талқылау қазақстан әлеуметіне барлық қатысушылар үшін пайдалануға мүмкін болатын түзетулер енгізу үшін келісім комиссиясы құрылды.

Доктринаның қорытынды редакциясының басты негізі Қазақстанның барлық азаматтары үшін тең мүмкіндіктер құруға ұмтылыс болды. Тезис, демократиялық мемлекеттерде пайдаланылатын және жалпыға ортақ адам құқықтары Декларациясы құндылықтарымен үндес болып келді. Тұжырымдама авторлары 2010 жыл бүкіл қазақстан қоғамы кеңестік өткенді еңсеріп, қоғам мен билік арасындағы өзара қарым-қатынастарға іргелі өзгеістер енгізуге менталдық жағынан дайын болатын кезең деп

есептеді. Ішкі және сыртқы саясат бағыттарын анықтауда негізгі реттеуші ретіндегі мемлекеттің рөлін белгілей отырып, Қазақстанның ұлттық бірлігі принциптері анықталды. Тарихи акценттер біріктірудің маңызды факторына және қоғамды біріктірудің негізіне айналуы тиіс болды. Ішкі және жаһандық ортадағы өзгерістер үш маңызды тезисті өзектендірді, олар: «Бір ел-бір тағдыр», «Түрлі шыққан тең мүмкіндіктер» және «Ұлттық рухты дамыту» [14].

«Бір ел-бір тағдыр» тезисі «Әр азаматтың және олардың Отаны-Қазақстан Республикасының тағдырының бірлігін саналы түрде» сезінуге бағытталды. Бұл принциптегі басты сөз саналы түрде ұғымы болды. Расында да әлеуметке қатысушылар бөліскен тарихи тағдыр, жаңа мемлекет құрылып жатқан іргетас қызметін атқарды. 90-шы және 2000 жылдардағы дағдарыс қоғамның барлық жіктері мен мемлекет үшін қатерлі болды және оларды еңсеру ұлт құрылысының жаңа дәуіріне жол ашуға тиіс болды. Саяси лексикаға тарихи тағдырының ортақтығы мен болашаққа ұмтылысты білдіретін «отандастар» сөзі жаңа мағынада енгізіле бастады. Келесі мақсат қойылды: «өзінің шыққан ұлтына қарамастан бірігу және Ұлы Ұлтқа айналу, біздің қолымызда бар ең қадірліміз, – егеменді және тәуелсіз Қазақстанды ұқыптылықпен сақтап, келер ұрпаққа беруіміз қажет. Сол үшін біз әлі күнге дейін бізге бөгет жасап келе жатқан барлық алаңдаушылық пен кедергілерді еңсеруге тиістіміз». Бұл мақсатқа қол жеткізу жауапкершіліктің жоғары деңгейін және елдің «ұлы болашағын» қамтамасыз ету бойынша әрекет ету қажеттігін білдірді [14].

Тең мүмкіншіліктер тезисі неғұрлым үлкен қызығушылық тудырды және қазақстан әлеуметінің көптеген күтілімдеріне жауап беретін ұран болды. Ол «ұлттық және шыққан тегіне, діни сенімдеріне, әлеуметтік жағдайына өзге де ерекшеліктеріне қарамастан барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктерді» жариялады [14]. Бұл құжатқа сәйкес бір де бір ұлтқа ерекше артықшылық берілмейтін болды, бірақ сонымен қатар Қазақстанның әрбір азаматының артықшылықтарға, немесе шыққан тегіне емес, қабілетіне қарай өз мүмкіншіліктерін жүзеге асыруына кепілдік берілді. Мемлекет орта тапты жеделдете қалыптастыру үшін экономикалық және құқықтық негіздер жасауға жауапкершілікті өз мойнына алды. Мемлекет жалпыадамзаттық құндылықтармен үндестікте, жаңаша көзқарастағы интернационализм принциптерін қайта қалпына келтіру әрекеттерін жасай бастады.

Ұлттық рух туралы тезис мемлекет пен ұлттық бұдан арғы дамуында басты рөл атқаруға тиісті болды. Бұл ұғым «Ұлтты біртұтас етіп біріктіретін күшті» білдіруі тиіс болды [14]. Ұлттық рухтың құрамына әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерге негізделген және сонымен қатар жаңғыруға

ұмтылысты білдіретін мыңжылдық құндылықтар кіруі тиіс болды. Жеңіл түрде мемлекеттік тілдің рөлі, оның қолданылу аясының тәжірибеде кеңейтілуі қажеттігі белгіленді және үшінші тезис жаһанданушы әлемнің көптүрлілігінде өзінің екрешелігін сақтап қалуға бағытталуы тиіс болды.

Мемлекет пен оның көшбасшыларының мұндай құжаттарды құрастырудағы рөлі өте жоғары және үлкен жауапкершілікке негізделеді. Себебі ұлттық идея халық белсенді түрде қолданатын және дамытатын, халықтың-ұлттың өмірлік құрылымы мен құндылықтарының іргелі принципі болып келеді. Билік оның «жұмыс істеуін» және тұтас алғандағы өмір сүруге қабілеттілігін қамтамасыз етеді. Ол мыңжылдық тарих негізінде ұзақ болашаққа арналған даму перспективаларының шектерін белгілейді. Ұлттық идеяның бағамдарына қандай тезистер жауап бере алады. Тарихқа жаңаша көзқараспен қарау ұлттық идея бағамдарына жауап бере алуға қабылетті келесі маңызды белгілерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

– Қазақ тарихы тәуелсіздік үшін күреспен және далалық кеңістікті қорғаумен ассоцияланады. Эпикалық жанрдың басты тақырыбы да осыдан туындайды: батырлар басты кейіпкерлер және мемлекеттікті сақтаушылар.

– Тарих бостандыққа жол ретінде қарастырылады. Геосаяси жағдайға байланысты пайда болатын қатерлер дала мұрасын ұстанушы үшін басты ең жоғары құндылыққа айналған тәуелсіздік пен бостандыққа қатер төндіреді. Ол тәуелсіздік үшін күреске дайын болды. Бостандық тек сезім ретінде қарастырылған жоқ, сонымен қатар мобилділікке, көшіп қону еркіндігіне деген қажеттіліктен көрініс тапқан алғашқы қажеттілік болды.

Дала мұрасын ұстанушының тарихы – бұл көптеген рулардың тарихы, дана шешімдер шығаруға қабілетті ұжымдық сана болып табылады. Ру тек қауымдастық ретінде ғана қарастырылмайды, ол сонымен қатар қарым- қатынас жасау қажеттілігі болып табылады. Тарихи түрде осы кеңістікте көшпенділер мен билік арасында өзара тәуелділік пен бірлесе әрекет ету моделі қалыптасты. Көшпенді тұрғындардың қолдауынсыз хандық билік институты ұзақ мерзім бойы өмір сүруге қабілетсіз болды.

Көшпелі өмір салтының ерекшелігі мен шаруашылық дамудың ерекшелігінің ықпалымен қалыптасқан көшпенділердің менталдылығы жер иеленуші психологиясынан мүлдем өзгеше тәртібі бар саяси институттың болуын талап етті. Көшпендінің таңдау құқығының шеңбері неғұрлым кең болды, ол билікке ықпал етуге, өзіне қажет болған жағдайда және тиісті сапалары болса билік құрылымдарына кіріуге, қарсылық көрсету түрі ретінде мемлекет шегінен шығып кетуге құқылы болды, ал

мемлекеттің оны қудалау саясатын жүргізу үшін күштік құрылымдары жеткілікті деңгейде дамыған жоқ. Мысалы, Әбілқайыр күшті мемлекет құра отырып көшпенділердің саяси мүмкіншіліктері мен ұмтылыстарын жете бағалай алмады және уақыт өте келе қоғамдағы өзінің ықпалын жоғалтып алды. Осы жағынан алып қарағанда Д.Кшибековтің еңбегіне көңіл аудару қажеттігі туындайды, онда XV ғасырдың ортасындағы белгілі оқиғалар кезіндегі дала тұрғындарының әрекетін ашып көрсететін қазақтарға тән белгілер көрініс тапқан. Автордың пікіріне сәйкес қазақтар демократиялық және ақсүйектік принциптерге сүйенген [15]. Мұны осы кеңістікте орын алған мемлекеттердің әлеуметтік құрылымдары мен саяси қарым-қатынастарға қатысты айтуға да болады. Көшпенді генетикалық жағынан өзінің руымен байланысы жоқ, сырттан келген билікті тануға дайын болады (ашна руы, Шыңғыс хан ұрпақтары және т.б.). Ол үшін репрезентативті институттардың болуы мен өз дауысын рудың неғұрлым беделді өкіліне беру саяси өмір нормасы болып табылады. Д.Кшибековтің пікірінше, «қазақтарда крепостниктік, авторитаризм мен деспотизм болған жоқ, олар өздерінің жеке бостандығы мен тәуелсіздігін жоғары бағалады». Әрине, бұл сапалар оның азаматтық көзқарасына да ықпал етті. Жеке бостандық деп ол Шыңғыс хан ұрпақтары түріндегі жоғары билікті тану кезіндегі өзінің дауысы мен мәртебесіне құрметпен қарауды түсінді. Қазақтың маңызды белгісі оның белсенділігі, өзін қоршаған әлемді өзгертуге қабілеттілігі болып табылады [14]. Көпшілік әлеуметтік белсенділікті отырықшы саяси мәдениетке тән болып келетін қасиет деп есептейді, себебі онда бірігуге, белгілі бір бағыт бойынша мәселелерді талқылап және ол бойынша шешім қабылдау мүмкіндігі болады. Көбінесе отбасының ортасында болатын көшпенді өзінің туыстарынан алшақта болады. Алайда тарихи материал саяси орталықтардан алыста, оқшаулана өмір сүргеніне қарамастан көшпенділердің билікке ықпалының күшті болғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мысалы бөліне көшу билік көзқарасымен келіспеудің ең танымал әдістерінің бірі болды, нақтылы айтсақ Әбілқайыр ханның әрекеттерімен байланысты.

Жоғарыда келтірілген суреттемелер дала қоныстанушысы тұлға бостандығы мен өзі өмір сүретін ортаның әділетті құрылымы бағаланатын, өз ұмтылыстарымен үндес болып келетін идеологияны ғана таныды.

90-жылдардан бастап Қазақстан және қазақстандықтар ұлттық идеология мен кез келген идеологиялық нормаларды қоса есептегендегі толық көрініс табуынан және рухани және символикалық мызғымастықты іздестірудің әр түрлі жолдарынан тұратын ұлттық идеяны қалыптастырумен байланысты бірнеше кезеңнен өтті. Қазіргі қазақстандық қоғамның кеңестіктен айырмашылығы әлеуметтік құрылымының күрделілігімен

және әлеумет қолдайтын бірегейліктің көп түрлігінен ерекшеленеді, мұның өзі мәселенің шешілуін қиындатып, тіпті шиеленістіріп жіберді. Игілікті 2000-ші жылдар қоғамды жұмылдырды және оны ел тұрғындарын біріктіретін құндылықтар мен идеалдарды іздестіруге жұмылдырды. Ақпараттық кеңістік те осы тақырыпқа арналған контентпен толықтырыла бастады. Қоғамның сұраныстары биліктің ұмтылысымен сәйкес келді, ол үшін ұлттық идея тек генетикалық жағынан ақталынатын ішкі қажеттілік қана емес, сонымен қатар бір идеялық деңгейде қоғаммен байланыс жасау құралы болып табылады.

«Мәңгілік Ел» Қазақстанның идеялық-идеологиялық дамуындағы маңызды құжат. Ол неғұрлым күтілген, қазіргі және болашақ тарихты байланыстыратын, азаматтық қоғам институттары жақсы қабылдаған құжат болды. Алайда мазмұндық жүктемелер нақ сол кезеңдегі объективті қолданыстағы нақтылықпен үнемі сәйкес келе бермеді. Құжатты өзінің салтанаттылығына қарамастан қоғам салқын қабылдады. Ұлттық идея тек оның бір бөлшегі адамның ішінде болған кезде және ол құжат тезистерімен үндесіп жатқан кезде ғана жақсы жұмыс істейді. Л.Каратаева былай деп атап көрсетті: «ой елегінен өткізбестен, автоматты түрде жүзеге асырылған жеке тұлғаны саяси ұлтпен байланыстыру жат идеологияны жүргізушілер тарапынан мақсатты түрде ықпал етілген жағдайда тұрақсыз болады» [16].

Тұрақтылық деңгейі ортақ болашақпен және даму мақсаттарымен біріккен қоғам мен мемлекеттің нақтылы байланысы арқылы қамтамасыз етіледі. Моноэтникалық қоғамда бұл міндет ойлаудың примордиалды табиғатымен күшейтіле отырып «автоматты түрде» шешіледі. Көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекетте бірегейлікті қалыптастыру мен идеяны таңдап алуға көптеген факторлар ықпал ететін болады. Бірақ ең маңыздысы жеке тұлғаның саналы түрде таңдау жасауы болады. Сондықтан да ұлттық идея идеологияның құрамдас бөлігі ретінде адамның ұмтылыстарымен үйлесімді болатынын ұсынуы және ол нақтылықпен тығыз байланыста болуы тиіс, олай болмаған жағдайда оның нәтижелілігі өте төмен болады. Жоғарыда атап өткеніміздей, құрамдас бөліктер мен элементтерінің саясаттан тысқары болуы және ең бастысы оның қолданыстағы нақтылықпен үйлесімділігі оны қоғамның қабылдауын қамтамасыз ететін болады. Иә, ол біздің ерекшелігімізді көрсетуі тиіс, бірақ осы ерекшелікті көрсетеміз деп оны өзге әлемге қарсы қоймауы керек. Сонымен қатар ол біздің ішімізде өте күшті болуы керек, сонда ғана біз балама нұсқаларға қызығып, солардың ықпалында кетпейтін боламыз.

Идеология қалай қалыптастырылады. Құру тетіктері.

Көп жағдайда саясаткерлер дәстүрлер мен тұтас алғандағы тарихқа жүгінеді. Тарихи көзқарас неғұрлым іргелі және өз негізінде ұзақ мерзімді деп есептелінеді. Өз кезегінде, тарихи сабақтастық мемлекеттің өмір сүруінің негіз құраушы бағыты болып табылады. Тарих қоғам мүшелерінің конфессиялық және өзге де қатыстылығына қарамастан біріктіруші мүмкіндіктерге ие. Осы уақытта Ресей қазіргісі мен болашағын құру үшін өткеннің бейнесін пайдаланады делік, ал ең бастысы ол Ресей кеңістігінің барлық қатысушыларының өздері туралы гомогенді көзқарастарын қалыптастыру үшін пайдаланады. Талдау идеологияның мұндай түрін дәстүрлі мемлекеттер пайдаланатынын көрсетеді, оған мысалға Қытайды, Жапонияны келтіруге болады. Мұндай мемлекеттердің мың жылдық тарихтары бар, мұндай қоғамда өзара байланыстар өте күшті және көп жағдайда билік қолданыстағы бағытқа бейімделуі тиіс болып келеді. Бірақ жоғарыда атап өткеніміздей, мұндай идеология түрін бұрынғы кеңес кеңістігінде болған мемлекеттер де пайдаланады, онда тарихи-мәдени жіктер кеңес мемлекетінің тарихымен байланысты болып келеді. Кезінде Ресей ірі саяси тұлғаны анықтаумен байланысты көлемді ұлттық сауалнама жүргізген болатын. Ресейліктердің басым көпшілігі Иосиф Сталинді атаған. Онымен бәсекелес болғандар Ю.Гагарин, А.Солженицын және т.б. [17]. Кез келген жағдайда ресейліктердің көпшілігі үшін олардың өткені кеңестік дәуірмен және сол кезеңдегі кеңес елінің күші мен қуатын білдіретін тұлғалармен байланысты болып келеді.

Қазіргі қазақстандық қоғамда біршама өзге жағдай қалыптасқан, бірақ Д.Қонаевты аңсау көңіл күйлері де баршылық. Мысалы, 2020 жылы қазақстан қоғамының түрлі жастық және әлеуметтік топтары арасында шағын әлеуметтік зерттеу жүргізілген болатын. Зерттеуге 103 респондент қатысты. Оның ішінде 50 – 17 жастан 22 жасқа дейінгі студенттер; 38 адам – жұмыс істейтін ересектер, олардың жастары 25 жастан 58 жасқа дейінгі аралықты құрады және жұмыссыз зейнеткерлер санаты – 15 адам [18]. Сауалнама нәтижелері түрлі жас санатындағылардың тарихи тұлғаларға деген көзқарастарын көрсетеді және оларды отандық тарихпен байланыста ғана емес қазіргі уақытқа дейінгі аралықта өзектендіреді. Қызығушылықтардың қиылысы келесі тұлғалар төңірегінде топтасады: Жәнібек пен Керей, Абай, Абылай хан.

Қазақ хандығының құрылуы, қазақ-жоңғар соғыстары және Ресейдің қол астына өтумен байланысты оқиғалар біріктіруші мүмкіндігі бар оқиғалар болып табылады. Оқиғалардың таңдап алынуы ұлы тұлғалар тізімімен корреляцияланады.

Тұтас алғанда зерттеу қазіргі қазақстандықтың тарихи жады мен санасы тіпті ең үлкен респонденттердің өздерінің балалық

естеліктерімен еш байланысы жоқ өте алыс уақыттың оқиғалары мен тұлғалары төңірегінде құрылатынын көрсетеді. Сонымен қатар, Морис Хальбвакс бойынша белгілі бір шеңберлер болуы тиіс, онда ұжымдық жат қалыптастырылады [19]. Мысалы, қазіргі қоғам үшін ерекше маңызға ие: қазақ хандығының құрылуы, қазақ-жоңғар соғыстары және «Ұлы жұт оқиғалары» (*Ақтабан Шұбырынды*). Және бұл қазақтардың ұлттық тарихына «қайта оралуы» тек XX ғасырдың 80-90-жылдары ғана жүзеге асырылған кезде орын алып отыр. Оқиғалар мен тұлғалар таңдауы таң қалдырады, себебі респонденттердің тең жартысы кеңес уақытында мектепте оқыған, ол кезде Республика тарихының орынына коммунистік партияның жетістіктері тарихы оқытылған болатын. Тарихтың мұндай форматы қазақ ұлтының өзінің өткені туралы тарихи білімдерден тысқары қалуына әкелген болатын. Респонденттердің жалпы санының ішінен тек студенттер ғана тарихи ақпаратты үздіксіз алу жағдайында болды: алдымен мектепте, одан кейін колледжде және университетте. Қалған респонденттер «қазақ тарихы» бар екені туралы тек бұлшыңыр ғана көзқарастары бар адамдар болып табылады. Соған қарамастан, сауалнама нәтижелері барлық ұрпақ өкілдері бірдей қабылдаған өткеннің бейнесін береді. Демек, басым көпшілік жадтың бір түрін суреттеп берген. Мұндай тарихи оқиғалар мен тұлғалардың басымдығының орын алу жағдайында тарих барлық қазақстандықтар үшін біріктіруші тұжырымдама міндетін атқара алмайды. Бірақ соған қарамастан мұндай көзқарас өзекті болып табылады.

Жоғарыда аталған көзқарастан өзге ортақ жаудың бейнесін қалыптастыру әдісі де бар. Әдетте, ол нақтылы міндетті шешу үшін қолданылады: қолданыстағы билікті нығайту мақсатымен қоғамды осы билік маңында топтастыру, билікті орталықтандыру немесе ұлттық бірегейлікті нығайту. Тарихтан бірнеше мысалдар келтіруге болады (XIX ғасыр соңы Италияның, Германияның бірігуі) Германияға қатысты Пруссия сол жау және біріктіруші фактор міндетін атқарды. Бұл әдіс қазіргі таңда да қолданыс табуды және бірнеше мемлекеттер пайдаланады. Жау ретінде нақтылы бір мемлекет немесе объективті түрде өмір сүріп отырған ұлттық мемлекет үшін қатер төндіруі мүмкін құбылыс, мысалы, жаһандану алынуы мүмкін.

«Өздік сананың кемсітілуі» әдісі идеологияны құрастырудың тағы да бір әдісі, оның біріктіруші күші орасан зор, қазіргі мемлекеттер, әсіресе бұрын кеңес Одағы құрамында болған елдер жиі пайдаланады. Мысалы, осы идеологияның элементіне Украинада жарияланған ашаршылықты жатқызуға болады. Бір жағынан алғанда ашаршылық эффектісі академиялық қауымдастықтың осы мәселені өзектендіруіне мүмкіндік берсе, екінші жағынан мұндай тақырып қуатты саяси құрал мүмкіншіліктерін

береді. Мысалы, Адольф Гитлер, өз карьерасын іс жүзінде осы әдіс арқылы құрды. Ол Версаль бейбіт шартының әділетсіздігін пайдаланып, Германияның басын көтеремін және өмір сүру кеңістігін кеңейтемін деп уәде берді.

Алайда бұл әдіс тек шындығында да қоршаған ортаға деген көзқараспен үйлесімді біріккен және әлеуметтік-саяси нақтылықты көрсеткен жағдайда ғана жемісін береді. Егер де дәстүрмен байланыстыру жасанды түрде жасалынса және қоғамға күштеп таңылған болса ол жетістікке әкелмейді. Тіпті әлеуметтің ұсынылған моделді қабылдауы да мүмкін. Бірақ ол нақтылы қолданыстағы билікпен байланысты болмайды және ол құлағаннан кейін мұндай идеология конструктивтік мазмұнын жоғалтады, ал қоғам рухани вакуум мен деградацияға ұшырайды.

Идеологиялардың қалыптастырылу моделдеріне жасалынған шолу қазіргі Қазақстанның оларды пайдаланудан бас тартқанын және соңғы жылдар ішінде мемлекет пен қоғамның абсолютті көпшілік қабылдайтын іргетасты іздестіру үстінде екендігін көрсетеді. «Болашаққа көзқарас: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы тұлға басты субъект болып табылатын және оның нәтижелілігіне мемлекеттің көзқарасы тәуелді болатын нұсқасы болып табылады. Осы жағынан алып қарағанда бағдарламаның мүмкіншіліктері өте зор.

Идеологиясыздандыру және «Рухани жаңғыру» бағдарламасы.

Идеологиясыздандырудың теориялық алғышарттары бар. XX ғасырдың басында идеологияны феноменизациялау, позитивтендіру және ноemarkсистік деп қарастыратын бірнеше көзқарастар бір мезетте қалыптасты. Әлеуметтанушы ғалымдар идеологияны белгілі бір топтардың мүддесі үшін пайдаланылатын жалған идеялардың жиынтығы деп көрсете келе оның қоғамдық қатынастарды реттеуші басты құрал ретіндегі рөлін төмендетеді. Р. Арон, К. Поппер, Д. Белл және өзгелердің пікірінше идеологияны ғылым тиісінше ауыстыра алады. Ғылым өзінің объективтілігімен және шексіз даму мүмкіншіліктерімен атрибутивті идеологиямен бәсекелесе алады және адамның өмір сүруінің мәнін құрастыра алады. Ғылыми-рационалистік көзқарас әлеуметтік мәселелерді шешуде де идеологияны алмастыруға тиіс болды. Тіпті адам өзінің рухани құрамдас бөлігімен қатар меркантильді жан иесі болғандықтан өзінің материалдық сұраныстарын шешуге қабілетті институттарды қажет етеді. Халықтың әл-аухатының артуы да ғылымның дамуымен байланыстырылады. Сонымен, идеологияның қоғамдық қатынастарды қолдаушы тетік ретіндегі қызметін қайта қарау жаңа қондырмаларға алып келді, онда басты орын сциентизмге сенуге берілді, мұның өзі ғылымның әлеуметтік процесстердегі рөлінің артуымен қамтамасыз етіледі. Бұл көзқарас мемлекет пен зиялылар арасындағы қарым-қатынастың өзгеше тәртібін

қалыптастыруды талап етті, ол тығыз ынтымақтастықты және идеологиялық иллюзиялардан бас тартуды талап етті. Олардың пікірінше, ғылымның жылдам дамуы мен түрлі себептерге байланысты оған адамдардың қызығушылығының артуына байланысты идеологияның өміршеңдігін жоғалтуы сөзсіз.

Алайда көп ұзамай идеологиялық жүйелерден тысқары өмір сүру мүмкіндігі туралы мәселе көтерілді. 1970-ші жылдары аталған кезеңдегі ұлт-азаттық қозғалыстарға жауап ретінде реидеологизация тұжырымдамасы пайда болды. Осылайша идеологияға жеке тұлғалардың да, тұтас алғандағы қоғамдық топтардың да қоршаған ортаға деген көзқарастарын тәрбиелеудің маңызды әлеуметтік қызметін атқаратын институт ретінде түсінік берілді. Демек, бұл жерде идеологияның жаңа тармағы, оның қазіргі әлемдегі рөлінің күшеюі туралы сөз болып отыр. Осы кезеңнен бастап қоршаған ортаға деген көзқарастар қорының қайта дамуы және олардың адамзат ақыл-ойы айналымына енгізілу процессі жүргізіле бастады.

Идеологияның қайта дами бастауына халқаралық саяси жағдайдың да ықпал еткенін ұмытпауымыз қажет. Кеңес идеологиясы, оны үшінші әлем елдеріне экспорттау, соңғысында оның капиталистік принциптердің қатаңдығымен салыстырғанда қызығушылықты арттыратыны, әлемдік қауымдастықты капиталистік әлем рухан өзектендіруге және өздерінің идеялық қорларын жинақтауына мәжбүр етті.

Қазіргі таңда біз реидеологизацияның бірнеше нұсқаларын білеміз, бірақ ең алдымен, бұл адамзатты, тұрғындардың ең кең көлемін қазіргі әлем құндылықтарына қосу бойынша процесс.

Мысалы реидеологизацияның либералдық нұсқасы коммунистік идеологияға жауап ретінде пайда болды және белгілі бір деңгейде оның кемшіліктерін ашып көрсетуге бағытталды және бүкіл әлемдік бірлік іргетасын қалайтын жаһандық идеологияны қалыптастыруға бағытталды. Мұндай нұсқадағы идеология бір біріне қарсы күрес жүргізіп жатқан идеологияларды келістіру құралы міндетін атқаруы тиіс болды.

Реидеологизациядағы неоконсервативтік бағыт жоғалтып алынған дәстүрлер мен құндылықтарға көңіл аудару және оларды қайта жаңғырту қажеттігін негіздейді.

Сонымен қатар солшыл радикалдар реидеологизация сана мен әлеуметтік дамудың балама түрінің қалыптастырылуы ретінде түсіндірілуі тиіс деп есептейді.

Біздің қазақстандық жағдайда идеологияның либералдық және консервативтік түрлерінің қоспасын құру әрекеттерін байқап отырмыз. Уақыт көрсетіп отырғандай идеологиядан толық көлемде бас тарту өзін өзі ақтамайды, тіпті кеңестік кезеңнен кейінгі қоғам идеологиялық

вакуумға ұшырай отырып ешқандай бағдар ала алмады. Сонымен қатар қазіргі қоғам жаңа идеологиялық нормаларға енуге де толық дайын емес. Біз қоғамның құрылымынан әр түрлі бағыттағы және белгілі бір дәрежеде әр түрлі бағыттанған тұрғындар жіктерін көріп отырмыз оларды бір бөлшекке біріктіру өте қиынға соғады. Мұндай жағдайда, саяси идеологияны пайдалануға болмайды. Тұлғаның дамуына басты назар аудару әлдеқайда маңыздырақ болып келеді. Ғалымдардың көпшілігі идеологияны үлкен әлеуметтік топтардың, партиялардың, ұлттың мүддесін білдіретін, объективті нақтылықтағы әлеуметтік және саяси дамуға деген ұжымдық көзқарасты білдіретін идеялар жүйесі деп таниды. Және тиісінше, белгілі бір деңгейде ол заттар мен құбылыстарға жеке көзқарасты жоққа шығарады, себебі санаға қоғам мен елдің қазіргісі мен болашақ дамуын бағалаудың белгілі бір бағам-индикаторларын енгізеді.

Сонымен қатар идеология қолданыстағы идеологияға сәйкес саяси әрекеттің рационалды негізделген моделін қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Бірақ та идеологияны күштеу форматы (индоктринация) түрінде енгізу әрекеттері саяси шиеленістерге алып келуі мүмкін. Идеологияны абсолютті көпшілікке күштеп таңудың мүмкін еместігі айқын (өте сирек кездесетін жағдай немесе нашар нұсқа), бірақ та ол әлеуметтік-саяси нақтылықты білдіруі және тұрғындардың, олардың басым бөлігінің қоршаған ортаға деген көзқарастарымен үндес болуы және белгілі бір топтың билікке ұмтылысының себептерін түсіндіре алуы тиіс. Билік жүзеге асыратын әрекеттердің стратегиясы да идеологиялық бағдарламалардан көрініс тапқан басты ішкі мазмұнмен анықталуы тиіс.

Бізге байланысты алып қарағанда бұл өте маңызды мәселе, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеология болып табылмайды, бірақ ол үшін алғышарттары бар құжат болып табылады. Оның мазмұндық бөлімі қазақстандықтардың негізгі көзқарастарын қалыптастыра отырып, әрекет ету моделін анықтауы тиіс. Мұнда, Бағдарлама айқын саяси және таптық сипатқа ие емес. Ол жеке алғандағы тұлғаның дамуына да, мемлекеттің-ұлттың дамуына да бағытталған. Бұл жерде біз жеке тұлға-азамат-қоғам-мемлекет қуатты байланысын анық байқаймыз. Алғашқыларының мақсаттары мен сұраныстарының сипаттамаларына мемлекеттің қуаттылығы тәуелді болады. Мәселені былайша қою жеткілікті деңгейде қызықты. Саяси идеалдары мен көзқарастарына қарамастан тұлға жан-жақты сапалы дамуға ұмтылады, мұның өзі соңғы нәтижесінде оның үйлесімді өмір сүруіне алып келуі тиіс. Адам экзистенциясының мазмұнын жоққа шығаруға болмайды, оны материалдық игіліктермен қамтамасыз етілген жағдайда келесі қарапайым формула арқылы көрсетуге болады «бақытты және дені сау болу».

Ол үшін не қажет: Рухани жаңғыру принциптерін ұстануды қамтамасыз етуі мүмкін сапалық өзгерістер. Оларда саяси мазмұн болмайды. Бағдарламаның басты жетістігі де осында жатыр. Демек, оның принциптік қондырмаларын ұстана отырып біз екі міндетті шешеміз: біріншіден, индоктринацияны болдырмаймыз және екіншіден, саяси ұрандар есебінен емес, адамгершілікпен өмір сүру принциптері негізінде қоғамның бірігуіне қол жеткіземіз.

Тарих мұндай жүйелердің бірнеше нұсқасын ұсына алады, мысалы конфуцианство және буддизм, М.Ганди ережелері мен принциптері. Бұл бағдарламаларда саясат өте аз мөлшерде және халық даналығы кең көлемде берілген. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сапалы түрде ұсынып, көрсете білген жағдайда ол жақсы нәтижелерге қол жеткізуге қабілетті.

Алайда Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жүйелі көзқарастың болмауы себепті және тиісті әдістемелік сүйемелдеудің болмауы себепті мазмұндық бөлікке нұқсан келтіру қатері анықталды. Іс-шаралар мен бастамалардың сандық жағынан молшылығы қоғам мүшелерінің Бағдарламаның негізгі ережелерін дұрыс қабылдауы үшін сауатты құралдар арқылы сүйемелдеу орын алған жоқ.

Осы бөліністі еңсеру және Бағдарлама негізін барлық қатысушылар ұғынуы үшін теориялық негіздеу мен институттар құру қажет, олар Бағдарламаны ілгерілетудің бүкіл барысын легитимдендіруге алып келуі тиіс. Легитимдендіру деп қоғам мүшелерінің де, мемлекеттік органдардың да осы құжаттың мемлекет пен тұлғаның дамуы үшін маңыздылығын тануын түсіну қажет. Мұндағы ең бастысы кезеңдеп даму мен тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзара жауапкершілігі насихаттауды және тиісінше түсінік беруді талап етеді.

Қазақстан тәуелсіздік жылдары ішінде саяси тұрақты, жылдам дамып келе жатқан экономикасы бар мемлекет ретінде қалыптасты. Реформалар нәтижесінде Қазақстан әлемнің дамыған 50 елінің қатарына енді және әлем елдері арасында халықаралық танымалдыққа ие болды. 2017 жылдың басында еліміздің тұңғыш Президенті Қазақстанның үшінші жаңғыруы туралы жариялады. Сол арқылы жаңғырудың жаңа екі процесі басталды – саяси реформалар және экономиканы жаңғырту. Олардың мақсаты әлемнің дамыған отыз елінің қатарына ену болды. Сонымен бір мезетте «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы шықты. Бұл әрине ең көп күтілген бағдарламалық құжат болды, оның ықпалын асыра бағалау мүмкін емес. Ол бұдан арғы дамуға тың серпіліс берді және бірлік түсінігін және барлық қазақстандықтардың ХХІ ғасырдағы барлық жасампаз істерге қатыстылығы ұғымын қалыптастырды. Сонымен қатар, біріктіруші күш мүмкіншілігі бар ресми платформа-ны тану мәселесін өзектендірді.

Соңғы онжылдықтар ішінде қоғамның мемлекет құрастырған бағдарламалар мен стратегиялардан тіпті олар өміршең және әлеуметтік бағыттылы болғанына қарамастан тысқары болу процесі орын алып келген болатын. Идеологиялық вакуум тарихи тәжірибемен де, нақтылы объективтік шындықпен де ешқандай байланысы жоқ жаңа символдармен толтырыла бастады. Олардың пайда болуы жаһандану процесстерінің салдары болды. Әлемге деген көзқарастағы тұрақсыздықпен қатар біздің мәдени ерекшелігімізге де қатер төндіріле бастады. Телевидение, интернет, әлеуметтік желілер біздің өмір сүруіміздің жаңа форматын, мазмұнын құрастыра бастады, ал олар өз кезегінде әділеттілік, қайырымдылық, адамгершілік сияқты ұғымдармен еш байланысы жоқ болып шықты.

Билік пен қоғамның бір бірінен алшақтауы түрлі факторлардың ықпалымен қалыптасты. Билік ең қысқа уақыт ішінде жаңа саяси нақтылыққа бейімделе алды және саясаттың қазіргі заманғы әдіс-тәсілдерін меңгерді. Қазақстандық истеблишмент құрамына жетекші батыс университеттерінің түлектері ене бастады, олар өздерімен бірге жұмыстың өзекті әдістері мен сапалық жағынан мүлдем жаңа көзқарастарды алып келіп, енгізе бастады. Ал саяси сананы қалыптастыру процесі өте баяу жүрді және қоғам билік пен мемлекетпен өзара қарым-қатынас жасаудың жаңа түрлеріне көшуге моральдық жағынан дайын емес болып шықты. Сонымен қатар қазақстандық қоғам белгілі бір деңгейде кеңестік дәуірдің өнімі болды. Біздің ата-аналарымыз бен 70-80-жылдар ұрпақтары өздерін, өздерінің қалыптасуы мен дамуын кеңестік кезеңмен байланыстырады. Бұл әрине жаман емес, себебі олар кеңестік уақыттың оң мысалдарын насихаттайтын болды. Сонымен бір мезетте, тәуелсіздік кезеңі ішінде бізде естеліктермен өздеріне жүк артпайтын және қазіргі уақытты өткенмен салыстырмайтын жаңа ұрпақ буыны өсіп, жетілді. Бұл ұрпақтың алдында өз мақсаттары мен міндеттері, жаңа әлем картинасындағы өз орыны мен рөлін ұғыну міндеті тұрды. Бұл жерде ұрпақтар арасындағы бөлініс айқын көрінеді, оны тек бірыңғай мақсаттарды анықтау және құндылық қондырмаларының базасын құрастыру арқылы ғана еңсеруге болады.

Әділеттілік үшін айта кетуіміз қажет 90-шы жылдардың басында мемлекеттік құрылыс процесіне тартылуға мүдделілік пен тілектерінің жоғары деңгейі атап өтілді. Оған азаматтардың саяси өмірге, партиялар мен қоғамдық қозғалыстар қызметіне белсенді қатысуы дәлел бола алады. Мұндай жағдай 2000-шы жылдарға дейін созылды. [21]. Сонымен, мемлекет пен қоғам алдында көпшіліктің мүддесіне жауап бере алатын идеология немесе құндылық бағыттарын анықтау мәселесі тұрды. Сондықтан да жаңа идеологияны қалыптастыру табиғи түрде, тарихи

мұра негізінде жүзеге асырылуы және нақтылы әлеуметтік шындықты білдіруі тиіс болды. Қоғамның ұмтылыстарымен, оның өткенімен генетикалық байланысы жоқ идеялар идеологиялық қондырмалардың негізін құрай алмайды.

Тарих пен қазіргі кезең күшті мемлекет үнемі идеологияны пайдаланғанын растайды. Үлкен, күшті мемлекеттердің логикасы да осында жатыр. Идеология – бұл қысқа мерзім ішінде күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Мысалы, американдықтар дендеологияция принциптерін жариялай отырып іс жүзінде американдық ерекшелік идеясына сүйенеді және әлемдік монополияға ашық және жабық талаптары бар екенін білдіреді. Ал бұл американдық азаматтардың өздерін өздері сүюіне жауап береді және нақтылы әрекет етуді қарастырады. Ресей, I Петрден бастап өзінің идеологиялық мазмұнын іздестіру үстінде: революцияға дейінгі кезең ішінде бұл «Православие, самодержавие және халықшылдық» болды. Қазіргі Ресей, идеологиядан ресми түрде бас тарта отырып іс жүзінде ұлы тарих төңірегінде бірігеді. Сол арқылы өзінің бұрынғы қуаттылығын көрсетеді және тарихтың айналмалылығына сілтеме жасайды.

Біздің жағдайымызда әлеуметтің барлық қатысушылары тиісінше қабылдайтындай идеологиялық платформаны табу жеткілікті көлемдегі күрделі мәселе. Біз көпұлтты және көп конфессиялы елміз. Мұның әрине көптеген оң жақтары мен мүмкіншіліктері бар, сонымен қатар көрінбейтін қатерлері мен тәуекелдері де бар. Біздің қазіргіміз бен болашағымыз төңірегінде құрылуы тиіс идеялар шеңберін белгілеп алғаннан кейін біз «Біз өзіміз, олар бөтен» антитезасын белсенділендіру үшін жағдай жасаймыз, ал бұл өз кезегінде конфессиялық, ұлттық және идеялық көп түрлілік жағдайында үлкен қатер тудырады.

Бізге саяси және діни негіздерден барынша алыстатылған, бірақ абсолютті көпшілікке мазмұны бойынша жақын болып келетін идеология қажет. Оның оқылуы барынша жоғары болуы тиіс. Тіпті қоғам тарапынан мемлекеттік идеологияға сұраныс бар. Оған Қазақстандағы ғана емес, бұрынғы кеңес кеңістігіндегі дискуссиялық алаңдар тақырыбы болып отырғаны куә болады.

Мұндай жағдайда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының принциптері кез келген азаматтың тілегіне жақын келеді. Бұл әр азамат сезінетін және түсінетін сезім. Мұнда ненің маңызды емес екені туралы түсінік беретін тарихи тәжірибе қажет. Сонымен қатар, Бағдарлама өзекті себебі ол қазіргі проблемаларды ашып көрсетеді және болашақтың бейнесін жасайды.

Онда абстрактілі болашақ үшін емес, игілікке толы нақтылы өмір құрылысына әрекетке мүдделілік бар.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы өзекті және келесі себептер бойынша өзекті:

Біріншіден, ол біріктіруші күш мүмкіншілігіне ие. Оның контенттік бөлімінен біз саяси ұрандар мен үндеулер көрмейміз. Бірақ біздің ата-бабаларымыз өмір сүрген және адамдардың көпшілігі басшылыққа алатын принциптер көрініс тапқан.

Екіншіден, Бағдарламаны аға буын өкілдері мен жастар тиісінше қабилдады, себебі Рухани жаңғыру принциптерін ұстану адами капиталдың дамуына ықпал етеді.

Үшіншіден, кез келген идеологияның мақсаты, белгілі бір мақсатқа бағыттылығы болуы тиіс. Бұл жағдайда жақсы өмір сүргің келсе және ортада қажет болғың келсе өзгерістерге дайын бол. Ол сыртқы ортамен және қазақстан нақтылығының өзге элементтерімен өзара байланыста құрылған.

Төртіншіден, Бағдарлама әлем туралы және осы өзара күрделі байланыста Қазақстанның ондағы орыны туралы тұтас көзқарас береді.

Бесіншіден, Бағдарламаның мазмұндық бөлімі мемлекеттік саясаттың бұрын белгіленген мақсаттары мен міндеттеріне және жалпы алғандағы тұлғаға қарама-қайшы келмейді.

Және ең соңғысы тарих мемлекет, әлеумет және адамдар идеологиясыз өмір сүрмейтінін көрсетеді. Күшті, сұранысқа ие болғың келсе нақтылы идеяға рәсімделген айқын бейнеленген принциптерге сүйен. Біздің мақсатымыз күшті және жауапты адамдардың біртұтас Ұлты болу қажет.

Бағдарламаның мақсаты құндылықтар жүйесін құрастыру және әлеуметтік әлемде ненің болуы керек ненің болмауы керек екендігін негіздейтін құндылықтар жүйесін құрастыру.

90-жылдардан бастап елімізде жүзеге асырылып жатқан саяси және экономикалық жүйені толық өзгертуге бағытталған көлемде жобалар қоғамның іргелі өзгерістерге психологиялық даярлығының маңызды процессін қамтымады. Тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өмір сүруінің мәні мен бірлесе әрекет ету форматтарының түбегейлі өзгеруі әлеуметтік және идеялық белгілер бойынша қашықтану және кірікпеушілік процесіне алып келді. Ұлт құрылысы процессіне белсенді қатысуға мүдделендіру мен біріктіруге бағытталған маңызды құжаттардың қабылданғанына қарамастан қоғам индифферентті көзқарас танытуда. Азаматтық тұлғаның маңызды жағдайы ретіндегі маңызын төмендетті және бұл идеологиялық вакуумның салдары болды. Соның салдарынан, күнделікті тәжірибеде сыни ой елегінен өткізілместен қолданылатын көзқарастардың, құндылықтардың, мүдделердің көптігі қазақстан әлеуметінің абсолютті басым бөлігінің негізгі өмірлік көзқарасына айналды.

Мұндай жағдайда қоғам тек идеяларды жариялауды ғана емес, сонымен қатар Бағдарламаның негізгі ережелерінің сауатты ілгерілетілуін қажет етеді. Жаһандандудың жылдамдатылған темпінен көрініс тапқан сыртқы ортадағы өзгерістер Бағдарламаға неғұрлым терең мазмұндық жүктеме береді, олар тұлғаның дамуына да, адам капиталын дамыту арқылы мемлекеттің әлемдік аренадағы рөлінің күшеюіне де бағытталған.

2.2 Бағдарламаны институттандыру және легитимдендіру процесі

Елбасы, тұңғыш Президент Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы шыққаннан кейін қоғамда қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін жүзеге асыру жолдары туралы дискурс пайда болды. Рухани жаңғыру мәселелерінің идеялық тұжырымдамаларын анықтаған мақала оны жүзеге асыру жолдары мен бағыттарын ашып көрсетті.

Мақаланың өз логикасынан туындап отырғандай, мұндай көлемді әрекетті қолға алу тұрғындардың кең көлемдегі жіктерінің белсенді қатысуы жағдайында ғана мүмкін болады. Халықтың Бағдарламаны жүзеге асыруға қолдау көрсетуі мен белсенді қатысуы жағдайында ғана қоғамдық сананы жаңғырту процесі мемлекеттің өмірі мен қызметінің барлық салаларында жақсы нәтиже беретін болады, себебі азаматтардың өздері дәл осы жасампаз күші, мемлекетті реформалаудың нәтижесі көп жағдайда тәуелді болып табылатын құндылықтарды алып жүруші болып табылады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау үшін (бұдан әрі – Бағдарлама) институттандыру, оның міндеттерін жүзеге асыруға сәйкес көзқарастарды іздестіру және халықтың кең көлемде қатысуы маңызды болып табылады.

Осы қызметті ұйымдастырумен байланысты айқын анықталған екі кезеңді бөліп көрсетуге болады. Біріншісі-институционалдық, ал екіншісі-тұжырымдамалық деп қарастыруға болады. Біздің пікірімізше осы кезеңдерді анықтау үшін бағамдар Бағдарламаны басқару мен жүзеге асырудың тұжырымдамалық мазмұны мен ұйымдастырушылық құрылымындағы өзгерістер болып табылады.

Бірінші кезеңде **(2017-2019 жж.) қызметтің келесі маңызды мәселелері шешілді:**

- Бағдарламаға қатысушы – стейкхолдерлерді анықтау;
- бюджеттік қаржыландыру көздерін жоспарлау, бөлу, республикалық және өңірлік деңгейлердегі бюджеттік бағдарламалар операторларын анықтау;

- тұрғындармен жүргізілетін жұмыстардың форматын анықтау;
- институционалдык инфрақұрылым құрастыру.

Екінші кезеңде (2020-2024 жж.) Бағдарламаны жүзеге асыру тетіктерін жетілдіру және нәтижелілігін арттыру мәселелерін өзектендіру. Көптеген факторлардың ықпалын есепке алу қажеттігі пайда болды, бір жағынан тұрғындардың Бағдарлама туралы ақпараттануы мен оған тартылуының өсуінің маңыздылығын көрсетсе, ал екінші жағынан жаһандану мен пандемияға байланысты әлеуметтік-қоғамдық процесстердің турбуленттілік сипатының ықпалының салдарынан жаңа көзқарастарды енгізу, мұның өзі Бағдарламаны жүзеге асырудың көптеген жақтарына жаңаша қарауға мәжбүр етті.

Бағдарламаны жүзеге асырудың бірінші кезеңінің негізі Елбасының бағдарламалық мақаласында қойылған міндеттердің мазмұнымен негізделеді, олар қоғамдық сананы жаңғырту бойынша қызметті жүзеге асырудың маңызды құрылымдары мен тұжырымдамаларының негізін қалады.

Бірінші. Мақалада жұмыстың контенттік мазмұнын ұйымдастыру мен анықтау бойынша негіз құраған 6 принцип берілді. Сондай-ақ олар барлық Бағдарламаға қатысушылар үшін идеологиялық жұмыстың мазмұндық құрылымын анықтайтын негізгі идеялық бағдарлардың негізін қалады.

Екінші. Жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асырудың әдісі ретінде жобалық көзқарас анықталды. Елбасының Бағдарламалық мақаласында атап көрсетілгендей: «Қоғамдық сана жаңғырту принциптерін қалыптастыруды талап етіп қана қоймайды, сонымен қатар дәстүрлердің ұлы күшін жоғалтпастан уақыт қатерлеріне жауап беруге мүмкіндік бере алатын нақтылы жобалар құрастыруды талап етеді. Мен жақын арада іске асырылуы мүмкін болатын бірнеше нақтылы жобаларды көріп отырмын». Сонымен, жобалық көзқарас қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру әдісі ретінде таңдап алынды.

Қазіргі таңда дәл осы жобалық көзқарас әлеуметтік инженерияның әрекет қабілетті әдісі болып табылады, оны қазіргі зерттеушілер «әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-саяси байланыстарды сақтауға жауап беретін түрлі жүйелердің тұрақтылығын құрастыруға, дамытуға, бастамашысы болуға қабілетті қоғамның өзін-өзі ұйымдастыру тетігі», – деп түсінеді [1].

Мұндай түсініктегі жобалық көзқарас мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттырудың, әлеуметтік аномия мен әлеуметтік апатияны еңсерудің, адамды қоғамдық және жеке мүдделерді жүзеге асыру саласына енгізу мүмкіндіктерінің, қоғамды жаңғырту барысында тұлғаны белсенділендірудің негізі болып табылады. Осы қызметтің барысында

қоғамдық сананы жаңғырту, әлеуметтік әрекет пен мәдениет моделдерін өзгерту, жаһанданушы әлем қатерлеріне жауап беруге қабілетті жаңа дағдылар мен құндылықтар қалыптастыру жүзеге асырылады.

Іс жүзінде тұңғыш рет жобалық қызмет оның ішінде әлеуметтік өлшемдегі инновациялық қызметтің тиімділігін арттыру форматы ретінде де мемлекеттік саясатты жүзеге асыру әдісіне айналады. Сондықтан да алғашқы кезеңде оларды жүзеге асырудың әдістері мен түрлері туралы сұрақтар туындады. Көбінесе Бағдарламада сол кезде әрекет еткен мемлекеттік бағдарламалардың, мысалы, «2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» немесе оның орынын басқа, қазіргі қолданыстағы «2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасының» белгілерінің болмауы сынға алынды.

Бағдарламалық мақалада негізі қаланған Бағдарламаны жүзеге асырудың жобалық белгілері Бағдарламаны жүзеге асырудың институционалдық негіздерін анықтады.

Осылайшы, «Қазақ тілінің латын әліпбиіне көшуі» бірінші жобада, Елбасы оны кезеңдеп жүзеге асырудың маңыздылығын атап көрсетеді, тарихи ретроспективада әліппені көшірудің саяси және идеологиялық маңыздылығы мәселелері өзектендірілген.

Уақыттық мерзімдері анықталды және ҚР Үкіметіне қазақ тілін латын әліппесіне көшірудің кестесін құрастыру тапсырылды. Сонымен қатар, жобаны қазақ тілін жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқа ретінде қабылдау, жаңа әліппені оқыту үшін кадрлар дайындауды бастау, орта мектептер үшін оқулықтар дайындауды бастау, қажетті ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмыстарды жүргізу жобаны жүзеге асыру бағыты ретінде қарастырылды. Бұл жерде жобаны ғалымдар мен кең көлемдегі қоғам мүшелерінің сарапшылар пулы көмегімен жүзеге асыру қарастырылғанын атап өтуіміз қажет. Сонымен, жобаны жүзеге асыруға қоғамды біріктіру үшін кең көлемдегі негіз қаланады.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» аталатын екінші жобада гуманитарлық ғылымдар бойынша келесі бөліктегі қызмет негізі түсіндірілген:

- Студенттердің тарих, саясаттану, әлеуметтану, философия, психология, мәдениеттану, филология бойынша толыққанды білім алуы үшін жағдай жасау, еліміздің жоғары орындарында гуманитарлық кафедраларды қалпына келтіру арқылы гуманитарлық зиялыларға мемлекет тарапынан қолдау көрсету. Мессидж: тек жақсы инженерлер мен дәрігерлер дайындап қана қоймай, қазіргі заман мен болашақты түсіне алатын азаматтарды дайындау қажет.

• Қазіргі кезде гуманитарлық білімнің барлық бағыттары бойынша әлемнің әр түрлі тілдеріндегі 100 үздік оқулықтарды қазақ тіліне аудару. Мессидж – біздің жастарымызға үздік әлемдік үлгілер бойынша оқу мүмкіндіктерін беру.

• Қазіргі қолданыстағы аударма құрылымдары негізінде мемлекеттік емес Ұлттық аударма бюросын құру.

Жобаның нәтижелері анықталған:

– студенттерді даярлаудың сапа жағынан жаңа деңгейі;
– білім беру саласындағы жаһандық бәсекеге бейімделген кадрлар даярлау;

– сананы жаңғыртудың принциптері-ашықтық, прагматизм, бәсекеге қабілеттілікті басты жүзеге асырушылар болатын мамандар қалыптастыру.

Мессиджи – Болашақ оқу аудиторияларында жасалынады. Барлық қазіргі заманғыны алу және олардың мемлекеттік тілдегі аудармасына ие болу қажет.

«Туған жер» деп аталатын үшінші жобада патриотизмді қалыптастыру форматтары туралы айтылады, оны түсінуге әрбір отандасымыз үшін толық түсінікті мазмұн беріледі: патриотизм өз жеріне, өз ауылына, қаласына, өңіріне, шағын Отанына деген сүйіспеншіліктен басталады.

Жобада келесі маңызды мессидждердің негізі қаланған: тұлғаның эмоциялық құрамдас бөлігіндегі шағын Отанның маңызы, патриотизмнің негізі, ол туған өлкеге, әдіт-ғұрыптар мен салт-дәстүрлерге ерекше көзқарастан бастау алады, мұның өзі азаматтардың кез келген қауымдастығын ұлт ететін мәдени-генетикалық кодты құрайды. Біздің ата-бабаларымыз жүздеген жылдар бойы біздің болашағымызды, миллиондаған километрге созылған қасиетті жерімізді сақтап келді. Шағын Отанға – өзінің туған жеріне сүйіспеншіліктен үлкен Отанға-туған еліне (Қазақстанға) сүйіспеншілік басталады

Жобаны жүзеге асырудың нақтылы бағдарлары берілген:

• Білім беру, экология, абаттандыру салалары бойынша, туған өлке тарихын зерттеу, жергілікті масштабтағы мәдени-тарихи ескерткіштер мен мәдениет объекттерін қалпына келтіру салалары бойынша көлемді өлкетанушылық жұмыстарды ұйымдастыру.

• Бұл бизнесмендердің, шенеуніктердің, зиялылар өкілдерінің өздерінің шағын Отанына көмек көрсетуге ұмтылыстарына қолдау көрсету. Ұсынылған шаралар ішінде – қалаларды жасылдандыру, мектептерді компьютерлендіру, өңірлік жоғары оқу орындарына, жергілікті мұражайлардың көркемдік қорларына, галереяларға және т.б. қолдау көрсетудің әр түрлі формаларын өзектендіру.

• Жергілікті атақарушы органдардың «Туған жер» жобасын жүзеге асыру бойынша жұмысты айқын және жүйелі ұйымдастыруы.

Елбасы атап көрсеткендей: «... «Туған жер» бағдарламасы біздің жалпыұлттық патриотизміміздің нағыз негіздерінің біріне айналады».

«Қазақстанның киелі жерлері», «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы» аталатын төртінші жобада ең бастысы ретінде халықтың санасында жалпыұлттық киелі жерлердің тарихи жад көздері мен отандастарымыздың тұрақты негізде рухани жаңғыруының көзі ретінде анықтау болып табылады.

Месседж: кез келген халықтың, кез келген өркениеттің жалпыұлттық сипатқа ие, осы ұлттың әрбір өкіліне таныс, белгілі қасиетті жерлері бар. Бұл рухани дәстүр негіздерінің бірі. Қазақстан – территориясы орасан зор, рухани тарихқа бай ел. Кейде біздің еліміздің көлемі тарихта әр түрлі рөл атқарды. Бірақ еш уақытта да халықтың осы рухани географиялық белдеумен байланысы үзілген емес.

Месседж: бізге жат идеологиялық ықпалдың артында өзге халықтардың белгілі бір құндылықтары, белгілі бір мәдени символдары тұр. Оларға тек біздің өзіміздің ұлттық символика ғана қарсы тұра алады.

Месседж: Қазақстанның киелі жерлерінің мәдени-географиялық белдеуі – бұл осындай символикалық қорғаныс және бізді ғасырлар қойнауына бойлататын мақтаныш сезімінің көзі болып табылады. Бұл ұлттық бірегейлік қарқасының элементтерінің бірі, сондықтан да мыңжылдық тарихымызда тұңғыш рет біз осындай жобаны құрастырып, жүзеге асыруға тиістіміз.

Жобаның ұйымдастырушылық шаралары:

– әрбір қазақстандықтың «Мәдени-географиялық белдеу» рөлі мен орыны туралы білім алу даярлығы;

– жобаны насихаттау үшін жобаны БАҚ арқылы ақпараттық ілгерілету;

– Қазақстанның қасиетті ескерткіштері түріндегі халықтың символикалық мұраларына сүйене отырып ішкі және сыртқы мәдени туризмді дамыту, оның ішінде ұлттық немесе континенттік маңызы бар ғана емес, жаһандық көлемдегі (Түркістан немесе Алтай).

«Жаһандағы заманауи Қазақстандық мәдениет» аталатын бесінші жобада, қазіргі әлемдегі тұлға сапасын дамыту ретіндегі бәсекеге қабілеттілікті дамыту, сондай-ақ өз халқының мәдениет жетістіктерін өзге елдерде насихаттау мен тарату мүмкіндіктері жағынан алып қарағандағы бәсекеге қабілеттілікті қалыптастыру туралы сөз болып отыр.

Мессидж: әлем бізді тек қана мұнай қорлары немесе ірі сыртқы саяси бастамаларымыз арқылы ғана емес, сонымен қатар біздің мәдени жетістіктеріміз арқылы да тануы тиіс.

Жобаның ұйымдастырушылық шаралары:

- мақсатты көзқарас құрастыру, оны жүзеге асыру кезінде отандық мәдениет туралы БҰҰ алты тілінде айтылуы тиіс;
- біздің замандастарымыз жасаған қазіргі заманғы мәдениеттің туындыларын насихаттау;
- жобаға орталық мемлекеттік органдар тарапынан өзге мемлекеттермен мәдениет, спорт, ақпарат саласында бірлесе әрекет ету бойынша мемлекеттік қолдау көрсетілуі;
- отандық шығармашыл зиялылардың, оның ішінде жазушылар Одағының, ғылым академиясының, университеттердің рөлін арттыру;
- ұлттық мәдениеттің үздік туындыларын таңдап алу және оларды шет елдерде көрсету;
- аударма жұмысы және біздің мәдени жетістіктерімізді ілгерілетудің арнайы әдістері – кітаптар, пьесалар, мүсін өнері, бейнелеу өнері, музыкалық шығармалар, ғылыми жаңалықтар және т.б.

Месседжи: біз әлемге мәдениет саласында нені көрсететінімізді айқын анықтап алуымыз қажет. Ал бұл ерекше бағдарламаны 5-7 жыл ішінде жүзеге асыруға болады. Мың жылдық тарихымызда тұңғыш рет біздің мәдениетіміз барлық континенттерде, әлемнің барлық басты тілдерінде көрсетіліп келеді.

«Қазақстанның 100 жаңа есімі» атты алтыншы жобада біздің замандастарымызға назар аударылады.

Месседжи: «Тәуелсіздік тарихы – бұл бар болғаны ширек ғасыр. Бірақ қандай! Жетістіктердің тарихи масштабы күмән тудырмайды. Алайда көп жағдайда сандар мен фактлердің артынан тірі адам тағдырлары көрінбейді. Олар әр түрлі: жарқын, драмаға толы, бақытты...».

Месседж: «Бұл нақтылы адамдардың нақтылы тарихы болуы тиіс, бұл қазіргі Қазақстанның бейнесі. Бізбен бір мезетте көптеген ұлы замандастарымыз өмір сүріп жатыр, олар тәуелсіздік дәуірінде дүниеге келді. Олардың өз өмірі туралы әңгімесі кез келген статистикадан артық сендіреді. Біз оларды өзіміздің теледидарлық документалистиканың басты кейіпкерлеріне айналдыруымыз қажет. Біз оларды еліктеу үшін үлгіге, өмірге деген шынайы көзқарас қалыптастыруға үлгі етіп алуымыз қажет».

Мақалада осы жоба шеңберінде ақпараттық-түсінік беру жұмыстарын жүзеге асырудың нақтылы параметрлері берілген. Қоғамда ақпараттық қарым-қатынастылықты құрастыру «сөйлестін жақ» риторикасы негізінде ғана емес, біздің жас отандастарымыздың нақтылы және сәтті өмір тарихы туралы әңгімелер форматында болуы тиіс. Нақтылы өмір тарихын құрастыру мен көрсету біздің бұқаралық ақпарат құралдарымыздың кәсіби қызметінің негізіне айналуы тиіс екені атап өтілген.

Бұл жерде мұндай көзқарастың негізі мынада, көрермендер, әсіресе өскелең ұрпақ үшін тірі адамдардың оларды жетістікке әкелген өмірлік оқиғаларымен танысуға мүдделіліктің оған қол жеткізу үшін не істеу керек деген оқытатын, үйрететін сөздерден әлдеқайда артық ықпалы бар екендігінде.

Сонымен, бұл өз Отанында жетістікке қол жеткізген нақтылы адамдардың жеке жетістіктерінің формулалары мен стратегиясын теледидарлық және визуалдық форматқа көшірудің нәтижелі әдісі болып табылады. Ақпараттық жұмыстың мұндай форматы Бағдарламаның жаңа принциптерін, құндылықтарын ілгерілетуге ықпал ететін болады, олардың негізінде бәсекелестікке қабілеттілікті, Отанға деген сүйіспеншілікті, патриотизмді, әлеуметтік оптимизмді, жалпыға бірдей игіліктерге қол жеткізуді, өзінің өмірлік стратегиясын құрастыру барысындағы позитивті қабылдау мен жасампаздық көңіл күйді қалыптастыруға бағытталған мессидждер жатыр. Жаһандық трендтердің ықпалы дәуірінде жас азаматтар үшін жаңа мазмұн мен мессидждерді ілгерілетудің мұндай әдісі қоғамдық сананы жаңғыртумен байланысты өте нәтижелі болмақ.

Месседж: «өзінің қолымен, ақылымен, дарынымен қазіргі Қазақстанды жасаушы тұлғалардың нақтылы бейнесін көрсету», «біздің ұлы замандастарымыздың» ілгерілетілуі. «Біз ұлттың алтын қорын құрайтын адамдарды білуге тиіспіз».

Жобаның ұйымдастырушылық шаралары:

- жобаны ақпараттық қолдау мен қатысушыларды насихаттаудың жаңа мультимедиялық алаңдарын құру;
- «100 жаңа тұлға» жалпыұлттық және өңірлік жобаларын құру.

Сонымен, Елбасының Бағдарламалық мақаласында берілген, оны жүзеге асырудың институционалдық базасын қалыптастырудың негізі болып табылатын Бағдарлама шеңберіндегі жобалық қызметтің бірнеше өзіне тән белгілері бар:

- тұжырымдамалық негіздер, құндылықтық бағдарлардың болуы, мұның өзі тұрғындармен кең көлемдегі түсінік беру және ақпараттық жұмыс түрлерін бастауға мүмкіндік берді, олардың мақсаты қоғамдық сананы жаңғырту, жаңа әрекет етудің әлеуметтік мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ рухани жаңғырту саласындағы идеологиялық қызмет форматтарын енгізу болып табылады;

- мемлекеттік орталық және жергілікті органдар, квазимемлекеттік сала мекемелері, мәдениет, білім беру, спорт, туризм мекемелері, еліміздің өзге де ведомстволарының мекемелері үшін айқын жұмыс тетіктерінің болуы;

– мемлекеттік органдардың алдына азаматтық сала институттарын, қауымдастықтарды, сарапшылар қауымдастығын, қарапайым азаматтарды кең көлемде тарту бойынша міндет қою;

– тұрғындармен бірлесе әрекет етудің ұйымдастырушылық-тәжірибелік іс-шаралары түрлерінің, әлеуметтік технологиялардың жаңа форматтарының болуы.

Осы шаралардың барлығы қоғамдық сананы жаңғыртуды жүзеге асыруды жүйелік деңгейде жүзеге асыруға мүмкіндік береді, себебі сол кезеңде жобалық болған, іс жүзінде инновациялық болып табылатын қызметті жүзеге асыру үшін мақсаттар, міндеттер, идеялық бағдарлар, орындаушылар шеңбері анықталды.

Бағдарламаны жүзеге асыру бір жағынан оны орталық деңгейінде үйлестіруді талап етсе, екінші жағынан шешімдерді талқылау мен қабилдауда қауымдастық өкілдерін кең көлемде қамтуды талап етті.

Азаматтардың осы процесстерге кең көлемде қатысуы мен өкілеттік етуінің жүзеге асырылу түрі Қазақстан Республикасы Президенті жанынан қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұлттық комиссияның пайда болуы болды (бұдан әрі – Ұлттық Комиссия). Ол Қазақстан Республикасы тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2017 жылғы 17 сәуірдегі №462 Жарлығымен құрылды.

Жарғының преамбуласында ол «Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру, елдің одан әрі қарышты мәдени-гуманитарлық дамуын қамтамасыз ету мақсатында» құрылады деп көрсетілген [2]. Комиссияның құрамына белгілі қоғам қайраткерлері, ғалымдар, жазушылар, журналистер, Парламент депутаттары, Президент Әкімшілігі өкілдері, өңірлердің, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының әкімдері, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері, саяси партиялардың өкілдері кірді.

2017 жылы Ұлттық комиссияның шешімімен бағдарламаны жүзеге асыруға жобалық көзқарас енгізілді, Ұлттық комиссия органдары-Басқарушы кеңес, Сарапшылар кеңесі, Бағдарламаны басқару кеңесінің хатшылығы құрылды, өңірлерде бағдарламаны басқарудың жобалық кеңселері құрылды.

ҚР Президенті әкімшілігінің басшысы А.Жақсыбековтың төрағалық етуімен өткен бірінші отырыста оның мақсаты мен міндеттері, Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында ұсынылған принциптерді жүзеге асырудың жолдары талқыланды. Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасы шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыру үшін жұмыс топтары құрылатыны атап өтілді, олардың құрамына салалық мамандар, сарапшылар, сондай-ақ кең көлемдегі қоғам өкілдері,

оның ішінде белгілі ғылым, білім беру және мәдениет салаларының қайраткерлері кіретіні атап өтілді. Әр жұмыс тобы бір ай шеңбері ішінде қажетті қорлық қамтамасыз етуді есепке ала отырып өздерінің іс-әрекет алгоритмін ұсынуы тиіс болды. Сонымен қатар, бірінші отырыс барысында қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары және Ұлттық комиссияның қызметін реттейтін Ереже қарастырылды [3].

Сонымен, мемлекеттік атқарушы органдар қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар азаматтық қоғам институттарының, сарапшылар қауымдастығының кең көлемдегі өкілдерінің қатысуын қарастыратын ұжымдық орган құрылды. Оның отырыстарында Бағдарламаның жүзеге асырылу барысы талқыланды, өңірлердің басшыларына әрбір басым бағыттар бойынша нақтылы мақсаттар мен нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған оны орындау бойынша тапсырмалар беріледі.

Ұлттық комиссияның екінші отырысында қатысушылар «Рухани жаңғыру» бағдарламасында қойылған міндеттерді нәтижелі шешу үшін жобалық көзқарасты енгізудің маңыздылығын атап өтті. Бағдарлама бойынша құрастырылған әдістемелік материалдарды, оның ішінде БАҚ арналған әдістемелік құралды, жоғары оқу орындарына арналған әдістемелік құралды, ақпараттық-түсінік беру жұмыстары бойынша әдістемелік құралды және бағдарлама туралы маңызды сұрақтар бойынша 20 жауапты ұсынды [4].

Жұмысты жүйелі және кешенді түрде ұйымдастыру үшін 2017 жылдың мамыр айынан бастап «Рухани жаңғыру» бағдарламасын басқару бойынша кеңсе жұмыс істей бастады (бұдан әрі – Жобалық кеңсе). Оның алғашқы басшысы А.К. Евниев болды. Оның құрамына мемлекеттік органдарға ведомстволық бағыныштылықтағы мекемелердің қызметкерлері енді.

Мекеменің негізгі міндеттері ретінде мыналар анықталды:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуын сүйемелдеу;
- Бағдарламаны жүзеге асыруға қатысушылар үшін әдістемелік құралдар мен ұсыныстар әзірлеу;
- өңірлік жобалық кеңселер үшін іс-шаралар құрастыру;
- ел басшылығы үшін Бағдарламаның жүзеге асырылуының барысы туралы баяндамалар мен есептер дайындау.

Жобалық кеңсе өз алдына қоғамдық сананы жаңғырту процессін жүзеге асыру бойынша мүлдем жаңа көзқарастар енгізу бойынша міндет қойды. Жобалық көзқарас бағамдары ретінде әрекет ету келесі мүмкіндіктерді берген болар еді:

Қол жеткізуге ұмтылу қажет болатын айқын сандық көлемдері бар қызметтің смарт мақсаттарын қою, демек, өлшеу, сандық өлшемге көшіру;

Адамдардың іс-әрекеті мен санасында сапалық өзгерістер жасауға тиімді жағдай тудыруға ұмтылу;

Қоғамдық сананы жаңғырту бойынша қызметтің легитимділігін, көңіл-күй мен қолдау деңгейіне мониторинг жасау;

Әрбір мүдделі тұлғаны Бағдарламаға қатысушы ету, ол өзінің түсінігі мен ұмтылысы негізінде ерікті амбассадорға, өзінің шағын ортасында өзгерістер елшісі бола отырып Бағдарламаны жүзеге асыруға тартылған болар еді, мұның өзі бүкіл қоғамға ықпал еткен болар еді;

Бағдарламаны ұйымдастыру мен басқарудың жаңа әдістерін енгізу, атап айтқанда, азаматтардың өздігінен ұйымдасуы мен бастамашылдығын белсенділендіруге, қатаң басқару әдістері мен ұйымсыздыққа қарсы тұруға бағытталған жобалық тетіктерді енгізу.

Бағдарламаны жүзеге асырудағы жобалық көзқарас неғұрлым өзекті формаға айналды, себебі жобалық кеңсенің бірінші басшысы А.К.Евниевтің пікірінше: «...инклюзивті институттарды күшейтуге бағытталған тренд бірден көрініс табады. Және «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы тұрғындарды анабиоздан, тоғышарлық жағдайдан алып шығуға бағытталған – ал мұны өзге біреу біз үшін жүзеге асырмайды. Әркім мен өзім не істедім деген өз-өзіне сауал қоюы тиіс? Әркім өзінен сұрауы тиіс». Бағдарлама жобаларын жүзеге асыруға жобалық көзқарас жобалық инфрақұрылым құруды, орталық пен өңірлердің қызметін үйлестіретін, жауапкершілік пен жоспарлаудың, нақтылы смарт мақсаттарға қол жеткізудің әр түрлі деңгейдегі жауапкершілігі мен портфельдеріне ие менеджерлер арқылы әрекетті белгілі бір деңгейде иерархияландыруды қарастырады. Осы жағынан алып қарағандағы жобалық менеджмент – «мақсатқа қол жеткізу құралы немесе өзгерістерге қол жеткізу құралы. Кез келген өзгеріс, кез келген жаңа мақсат немесе бұрын болмаған жағдай немесе өзіміз объектіні немесе субъектіні көшіргіміз келетін жағдай жоба бағамдарына сәйкес келеді. Және жаңғырту бағдарламасы менеджмент жағынан алып қарағанда өзге кез келген бағдарлама, ауыл шаруашылығы немесе өнеркәсіп бағдарламалары сияқты» [5].

Бағдарламаны жүзеге асыруға жобалық көзқарасты енгізу тұрғындардың белсенділігін арттыруды қарастырды және азаматтық қоғамның өздігінен ұйымдасуы процесстерін дамыту үшін қозғаушы күш болуы тиіс болды.

2017 жылғы 17 тамызда Л.Гумилев атындағы Евразиялық Ұлттық университетте Ұлттық комиссияның үшінші отырысы өткізілді. Отырыс

барысында Жобалық кеңсе жұмысымен, сондай-ақ оның жанында қызмет ететін қарым-қатынас орталығының жұмысымен танысты. Жобалық кеңсе Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша барлық мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіруді қамтамасыз ету міндетін өз мойнына алды. Отырыс басталарға дейін Жобалық кеңсе орталық ведомстволар мен әкімдіктер ұсынған 1170 жобаны зерттеп, оларды жүзеге асыруға кірісуге келісім берді. Отырыс барысында Ұлттық комиссия мүшелері «Рухани жаңғыру» бағдарламасының орындалу барысын қарады, «Қазақ тілін латыншаға көшіру», «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобалары бойынша аралық қорытындыларды ұсынды, 1500 астам тапсырыс келіп түскен [6].

Жобалар шеңберіндегі жұмыс тетіктері сарапшылар тарту, жұмыстарды таңдап алу кезінде қоғамдық талқылаулар өткізу, қоғамдық сараптама жасау болды, мұның өзіндік жобалардың іс-шараларын жүзеге асырудың ұжымдық сипатын баса көрсетеді. Бағдарламаны жүзеге асыру мен ілгерілетуге қауымдастықтарды тарту мен талқылау бойынша жұмыс кең құрамда және келісімге келуді қамтамасыз ету арқылы жалғастырылды.

2017 жылы Ұлттық комиссия жанынан Орталық сарапшылар Кеңесі құрылды (бұдан әрі – ОСК), оның құрамына үкіметтік емес сала өкілдері, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ профессорлық-оқытушылық құрамы, сондай-ақ қоғамдық пікір көшбасшылары мен министрліктер өкілдері енді.

2017 жылдың мамыр айында «Туған жер» бағдарламасына арналған ОСК бірінші отырысы өткізілді. ОСК Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ негізінде құрылды. ОСК алғашқы төрағасы ЕҰУ ректоры Е.Сыдықов болды. Отырыста сарапшылар кеңесі мүшелеріне жобалық топтар жұмысына кеңесші ретінде белсенді түрде қатысу, сондай-ақ жүзеге асырылатын жобаларға қоғамдық мониторинг жасауға қатысу ұсынылды. Отырыс барысында сарапшылар кеңесі «Туған жер» жобасын жүзеге асыруға қатысты негізгі тұжырымдамалық көзқарастар мақұлданды, ол сол кезде төрт бағдарламашадан: «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани Қазына», «Ақпарат толқыны» тұрған болатын [7].

Осы кезеңде Бағдарламаны жүзеге асырудың ұйымдастырушылық және тұжырымдамалық негіздері қаланды.

Ғылыми және сарапшылар қауымдастығының қатысуын кеңейту үшін өңірлік сарапшылар кеңестері құрылды, олар Бағдарламаны жүзеге асырудың контенттік және тұжырымдамалық мазмұнын талқылауды

ғылыми-әдістемелік деңгейге шығаруға мүмкіндік берген болар еді. Сол кезеңде бағдарламаны тұжырымдамалық дамыту үшін өзінің құрастырылуын талап еткен дискурсты барлығының анықтауы мен түсінуі талап етілді. Бұл жүйелі және кешенді идеологиялық жұмыс жүргізу, қоғамдық сананы жаңғыртуды ілгерілетудің ақпараттық-имидждік құрамдас бөліктерін дамыту үшін қажет болды.

Бағдарламаны басқару мен орындаудың институционалдық құрылымын нығайту бойынша келесі қадам 2018 жылдың шілде айында ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің құрылымында (бұдан әрі АҚДМ) «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру Департаментінің құрылуы болды. Құрылымды құру ведомствоаралық үйлестіру және Бағдарламаны жүзеге асыруға бірыңғай көзқарас қалыптастыру мақсатын көздеді. Ведомство атауын өзгерткеннен кейін ҚР АЖҚДМ бұрынғы қызметтері сақталып қалды, оған қосымша қызметтер пайда болды, себебі оның қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру бойынша қызметі мен өкілеттіктерінің бір бөлігі ҚР мәдениет және спорт министрлігіне берілді.

Бағдарламаны нақтылы жүзеге асыру бойынша жұмыстар орталық және өңірлік мемлекеттік атқарушы органдар құрастырған жоспарлар негізінде жүзеге асырылды. Бұл «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары», ол 2017-2018 жылдары жүзеге асырылды (бұдан әрі – 2017-2018 жылдар жоспары). 2017-2018 жылдар жоспарында Бағдарламаның 6 негізгі бағыттары бойынша іс-шаралар қарастырылды. 2018 жылғы 28 желтоқсанда ҚР Премьер министрінің №160-р өкімімен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласында көрсетілген жаңа жағдайларды есепке ала отырып «2019 жылға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспары» бекітілді (бұдан әрі – 2019 жылғы Жоспар), ол 6 бағыт бойынша 87 іс-шарадан және Бағдарламаның 7 арнайы жобасынан тұрады. 2019 жылғы 20 мамырда ҚР Премьер-Министрінің №86-р өкімімен 2019 жыл жоспарына өзгерістер енгізілді. Жаңа 2019 жыл жоспары 6 бағыт бойынша 209 іс-шарадан және 13 арнайы жобадан тұрды [8]. Орталық мемлекеттік органдардың 2017-2019 жылдар кезеңі ішіндегі жұмысын бағалау жоғарыда аталған Жоспарларды орындау бойынша жүргізілген жұмыстар жөніндегі есептер негізінде жүргізілді.

2020 жылға арналған іс-шаралар жоспары (ҚР Мемлекеттік хатшысы 2020 жылғы 5 ақпанда бекіткен) 97 тармақтан тұрады, оның ішінде 58 тармақ жергілікті атқарушы органдарға, 39-орталық мемлекеттік органдарға бекітілген [9].

Бағдарламалық мақалада тұтас алғандағы қоғамның және жеке алғандағы әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың негізгі жолдарын анықтайтын 6 негізгі принцип ұсынылған: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білім культі, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық жолмен дамуы, сананың ашықтығы.

Әр принцип өз алдына мақсаттар мен міндеттер қояды, оларды жүзеге асыру жаһандану қатерлеріне жүйелі түрде жауап беруге, Қазақстанның әлемнің дамыған отыз елінің құрамына енуі бойынша импульстерді генерациялау көзіне айналады. Бағдарлама принциптерінің тұжырымдамалық негіздері арнайы жобалардың міндеттерін анықтайды. Соған байланысты іс-шараларды жоспарлау құрамына Бағдарламаның принциптері мен арнайы жобалары енгізілді. 2019 жылға дейін Бағдарлама принциптері бойынша жеке іс-шараларды жоспарлау жүзеге асырылған жоқ болатын, принциптерді жүзеге асырудың нәтижелілігін бағалау ҚР АЖҚДМ құрастырған индикаторлар жүйесі негізінде жүзеге асырылып келді. Нақтылы мақсаттық көрсеткіштерге қол жеткізу мақсатында 2018 жылдың желтоқсан айынан бастап өңірлік жобалық кеңселерде (бұдан әрі – ӨЖК) Бағдарлама принциптері мен арнайы жобалар бойынша іс-шараларды жеке жоспарлау бойынша жұмыстар басталды. Бұл 2019 жылы өткізілген іс-шаралар негізінде Бағдарлама принциптерінің жүзеге асырылуына талдау жасауды жүзеге асыруға мүмкіндік берді [10].

2018 жылғы 5 қазанда «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында ҚР тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Назарбаев Бағдарлама шеңберінде «Ауыл – Ел бесігі» жаңа арнайы жобасын іске қосу туралы бастама көтерді. Арнайы жобаны құрастыру мен жүзеге асыру ҚР ауыл шаруашылығы министрлігіне тапсырылды. Бұл жұмыс «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын жүзеге асыру бойынша Бағдарламаны жаңа мазмұн және бағыттармен толықтыру бойынша Жалпыұлттық жоспардың 92 тармағын орындау шеңберінде жүргізілді. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасының негізгі міндеттері ауылдық елді-мекендерді қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және ауылды жерлерде ШОБ мүмкіндігінше өсуі үшін жағдай жасау; өңірлерде еңбек ету идеологиясын насихаттау; жастарды ауылды жерлер мен агробизнесі дамытуға тарту болды.

2019 жылғы 21 қарашада Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының: «Мұрағат-2025», «Ұлы даланың Ұлы есімдері», «Түркі әлемі генезисі», «Дала фальклоры мен музыкасына мың жыл», «Кино және теледидардағы тарих». Қазіргі таңда

қазақстандықтардың рухани қайта өрлеуі мен қоғамдық сананы жаңғыртудың барлық принциптерін қамтитын 13 арнайы жоба әрекет етеді.

Жобаларды нәтижелі жүзеге асыру үшін оны орындау мен арнайы жобаларды орындау бойынша жұмыстарды үйлестіруге жауапты орталық деңгейдегі мемлекеттік органдар анықталған (1 кестені қараңыз). Өңірлік деңгейлерде арнайы жобалар шеңберіндегі іс-шараларды жүзеге асыруға әкімдіктер жауап береді. Бұл мемлекеттік органдар – Бағдарламаның арнайы жобалары бойынша бюджеттік бағдарламалар операторлары болып табылады.

1 кесте. «Арнайы жобалар және жауапты мемлекеттік органдар»

| Арнайы жобалар | Жауапты ОМО |
|---|----------------------------|
| «Қазақ әліпбиін латын шрифтіне көшіру» | МСМ, БҒМ |
| «Жаңа гуманитарлық ілім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» | БҒМ |
| «Туған жер» | АЖҚДМ, БҒМ, МСМ, АШМ |
| «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы» | МСМ, БҒМ |
| «Қазақстанның 100 жаңа есімі» | АЖҚДМ, БҒМ, МСМ, |
| «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» | МСМ, СІМ |
| «Мұрағат-2025» | МСМ, БҒМ |
| «Ұлы даланың Ұлы есімдері» | БҒМ |
| «Түркі әлемі генезисі» | МСМ |
| «Дала фальклоры мен музыкасына мың жыл» | БҒМ |
| «Кино мен теледидардағы тарих» | МСМ |
| «Ауыл – ел бесігі» | АШМ |
| «Ұлы даланың ежелгі өнері мен технологиялары мұражайы» | Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігі |

Бағдарламаны басқарудың институционалды құрылымын дамыту бойынша жұмыс жалғастырылды. 2019 жылы күн тәртібінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының республикалық және өңірлік маңызы бар өңірлік жобалық кеңселеріне құқықтық мәртебе беру мәселесі күн тәртібінде тұрды (бұдан әрі – ӨЖК).

Қазіргі таңда барлық 17 өңірде «Рухани жаңғыру» жобалық кеңселері өз қызметін жүзеге асыру үшін құқықтық мәртебе алды. [11].

Сонымен қатар, шешімін табуды талап ететін мәселелердің бірі ӨЖК құқықтық мәртебесін унификациялау болып табылады. Мысалы, ведомстволардың мәліметтеріне сәйкес құқықтық рәсімдеудің әр түрлі түрлері пайдаланылған:

- дербес ЖШС түрінде (4 ӨЖК);
- КММ бөлімшесі түрінде (5 ӨЖК): «Азаматтық орталық», КММ «Қоғамдық қарым-қатынас орталығы», КММ «Қоғамдық даму және ақпарат орталығы», КММ «Қоғамдық келісім»;
- дербес КММ ретінде (4 ӨЖК);

– ЖШС департаменті, орталығы, бөлімі түрінде (4 ӨЖК): ЖШС «Saryarqa aqparat», ЖШС «Сыр медиа», ЖШС «Turkistan Media Holding», ЖШС «Шымкент ақпарат орталығы Шымкент қаласы әкімдігі» (2 кестені қараңыз) [12].

2 кесте. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының өңірлік кеңселерінің құқықтық мәртебесі мен өңірлік орналасуы туралы ақпарат

| Өңірлер | Мәртебесі |
|--|---|
| ӨЖК дербес ЖШС түрінде қызмет етеді | |
| | Нұр-Сұлтан |
| | Алматы |
| | Алматы облысы |
| | Қостанай облысы |
| ӨЖК КММ бөлімі түрінде қызмет етеді | |
| Атырау облысы | «Азаматтық орталық» КММ бөлімі |
| Батыс Қазақстан облысы | «Қоғамдық келісім» КММ бөлімі |
| Павлодар облысы | |
| Маңғыстау облысы | «Қоғамдық қарым-қатынас орталығы» КММ бөлімі |
| Солтүстік Қазақстан облысы | «Қоғамдық даму және ақпарат орталығы» КММ бөлімі |
| ӨЖК дербес КММ ретінде қызмет етеді | |
| | Ақмола облысы |
| | Ақтөбе облысы |
| | Шығыс Қазақстан облысы |
| | Жамбыл облысы |
| ӨЖК түрлі ЖШС департаменті, орталығы, бөлімі ретінде қызмет етеді | |
| Қарағанды облысы | «Saryarqa aqparat» ЖШС департаменті |
| Қызылорда облысы | «Сыр медиа» ЖШС жанындағы орталық, |
| Түркістан облысы | «Turkistan Media Holding» ЖШС бөлімі, |
| Шымкент қаласы | «Шымкент ақпарат орталығы Шымкент қаласы әкімдігі» ЖШС бөлімі |

2019 жылдың сәуір айында ҚР Үкіметінің № 225 қаулысымен мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен «Рухани жаңғыру» Қазақстан қоғамдық даму институты» ҰАҚ құрылды (бұдан әрі – ҚҚДИ). ҚҚДИ негізгі қызметі Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласын ілгерілетудің стратегиясын құрастыру мен жүзеге асыруды, Бағдарламаны жүзеге асыруға қатысатын барлық құрылымдарды талдаушылық және әдістемелік сүйемелдеу, оның ішінде қоғамдық-саяси жағдайға мониторинг және талдау жасау, азаматтық қоғамдағы процесстерді болжау, ғылыми зерттеулер жүргізу және мемлекеттік жастар және отбасы саясатын жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету болып табылады.

Сонымен, 3 жыл ішінде Бағдарламаның кең көлемдегі институционалдық базасы құрылды, ол оны жүзеге асырудың орталық және өңірлік деңгейлерін қамтуға, азаматтық қоғам институттары, үкіметтік емес ұйымдар, меценаттар мен бизнес қауымдастығы өкілдері, волонтерлік және жастар бірлестіктері, ғылыми және сарапшылар қауымдастықтары, БАҚ, вайнерлер мен блогерлер, мәдениет, өнер, спорт өкілдері сияқты Бағдарлама стейкхолдерлерінің кең көлемін қоғамдық сананы жаңғырту бойынша іс-шараларға барынша тартуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, Бағдарламаның аранайы жобаларының тұжырымдамалық мазмұнын толтыру бойынша кең көлемдегі талқылау мен сарапшылардың сараптамасынан өткізу жұмыстары басталды. Оларды жоспарлау мен өткізу кезінде азаматтардың өздігінен ұйымдасуына ықпал ететін инновациялық әлеуметтік қызметті жүзеге асырудың неғұрлым нәтижелі түрі ретінде жобалық көзқарас енгізілді.

Тұтас алғанда, 2017 жылдан 2019 жылға дейін «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде жыл сайын 10 млн. астам адамды қамтитын 93 мыңнан астам іс-шара өткізіліп отырды. Бағдарламаның халқаралық деңгейде танымал болуының фактісі ретінде 2017 жылы UNESCO Париждегі штаб-пәтерінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасының көрсетілімі өткізілгенін келтіруге болады [13].

1 кезеңнің негізгі жетістіктеріне мыналарды жатқызуға болады:

Бағдарламаның институционалдық құрылымының қалыптасуы:

Бағдарламаның барлық қатысушыларын басқару мен үйлестіру құрылымының құрастырылуы;

Жүзеге асырудың негізгі тетігі ретінде жұмыс түрлері мен жобалық көзқарастың анықталуы;

Қоғамдық сананы жаңғырту Бағдарламасына тұжырымдамалық көзқарастарды анықтау;

Ақпараттық-имидждік, түсінік беру жұмыстарының түрлерін қалыптастыру;

Елбасының бағдарламалық мақаласының стратегиясын ілгерілетуді талдаушылық және әдістемелік қамтамасыз ету.

Атап өтетін жағдай екінші кезеңнің басталуы **(2020-2024 жж.)** Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижелілігін арттыру, тұрғындарды қамтуды арттыру, тұрғындармен жүргізілетін ақпараттық-түсінік беру, имидждік жұмыстарды жетілдіру мәселелерін өзектендірумен байланысты болды.

Бұл кезеңнің басты мәселесі тұрғындар арасында кең көлемді түсінік беру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығымен қоса жүргізілген Бағдарламаны тұжырымдамалауды тереңдету, Бағдарлама


стейкхолдерлерінің құзыреттіліктерін арттыру және тұрғындармен жүргізілетін жұмыстардың жаңа, инновациялық әдістерін енгізу болып табылады.

Осының барлығы Бағдарламаны жүзеге асыруға жаңа көзқарастарды өзектендірді. Сонымен қатар, жаңа көзқарастарды енгізу қажеттігін өмірдің өзі көрсетті, себебі пандемия жағдайында мемлекет қызметінің көптеген бағыттары өзгерістер енгізуді талап ете бастады.

2020 жылдың ақпан айында ҚР Мемлекеттік хатшысы К.Көшербаевтың қатысуымен өткен Ұлттық комиссия отырысының барысында Бағдарламаны жүзеге асыру мәселелері талқыланды. Сонда атап өтілгендей, өңірлерде жобаларды жоспарлаудың сапасының өте төмен екендігі, мұның өзі оның нәтижелілігіне ықпал ететіні, атап айтқанда іс-шаралардың бастапқыда қойылған мақсаттарының оның нәтижелеріне сәйкес келмейтіні туралы атап көрсетілді. Аталған мәселені есепке ала отырып 2020 жылға арналған жаңа жоспар құрастырылып, бекітілді. Жаңа жоспарда көптеген іс-шаралар қысқартылды. Жоспар үш негізгі принципті жүзеге асыруға бағытталған. Бірінші – тұлғалық даму. Екінші – ұлттық бірегейлік және халқаралық өзін көрсету. Үшінші – мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қауымдастықтардың дамуы [14]. Бұл басым бағыттар үнемі өзекті болады және «тыңдайтын мемлекет» тұжырымдамасы шеңберінде жүзеге асырылуы тиіс.

Тұжырымдамалық көзқарастардың өзгеруіне байланысты қабылданған 3 бағыт Бағдарламаның арнайы жобаларын қоғамдық сананы жаңғырту процессін тереңдету үшін осы басты құрамдас бөліктерге бағыттауға мүмкіндік береді. Бағдарламаны жүзеге асыруда тұлғаны дамыту арқылы жеке тұлғаның қатысуына қолдау көрсетуден бастау маңызды болады. Оның ел істеріне белсене қатысуға деген қызметтік көзқарастары мемлекеттің, азаматтық қоғамның жергілікті қауымдастықтардың дамуына, ал соңғы нәтижесінде осы әрекеттердің барлығы ұлттық бірегейлікті нығайтуға алып келетін болады және содан туындайтын елді халқаралық деңгейде нәтижелі танытуға әкелетін болады. Сонымен қатар, мұндай көзқарас Бағдарлама принциптерін нақтылы арнайы жобалар мазмұнымен үйлестіруге мүмкіндік береді, мұның өзі олардың контентін бағдарламалық мақалада келтірілген идеялық бағдарлар мен құндылықтармен үйлестіреді (1,2 суретті қараңыз).

1 сурет. «Рухани жаңғыру» принциптері қиылысында арнайы жоба-бөлу



2 сурет. «Рухани жаңғыру» принциптері



2020 жылы Бағдарламаның институционалдық базасын нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылды. Мысалы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде азаматтық қоғаммен тығыз байланысты қамтамасыз ету мақсатында ОЭК-ті ҚҚДИ негізіндегі «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңына айналдыру туралы шешім қабылданды. Бұл алаңның басты мақсаты – тұрғындарды Бағдарламаны жүзеге асыруға неғұрлым белсенді түрде тарту болып табылады. Жаңа дискуссиялық алаңның алғашқы отырысында ОЭК үш жылдық қызметінің қорытындысы 1500 астам сарапшылық қорытындының жасалынуы және 215 сарапшылық ұсыныстар жасалынғаны екені атап өтілді. Бағдарламаның тұжырымдамалық идеяларын түсіндіру үшін ОЭК мүшелері дәрістер оқыды, түсінік беру жұмыстарын жүргізді. Сарапшылық қызметтің ұжымдық түрі орталық және өңірлік кеңестер өткізген «Сарапшы күні» акциясы арқылы таратылды. Бағдарламаның барлық бағыттары бойынша жұмыс ұйымдастырылды. Сонымен, ОЭК шеңберіндегі бұл жұмыс Бағдарламаның

арнайы жобаларының, әсіресе «Қазақстанның қасиетті жерлері географиясы», «Туған жер», «100 жаңа оқулық» сияқты арнайы жобалардың сәтті жүзеге асырылуына ықпал етті. Дискуссиялық алаң отырысы барысында Наурыз мейрамы мерекесін өткізудің форматын өзгерту туралы ұсыныс енгізілді. Оны мерекелеуді 14 наурызда бастап, әр күнді ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлермен байланысты бір тақырыпқа арнау ұсынды [15].

Жаңа дискуссиялық алаңның жұмысын өзектендіру тұрғындармен жүргізілетін жұмыстардың жаңа форматын енгізудің маңыздылығына байланысты қажеттілікке айналды, мұның өзі азаматтық қоғамды сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыруға қатысуға тарту мүмкіншіліктерін кеңейте түседі.

Дискуссиялық алаңның негізгі міндеттері ретінде анықталды:

- «тыңдайтын мемлекет» принциптеріне сәйкес ашық диалог түрінде тұрақты кездесулер өткізіп отыру;

- өзекті мәселелерді талқылау және Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жаңа ұсыныстар енгізу;

- алаң жұмысына жаңа адамдарды тарту және оны әлеуметтік желілер арқылы ілгерілету.

Алаң құрамына ҰЕҰ өкілдері, жастар ұйымдары, қоғамдық пікір көшбасшылары, волонтерлер мен белсенді азаматар енді. Алаңның жаңартылған құрамы әлеуметтік бірлесе әрекет етудің жаңа технологияларын жетік меңгерген жастар аудиториясына бағытталады, мұның өзі қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы жұмыстардың нәтижелілігін арттыра түсетін болады.

Алаң жұмысының формалары жаңа World café/Open space technology, Аквариум, Lightning talks, Pecha-kucha сияқты форматтағы пікірталастар болады. Өзінің бірінші отырысы шеңберінде «Азаматтық алаңға» Бағдарламаның «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «100 жаңа есім» жобасы, «100 жаңа оқулық», «Туған жер», «Түркі әлемі генезисі» арнайы жобалары мен бағыттарын жүзеге асыруға елеулі үлес қосқандарға «Рухани жаңғыру» бағдарламасының амбассадоры куәліктер тапсырды.

Жаңа дискуссиялық алаңның қызметінен күтілетін нәтижелерге келесі мәселелерді жатқызуға болады:

1. Қоғамдық сананы жаңғырту бойынша өзекті мәселелерді шешу бойынша нақтылы жұмыс істейтін іс-шаралар құрастыру.

2. Бағдарламаны нәтижелі жүзеге асыру үшін идеялар мен жобалар базасын қалыптастыру

3. Бағдарламаны жүзеге асыруға қатысатын институттар үшін ұсыныстар әзірлеу.

4. Бағдарламаны жүзеге асыру барысында пайда болатын мәселелерге уақытында назар аударып, шешіп отыру.

5. Тұрғындардың Бағдарламаның жүзеге асырылуынан күтілімдерін қанағаттандыру.

Бұл алаңның өзінің алдында жұмыс жасағаннан (ОЭК) басты айырмашылығы Бағдарлама туралы дискурс қалыптастыруға жаңа көзқарастарды енгізуі болып табылады. Қазіргі заманғы дискуссиялық техникалар түріндегі жаңа әлеуметтік технологияларды қолдану «дөңгелек үстел» отырыстарында талқылаудың әдеттегі форматымен салыстырғанда қазіргі азаматтар арасында үлкен қызығушылық тудырады, демек, бұл дәстүрлі сөз сөйлеу, баяндама оқу, дәріс оқуға балама болып табылатын алаң.

Пандемияның ықпал етуі және соның салдарынан туындаған сандық технологиялардың, тұрғындармен онлайн түріндегі жұмыстарды ұйымдастырудың маңызының одан әрі арта түсуін есепке алар болсақ, бұл инновациялар Бағдарлама тұжырымдамаларын ілгерілетуге елеулі көлемде ықпал ететін болады. Қазіргі таңда ивенттерді спикерлер мен тыңдаушыларға бөлу арқылы өткізудің дәстүрлі түрлерінің орынына жайлы және өнімді қарым-қатынас жасауды жолға қоятын интербелсенді жұмыс түрлері келді. Жоғарыда аталған еркін шығармашылық ахуалда бірлесе әрекет етудің техникаларын қолданған кезде оған қатысушылар формалды емес жағдайда тәжірибелерімен бөліседі, пассивті тыңдаушылардан іс-шараны ұйымдастыру мен өткізуге белсенді қатысушыларға айналады. Бұл форматтар пікірталасты қалыптастыруға және талқыланатын мәселе бойынша дискурсты анықтауға мүмкіндік береді.

Алаң қызметіндегі тағы да бір жаңашылдық «тыңдаушы мемлекет» технологиясының енгізілуі болды, ол азаматтарды талқылауға қатысуға тартуға және «кері байланыс» форматын қалыптастыруға бағытталған. Мысалы, алдағы отырыс тақырыбын таңдау әлеуметтік желілер арқылы хабарландыру арқылы жүргізіледі, азаматтар қосымша сұрақтар қоя алады, сұрақты таңдап алу лайк пен жазылған пікірлердің санына байланысты болады.

Жаңа әлеуметтік технологияларды пайдалану әр түрлі көзқарастарды жинақтауға, маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауға, стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыруға, тәжірибемен, біліммен бөлісуге, топтық пікірталастар ұйымдастыруға, бірнеше топтар мен командалар арасында қарым-қатынас орнатуға, ортақ тақырыпты талқылау арқылы нетворкинг ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл жаңа форматтар аудиторияны тартуға ықпал етеді, қоғамдық сананы жаңғырту процессіне қатысушылардың өзін өзі ұйымдастыруы мен белсенділігін дамытады. Сонымен қатар, бұл әлеуметтік технологияларды қолданудың маңызы

қатысушылардың өз жауапкершіліктері негізінде одан әрі белсенділіктерін арттыруында болып келеді. Ресми емес шығармашылық жағдай құру-осындай ұжымдық талқылауларға қатысушыларды тартуға қол жеткізудің кепілі болады. Бағдарламаны жүзеге асырудың 2 кезеңінің мазмұны туралы айта келе зектендірулері уақыт талабына жауап болып табылатын келесі көзқарастарды атап өтуге болады (3 кестені қараңыз).

3 кесте. Бағдарламаны институционалдандыру

| II КЕЗЕҢ (2020-2024 жж.) | | | |
|--|---|--|---|
| Тұжырымдамалық көзқарас | Әдіснамалық көзқарас | Коллаборативтік көзқарас | Ақпараттық сүйемелдеу |
| Қоғамдық-саяси процесстерді талдау | Әлеуметтік жобалар Акселераторын дамыту | Ғылыми және сарапшылар қауымдастықтарымен ынтымақтастық | Ruh.kz ақпараттық-танымдық портал (телехабарлар, аудиоконтент, мақалалар) |
| Әлеуметтанушылық өлшемдер | Nudge технологиясын енгізу | Халқаралық ғылыми мекемелермен ынтымақтастық (РФ Президенті жанындағы стратегиялық бастамалар Агенттігі, Әзербайжан Президенті жанындағы стратегиялық зерттеулер орталығы) | |
| Форсайттық зерттеулер | | | |
| Монографиялар құрастыру | | | |
| Сарапшылық бағалау | Оң өзгерістер агенттері пулын қалыптастыру | | Подкастлер құру |
| Ұсыныстар құрастыру | | | |
| Іс-шаралар жоспарлары мен тұжырымдамаларын құрастыру | Бағдарлама институттарын әдіснамалық сүйемелдеу | «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңы | Әлеуметтік желілерде ілгерілету (Instagram, Telegram, Facebook, Youtube) |
| Бағдарламаның даму стратегиясын құрастыру | | | |

Тұжырымдамалық көзқарас.

Бағдарламаның жүзеге асырылу барысын тұжырымдамалық қамтамасыз етуді құрастыру шеңберінде қоғамдық-саяси процесстерді талдауды, сарапшылық бағалау жүргізуді, ұсыныстар құрастыруды, іс-шаралардың жоспарлары мен тұжырымдамаларын құрастыруды, Бағдарламаның даму стратегиясын құрастыруды, әлеуметтік өлшемдер жүргізуді, форсайттық зерттеулер жүргізуді, монографиялар құрастыруды жалғастыру маңызды болып табылады.

2020 жылдан бастап ҚҚДИ шеңберіндегі мемлекеттік тапсырыс шеңберінде Бағдарламаны сүйемелдеудің әлеуметтік жобалар Акселераторы, оның жүзеге асырылу барысын әдістемелік және талдаушылық қамтамасыз ету шеңберіндегі форсайттық зерттеулер сияқты инновациялық форматтар жүзеге асырылуда.

Жоғарыда аталған форматтарды қолдану ғылыми және қоғамдық топтар арасында дискурс құруға, сарапшылардың көзқарастарымен байытылған Бағдарламаның тұжырымдамалық мазмұнын дамытуға ықпал ететін болады.

Әдіснамалық көзқарасты дамыту шеңберінде өңірлерде әлеуметтік жобалар Акселераторын дамыту, өмірдің барлық салаларында, әсіресе қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысты Nudge технологиясын енгізу, оң өзгерістер агенттерінің пулын қалыптастыру, әдістемелік ұсыныстар құрастыру, Бағдарламаның барлық стейкхолдерлері үшін оқыту сабақтарын өткізу арқылы Бағдарлама институттарын әдіснамалық сүйемелдеу сияқты инновациялық әлеуметтік технологияларды енгізу маңызды.

Коллаборативтік көзқарас азаматтық қоғамның өзге институттарымен бірлесе әрекет етуді жолға қою бойынша қызметті ұйымдастыруды қарастырады. Бұл ғылыми сарапшылық қауымдастықпен, халқаралық ғылыми мекемелермен (РФ Президенті жанындағы стратегиялық бастамалар Агенттігі, Әзербайжан Президенті жанындағы стратегиялық зерттеулер орталығы) ынтымақтастық, «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңының жұмысын жолға қою. Мұндай коллаборация қоғамдық сананы жаңғыртуға отандық және шет елдік әріптестердің кең көлемдегі пулын тартуға мүмкіндік береді.

Ақпараттық сүйемелдеу Ruh.kz ақпараттық – танымдық порталы арқылы Бағдарламаны ақпараттық-имидждік ілгерілету форматтарын жетілдіруді (телехабарлар, аудиоконтент, мақалалар), подкастлер құруды, әлеуметтік желілер арқылы ілгерілетуді (Instagram, Telegram, Facebook, Youtube) қарастырады.

Сонымен, мұндай кешенді көзқарас Бағдарламаны жүйелі түрде сүйемелдеуді қамтамасыз етуге, Бағдарлама тұжырымдамаларын, символдарын, құндылық бағамдарын құрастыру мен әлгерілету бойынша оның стейкхолдерлерін кең көлемде тартуға мүмкіндік береді.

Қоғамдық сананы рухани жаңғырту саласында символдық тізбек құрастыру өзіндік құрастырылымдар мен тұжырымдамалардың болуын талап етеді, себебі, бұл Бағдарламаның идеологиялық мифодизайнын қалыптастыруға ықпал ететін болады.

Пандемия Бағдарламаны жүзеге асыруға өз өзгерістерін енгізді. Мысалы, Республикалық жоспарда 2020 жылдың бірінші жарты жылдығына жоспарланған орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың ірі іс-шараларын өткізудің уақытын өзгертуге немесе мүлдем алып тастауға тура келді.

2020 жылдың басында Бағдарламаның 3 негізгі жүйелік бағыттары бекітілген болатын: «Тұлғалық даму», «Ұлттық бірегейлік және

халқаралық мәртебені арттыру», «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қауымдастықтардың дамуы».

Осы тұжырымдамалық көзқарастарды қалыптастыру бойынша күш жұмсауды жалғастыра отырып, сондай-ақ әлемдегі пандемияға байланысты Бағдарламаны нәтижелі жүзеге асыруды одан әрі жетілдіру, жаңа көзқарастар енгізу мәселелері өзектендірілді.

Бағдарлама құндылықтары мен 6 принципін насихаттау үшін жаңа арнайы жобаларды құрастыру ұсынысы енгізілді. Төрт жаңа арнайы жобалар жұмыс жасай бастады: «Үнем – қоғам қуаты», «Дәстүр мен ғұрып», «Еңбек елдің мұраты» және «Құқықтық мәдениет»). Жобалардың басты идеясы тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

Қазақстандықтардың өмірлік құндылықтар жүйесіне қолда бар мүмкіндіктерді дұрыс пайдалану мен бөлуді қалыптастыру үшін өмір сүру бейнесі ретінде прагматизмді енгізу үшін **«Үнем – қоғам қуаты»**, ол жастар бойында жоғары талғампаздықты, әрекет нормаларын дамыту мен оқу мәдениетін қалыптастыруды қарастырады.

Тағы да бір арнайы жоба **«Дәстүр мен ғұрып»**, ұмытылған, бірақ та гуманистік және тәрбиелік құндылығы жағынан алып қарағанда қазіргі сандық әлем дәуірімен үндес болып келетін дәстүрлерді қайта жаңғыртуға бағытталады.

Жаңа арнайы жоба **«Құқықтық мәдениет»**, бәсекеге қабілетті ұлт қалыптастыру үшін тұрғындардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

«Еңбек – елдің мұраты» арнайы жобасы шеңберінде өзінің кәсібі саласы бойынша елеулі жетістіктерге қол жеткізген, сәттілікке қол жеткізген адамдардың өмірі мен қызметі насихатталады, барлық жастаға азаматтар үшін кәсіптік бағдар беру жұмыстары күшейтіледі, өскелең ұрпақ үшін рөлдік модельге айналуы тиіс қажырлы еңбек етудің құндылығы жаңа деңгейге көтерілетін болады.

Бағдарламаны жүзеге асыруда оң нәтижелер, нәтижелілік пен жаңа динамика орын алып отырғаны атап өтілді.

Еліміздегі эпидемиологиялық жағдайға байланысты қазіргі таңда іс-шаралар онлайн форматта өткізілуде.

ҚР Мемлекеттік хатшысы К.Көшербаевтың ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевпен кездесуі Бағдарламаны жүзеге асыруда жаңа серпіліс берді. Кездесу барысында жаһандық пандемия жағдайында ұлы Абайдың 175 жылдығына, әл Фарабидің 1150 жылдығына, Алтын Орданың (Ұлық Ұлыс) 750 жылдығына, ағымдағы жылдағы ТМД-ның мәдени астанасы-Шымкент қаласының 2200 жылдығына арналған мазмұнды іс-шаралардың өткізілуі туралы әңгіме қозғалды. Талқылау

барысында 2021 жылы тәуелсіздіктің 30 жылдығы тойланатынына байланысты идеологиялық жұмыстың жаңа бағыттары берілді. Бұл ашаршылықтан зардап шеккендерді еске алуға арналған іс-шаралар, Ұлттық комиссия алдына саяси қуғын-сүргін құрбандарын толықтай ақтап шығу бойынша міндет қойылды. Қазақ тілінің қызметтік мәртебесін арттыру қажеттігі, қазақ тілін латын әліппесіне көшірумен байланысты жаға ұсыныстар құрастыру қажеттігі, сондай-ақ ұлттық қайта өрлеу бағдарламасы ретінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жалғастыру қажеттігі туралы мәселелер атап өтілді. Сонымен қатар, биылғы жылдың күз айларында жарияланған мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауының ережелерін жүзеге асырудың Бағдарламаның құндылық бағыттарымен, әсіресе әлеуметтік мәселелерді шешу жағынан алып қарағанда үндес екендігі атап өтілді.

Қазіргі таңда қоғамдық сананы жаңғырту Бағдарламасын жүзеге асыру өзінің институционалдық дамуына ие болды, жобалардың іс-шаралары тұжырымдамалық мазмұнмен толықтырылуда, оны қамтамасыз етудің әдіснамалық және талдаушылық мазмұны өсіп келеді. Сонымен қатар, Бағдарлама ережелері мен тұжырымдамаларының теориялық дискурсын құрастыру мәселесі ашық қалып отыр.

Қызметті тәжірибеде жүзеге асыру форматы ретіндегі жобалық көзқарас Бағдарламаны мемлекеттік басқарудың тиімді әдісіне айнала отырып Бағдарламаның барлық стейкхолдерлерінің қатысуын белсенділендіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, олазаматтардың өздігінен ұйымдасу тетіктерін қолдау, мемлекет-жеке меншік әріптестігі, әлеуметтік инженерияның акселерация, кластеризация, Бағдарлама жобаларына қатысушылардың желілік бірлесе әрекет етуі сияқты жаңа форматтарын пайдалану негізінде өсудің үлкен мүмкіншіліктері бар екенін көрсетеді.

III ТАРАУ. ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ БАҒДАРЛАМАНЫ ІЛГЕРІЛЕТУГЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ ТӘСІЛДЕР

3.1 Бағдарламаны жүзеге асыруға қазіргі кезеңдегі көзқарастар: әлеуметтік шығармашылық үшін жағдай жасау

Қазақстан қоғамын жаңғыртудың маңызды процесстерінің айқын мақсаттары, нақтылы міндеттері және бағытты басымдықтары бар. Жаңғырту мақсаты – әлемнің дамыған отыз елінің қатарына ену. Қоғамдық сананы оза жаңғырту Қазақстанның саяси және экономикалық жаңғыруының негізі болып табылады. Күшті және жауапты адамдардың біртұтас ұлтына айналу үшін қоғамдық сананы өзгерту қажет.

Бұл іргетастық ережелерді Елбасы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласында қалыптастырған болатын, соның негізінде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы құрастырылды.

Бағдарламаның басты ережелері мен принциптерімен байланыста қоғамдық сананы өзгертудің, «күшті және жауапты адамдардың біртұтас ұлтын» қалыптастырудың кешенді, жүйелі, бірыңғай таректориясы құрастырылады.

Қоғамдық сананы жаңғыртудың ұлттық бірлікті, ынтымақтастықты, азаматтық жауапкершілікті дамытуға ықпал ететін тәжірибелік бағыттылы негіздерінің бірі қазақстандықтардың бастамашылдық, конструктивті және жасампаз әлеуметтік шығармашылығы болып табылады. «Біздің көз алдымызда әлем жаңа, көп жағынан түсініксіз тарихи айналымды бастап отыр» – Елбасының бұл сөздері жаһандық ковид-пандемиясы, Таулы Карабахтағы жағдайдың шиеленісуі, Қырғызстандағы сайлаудан кейінгі қарсылық көрсету баскөтерулері жағдайында «жаңа қалыптылық» қазіргі турбулентті шындық кезеңінде ерекше, киелілік мазмұнға ие болып отыр. Бей берекетсіздік пен тәртіпсіздіктердің алдын алу, еліміздегі бейбітшілік пен келісім үшін азаматтық жауапкершілікті нығайту үшін тұрғындардың жасампаздыққа бағытталған бастамаларына қолдау көрсету, мұндай жобаларға қатысуға мүдделендіру және оң тәжірибелерін ілгерілету маңызды болып отыр. Азаматтардың игілікке, позитивке, ұлт бірлігіне бағытталған әлеуметтік шығармашылығын дамыту – «Рухани жаңғыру» стратегиялық міндеті және тактикалық технологиясы болып табылады. Қазақстандықтардың жасампаз әлеуметтік шығармашылығының қызметтік кластері арқылы ғана жаңа идеологияны нәтижелі енгізуге, қоғамдық сананы жаңғыртудың қазіргі заманғы әдіснамалық парадигмасын кезеңді ілгерілетуге қол жеткізуге болады.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы әр түрлі бағыттар мен салалар бойынша тұрғындардың өздігінен ұйымдасуы үшін біріктіруші бастауға

айналуы тиіс. Оның басты миссиясы – тұрғындарды жасампаздық, келісім және ынтымақтастық жаңа идеологиясы төңірегінде біріктіру және өздігіннен ұйымдасуы.

Адамзат басынан өткізіп жатқан өзгерістер кезеңінде парадигмалар мен құндылық бағдарлардың ауысуы орын алуда. Қазіргі заманғы әлемдік трендтер ең алдымен әлеуметтік бірлесе әрекет етудің құрылымы мен сипатын қайта құрады және тек қана көшпенділер мәдениетіне тән болып келетін имманентті құндылықтарды өзектендіреді, сонымен бір мезетте отырықшыл өркениеттің көптеген қондырмалары мен принциптері дағдарысқа ұшырап, жұмыс істемеуде. Экологизация, номадизация, қоғамдық байланыстардың желілік сипаты әлемді біріктіріп, табиғи, табиғатпен негізделген құндылықтар иерархиясына қайта оралтуда, мұнда неғұрлым жоғары иерархиялық деңгейдегі жүйе өзінің құрамдас бөліктерінің негізгі рөлі мен жетекші қызметтерін анықтайды.

Қазіргі трендтермен негізделген «Рухани жаңғырудың» 6 қағидаттары, қоршаған ортаға деген көшпенділердің көзқарасына сүйене отырып ата-бабамыздың даналығын өз бойына сіңірген ежелгі дәстүрлерді өзектендіруге және оның құрамына соңғы дәуірдің барлық жетістіктерін енгізуге мүмкіндік береді.

2019 жылдан бастап Бағдарламаны жүзеге асыру жаңа сапалық кезеңге көтерілді. Әлеуметтік-жобалық қызметті жүйелі үйлестіруге бағытталған үш стратегиялық бағыт өзектендірілуде, ол әдіснамалық жағынан негізделген өңірлік әкімгерлендіру және позитивті мифодизайн элементтерін қоса есептегендегі тиісті оң болжамдық контентті қалыптастырады.

Біріншіден, тұрғындардың саласы, бағыты, санаттары бойынша жобаны жүзеге асыру жағынан алып қарағанда жүйелік көзқарас және жіктеуші алгоритм жүзеге асырылуда. Сол арқылы «Рухани жаңғыру» қағидаттарын жүзеге асыратын әлеуметтік жобалар кластерлерін жүйелі түрде қалыптастыру жүзеге асырылады.

Екіншіден, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға барлық қатысушылардың қызметін кешенді ғылыми-әдістемелік сүйемелдеу бойынша жұмыс құрастырылады.

Үшіншіден, өңірлік жобалық кеңселермен мақсатты жұмыс жүргізу дамытылуда. Оның стратегиялық міндеті – жекелеме жобалар шеңберінде «Рухани жаңғыру» идеологиясын ілгерілетуші көшбасшыларды дайындауды қоса есептегендегі жекелеме бағыттар бойынша өңірлік кластерлер қалыптастыру.

Төртіншіден, кешенді әлеуметтік зерттеулер ұйымдастыру, құрастыру және өткізу, валидтілігі жоғары форсайттық зерттеулерді кәсіптік негізде құрастыру және ынталандыру. Қолданбалы әлеуметтанудың

және форсайттық болжамның ғылыми құралдарының мүмкіншіліктерін тарту авторлары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мақсаттары, міндеттері, принциптері және миссиясына сәйкес өздері құрастырған контенттерде болжам мен мифодизайн элементтерін енгізе отырып жаңа көркем шығармалардың ақпараттық кеңістігін қалыптастыруымен үйлестірілетін болады.

Әр бағытқа жеке тоқталып өтелік.

Сонымен, жүйелік көзқарас ең алдымен өңірлерде мақсатты аудиторияны есепке ала отырып Бағдарламаның стратегиялық бағыттарын кешенді дамытуды қарастырады.

Бастамашыл тұрғындардың әлеуметтік-жобалық қызметіне қолдау көрсетумен байланысты осы бағытта іске қосылған институционалдық-әкімгершілік және биліктік қорларға келер болсақ, онда бұған барлық министрліктер мен ведомстволар қосылады. Ведомствоаралық бірлесе әрекет етудің кәсіби үйлестірілуі айқын өзектендіріледі, инновациялық көзқарастар құрастыру және барлық деңгейлердегі жүйелік ақауларды жою бойынша жұмыс топтары құрылады.

Бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық база мерзімімен және шұғыл түрде дамиды. Осы процессті оңтайландыру үшін сарапшылардың да, мемлекеттік органдардың да, жергілікті жерлерде Бағдарламаның жүзеге асырылуына жауап беретін жобалық кеңсе қызметкерлерінің де күштерін біріктіру қажет болады.

Жүйелік көзқарастың маңызды құрамдас бөлігі Бағдарлама шеңберінде жүзеге асырылатын және тұрғындарды қоғамдық сананы жаңғыртуға тартуды қамтамасыз ететін жобаларды бағалау болып табылады.

Жүзеге асырылатын жобалардың Бағдарлама талаптарына сәйкестігін анықтайтын айқын бағамдар құрастыру қажет, мұндай жобалардың нәтижелілігінің көрсеткіштерін анықтау, жүйелі және тұрақты дамуға, өзін өзі ақтауына, тұрғындарды барынша кең көлемде қамтуға басты назар аудару қажет. Жобаларды жіктеуді бірнеше белгілері бойынша жүзеге асырған тиімді – бағытынан бастап қаржыландыру көздеріне, мақсатты аудиториясына, қамтуына, ұзақтық мерзіміне, тұрақтылығына байланысты. Мұндай жіктеу әдісі тұтас алғандағы Бағдарламаны жүзеге асыруға жүйелік көзқарастың нәтижелілігін қамтамасыз етеді, қосымша назар аударуды талап ететін бағыттар, салалар мен санаттарды анықтауға, жобалық қызметті одан әрі дамыту жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Үздік тәжірибелерді талдау мен таңдап алу барысында шешілуі тиіс басты міндеттердің бірі – жобалар «Рухани жаңғыру» бағдарламасына жатқызылуы тиіс екенін көрсететін бағамдар құрастыру.

Бағамдар әрбір бағыттың ерекшелігін көрсетуі және назарды соңғы нәтиже мен жобаны жүзеге асырудың әлеуметтік эффектсіне аударуы тиіс болады. Бұл бір реттік акциялар мен іс-шаралардан құрамына тұрғындардың өздігінен ұйымдасуын басқару тетіктері, мақсатты аудиторияны кеңінен қамту, өзін өзі ақтауға және бизнес-форматтарға көшу мүмкіндіктерін қарастыратын тұрақты жүйелік жобаларға көшуге мүмкіндік береді.

Бағдарламаны ақпараттық сүйемелдеуді неғұрлым жоғары құндылықтар деңгейіне шығару қажет, ол қазақстандық бірегейлікті нығайтуды қамтамасыз етеді және Бағдарлама шеңберінде тұрғындарды жобалық қызметке кеңінен тартуға мүмкіндік береді.

Тұрғындардың барлық санаттарын жаппай қамту бағдарламаны жүзеге асыруға жұмыс істеп отырған ҰЕҰ мен қоғамдық пікір көшбасшыларын тартқан кезде ғана мүмкін болады.

Сонымен қатар, жаңа қоғамдық ұйымдар құру, тұрғындардың белгілі бір санаттарын белсенділендіру және әлеуметтік шығармашылықты дамыту бойынша қосымша күш жұмсауды талап ететін салаларда әрекет ететін жаңа көшбасшылар тәрбиелеу қажет.

Бағдарламаны бұдан әрі нәтижелі жүзеге асыру үшін басты фактор Бағдарламаны сүйемелдейтін мемлекеттік қызметкерлер арасынан мамандар даярлау, жүзеге асырудың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті идеологтар мен қоғамдық пікір көшбасшылары пулын қалыптастыру, қоғамның өздігінен ұйымдасуын басқару саласының кәсіпқой мамандарын тәрбиелеу болып табылады.

Тұрғындарды кеңінен қамту үшін жоба шеңберінде желілік бірлесе әрекет ету қажет, ол тәлімгерлік пен волонтерлік қатысу элементтерін енгізуге мүмкіндік береді. Дәл осындай құрылымдар жобаны тұрақты, үнемді, бейімделгіш, инновацияларды қолдануға қабілетті және жетекші сарапшылардың өзекті ақпараттарын тұрғындардың кең көлеміне жеткізуге қабілетті болады.

Жобалар жекелеме өзекті, жасампаз бағыттар бойынша кластерлер түрінде қалыптастырылуы және дамуы тиіс. Мемлекеттік органдарға осындай кластерлердің конструктивті қызмет етуі үшін жағдай жасауға ықпал етуі, әлеуметтік шиеленістер мен бейбітшілік пен келісімге төнген қатерлер мен тәуекелдердің индикаторларын мерзімімен анықтау мақсатында әлеуметтік жобаның конструктивті және жасампаз қорларына тиісінше тәуелсіз мониторинг жүргізуді жүзеге асыруға қабілетті болуы тиіс.

Қазіргі әлем жылдам өзгеруде. Пандемиямен байланысты әлемдік дағдарыс көптеген қарама-қайшылықтарды шиеленістіріп жіберді, әлеуметтік шиеленіс және тұрғындардың қарсылық көрсету көңіл күйлерінің

мүмкіндіктерін арттырды. Осындай турбулентті жағдайларда өмірлік қызметтің барлық салаларында жаңғырту қағидаттарын жүйелі және кәсіпқойлық негізде ілгерілетудің стратегиясы өзектендіріледі. «Рухани жаңғыру» бағдарламасына «жаңа нақтылықтың» қалыптасқан жағдайында жаңаша өзектілікке ие болды.

Ең алдымен болып жатқан өзгерістерге саналы көзқарас қалыптастыру маңызды. Территориялардың өмір сүруі мен дамуының маңызды факторы қазіргі таңда бейімделушілік, шұғыл және үнемі жаңа шешімдер таба білуге қабілеттілік, әлеуметтік шығармашылық үшін жағдай жасауға қабілеттілік, оны «Рухани жаңғыру» қағидаттарына сәйкес конструктивті, жасампаз арнаға бұра білу болып табылады.

Мемлекет алдында қысқа мерзім ішінде тұрғындардың конструктивті, жасампаз, ынтымақтасты, «Рухани жаңғыру» қағидаттарына сәйкес келетін өзін өзі ұйымдастыруын басқару технологияларын игеру міндеті тұр. Басқарудың бұйырушы әдістері өзінің нәтижелілігін жоғалтуда.

Чарльз Лэндри XX ғасырдың басында өзінің «Креативті қала» еңбегінде креативті қаланың дамуының барлық жақтарын қарастырды және біздің күрделі өзгерістерге толы заманымызда дәл осындай міндеттерді шешуге баста назар аудару қажет екендігін негіздеді.

«2004 жылы Лондон қаласында өткен қала мэрлерінің кездесуінде қаланың сәтті дамып келе жатқандығын анықтайтын үш элемент бар екендігі танылды, атап айтқанда сіздер міндеттісіздер:

- сіздің қалаңыздың қайда бара жатқанын, оның алдына қойған мақсаты мен мүмкіншіліктерінің қандай екенін, қысқаша айтқанда оның қазіргі және болашақта дамуының айқын картинасын білуге тиіссіз;

- көшбасшылықтың кеңінен таралуын ынталандыру, демек, көптеген көшбасшылардың пайда болуына жағдай жасау, және қалаға бір көшбасшы болса да жетеді деген ойдан аулақ болу. Бұл қала тұрғындарының кемінде 1% астамы өздерін көшбасшы сезінуі және тиісінше әрекет етуі қажет екенін білдіреді. Басқаша айтар болсақ, 100000 тұрғыны бар қалада 100 көшбасшы, миллион тұрғыны бар қалада – 10000 көшбасшы болуы тиіс;

- есептілік пен ашықтық принциптеріне негізделген жүйе шеңберінде тәуекелді шешімдер қабылдауды ынталандыру қажет, мұның өзі адамдардың өз қалаларының өміріне шығармашылықпен қатысуына мүмкіндік береді [2].

Осы үш басты міндетті шешу үшін форсайтты зерттеулерді ғана емес, сонымен қатар акселераторлар, инкубаторлар, жоба агрегаторлары сияқты институционалдық-жобалық форматтарды игеру және барлық жерлерде енгізу қажет болады.

Бұл жаңа институционалдық-ұйымдастырушылық құрылымдар әлеуметтік шығармашылықтың инновациялық шығармашылық алаңдарына айнала алады.

Мұндай жаңа буындық азаматтардың әлеуметтік шығармашылығын басқаруға, үйлестіруге және бастамашыландыруға бағытталған институционалдық-ұйымдастырушылық құрылымдар құру тұрғындардың белсенді бөлігіне локальдық комьюнити немесе ерекше мақсатты топтар деңгейінде әлеуметтік қайта құруларды жасампаздықпен іздестіру ісіне тартуға мүмкіндік береді. Бұл жерде «Рухани жаңғыру» қағидаттарына сәйкес қоғамның жасампаз және конструктивті дамуына бағытталған әлеуметтік жобалар акселераторларын, инкубаторларын және агрегаторларын құру туралы болып отыр.

«Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты (бұдан әрі – ҚҚДИ) 2020 жылы қоғамдық сананы жаңғырту саласында форсайттық зерттеулерді бастады. Әлеуметтік жобалар акселераторы іске қосылды. Осы пилоттық бастамалардың өзі тұрақты жұмыс істейтін жобалар мәртебесіне ие болуы қажет. Осы тәжірибені өңірлік деңгейлерде тарату үшін құжаттар пакеті құрастырылуда.

Әлеуметтік шығармашылық процессін ұйымдастырудың негізгі элементтерін сипаттауға тоқталайық.

Тұрғындардың белсенділігі үнемі тәуелді болып келетін маңызды шарттардың бірі «үшінші орын» деп аталатынын болуы, ол креативтілік кеңістік, қазіргі заманғы және қол жетімді қор орталықтары, олар шығармашылық белсенділікті дамытуға, тұрғындарды тұлғалық дамуға ықпал ететін жобаларға тартуды қамтамасыз ететін, қызметтің түрлі бағыттары бойынша жаңа көшбасшылар қалыптастыратын жағдайға ықпал ететін болады.

Пандемиямен байланысты карантин кезеңі ең алдымен тұрғындардың шығармашыл бөлігіне ықпал етті. Бұл жерде әлеуметтік-мәдени қызмет саласында жобаларды дамыта отырып, осы «үшінші орындарды» құрастыратын белсенділер туралы сөз болып отыр. Бұл шығармашылық студиялардың, балалар мен ересек тұрғындардың демалысын ұйымдастыратын мекемелердің кең көлемі. Түрлі бағыттардағы би, музыкалық, көркем, театрлық, спорттық секциялар, әр түрлі қызығушылық бағытындағы клубтар, ресми емес білім беру орталықтары. Агрегацияның осы бастамашыл субъекттері азаматтардың әлеуметтік шығармашылығының өз алаңдарында ерекше экономикалық қиындықтарға тап болып отырғанына назар аударуымыз қажет. Олар жалға алу үшін төленетін ақының өзін әрең табады, көбінесе тіпті оны өз қалталарынан төлейді, өзінің шығармашылық қызметін өз қаржысы арқылы қаржыландырады.

Карантин кезеңі мұндай орталықтардың бұдан әрі дамуын іс жүзінде мүмкін емес ететін жағдайға әкелді. Көптеген орталықтар жабылып қалды. Тек ең қайсар қайтпас адамдар мен өз ісіне шексіз берілгендер ғана өздерінің әлеуметтік бағытты жұмыстарын жалғастыру үшін бөлмелердің жалдық ақысын төлеуге қаражат іздестіруді жалғастыруда.

Мұндай шығармашылық және спорттық ұжымдар үшін бөлмелерді қол жетімді бағамен жалға алу ұсыныстарын жасау әлеуметтік-мәдени қызмет саласында әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасайды.

«Әлеуметтік-мәдени қызмет» кәсіптік термині қазіргі жоғары оқу орындарындағы бакалавриат және магистратура бағдарламалары бойынша кәсіптік дайындық бағыты, зерттеушілік орталықтар мен тәжірибелік жұмыстың ғылыми мамандығы атауы ретінде «Мәдени-ағартушылық жұмыс» терминінің орынына келгенін атап өтуіміз қажет.

«Мәдени-ағартушылық жұмыс» ұғымы көпшілік арасында мәдени-ағартушылық жұмыстарды дұрыс және мерзімімен ұйымдастырылмаса қазақстандықтардың қоғамдық санасын алдыңғы қатарлы дамытуда жетістікке қол жеткізудің қиын болатынын көрсетеді.

2020 жылдың басынан бастап жұмыс істеп тұрған әлеуметтік жобалар акселераторына 110 жоба тапсырыс берген. Таңдап алудың бірнеше кезеңінен және сарапшылармен жұмыстан өткен 20 жоба Қазақстанның өзге өңірлеріне тарату үшін таңдап алынды. Жобалардың барлық авторларының көшбасшы-белсенділері, өздерінің жобалық бастамаларының энтузиасттары болып табылатынын, өз ісінің біліктілігі жоғары мамандары болып табылатын атап өтуіміз қажет. Жобалардың әрқайсысы өз бағытында әлеуметтік шығармашылықтың орталығына айналып үлгерді және белгілі бір жағдайлар жасалынған жағдайда өз қызметінің шектерін кеңейтуге, жобаға мақсатты аудиторияны кеңінен тартуды қамтамасыз етуге, өз саласында жаңа көшбасшыларды қалыптастыру мен тәрбиелеуге дайын.

Бұдан әрі біз «Рухани жаңғырудың» ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және сананы жаңғырту сияқты қағидаттарын нәтижелі ілгерілетуге барынша ықпал ететін СКД саласындағы әлеуметтік жобалар кейстеріне назар аударатын боламыз.

Дәл осындай жобалар негізінде өзге жобалық бастамалардың тұрақты дамуына мүмкіндік беретін кластерлер қалыптастырудың тиімді екенін атап өту қажет. Сол арқылы өңірлерде жасампаз әлеуметтік шығармашылықтың тұрақты кеңістігі құрастырылатын болады. Біздің институт жүргізген форсайттық зерттеулер Қазақстан үшін дәл осындай бағыттарды дамытудың өзектілігін дәлелдеп берді.

Кейс №1. «Қазіргі заманғы өнер кеңістігі «OzgeEpic» жобасы. Бұл жоба жоғары кәсіпқойлық деңгейдегі медиа-менеджерлерді, режиссерларды, журналистерді, мультипликаторларды, музыканттарды, әдебиет саласы ғалымдарын, суретшілерді біріктіреді. Жоба командасы сегіз бағыт бойынша әлеуметтік-мәдени қызметті жүзеге асырады: OzgeMusic, OzgeKino, OzgeTeatr, OzgeAdebiyat, OzgeKorme, OzgeDuken, OzgeBilim, OzgeMedia, OzgeDemalys.

Аталған бағыттар бойынша жобалар құрастырылған, олардың шеңберінде ұйымдастырылатын іс-шаралар тұрақты жұмыс істейді:

– Amen Animation Film Festival – Отандық анимацияның тұңғыш кинофестивалі;

– Janguyуq LIVE by – музыкант-авторлар жобасы, құрамына LIVE концерттер, онлайн радио, Janguyуq Fest қазіргі заманғы музыка фестивалі кіреді;

– Ozgebilim academy – білім беру платформасы, шығармашылық шеберханалар;

– StarTDrama зертханасы – тәуелсіз театр;

– Kundelik by OzgeTeatr – онлайн театр.

Жоба миссиясы – қазіргі өнерді «өзге» түрінде көрсету және оқыту («Ozge») виде. Сонымен, қоғам өзінің шығармашылық мүмкіншіліктерін ашады, отандық қазіргі заманғы өнерді дамытуға өз үлестерін қосады. OzgeEpic жобасы 2019 жылы Алматы қаласының мәдени кеңістігін өзі үшін ашып, пилоттық режимде іске қосылды. Мұндай кеңістіктің басымдығы оның өзектілігінде, динамикасы мен бейімделгіштігінде, өткізілетін іс-шараға байланысты ол концерттік немесе көрме залына, бейне немесе дыбыс жазатын студиоға, қазіргі заманғы өнердің шығармашылық алаңына айнала алады. Мұндай шығармашыл, авангардты, инновациялық жағы алаңды жұмыс істеп отырған театрлар, кино, мұражайлар, өнер Академиясынан ерекше етеді, олар өздерінің форматтарында, өнерін көрсетуде академиялық болуына байланысты көп жағдайда консервативті болып келеді.

Жобаның көшбасшысы мен идеялық жігерлендірушісі музыкант, әндер авторы әрі орындаушысы, «Кино және ТД» мамандығы бойынша магистр, «Балапан» телеканалының директоры Макпал Жумабай болып табылады.

Қазіргі заманғы өнердің бірнеше шығармашылық бағыттары мен мамандықтарын, жоғары деңгейлі суретшілерін біріктіретін мұндай алаңды құру халқаралық стандарттар деңгейіндегі іс-шаралар өткізу мен өнімдер жасауға, қазіргі заманғы қазақ мәдениетін халқаралық аренада танытуға мүмкіндік береді. Тарихта қала мэриясы қалалықтардың әлеуметтік шығармашылығын жандандыру, пассионарлықты арттыру және

ерекше шығармашылық ахуал қалыптастыру үшін қалада бірнеше жыл тұруға жоғары деңгейдегі мәдениет қайраткерлерін немесе командаларды шақыратын мысалдар бар, олар үшін барлық жағдай жасалынады, себебі дәл осындай адамдар төңірегінде тұрғындардың өздігінен ұйымдасу процесі жүргізіледі.

Акселерация барысында жоба келесі міндеттерді шешеді:

Жобаның толық Start-book құрастырылды, ол өңірлерге тарату процесін барынша нәтижелендіруге мүмкіндік береді;

Өңірлерде жобаларды іске қосу мен қызмет етуінің барлық процесстері бойынша стандарттардың толық пакеті құрастырылды, онда тиісті шаблондар, бланклер, нұсқаулықтар келтірілген;

Білім беру модулы құрастырылды және өнер саласы бойынша білім беру платформасы іске қосылды;

Жоба командасы жобалық менеджмент, нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, стейкхолдерлермен қарым-қатынас орнату мәселелері бойынша жүйелі білім алды;

Жоба кураторлары жаттықтырушылар тренингнен оқудан өтті, мұның өзі оларға жобаны кеңейткен жағдайда жаңа мамандарды нәтижелі дайындауға мүмкіндік береді;

Волонтерлер базасы құрылды және олармен бірлесе әрекет ету жүйесі дайындалды;

Білім беру саласында клиенттермен жұмыс жасау үшін CRM-жүйесі құрастырылды.

Акселератор сарапшылары жобаның өз қызметі мен даму стратегиясын кеңейтуіне дайындығы бойынша кеңес беруі жүзеге асырылды. Бірақ орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың қолдаусыз жоба командасына шығармашылық дамудан гөрі техникалық және материалдық мәселелерді шешуді көбірек ойластыруға тура келетін сияқты.

Кейс №2. «NOMAD» би мектебі» жобасы: әлем халықтарының биі» де акселерациядан сәтті өтті. 2012 жылы құрылған. Жобада оқыту авторлық әдістеме бойынша жүргізіледі. «NOMAD» шет елдерде белгілі брендтік қазақстандық ансамбльге айналды. Дарынды балалар, әлеуметтік жағынан аз қорғалған тұрғындардың балалары, семіздікке ұшыраған балалар және инклюзивті балалар үшін қосымша қол жетімді білім беру бағдарламасы құрастырылған – денсаулық тобы, сондай-ақ ересек және қарт адамдар үшін жалғыздықтың психозмоционалдық жағдайының алдын алу және денсаулықты нығайтуға арналған бағдарламалар құрастырылған. Өздерінің құрбыларын өз дамуында басып озған балаларды 3 жасынан бастап оқытуға мүмкіндік беретін авторлық жүйе. Шығармашыл командаға білім берудің авторлық жүйесі құрастырылған

және педагогикалық қызметтің сапасын бақылау мен есепке алу жүйесі құрылған. «Әлем халықтарының биі» бағыты бойынша бірден-бір ерлер құрамынан тұратыны балалар ансамблі еліміздің басты сахналарында жұлдыздар мен еліміздің бірінші тұлғаларының қатысуымен концерт беріп келеді. Жоба өз тәжірибесін барлық өңірлерге таратуға дайын, тарту форматтары мен бизнес-моделі құрастырылған.

Осы жобаны акселерациялау барысында мемлекет тарапынан тым болмаса би студиясының жұмыс істеуіне арналған бөлме беру және концерттер мен байқаулар өткізу үшін сахна беру түріндегі қолдаусыз мақсатты аудиторияны кеңінен тарту және шығармашылық даму, осы бағыт бойынша жаңа көшбасшыларды даярлау қиын болатыны анықталды.

Кейс №3. «Клуб исторической реконструкции «Темір Түмен» тарихи реконструкциялау клубы» жобасы. Бұл тарихи реконструкциялаумен, қолөнерімен және орта ғасырлық шайқастармен айналысатын адамдар бірлестігі. Қазақстан тарихы мен мәдениетін насихаттайды, ата-бабаларының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлерін жаңғыртумен айналысады. Тарихи реконструкция клубы негізінде ғылыми-мәдени және білім берушілік қызметті демалыспен (хоббимен), қолөнерді дамыту мен қайта жаңғыртумен, әскери-патриоттық тәрбие берумен, ұлттық сана-сезімді қалыптастырумен, спорттың жаңа және дәстүрлі түрлерімен біріктіруі тиіс алаң құрады. Қозғалыс негізінде туристік салаға бағытталған фестивалдер мен оқиғалық іс-шаралар үшін ғылыми-мәдени және event-контент кластерін қалыптастырады.

Өкінішке орай біздің елімізде тарихи реконструкция бағытында қосымша демалыс саласы бойынша қызмет көрсету нарығы іс жүзінде жоқ. Барлық жұмыс істеп отырған ресми және бейресми клубтар шағын, әлсіз дамыған және не ғылыми-әдістемелік және білім берушілік база бойынша немесе қорлардың шектеулі болуына байланысты қиыншылықтар көруде. Қазіргі таңда «Темір Түмен» Қазақстандағы ең ірі клуб және тарихи орта ғасырлық шайқастар бойынша ең күшті клуб. Клуб 2013 жылдан бері жұмыс істейді және осы уақыт ішінде орасан зор білім мен тәжірибе жинақтаған, Қазақстанда да, шет елдерде де тарихи ғылыми орта өкілдерінің үлкен бөлігімен байланыс орнатқан. Клуб Қазақстандағы тарихи орта ғасырлық шайқастың халқаралық Ассоциациясының ресми өкілі болып табылады. Тарихи орта ғасырлық шайқас бойынша ұлттық құраманың құрамын құрастырады, Нұр-Сұлтан қаласында орта ғасырлық шайқас бойынша бірнеше халқаралық турнирлер өткізген. Команда қозғалыс біздің еліміздің түкпір-түкпірінде қызмет етуі үшін баршамен өз тәжірибесімен бөлісуге дайын.

Қазақстанда тарихи реконструкция клубтарын дамыту тұжырымдамасы қабылданған, мұның өзі мемлекеттік органдардың осы бағытты

дамытудың қажеттігін түсінетінін көрсетеді. Алайда осындай клубтардың желісін дамыту тетіктері туралы бірыңғай көзқарас қалыптаспаған, құжатта осы сала бойынша көпшілік іс-шаралар өткізуге басты назар аударылған, мұның өзі әдетте жүйелі дамуды қамтамасыз етпестен тек бөлінген қаражатты игерумен аяқталады.

«Темір Түмен» тарихи реконструкция клубы» жобасы акселерация бағдарламасынан өту нәтижесінде келесі міндеттерді шешті:

Нұр-Сұлтан қаласында тарихи реконструкция клубының толыққанды пилоттық жобасы іске қосылды.

Реконструкция процесстері бойынша әдістемелік материалдары мен ұсыныстарымен бірге технопакет құрастырылды.

Жобаны өңірлерге тарату үшін толық пакет құрастырылды

Жоба командасы жобалық менеджмент, нәтижелердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, стейкхолдерлермен қарым-қатынас орнату мәселелері бойынша жүйелі білімдер мен дағдылар алды.

Жобаға қатысушы жаттықтырушылар тренингісінен білім алып шықты, бұл оларға жобаны кеңейткен жағдайда мамандар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Жобаны таратуға дайындық келесі мүмкіндіктерді береді:

Қысқа мерзім ішінде бүкіл Қазақстан бойынша жаңа тарихи реконструкция клубтарын ашуға;

Тұрғындардың «қозғалыс» туралы ақпарат алуын арттыруға, тарихи сауаттылықты арттыруға және ұлттық өзін-өзі тануды арттыруға;

Демалыс (хобби) қызметін ұйымдастыру нарығында жаңа кластер құрастыру, сондай-ақ Қазақстан нарығының қолөнерлік және туристік бағыттарын сапалық жағынан жаңа деңгейге көтеру.

Клубтың қазіргі таңдағы басты қажеттігі өзінің техникалық талаптарға сай келетін ғимаратына ие болу болып отыр.

Ресей Федерациясында мұндай клубтардың қызметі толықтай мемлекеттен қаржыландырылады, сонымен қоса қалыптасқан кластер негізінде кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдай жасалады.

Кластер құрамына келесі бағыттар кіреді:

- ғылыми-зерттеушілік қызмет – түрлі тарихи кезеңдер туралы өзекті білім базасы;

- қолөнердің дамуы – киім, тұрмыстық заттар, әшекей бұйымдары және т.б.;

- салауатты өмір салты, спорт, халқаралық турнирлерге қатысу;

- ұлттық бірегейлікті нығайтатын көпшілік іс-шаралар өткізу;

- туризмді дамыту, клубтар негізінде туристік кластерлер қалыптастыру;

- қосымша білім алу және демалу, тұлғаның жан жақты дамуы.

Тарихи реконструкция клубының қызметін қаржыландыру үшін мемлекеттік гранттарды, демеушілік көмекті тарту, клуб қызметін муниципалитеттердің бюджетіне енгізілуіне қолдау көрсету қажет болады. Сондай-ақ клуб өзінің бұдан арғы қызметінің бір бөлігін фестивалдер ұйымдастыру, көпшілік іс-шаралар өткізуге арналған контент ұсыну, тұрғындарға ақылы негізде қызмет көрсету (түрлі салалық секциялар мен сабақтар), сондай-ақ ұсталық және зергерлік қызметті монетизациялау арқылы өз қызметін ақылық негізде жүзеге асыра алатын болады.

Тарихи реконструкция клубының жұмысы негізінде туризмді, оның ішінде халқаралық туризмді дамыту Қазақстан үшін дамудың стратегиялық бағыттарының біріне айналуы мүмкін, себебі форсайттық зерттеулер көрсетіп отырғандай еліміздің қазіргі және болашаққа арналған брендтерін қалыптастыратын, экологиялық және мәдени күн тәртібіне толығымен сәйкес келеді.

Кейс №4. «Қазақтардың материалдық емес мәдени мұрасы: дәстүрлі шаруашылық және тамақтану мәдениеті» жобасы. Жобаны «ЕЛТАНУ-Астана» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырады, оның қызметі материалдық емес мәдени мұраны қайта жаңғырту мен насихаттауға, халықтың көп ғасырлық өмір тәжірибесін сақтау және қазіргі өмірге енгізу, қазақтардың тамақтану және шаруашылық жүргізу мәдениетінің ерекшеліктерін анықтауға (зерттеу экспедицияларын ұйымдастыру негізінде) бағытталған. Қазіргі таңда Қазақстанның тамақтандыруды ұйымдастыратын мекемелері тарапынан қазақ тағамдарының жаңа рецептеріне деген сұраныс артып келеді. Қазіргі таңда «ЕЛТАНУ-Астана» қоғамдық бірлестігі қазақ ұлттық асханасын зерттеумен жүйелі түрде айналысып келе жатқан бірден бір жалғыз мекеме болып табылады. 200 жуық рецепт жинақталған, Қазақстан рестораторлары клубымен, Қазақстан шеф-аспаздар гильдиясымен, Қазақстан азық-түлік академиясымен (астың тағамдық және биологиялық құндылығын бағалау мүмкіндігін береді) және т.б. мекемелермен байланыс орнатқан. Жоба басшысы – Қазақстан Республикасы Ұлттық мұражайының «Халық қазынасы» ҒЗИ «Материалдық емес мәдениет» бөлімінің басшысы Айгерим Мусагажинова қазақ ұлттық асханасын зерттеу саласының танымал маманы болып табылады. Жобаны жүзеге асыру үшін кәсіпқой мамандар командасы жинақталған: ғалым-зерттеушілер, дизайнерлер, шеф-аспаздар, азық-түлік технологтары.

Жобада ұлттық асхананы, гастро-туризмді, отандық азық-түлікті, брендтерді, ББҚ ілгерілету мен дамыту үшін бай материал жинақталған. Форсайттық зерттеулер натуралдық өнімдер мен ББҚ Қазақстан үшін стратегиялық жағынан маңызды бағытқа айналуы мүмкін екенін көрсетті. Алайда тек акселератор сарапшыларының қолдауы жобаны одан әрі

дамыту үшін жеткіліксіз. Жоба мемлекет пен бизнес-қауымдастық тарапынан қаржылық қолдау мен инвестицияларды қажет етеді.

Кейс №4 «Мейкерлер қозғалысы» жобасы. Гипотетикалық форсайт-қор ретінде ұсынылған. Мейкерлер қозғалысы 2000 жылдың басынан бастап бүкіл әлем бойынша дамып келеді, бірақ Қазақстанда тек өзінің қалыптасу кезеңін басынан өткізуде.

«Мейкерлер – өздерінің идеяларын, кейбе тіпті ақылға қонымсыз идеяларын өз қолдарымен жүзеге асыратын шығармашыл тұлғалар. «Мейкер» сөзі *take* – *құрастыру сөзінен шыққан*, мұның өзі мейкерлер не өздері жаңа өнім жасайтынын немесе қолданыстағы дүниені жетілдіретінін білдіреді. Тұтас мейкерлер мәдениеті қалыптасқан, ол жаңа технологияларды пайдалануды (мысалы 3D принтерлерді) дәстүрлі қолданбалы өнермен байланыста пайдаланады. Сондықтан да инженер-бағдарламашы да, ағаш өңдеумен айналысатын шебер де өздерін мейкерміз деп есептей алады. Көбінесе технологияларға, жаңа өнімдер жасау мен қоғамды дамытуға қызығушылық танытатын мектеп оқушылары, студенттер, бастамашылар мейкер болады. Олардың кейбіреулері кейіннен кәсіпкерлерге айналып өздерінің стартап компанияларын ашады». [3]

Тұңғыш рет мейкерлер мәдениеті туралы сөз қозғаған 2005 жылы құрылған «МАКЕ» американдық журналы болды, Дэйл Доэрти, журналдың негізін қалаушы технологиялар мен шығармашылыққа қызығушылық танытатын адамдарды бір алаңға жинап, Калифорния қаласында тұңғыш мейкерлер фестивалін өткізді. Қысқа мерзім ішінде қозғалыс бүкіл әлемге тарала бастады, ал қазіргі таңда олардың фестивалдеріне жүз мыңдаған адамдар қатысады! Сингапурда мейкерлер мәдениеті мектептер мен жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына енгізілген, АҚШ-та Барак Обама «America Makes» ұлттық компаниясын құрды, «Американың ұлы мейкерлері» реалити-шоу жүргізіледі, онда мейкерлер командалары миллион долларды құрайтын жүлде үшін бәсекеге түседі. Қажетті құрал-жабдықтары мен оқу базасы бар қол жетімді қор орталықтары құрылған, мұнда қозғалысқа қатысушылар шығармашылық эксперимент, инновациялар мәселелерін құрылған материалдық-техникалық базаны пайдалана отырып шеше алады. Мұндай алаңдар Қазақстанның кейбір жоғары оқу орындарында, ТжКББ мекемелерінде, мектептерде жұмыс істейді, бірақ кең аудитория үшін қол жетімді емес.

Кейс №5 «Open English» жобасы. «Open English» жобасы волонтерлік қозғалысты мемлекеттік немесе өзге де қаржыландырусыз, нөлден бастап дамытудың мысалы бола алады – волонтерлер мектептердің жоғары сынып оқушыларына ағылшын тілін үйретеді, ол да акселерация

бағдарламасынан өтті, Нұр-Сұлтан қаласында орналасқанымен қазіргі таңда Қазақстанның өзге де өңірлеріне таратылууда.

«Open English» жобасы инновациялық көзқарасқа мысал бола алады, мұнда оқыту барысында мектеп оқушылары мен волонтерлер қазіргі таңда кез келген салада нәтижелі қызмет ету үшін қажетті құзыреттіліктерді игереді. Волонтерлер оқытуды өнер ретінде үйренсе, оқытушы бағдарламаларда пайдаланылатын инновациялық көзқарастар бір жыл ішінде ағылшын тілін үйреніп шығуға және IELTS 5.0-6.0 баллға тапсыруға мүмкіндік береді, мұның өзі әлемнің кез келген университетіне түсу үшін жеткілікті. Орта мектептердің ағылшын тілі пәні оқытушылары үшін біліктілік жетілдіру курстары құрастырылған. Жоба бағыттарының бірі – дәлдік ғылымдары оқытушыларын ағылшын тілінде сабақ беруге даырау болып табылады.

«Open English» жобасын мысалға ала отырып біз оқыту мен менеджменттің желілік каскадтық ұйымдастырылу әдісін қарастырамыз, оның құрамына нәтижелі бизнес-модель кіреді және жобаға мақсатты аудиторияны кең көлемде қамтуды қамтамасыз ете отырып сырттан қаржы тартпастан-ақ әлеуметтік кәсіпкерлік субъектсі ретінде дамуға мүмкіндік береді.

Оның жетістігінің басты факторы Кембридждік КЕТ және PET емтихандары негізінде мектеп оқушылары үшін оқу бағдарламаларын құрастыру және ағылшын тілін оқыту бойынша сарапшы Юрий Зайцев құрастырған волонтерлерге арналған нәтижелі оқыту бойынша интенсивті тренингтерді пайдалану болып табылады. Мектеп оқушыларынан бастап Ұлттық компания өкілдеріне дейінгі түрлі санаттағы адамдарды оқыту бойынша жинақтаған 22-жылдық еңбек тәжірибесі Юрийге оқытудың авторлық нәтижелі әдістемесін құрастыруға мүмкіндік берді, ол волонтерлерге арналған интенсивті курстардың негізін құрады.

Оқушыларды кең көлемде қамтуды қамтамасыз етуге дәл осы желілік каскадтық жүйе мүмкіндік береді, мұнда волонтерлер интенсивті тренингтен өткеннен кейін жоба жаттықтырушыларының сүйемелдеуімен оқушыларды оқытуға жіберіледі. Жаттықтырушылардың жұмысын координатор үйлестіреді, ал менеджер координаторлардың нәтижелі жұмыс істеуі үшін барлық ұйымдастырушылық мәселелерді шешумен айналысады. Сонымен, ұйымдастырушылық құрылымда 4 деңгей әрекет етеді – волонтер, жаттықтырушы, координатор, менеджер, әрбір жаңа деңгейге ауысу менеджментке және қажетті құзыреттіліктерге қосымша интенсивті оқыту арқылы жүргізіледі. Волонтерлер оқудан өткеннен кейін жаттықтырушының басшылығымен оқыту тәжірибесінен өтеді, ал жаттықтырушылар, координаторлар мен менеджерлер жобадан еңбекақы алады және өздері де оқу мен білім жетілдіруді жалғастыра береді.

Жобаға волонтерлердің қатысуы оқу ақысын қол жетімді етуге мүмкіндік береді, ол аптасына 4 сағат оқытқан кезде, айына – 6000 тенгені құрайды. Сонымен қатар, квота бар – аз қамтамасыз етілген отбасылардан шыққан балаларға тегін орындар. Мұндай бизнес-модель жобаның тұрақты дамуына және мақсатты аудиторияны кеңінен қамтуға мүмкіндік береді, ал басқарудың желілік моделі оқыту процессінің сапасын бақылауды қамтамасыз етеді, мұнда жоғары дәрежелі сапашы беретін білім мен құзыреттіліктер жаттықтырушы мен жобаның оқытушы – волонтері арқылы беріледі және соңғы нәтижені – мектеп оқушыларының қазақстандық және шет елдік оқу орындарына түсу үшін қажетті халқаралық емтихандарды тапсыруын қамтамасыз етеді.

Жоба Нұр-Сұлтан қаласында 2 жыл жұмыс істеп келеді және осы мерзім ішінде өзінің нәтижелілігінің жоғары екенін көрсетті. Пандемияға байланысты оқытудың онлайн форматы игерілді және ендігі жерде жоба өз тәжірибесін Қазақстанның барлық өңірлеріне таратуға дайын.

Жоба мектептермен, жоғары оқу орындарымен ынтымақтастықта нәтижелі дамып келеді, олармен ынтымақтастық туралы меморандумдар жасалынған, әкімшілік және ақпараттық қолдауды әкімдіктің білім беру басқармасы көрсетеді.

Ағылшын тілі желілік каскадтық оқыту әдісін пайдалана отырып оқытылатын бірінші бағыт қана. Дәл осылай қазақ тілін оқытуға, IT құзыреттіліктерді арттыруға, құқықтық, психологиялық сауаттылықты арттыруға, кез келген өзекті құзыреттіліктерді дамытуға және ең жоғары деңгейдегі сарапшылардың тәжірибесін таратуға болады, мұны классикалық оқыту жүйесі арқылы жылдам жүзеге асыру мүмкін емес. Мұндай желілік жобалар қазір қолданылып отырған кластерлерге кіріктіріледі, мектептермен, жоғары оқу орындарымен ынтымақтасады және барлық мүдделі тұлғалардың бірлесе әрекет етуінен синергетикалық нәтиже беруін қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік жобалар акселераторларының міндеті елеулі көлемдегі көшбасшылық мүмкіншілігі бар және таңдап алған саласы бойынша авторлық инновациялық тәжірибесі қалыптасқан командаларға қолдау көрсету, жоба ішінде жаңа мамандарды оқытудың осындай желілік моделдерін құрастыру, мақсатты аудиторияны кең көлемде қамтуын қамтамасыз ету. Жоба құрамында осындай желілік моделдерді құрастырушы мамандарға сұраныс артып келеді, бұл жақын болашақтың ең көп талап етілетін мамандықтарының бірі – қоғамда өзін өзі ұйымдастыру процесстерін басқара білетін, жаңа деңгейде мүдделілікпен жұмыс істейтін адамдар, себебі мұнда көлбеу байланыстар анықтаушы сипатқа ие болады, ал директивті, процессті тігінен басқару жүзеге асыратындар көлекеде қала береді. Мұндай мамандар мүдделендіруші жаттықтырушы

және нәтижелі оқытушылар құзыреттіліктеріне ие болуы тиіс, дәл осы адамдар оқыту процессін жобалау қызметі арқылы қамтамасыз ететін болады – бұл үздіксіз білім беру мен өзекті құзыреттіліктерді қамтамасыз ету форматтарының бірі.

Форсайттық зерттеулер көрсетіп отырғандай, жақын болашақта оқытушы мамандығы күшті өзгерістерге ұшырайды – нәтижелі оқыта білу кең көлемдегі сұранысқа ие болады және барлық адамдар базалық білім алу барысында игере алатын дағдыға айналады.

«Өзің үйрендің бе, өзгеге үйрет» принципі жеке траектория бойынша үздіксіз білім беру парадигмасының базалық принципіне айналады.

Тұрғындарды кең көлемде қамтитын қозғалыс қалыптастырудың тағы да бір шарты жобаларды тәлімгерлік элементтерімен, кейде волонтерлік қатысумен, барлық қажет етушілердің кеңінен қамтылуын қамтамасыз ететін, бір деңгейден екінші деңгейге өтудің айқын шарттары бар каскадтық желілік құрылым болып табылады.

Қозғалысты қалыптастырудың орталығына айнала алатын жоғары деңгейдегі идеологтар мен сарапшылар болған жағдайда тағы да үш шарт орындалуы тиіс:

– осы бағыттың кең көлемдегі қатысушылар үшін өзектілігі мен қажеттігі; ұйымдастырушылар – кәсіпқой мамандар, қозғалысты қалыптастыруды басқарады, бизнес-модель (қозғалыс кездейсоқтықтан қалыптаспайды); кластер қалыптастыру – осы салада әрекет ететін стейкхолдерлермен қарым-қатынас орнату. Сонымен, оқыту мен басқаруды желілік каскадтық құрылыммен жүргізетін жобалардың тұрақты дамуы келесі міндеттерді шешу арқылы қамтамасыз етіледі:

1. Әр деңгейде өзекті құзыреттіліктерге интенсивті оқыту, ол үшін қамтамасыз ету қажет:

– Жоғары деңгейлі сарапшыларды біріктіру, кластердің идеологиялық ядросын қалыптастыру;

– Өзекті құзыреттіліктер бойынша интенсивті инновациялық курстар құрастыру;

– Әдістемелік және нормативтік-құқықтық қамтамасыз ету.

2. Менеджменттің нәтижелі моделі, оның құрамына кіреді:

– Жоба ішіндегі желілік-каскадтық құрылым, бір деңгейден екінші деңгейге өтудің айқын шарттарының болуы, мүдделендірудің қалыптасқан жүйесі, карьералық өсу мүмкіншілігі;

– Бірінші деңгейде қатысушылардың кең көлемде енуін қамтамасыз ететін волонтерлердің қатысуы (стажер, тәжірибеден өтушілер), жоба ішіндегі тәлімгерлік және сабақтастық;

– Оңтайлы басқару, тұрақты даму, жаңа өзекті ұсыныстар мен білім беру модульдерін енгізу;

– Жобаның тұрақты дамуын қамтамасыз ететін нәтижелі бизнес-модель.

3. Жұмыс істеп тұрған институттарды, инфрақұрылымдарды қосу, кластер қалыптастыру:

– Таңдап алынған саланың барлық жұмыс істеп тұрған институттарының өзара тиімді ынтымақтастығын үйлестіру;

– Таңдап алынған салаға қызметтік талдау жасау, артта қалған қызметтерді белсенділендіру;

– Қорлар мен инфрақұрылымды пайдалануды оптимизациялау.

Сонымен, әлеуметтік шығармашылықты дамытудың маңызды шарты – эксперименталдық шығармашылық алаңдардың, қор орталықтарының, «үшінші орын» аталатын креативтік кеңістіктердің болуы. Бұл «кеңістіктер» түрлі бағыттағы жобаларды жүзеге асырушы көшбасшы-белсенділер үшін де, осы әлеуметтік жобалардың мақсатты аудиториясы үшін де материалдық, нақтылы, қаржылық, легитимдік жағынан қол жетімді болуы тиіс.

Қор орталықтары, қол жетімді инфрақұрылыммен қатар тұрғындардың жаппай қатысуымен өткізілетін іс-шараларды тұрақты түрде өткізу маңызды – түрлі деңгейлердегі- өңірліктен халқаралыққа дейінгі фестивалдер, жәрмеңкелер, байқаулар, концерттер, конференцияларды өткізу. Мұндай іс-шараларды өткізу әлеуметтік шығармашылықты дамытудың тағы да бір міндетті шарты болып табылады.

Акселерация бағдарламасынан өтетін әрбір жобада жобаның басты тақырыбын ілгерілетудің маңызды элементі болып табылатын осындай іс-шаралар құрастырылған. Бір жағынан алғанда мұндай іс-шараларды жүзеге асыру үшін қорлар бөлу қажет, көп жағдайда олар мемлекет тарапынан қаржыландыру мен қолдауды талап етеді, екінші жағынан туризмді, оның ішінде халқаралық туризмді дамыту үшін жағдай жасайды, жоба төңірегінде кластер дамытады, мұның өзі осы бағытқа инвестициялық қызығушылық тудырады, кәсіпкерлікті дамытады.

Базалық болып табылатын, онсыз әлеуметтік шығармашылық дамымайтын, ол туралы жоғарыда айтылып өткен тағы бір маңызды жағы – бұл көшбасшының болуы. Әлеуметтік шығармашылықтың дамуын басқару үшін форсайттық өңірлік және кластерлік зерттеулер жүргізу маңызды. Зерттеулерді белсенділердің зерттеуі түрінде жүргізген тиімді, («Action Research») онда оған зерттелетін процесс бойынша барлық стейкхолдерлер қатысатын болады. Осы зерттеушілік бағытта зерттелетін әлеуметтік процесстер мен құбылыстарға тартылған барлық кәсіпқой ғалымдар мен тікелей стейкхолдерлердің бірлесе әрекет етуі өзектендіріледі. Зерттелетін әлеуметтік мәселе бойынша «жергілікті маңызы бар білім» мен «кәсіпқой білімнің» кірігуі жүзеге асырылады.

«Action Research» көзқарасының теоретиктері біздің заманымызға тән классикалық әлеуметтік зерттеулер мен консалтинг тәжірибе бойынша сарапшылар болып табылатын жергілікті білімі бар стейкхолдерлермен салыстырғанда кәсіпқой білімдерге басымдық беретініне көңіл аударады. «Action Research» басты ерекшелігі кәсіпқой мамандар да, стейкхолдерлер де зерттеуде бірдей маңызды рөл атқарады. «Whereas conventional social research and consulting privileges professional knowledge over local knowledge, action research does not» (Greenwood D.J., Levin M. 2015)

Бірақ та жасампаз және конструктивті әлеуметтік шығармашылықты алдыңғы қатарлы дамыту үшін авторларды форсайтты жүзеге асыруға қосу үшін жоба акселераторлары мен агрегаторларының жұмысын жолға қою маңызды.

3.2 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға қатысушылардың бірлесе әрекет етуін үйлестіру

Дұрыс үйлестіру кез келген жүйенің тұтастығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етеді. «Үйлестіру» сөзі (лат. **co** – бірлесе, **ordinare** – ретке келтіру сөзінен шыққан) белгілі бір жүйеде әрекет ететін барлық институттардың әрекеттерінің келісілуін қамтамасыз етуді, үздіксіз және үзіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында олардың жұмыстарын сақтау, қолдау және жетілдіруді білдіреді [1].

Кез келген жүйені үйлестіру немесе басқару барысында орталық орынды үйлестірудің маңызды бағыттарын анықтау, сондай-ақ белгіленген белгілі бір мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге қатысатын негізгі институттар алатын болады. Үйлестіру жүйенің барлық қатысушылары үшін бірыңғай әрекет етуді қамтамасыз етеді. Сондықтан да үйлестірудің негізгі басымдықтары ең алдымен келісілуі, теңгермешілдігі және басқарушылығы болуы мүмкін [2].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы 2017 жылдан бері жүзеге асырылады және оны жүзеге асыруға оның қазақстан қоғамында нәтижелі ілгерілетілуін қамтамасыз ететін тұтас жүйенің жұмысын қамтамасыз ететін жекелеме институттар қатысады. Әр институт бағдарламаның негізгі ережелерін түсіндіруді ғана емес, сонымен қатар оны нәтижелі жүзеге асыру үшін жағдай жасауда белгілі бір дәрежедегі рөл атқаратын өз қызметтерін орындайды.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруды басқаруда негізгі үш бағытты бөліп көрсетуге болады:

1. Жүйелік үйлестіру;
2. Ведомствоаралық үйлестіру;
3. Салалық үйлестіру.

ҚР Президенті жанындағы қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұлттық комиссия (бұдан әрі Ұлттық комиссия) жүйелік үйлестіруді жүзеге асырады, ол барлық институттар арасында тұрақты байланыстарды қамтамасыз ету, үзілістерді болдырмау бойынша жекелеме шаралар қабылдау, Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша жаңа көзқарастар қалыптастырудан тұрады.

Басқару «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралардың Республикалық жоспарын жүзеге асыру, сондай-ақ ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауында, Ұлттық комиссия отырыстарының қорытындысы бойынша Мемлекеттік хатшының хаттамалық тапсырмаларында жарияланған жаңа міндеттерді есепке ала отырып жүзеге асырылады.

2017 жылдың мамыр айынан 2019 жылдың қаңтар айына дейін ведомствоаралық үйлестіруді өз құрылымында мемлекеттік органдардың ведомстволық бағыныштылықтағы мекемелерінің қызметкерлерін біріктірген Республикалық жобалық кеңсе жүзеге асырып келді [3].

ҚР қоғамдық даму министрлігі 2019 жылдың ақпан айында Қазақстан Республикасының ақпарат және қоғамдық даму министрлігі (бұдан әрі АҚДМ) болып қайта құрылғаннан кейін «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ведомствоаралық үйлестіруде басты рөлде жүзеге асыра бастады. АҚДМ Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша үйлестіруі алғашқы кезде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Республикалық іс-шаралар жоспарының орындалуы бойынша ақпарат жинастырумен шектелген болатын. Сонымен қатар, АҚДМ Бағдарламаны жүзеге асыруға барлық қатысушыларды ақпараттық сүйемелдеу міндеті жүктелген болатын.

Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша құзыретті орган ретіндегі АҚДМ түпкілікті мақсаты – тұрғындарды жаңа идеология төңірегінде біріктіру, тұрғындардың түрлі санаттарын өзекті мәселелерді шешу бойынша өздігінен ұйымдасуы үшін жағдай жасау болып табылады.

АҚДМ-де «Рухани жаңғыру» бағдарламасын үйлестіру Департаменті жұмыс атқарады (бұдан әрі – РЖБҰД), ол Бағдарламаны жүзеге асыруға бағытталған қызметті ұйымдастыру және қолдау мәселелерімен айналысатын құрылым болып табылады. 2019 жылдың сәуір айында РЖБҰД құрылған кезінен бастап АҚДМ барлық құрылымдарының, сондай-ақ орталық мемлекеттік органдар деңгейінде де, жергілікті атқарушы органдар деңгейінде де өзге де институттардың Бағдарлама міндеттері

мен нәтижелерін бірыңғай ұғыну мен келісілуді қамтамасыз ету бойынша жұмыс бастады.

Салалық үйлестіруді жекелеме орталық мемлекеттік органдар жүзеге асырады (АҚДМ, ҚР Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – БҒМ), ҚР мәдениет және спорт министрлігі (бұдан әрі – МСМ), ҚР ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – АШМ), ҚР Ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҰЭМ), ҚР сыртқы істер министрлігі (бұдан әрі – СИМ), әрқайсысы өз бағыты бойынша бекітіліп берілген Бағдарламаның 13 арнайы жобасын жүзеге асыру үшін жауап береді. Қалған орталық мемлекеттік органдар Бағдарламаны жүзеге асыруға қатыспайды, алайда ол қызметтің барлық салаларын қамтиды және еліміздің бүкіл халқының қоғамдық санасын жаңғыртуға бағытталған.

2020 жылы барлық министрліктерді өздерінің құзыреттіліктері шеңберінде Бағдарламаны жүзеге асыруға тарту процесі басталды. АҚДМ бірінші кезектегі міндеттерінің бірі «Рухани жаңғыру» бағдарламасы орталық және өңірлік деңгейлердегі барлық мемлекеттік органдар үшін идеологиялық платформа ретінде қабылдануына қол жеткізу болып табылады. Мемлекеттік және салалық бағдарламалар «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен үйлестірілуі тиіс болды.

Үйлестіру бағыттарымен қоса оның деңгейлерін де анықтау қажет. Оған орталық және өңірлік деңгейлерді жатқызуға болады. Қазіргі таңда орталық деңгейде Бағдарламаны үйлестіруді Ұлттық комиссияны басқаратын Мемлекеттік хатшы жүзеге асырады, ҚР Президенті Әкімшілігінің ішкі саясат бөлімі, АҚДМ, «Рухани жаңғыру» Қазақстан қоғамдық даму институты» ҰАҚ (бұдан әрі – Институт) Бағдарламаны жүзеге асыруға қатысатын барлық институттарды ғылыми және әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етеді, сол арқылы Бағдарламаны жүзеге асыруды үйлестірудің нәтижелілігін арттырады (1 сурет).

Жергілікті деңгейде Бағдарламаны жүзеге асыруды басқару өңірлік жобалық кеңселердің қатысуымен жүзеге асырылады (бұдан әрі – ӨЖК), оларды облыстық, республикалық маңызы бар қалалық атқарушы органдар құрған, қамтамасыз етеді және үйлестіреді. ӨЖК өңірлердің ішкі саясат басқармасы/ақпарат және қоғамдық даму басқармасының тікелей бағыныштылығында болады.

Жобалық кеңселер Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша өз қызметін мүдделі жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен, өзге де субъекттермен бірлесе отырып жүзеге асыруы тиіс болады. Бұл қызмет өңірлердегі Бағдарламаға түрлі қатысушылардың қызметін үйлестіруді, бірлесе әрекет етуін ұйымдастыруды қамтамасыз ету бойынша үйлестіруші рөлге жатқызылады. Сонымен қатар, ӨЖК жобаларды

(іс-шараларды) жүзеге асыруды жоспарлау, жүзеге асыру, мониторинг жасау және талдауды жүзеге асыруы тиіс, ұсыныстар әзірлейді және өңірлік бұқаралық ақпарат құралдарының қатысуымен ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Жергілікті жерлерде Бағдарламаны басқару мен жүзеге асырудың теңгермешілігінің болмауының бір себебі аудандық деңгейде үйлестіру жұмыстарының қамтамасыз етілмеуі болып табылады.

Қазіргі таңда жергілікті жерлерде үйлестіруді жолға қою бойынша қызмет шеңберінде өңірлік жобалық кеңселерді Бағдарлама жобаларын ілгерілету мен дамыту бойынша идеялардың генераторы қызметін атқарушы міндетін жүзеге асырушы ету болып табылады. Ол үшін бірнеше міндеттерді шешу қажет, оның ішінде:


- Бағдарламаның идеялық негіздерін, жобалық менеджментті, ҰЕҰ, мемлекет және бизнес үш жақты әріптестігін құруды оқытуды жолға қою;

- ӨЖК қызметін әдістемелік сүйемелдеуді, олардың қызметін стандарттауды жолға қою, кадрлар ауысқан жағдайда сабақтастықты сақтап қалу мәселелерін шешу;

- ӨЖК азаматтық орталықтармен, жастардың қор орталықтарымен, жоғары оқу орындарымен, ҰЕҰ, оларды Бағдарламаны жүзеге асыруға тарта отырып әріптестік қатынастар орнату;

- өңірлерде азаматтық орталықтар негізінде әлеуметтік жобалар акселераторы жұмысын енгізу және ӨЖК тарапынан акселерациядан өткен жобаларды ақпараттық және әкімшілік сүйемелдеуді қамтамасыз ету.

1 сурет. «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МОДЕЛІ



Сол арқылы Бағдарламаны жүзеге асыруға жаңа қатысушыларды тарту жүзеге асырылады, оның сарапшылық мүмкіншіліктері артатын болады.

Сондай-ақ мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық қаржыландыру Бағдарлама құндылықтарын ілгерілетудің толыққанды тетігіне айналуы үшін жағдай жасау маңызды.

Ұсынылған шаралар тұлғаның, жергілікті қауымдастықтың дамуымен, азаматтық қоғамды қалыптастырумен байланысты принциптерді жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған жаңа жобалар/арнайы жобалар санының артуына ықпал ететін болады. Жобалардың/арнайы жобалардың моделіне тұрғындардың тиісті санаттарын кең көлемде қамту мен олардың өздігінен ұйымдасуын қамтамасыз ету маңызды. Мұндай жобалар азаматтық қоғамның мәселелерді жүйелі түрде шешуді қажет ететін және тиісті ведомстволар мен салалармен бірлесе әрекет етуді қажет ететін салаларын қамтуы тиіс. Жобалар жүйелі қауаларды жоюға, мәселелерді шешуге және таңдап алынған салалардың тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Әлеуметтік салаға қорларды тарту және тұрғындар жаппай қатысатын жобаларға қолдау көрсету үшін 2020 жылы әлеуметтік жобалар акселераторлары шеңберінде құрылған бизнеске қолдау көрсету жүйесін құрумен бірге әлеуметтік жобаларды бизнес ортасының қолдауы платформасын дамуын қамтамасыз ету мен пайдалану қажет. Криптоэкономика принциптері жоба дамуының ең басқы уақында артық қажетті қорлар жинақтауға мүмкіндік береді, ол үшін белгілі ережелерге сәйкес айналыста болатын, әр жобаның тек өзіне ғана тән болып келетін жоба токендерін, баллын немесе монетін деп те айтуға болатынын шығару жүзеге асырылады. Олар артық қорлар болып табылады, жоба экожүйесінің негізіне айналады және оған түрлі рөлдік қызмет атқаратын қатысушыларды тартады, олардың өздігінен ұйымдасуы және кластерлер қалыптастыру үшін жағдай жасайды. Әлеуметтік жобаларды қолдау платформасының токендері негізінде әр жоба үшін тек өзіне тән қатысушыларды мүдделендіру жүйесі құрастырылады және сонымен қатар токендер бизнесті қолдау жүйесінің негізіне айналады (жеңілдіктер мен бонустар жүйесі), әлеуметтік жобаға қатысушылар алған токендерін өз пайдасы үшін жарата алатын кеңістік құрылады. Сол арқылы, әлеуметтік саланың басты мәселесі- қаржының жетіспеуі мәселесі шешіледі. Қоғамдық ұйымдардың назары қаржыландыру көзін іздестіруден (бұл қазіргі таңда негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және гранттар, оның жетіспеушілігі ҰЕҰ арасында тепе-теңдікті бұзатын жағымсыз бәсекелестікті тудырады) кімге көмек қажет екенін іздестіруге, мекеме

таңдап алған саланың міндеттерін жүйелі түрде шешуге аударуға мүмкіндік береді.

ӨЖК маңызды міндеті акселерация бағдарламасынан өткен жобалардың инвесторлармен, меценаттармен кездесулерін ұйымдастыру, жобалардың байқауларға, грант байқауларына қатысуына қолдау көрсету және т.б. болып табылады. Мемлекеттік гранттық қаржыландыру мен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі ең алдымен жүйелік жобаларға қолдау көрсетуге, олардың өзін өзі ақтауын қамтамасыз етуге, дербес тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Биылғы 2020 жылы жүзеге асырылған әлеуметтік жобалар акселераторы жұмысы шеңберінде ҚКДИ «Рухани жаңғыру» бағдарламасының жүзеге асырылуымен тікелей байланысты негізгі бағыттарды дамыту үшін әдістемелік материалдар құрастырылды.

Бағдарламаны жүзеге асыруға қатысушылардың бірлесе әрекет етуін үйлестіруді бағыттар мен мақсатты аудиторияны есепке ала отырып құрастыру қажет.

Акселератор әлеуметтік инновацияларды іздеу мен қолдау, олардың тұрақты дамуы үшін жағдай жасау, экожүйенің өзге де қатысушыларымен нәтижелі бірлесе әрекет етуін тұрақты түрде дамыту үшін шығармашылық эксперименталдық алаңға айнала алады. Соған байланысты азаматтық бастамалар орталықтарымен бірлесе әрекет ету өзекті болып табылады, олардың негізінде әлеуметтік жобалар акселераторлары жұмыс істей алады және Бағдарламаның барлық қатысушыларының қызметі үйлестіру құрастырылатын болады.

Азаматтық орталық келесі қызметтерді атқарады:

– коммерциялық емес мекеме негізінде қызмет ететін көп салалы сервистік қызмет, олар азаматтық бастамаларды дамыту, тұрғындардың азаматтық белсенділіктерін арттыру және азаматтық қоғам институттарының тұрақты дамуына ықпал ететін азаматтық бастамаларды дамыту саласындағы жеке және заңды тұлғалар үшін әр түрлі қор түрлерін ұсына алатын бола алады;

– азаматтық бастамаларды ілгерілетудің үздік шет елдік тәжірибесін есепке ала отырып осы саладағы жағдайды тұрақты негізде кешенді талдау негізінде Қазақстандық азаматтық бастамалар мен үкіметтік емес ұйымдарды қолдау мен дамытудың инфрақұрылымын құрастыру бойынша әрекеттерді жүйелеу үшін қажет.

Қазіргі таңда Қазақстанда азаматтық бастамалар орталықтары желісі дамуда, бірақ осы кезеңде олардың мүмкіншіліктері жергілікті қауымдастықтардың өздігінен ұйымдасуын үйлестіру және қажет болған кезде шұғыл әрекет ететін штабқа айналу міндеттерін толығымен орындау

үшін жеткіліксіз. Алайда алғашқы қадам жасалынды және акселератор сияқты форматты енгізу мұндай орталықтардың сарапшылық және әдістемелік мүмкіншіліктерін арттыруға мүмкіндік береді.

2 сурет. «РУХАНИ ЖАҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ БОЙЫНША ҮЙЛЕСТІРУДІҢ ЖАҢА МОДЕЛІ



1. Әрбір ОМО бекітілген вице - министрі және министр бекіткен жоспары болуы тиіс
2. Әрбір өңір басшысының бекітілген әкім орынбасары болуы тиіс
3. Әрбір ОМО ҚР ПӘ өз бағыты бойынша есеп береді
4. Арнайы жобаларды жүзеге асырудың аудандық деңгейді де қамтитын бекітілген және нәтижелі иерархиясы пайда болады

Қоғамдық сананы жаңғырту: тұжырымдамалық және әдіснамалық тәсілдер

Орталықтардың өз қызметтерін орындау нәтижелілігін арттыру үшін ең алдымен, орталық мекемелермен және қоғамдық пікір көшбасшыларымен әріптестік қатынас орнату қажет, және дәл солар арқылы тиісті салалардағы жағдайға мониторинг жасау және тұрғындардың белгілі бір санаттарымен байланыс орнату қажет. Әріптестік мүмкіншіліктерді арттыру азаматтық орталықтардың тұрғындардың толыққанды өкілдеріне айналуы және тұрғындардың атынан мемлекеттік органдармен және бизнес қауымдастық өкілдерімен қарым-қатынас орнатуы үшін қажет.

Жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік жобалар Акселераторының жұмысы үшін жауапкершілік пен оған жағдай жасауды, сондай-ақ барлық стейкхолдерлердің күштерін үйлестіру үшін алаң құрастыру және олардың стратегиялық құжаттар құрастыру мен дамудың жол карталарын қалыптастыруға қатысуы үшін жағдай жасауды өз жауапкершілігіне алуы қажет. Акселератор шеңберінде қаражатты тұрақты түрде тарту мақсатында фандрайзинг нәтижелі форматтарын енгізу бойынша жұмыс жүргізілуі мүмкін.

Жүйелік үйлестіру Бағдарламаны жүзеге асыруға азаматтық қоғамның басты институттарын тартуды талап етеді (саяси партиялар, кәсіподақтар, ҰЕҰ, ғылыми-зерттеу орталықтары, білім беру мекемелері және т.б.). Бағдарламаның құндылық бағдарларын сапалы көрсету үшін

қарым-қатынас орнату және олармен бірлесе әрекет етуді үйлестіру қажет.

Жалпы білім беретін мектептерде Бағдарлама негіздерін оқыту 24 сағатпен шектеледі, олар «Қазақстан тарихы», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті», «География», «Музыка» оқу курстары шеңберіндегі «Өлкетану» оқу курсына кіріктіру үшін бөлінген. Сондай-ақ өлкетанушылық жұмыс сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шаралар шеңберінде мұражайлар, мәдениет саласы мекемелері мен тарихи объектерде болу арқылы жүргізіледі. Жалпы білім беретін мектептерде 1670 мектеп мұражайлары, 2179 өлкетану үйірмелері жұмыс істейді [4].

Осы кезеңде 2020-2025 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Білім беру мен ғылымды дамыту Мемлекеттік бағдарламасына әрбір оқушының жеке мүмкіншіліктерін ашуға, болашақ дағдаларды игеруге бағытталған кіріктірілген білім беруге көшуді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін шараларды күшейту жағына алып қарағандағы өзгерістер енгізу маңызды болып табылады [5]. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жағдайында тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» бұйрығына Бағдарламаның құндылық принциптерін есепке ала отырып мектеп оқушыларымен сыныптан тыс жұмыстар жүргізу сабақ жоспарларын құрастыру арқылы толықтырулар енгізу қажет.

ТЖКБ беру мекемелері және жоғары оқу орындары да «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі ережелерін тарату мен ілгерілетудің неғұрлым нәтижелі каналдары болып табылады.

Жалпы білім беретін пәндер топтамасы бойынша Типтік оқу бағдарламасы шеңберінде (бұдан әрі – ТОб) Республика жоғары оқу орындарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы принциптерін оқыту қарастырылған. Бұл ТОб әл Фараби атындағы ҚазМУ негізінде құрастырылған және 2018 жылы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық әдістемелік кеңесімен бекітілген.

ТОб құрылымында осы пәндер бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасының принциптерін енгізе отырып төрт пәнді-әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияны оқытуды қарастыратын әлеуметтік-саяси білімдер модулі қарастырылған. Модульдің мақсаты қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешумен байланыста әлеуметтік-адамгершілік көзқарастар қалыптастыру болып табылады. Модуль 240 академиялық сағатқа арналған, мұның өзі 8 кредитке сәйкес келеді.

«Рухани жаңғыру» орталығы ҚҚДИ орталығы өткізген талдау қолданыстағы ТОб Бағдарлама принциптерін толық көлемде ашып көрсетпейтінін және бірнеше кемшіліктерінің бар екенін көрсетті. Мысалы,

дәріс тақырыптары қазақстандықтардың жаңа сапасын қалыптастыруға, Бағдарлама принциптеріне сәйкес әрекет моделдерін қалыптастыруға бағытталмаған және оны оқыту әдістемесі бойынша ерекше көзқарастар қолданылмайтынын көрсетіп отыр. Бағдарлама тек қазақ халқының тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін, мәдениетін жаңғырту жағынан ғана кіріктіріледі, мұның өзі оның маңызын елеулі көлемде тарылта түседі. Жоғары оқу орындарында студент өзінің болашақ мамандануына сәйкес курстарды таңдап алуына мүмкіндік беретін жүйе жұмыс істейді, ал ТжКБ беру мекемелерінде түрлі колледждер Бағдарламаны 6 принциптің бірі бойынша игереді.

Жоғары оқу орындары мен ТжКБ беру мекемелерінде Бағдарлама принциптерін нәтижелі ілгерілету мақсатында келесі маңызыды шараларды жүзеге асыру жоспарлануда.

Мысалы, 2020 жылдың аяғына дейін еліміздің жетекші жоғары оқу орындары мен ТжКББ мекемелерімен ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылатын болады. Меморандумдар шеңберінде 2021 жылы ТОБ тұжырымдамасына өзгерістер енгізу қарастырылған, ол Бағдарламаның алты принципі негізінде құрылуы, оның мақсаты мен міндеттерін, жүзеге асырылу кезеңдерін ашуы тиіс. Жалпы білім беретін пәндер топтамасының дәрістер тақырыптарының мазмұндық бөлімі қайта қаралатын болады. Прагматизм, бәсекеге қабілеттілік сияқты принциптерге сәйкес келетін дағдыларды қалыптастыру мақсатында қазақстандықтардың жаңа сапаларын дамыту бойынша таңдау курстары енгізілетін болады. ТжКББ мекемелерінің бірінші курс студенттері үшін геймификация элементтерімен Бағдарламаның қысқа мерзімдік курстары модульін дайындау қарастырылған.

Бағдарламаны ТжКББ оқушы жастары және жоғары оқу орындары студенттері арасында ілгерілету үшін «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты негізінде құрамына жас ұрпақтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі ережелерін ой елегінен өткізуге және түсінуге мүмкіндік беретін, болашақта оны жүзеге асырушылар ететін Бағдарлама негіздерін оқыту әдістемесі бойынша ұсыныстар енгізілген бірыңғай (әмбебап) оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендер дайындау үшін экономика, тарих, мәдениет, саясаттану және психология салалары бойынша жетекші оқытушылар ішінен Сарапшылар кеңесін құру жоспарлануда.

Маңызды үйлестіруші бағыт Бағдарламаны терең ой елегінен өткізу және ғылыми жағынан негіздеуді қамтамасыз ететін зерттеушілік мекемелермен бірлесе әрекет ету болып табылады. Осы жұмысқа философия, саясаттану және дінтану институты, Ш.Уәлихаов атындағы тарих және этнология институты, Ә.Марғұлан атындағы археология институты,

Р.Сүлейменов атындағы Шығыстану институты, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, А.Байтұрсынов атындағы тілтану институты, Түрік академиясы, мемлекет тарихы институты, «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы және т.б. сияқты жетекші талдаушылық орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарын кең көлемде тарту қажет. Бірлесе әрекет етудің негізгі түрлері бірлескен іргелі зерттеулер жүргізу, ғылыми-тәжірибелік конференциялар өткізу, форумдар, стратегиялық және форсайт сессиялар өткізу, қоғамдық сананы жаңғыртудың өзекті тақырыптары бойынша монографиялар құрастыру болуы мүмкін.

Олар бойынша гранттық қаржыландыруды бөлу мақсатында «Мәңгілік ел ғылыми негіздері гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізу» бағыты шеңберінде ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (бұдан әрі-ЖФТК) отырысында қарау үшін ғылыми қауымдастықтың тақырыптар тізімін талқылауы мен құрастыруы ерекше маңызға ие болады. Зерттеу тақырыптары ЖФТК қарағанға дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қарауына енгізілетін болады.

Шет елдік ғылыми мекемелермен ынтымақтастық отандық ғалымдардың зерттеулерін байытып қана қоймайды, сонымен қатар, қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы қазақстандық тәжірибені елімізден алыс тысқары жерлерге тарату мен насихаттауға мүмкіндік береді. Қоршаған ортаны тану, болжамдық, аксеологиялық, мәдениеттанушылық көздер бойынша Бағдарлама бойынша іргелі және қолданбалы зерттеулерге халқаралық сарапшыларды кең көлемде тартуға ықпал ететін болады.

Бағдарламаны шет елдерде ілгерілету бойынша біздің еліміздің аумағында өз қызметін жүзеге асыратын халқаралық мекемелер үлкен мүмкіншіліктерге ие болып табылады. «Британдық кеңес», Қазақстандағы ПРООН, ЮНИСЭФ, Евроодақ өкілдігі, «Карнеги», «К.Аденауэра», «Ф.Эберт» қорлары, Гетте институты сияқты мекемелермен тығыз ынтымақтастықта жұмыс жасау мәдениетаралық байланыстарды нығайтып қана қоймай, сонымен қатар Бағдарлама құндылықтарын насихаттауға, тарихтың жаңа беттерімен және Қазақстанның қазіргі заманғы мәдениетімен шет елдерді таныстыруға мүмкіндік береді.

Сонымен, қазіргі таңда елімізде Бағдарламаны жүзеге асыру үшін жауап беретін институттардың бір бөлігінің ғана келісім алуын қамтамасыз ететін екі деңгейлік жүйе қалыптасып, жұмыс жасап келеді. Бұл жүйе салааралық және салалық үйлестіруді тереңдету және барлық орталық мемлекеттік органдар мен өңірлік басқармалардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға тарту мен қызметін үйлестіруді қайта құруды талап етеді. Сонымен қатар, өңірлерде жергілікті жерлердегі ішкі саясат мәселелері үшін жауапты тұлғаның жастар қор орталықтарының

қатысуымен бірлескен жұмысын ұйымдастыра отырып аудандық деңгейде үйлестіруді күшейту талап етіледі (2 сурет).

Өңірлік деңгейлерде үйлестіруді жақсарту үшін өңірлік әкімдіктердің жұмысына әлеуметтік жобалар акселераторын енгізу, облыс орталықтары мен республикалық маңызы бар қалаларда өңірлік жобалық кеңселердің азаматтық бастамалар орталығымен, жастардың қор орталықтарымен тығыз ынтымақтастығын орнату маңызды болып табылады.

Біздің пікірімізше жүйелік-жобалық көзқарасты қолдана отырып дәл осындай көп деңгейлік және әр түрлі үйлестіру әдісін қолдану түсінік беру жұмыстарын сапалы ұйымдастыруға, тұрғындардың Бағдарламаның негізін түсінуін қамтамасыз етуге және оларды оны жүзеге асыруға кең көлемде тартуға мүмкіндік беретін болады.

Алдағы уақытта үлкен жұмыстар атқару қажет болады, сонымен қатар Бағдарламаны жүзеге асыру мен ілгерілетуге, қоғамдық сананы жаңғырту процессін нәтижеліліктің жаңа деңгейіне көтеруге барлық мүдделі тараптардың бірлесе әрекет етуі үшін нық негіз қалау қажет болады.

3.3 Әлеуметтік бірлесе әрекет ету технологиялары мен түрлері

Қазіргі әлеуметтің әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік қатынастары елеулі көлемде күрделі болып келеді. Әлеуметтің нәтижелі қызмет етуінің негізі әлеуметтік бірлесе әрекет ету болып табылады, оның барысында ақпаратпен, біліммен, тәжірибемен, құндылықтармен алмасу жүреді. Бір сала деңгейінде әлеуметтік бірлесе әрекет ету қоғам өмірі мен қызметінің өзге де салаларымен әлеуметтік бірлесе әрекет етумен тұрақты негізде тығыз байланыста болады [1].

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазақстан қоғамы дамуының барлық салаларын қамтиды, сондықтан да Бағдарламаны жүзеге асыруға түрлі стейкхолдерлерді кеңінен тарту үшін әлеуметтік бірлесе әрекет етудің ең жаңа түрлері мен технологияларын қолдану өте маңызды.

Әлеуметтік жобалар акселераторы

«Тұлғаның дамуы», «Біртұтас ұлттың дамуы», «Мемлекеттің, азаматтық қоғамның және жергілікті қауымдастықтың дамуы» үш басты бағыт бойынша қоғамдық сананы жаңғырту идеялары мен құндылықтарын ілгерілету үшін қазіргі заманғы көзқарастардың бірі қоғамдық пікір көшбасшылары арасынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы елшілері пулын қалыптастыру болып табылады.

Қазақстан қоғамын жаңғырту процессіне неғұрлым кеңірек тарту үшін «пассионарлық» деп аталатын әдіс негізге алынды, онда «Рухани жаңғырудың» құндылықтық бағдарларын пассионарлар – жаңа идеяларды

ілгерілеті алатын, айналасындағыларға белгілі бір әрекеттерді сіңіре алатын шешендер мен көсемдер арқылы таратылады. Л.Н.Гумилев ұсынған пассионарлық теориясына сәйкес адамдар тобының деңгейі мен даму бағыты және көзқарастары осы топқа кіретін пассионарлардың санына тікелей тәуелді болады. Қоғамның пассионарлығы жоғары болуы үшін 100 адамға кемінде 1 көшбасшы болуы керек. Егер де бұл көшбасшыға қауымдастықтың 5-7% қосылатын болса, қалғандары автоматты түрде қосылатын болады [2].

Бұл бағытта қазақстандықтардың қоғамдық санасын жаңғырту шеңберінде пассионарларды-өзгерістер агенттерін, анықтау мен одан әрі дайындау өзекті мәселеге айналады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арнайы елшілері пулын дайындау «Өзгерістердің саруарлары» жобасында қолданылады, ол түрлі бағытта әрекет ететін, түрлі мақсатты аудиториялармен жұмыс істейтін, түрлі қауымдастықтар арасында «Рухани жаңғыру» идеялары мен құндылықтарын таратушылар қызметін атқаратын көшбасшылар діңгегін қалыптастырады.

«Рухани жаңғыру» арнайы елшілері – Бағдарлама бағыттары мен жобалары бойынша кемеліне келген, рухани жаңғырудың трендтері мен бағдарларын беретін көшбасшылар ғана емес, сонымен қатар «Рухани жаңғыру» месседжін таратуға қабілетті және тұрғындардың белгілі бір санаттарын белсенділендіру бойынша қосымша күш қоса алатын жаңа көшбасшылар. «Өзгерістердің саруарлары» жобасы шеңберінде жаңа қоғамдық алаңдар ұйымдастыру, кейіннен Бағдарламаның арнайы елшілеріне айналуға қабілетті жаңа көшбасшыларды дайындау үшін жағдай жасалынған. Бұл бағыт бойынша жүзеге асырудың негізгі құралы әлеуметтік жобалар Акселераторы болып табылады, ол әлеуметтік әріптестіктің коллаборациясын, жобалық басқаруды және кластерлер бойынша жұмысты ұсынады. Әлеуметтік жобалар Акселераторы – қызметін жаңа бастаған және жұмыс істеп отырған жобалардың оқыту, менторлық көмек көрсету және сарапшылық қолдау көрсету арқылы интенсивті даму институты. Акселерация бағдарламасы арнайы жобалар командаларына оларды әлеуметтік- экономикалық ортада ілгерілету, өздерінің қоғамдағы қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған тәжірибесімен бөлісу үшін қажетті құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Конкурстық таңдаудан өтіп, акселераторға енген жобалар жобаны ақпараттық қолдау, қаржыландыру көздерін іздестіруге қолдау көрсету, бизнес-жоспар құрастыру, жаңа әріптестер іздестіру және зәкірлік мекемелер іздестіруге қолдау табу мүмкіндігіне ие болады [17].

Акселератор шеңберінде жаңа қоғамдық алаңдар ұйымдастыру мен «Рухани жаңғыру» месседжін таратуға қабілетті және тұрғындардың белгілі бір санаттарын белсенділендіру бойынша белгілі бір күш жұмсауға

әзір жаңа көшбасшылар даярлау үшін жағдай жасалынады. Одан әрі бұл қызметке «Рухани жаңғырудың» өңірлік жобалық кеңселерін тарту арқылы мультипликативтік нәтижеге қол жеткізіледі.

Акселератор миссиясы – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағида-даттары тұрғындардың өздігінен ұйымдасу процессіне қолдау көрсету арқылы мемлекеттік және мемлекеттік емес институттармен бірлесе әрекет ету арқылы ілгерілету.

Акселератор мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы принциптері бойынша жобалар портфелін құру.

Акселератор міндеттері:

1) Акселераторға жобаларды таңдап алу, тақырыптық бағыттар бойынша жоба кластерлерін қалыптастыру;

2) жобаларды сарапшылық және әдістемелік сүйемелдеу, нәтижелі бизнес модельдер құрастыру, жоба моделіне мақсатты аудиторияларды кеңінен қамту және тұрғындарды өздігінен ұйымдастыру үшін жағдай жасау;

3) жобалардың тиісті ведомстволармен және зәуірлік мекемелермен бірлесе әрекет етуін үйлестіру;

4) әлеуметтік салаға қорлар тарту және блокчейн технологиясы сияқты инновацияларды қолдану арқылы тұрғындарды жаппай қамти отырып жобаларға қолдау көрсету үшін жағдай жасау, және соның негізінде әлеуметтік жобаларды бизнес ортасының қолдау платформасын құру;

5) «Асар» алаңында, әлеуметтік жобалар байқауларына қатысу үшін жобалар дайындау, жоба командаларының инвесторлармен және меценаттармен кездесулерін ұйымдастыру;

6) Жобалардың өзін өзі ақтауға, тұрақты дербес дамуға қол жеткізуі үшін жағдай жасау;

7) барлық қатысушылардың үйлесімді бірлесе әрекет етуін қамтамасыз ету үшін жекелеме бағыттар бойынша стратегиялық сессиялар өткізу.

Ағымдағы жылы қоғамдық сананы жаңғырту шеңберінде өзгерістер мен қайта құрулар агенттерін анықтау мен одан әрі даярлау үшін келесі бағыттар қарастырылады, олардың шеңберінде тұрғындарды кеңінен тарта отырып жобаларды жүзеге асыру үшін жағдай жасалынады:

1) инклюзивті қоғамды дамыту (жетім және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға, қарт адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасыларға қолдау көрсету);

2) ақпараттық білім беру шеңберінде өзекті құзыреттіліктерді дамыту (қаржылық, құқықтық, баспасөз, IT, сандық технология сауаттылығы, ағылшын тілін және мемлекеттік тілді меңгеру);

- 3) ауыл шаруашылығы, өлкетану және білім беру туризмін дамыту;
- 4) мәдениет, өнер, халық шығармашылығы және спорт салалары бойынша жобаларды біріктіретін алаңдарды дамыту;
- 5) тұрғындардың экологиялық мәдениетін дамыту;
- 6) жүйелі жобалық ойлауды дамыту, көшбасшылық мүмкіншіліктерді нығайту [3].

Акселератор жұмысының нәтижесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарын кешенді жобалармен толықтыру, тұрғындардың барлық санаттарын кең көлемде қамтуға мүмкіндік беретін жекелеме бағыттар бойынша жоба кластерлерін қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік жобалар Акселераторы жүзеге асыру үшін сарапшыларды тарта отырып пре-акселерация және акселерация бағдарламаларын жүзеге асыруды қарастырады. Пре-акселерация бағдарламасы құрамына жобаларды дайындау мен тарату бойынша жоспар қалыптастыру, жобаларды тарату және одан әрі дамыту бойынша жобалар дайындау үшін жүйелік мәселелерді талқылау бойынша стратегиялық сессиялар өткізу (онлайн/офлайн режимдерде), «Рухани жаңғыру» қағидаттарын тарату үшін мақсатты аудиторияны кеңінен қамту үшін жобаларды кластерлерге біріктіру, жеке сессиялар ұйымдастыру бойынша жоба басшыларымен бекіту сессиялары мен дәрістер өткізу кіреді. Пре-акселерация кезеңінде жоба жетістіктерін талдау мен бағалау жүргізіледі, олардың бұдан әрі акселерациядан өтуі үшін мәртебелері мен шарттары анықталады.

Акселерация бағдарламасы пре-акселерациядан сәтті өткен, республикалық деңгейде таратылатын жобалар дайындауды қарастырады. Акселерация бағдарламасы шеңберінде жоба басшылары үшін оқу курстары өткізіледі. Бұл кезеңде акселератор жұмысына «Рухани жаңғырудың» өңірлік жобалық кеңселері қосылады, олар өңірлер арасында тәжірибе алмасу, тұрғындардың барлық санаттарын кең көлемде қамтуды қамтамасыз ететін және оларды қоғамдық сананы жаңғырту процесіне тартатын жобалар пулын арттыруды қамтамасыз етеді.

Сондай-ақ сарапшылардың қолдауымен жоба басшылары қажеттіктер кестесін толтырады және мүмкін болатын инвесторлар мен донорлар үшін слайдтар мен презентациялар әзірлейді. Әр жоба шеңберінде жоба командасына қоғамдық сананы жаңғыртуға саналы түрде қатысуға және «Рухани жаңғыру» қағидаттарын өздерінің мақсатты аудиторияларына таратуына мүмкіндік беретін позициялар қалыптастырылады. Акселераторға таңдап алынған кемінде 10 жоба CRM моделдер мен әлеуметтік жобаларды қолдау платформаларын құру арқылы ІТ сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

«Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын нәтижелі жүзеге асыруға қазіргі заманғы көзқарастардың бірі «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңының жұмысы арқылы конструктивті қоғамдық диалог орнату болып табылады. «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңы азаматтық қоғаммен неғұрлым тығыз байланыс орнату мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын жүзеге асыру бойынша Ұлттық комиссия жанындағы Орталық сарапшылар кеңесінен қайта құрылды. Основной целью трансформации Центрального экспертного совета в дискуссионную площадку «Азаматтық алаң» является вовлечение в диалог представителей различных социальных групп для эффективной реализации программы «Рухани жаңғыру».

«Азаматтық алаң» әр түрлі форматтағы кездесулері (TEDx, World café/ Open Space Technology, Lightning talks, Pecha-kucha және басқалар) қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы өзекті мәселелер бойынша азаматтық қоғам өкілдерінің түрлі пікірлерін естуге мүмкіндік береді. Алаңда әрбір қатысушы өз көзқарасын ашық білдіре алады, талқылауға қатысады, Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша өз идеяларын ұсынады.

«Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңы жанынан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының үш маңызды бағыты бойынша сарапшылар пулы құрылған, оның құрамына ғылыми-сарапшылық қауымдастық өкілдері, қоғамдық пікір көшбасшылары, үкіметтік емес ұйымдар мен жастар бірлестіктерінің басшылары және Бағдарламаның бренд-амбассадорлары енгізілген.

Алаң міндеттері:

- Бағдарламаны жүзеге асырудың өзекті мәселелерін талқылау;
- Бағдарламаны жүзеге асырудың нәтижелілігін жетілдіру бойынша ұсыныстар құрастыру;
- «галстуксіз» форматта, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» принциптерін басшылыққа ала отырып, ашық диалог жағдайында тұрақты кездесулер өткізу;
- Алаң жұмысына жаңа тұлғаларды тарту, сонымен қатар әлеуметтік желілер арқылы ілгерілету [4].

Дискуссиялық алаң жұмысының маңызды жағы интернет коммуникацияларын, «stories» форматындағы бейнежазбаларды, дауыс беру мен сауалнамаларды қолдану (атап айтқанда кездесу тақырыбын құрастыру бойынша), ақпараттарды «сұрақ-жауап» сторис-форматта орналастыру болып табылады.

@ruh_qz akkaунтының тікелей эфирлерінде онлайн отырыстар өткізілді, оларда материалдық емес мәдени мұраны сақтау мен қайта дамыту, қоғамдық дипломатияны дамыту, қазақстандықтардың үш

тілділікке көшуі мәселелері талқыланды. «Азаматтық алаң» дискуссиялық алаңын өткізудің өзектілігі карантин кезінде дәлелденді. Instagram тікелей эфирлері арқылы азаматтардың әлеуметтік жауапкершілігі, пандемия жағдайында орын алып отырған қазақстандықтардың санасындағы өзгерістер, карантин кезінде әркімнің өзі үшін ашуы мүмкін мүмкіншіліктер, технологиялардың дамуына байланысты әлемде болып жатқан өзгерістер және еңбек нарығындағы өзгерістер туралы Яков Федоров, Өркен Кенжебек сияқты қоғамдық пікір көшбасшыларының, қоғам қайраткері Ерлан Сапровтың, саясаттанушы Саясат Нұрбектің қатысуымен пікірталастар өткізілді. Онлайн-пікірталас барысында қалыптасқан басты тезистер пандемия жағдайын есепке ала отырып қоғамдық сананы жаңғырту саласында келесі тенденцияларды көрсетеді:

- Карантин кезеңі – бұл өзің үшін онлайн білім алу мүмкіндігін ашу («Білімнің салтанат құруы» және «Прагматизм» қағидаттары);

- пандемия еңбек нарығындағы болашақ өзгерістер мен өзін өзі дамыту қажеттігін ұғыну керектігін көрсетеді («Бәсекеге қабілеттілік» қағидаты);

- волонтерлер құрамында еріктілер санының өсуі қоғамның бірігуінің көрсеткіші болады, #BIZBIRGEMIZ тезісі қазақстандықтардың бірлігін нығайтады («Ұлттық бірегейлікті сақтау» қағидаты);

- әркімнің әлеуметтік жауапкершілігі осы қиын кезеңнен жылдам өту үшін қажет («Сананың ашықтығы» қағидаты).

«Азаматтық алаң» кез келген сұрақтар, ұсыныстар мен сыни пікірлер үшін ашық алаң болып қана қоймай, сонымен қатар жаңа идеялар мен жобалар үшін негіз, Бағдарламаны жүзеге асыру барысында пайда болған мәселелерге жылдам үн қату орыны болып табылады.

Қоғамдық сананы жаңғыртудағы «Ұрпақтар теориясы» және «peer-to-peer»

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру ең алдымен жастарға бағытталған. Жастар үшін ұғынықты және қол жетімді құндылықтарды ілгерілету, сондай-ақ «peer-to-peer»(тең-теңімен) және ұрпақтар теориясы көзқарасы арқылы қоғамда әрекет ету мәдениетін қалыптастыру.

«Peer-to-peer» көзқарасы қатысушылардың бірлесе әрекет етуін желілік ұйымдастырумен бірге ашық білім беру қорлары мен жаппай ынтымақтастық идеяларына негізделген қазіргі заманғы оқу қызметінің парадигмасы болып табылады. «peer-to-peer» көзқарасы шеңберінде оқыту оқудағы «көлбеу» оқу қызметі теориясынан және өзара оқыту мен оқу теориясынан көрініс табады. «Көлбеу» оқытумен байланысты андрагогикадан бейімдендірілген өздігінен білім алу принциптері құрастырылды (ересек адамдарды оқыту туралы ғылым) М.Ноулза [5]. «Peer-to-peer» көзқарасы шеңберінде бірлескен шығармашылық пен теңдік

принциптеріне негізделген жоғары оқу орыны деңгейіндегі шағын курстарды оқу бойынша ашық топтардан белгілі бір желілік қауымдастық құрылады.

«Peer-to-peer» көзқарасына «оқушылардың оқытуы» деп аталатын әдістеме мысал бола алады («Peer Instruction» білім беру моделі), оны Гарвард университетінің профессоры, «Minerva» сыйлығының лауреаты Эрик Мазур және оның әріптестері физика пәнін оқыту барысында пайдаланады. Бұл модель оқушыларды тұжырымдар мен теорияларды интенсивті оқуға тарту және одан кейін олардың өз замандастарын оқытуын қамтамасыз етуді қарастырады.

Мұндай білім беру моделінің көзқарастары мен принциптері желілік оқыту арқылы ресми емес білім беру ортасында жүзеге асырылуы. Адамдар өздері мүдделі бола отырып білім беру желісін «жұмыста» ситуациялық оқу немесе ғылыми-зерттеушілік мақсаттарда өздері құрып, пайдаланады [18].

Қоғамдық сананы жаңғырту саласында «peer-to-peer» көзқарасын «ұрпақтар теориясы» қағидатымен бірге қолдануға болады. Негізін қалаушылары У.Штраус және Н.Хоув болып табылатын бұл теорияға сәйкес, әрбір 20-25 жыл сайын жер бетіне жаңа ұрпақ келеді, оның құндылықтар жүйесі өздерінен бұрын өмір сүрген ұрпақтан түбегейлі айырмашылғы болады.

Штраус және Хоув өз теорияларының негізгі ережелерін 1991 жылы өздерінің бірлесе жазған «Ұрпақтар» («Generations») атты кітабында жариялады, онда АҚШ тарихы 1584 жылдан бастап өмірбаяндар топтамасы ретінде қарастырылған. Бұл кітапта белгілі бір жас тобына жататын адамдар белгілі бір сенімдерді, құндылықтарды, қатынастарды және әрекет моделін ұстанады, себебі олар бірдей тарихи жағдайда өмір сүрді деген идея насихатталады. 1997 жылы «Төртінші ауысу» («The Fourth Turning») кітабы шығарылды, мұнда авторлары ұрпақтар теориясын жалғастырып, оны АҚШ тарихындағы ұрпақтар топтамасы мен қайталанатын моделдермен толықтырды.

Ұрпақтар теориясы АҚШ тарихын 13 отардан бастап суреттейді. Дәл осы сала жақсы зерттелген, кейіннен Штраус пен Хоув өзге елдердегі ұрпақтар бағыттарын зерттеді және кейбір дамыған елдерден осыған ұқсас ұрпақ топтамаларын тапты. [19] Теорияға сәйкес ұрпақтар келесі бағамдар бойынша анықталады. Біріншіден, бір ұрпақ өкілдері бір тарихи кезеңде өмір сүреді, бірдей маңызды тарихи оқиғаларды, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси ықпалды бастан кешіреді. Екіншіден, оларға ортақ сенімдер мен әрекет моделдері қалыптасады. Үшіншіден, бір ұрпақ өкілдері өз замандастарының тәжірибесі мен

ерекшеліктерін есепке ала отырып осы ұрпаққа қатыстылық сезімімен бөлісетін болады [6].

Қазіргі біздің қоғамымызда негізінен келесі ұрпақтар мен олардың құндылық бағдарлары берілген:

| | | |
|---|---|--|
| Бумерлер ұрпағы 1945-1960 жж. | Жеңімпаздар ұрпағы | Оптимизм Патриотизм Ұжымшылдық Өзін өзі жүзеге асыру Салауатты өмір салты |
| X ұрпағы 1961-1981 жж. | Скептиктер ұрпағы | Дербестік Саясаттан тысқары болу Жұмыскерлік Прагматизм Апатриоттық Индивидуализм |
| Y ұрпағы (миллениалдар) 1982-2000 жж. | Әлеуметтік желілер ұрпағы | Инфантилизм Өзгерістерге дайын болу Көп міндеттілік Оңтайлылық Қоғамдық өмірде пассивтілік Өздігінен білім алу |
| Z ұрпағы 2000-2017 жж. | Жылдамдық пен ютуб ұрпағы | Жылдам оқиды Толерантты Амбициялы Өзін өзі көрсетуі Өздігінен дамуы Экологилылық Отбасы институтына сенімділік |
| Альфа ұрпағы Қазіргі уақыт | Жаңа формация ұрпағы – миллениалдердің балалары | |

Ұрпақтар теориясының алғашқы нұсқасында американдық қоғамды зерттеу негізінде құрылғанын атап өтуіміз қажет. Оған негізінен маркетингтік нағыз HR күшті назар аударады, олар тұтынушылар ұрпақтары туралы білімдерді пайдалана отырып олармен бірлесе әрекет ету стратегиясын құрастырады. Штрауса пен Хоува теориясы көптеген сынға ұшыраған, ол қазіргі қоғамның идеалдық моделінен алшақ, бірақ та оның қазіргі зерттеушілер арасындағы танымалдылығы қоғамның даму заңдылықтары ортақ ережелерге бағынатыны туралы ой қозғауға мәжбүр етеді.

Қолда бар жас диапазоны мен сипаттамалары елеулі көлемде адамдар әрекетін анықтайды. Бірақ, сонымен қатар тағы да көптеген дүние есепке алынуы тиіс – ұрпақ ауысуы мен архетиптерінен олардың орналасуына дейін. Себебі американдық миллениалдың әрекеттері Кеңес Одағының ыдырауын көрген немесе өз елінің бостандығы мен

тәуелсіздігі үшін күрескендерден мүлдем үлкен айырмашылықта болатыны сөзсіз[20].

Бұл бағытта батыстық зерттеушілердің теориялық шеңберлерінің қазақстандық жағдайға қаншалықты пайдалануға келетінін терең зерттеуді қажет етеді. Ұрпақ тәрбиесіне өз ізін қалдыратын маңызды оқиғалар Қазақстанда және әлемде құндылықтар тізбегіне әр түрлі ықпал етуі де әбден мүмкін. Болашақта ұрпақ теориясын қоғамдық сананы жаңғыртуға қатысты зерттеу мен қолдану шекараларды кеңейтуге және бұл процессті қазіргі жастардың сұраныстарына неғұрлым бейімделген етуге мүмкіндік береді.

Мысалы, миллениалдар үшін «Білім культіне» қарағанда «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты неғұрлым өзекті болады, X ұрпағы үшін «Сананың ашықтығы» мен «Бәсекеге қабілеттілікті» таратуға болады және т.б. Ұрпақ теориясын пайдалану миллениалдар үшін таратушылардың миллениалдардың өздері болуын, Z ұрпақтары үшін Z ұрпақтары өкілдерінің өздері болуын қарастырады – әр ұрпақ өкілі үшін идеялар мен құндылықтарды сол ұрпақөкілдері тарататын болады.

Ұрпақ теориясында сондай-ақ ұрпақтар циклі бар, олардың әрқайсысы 4 кезеңнен тұрады – көтерілу, ояну, төмендеу және дағдарыс. Әрбір толық цикл (орташа ұзақтығы 80-90 жыл) қоғамның барлық қалыптасу, даму және құлдырау кезеңдерінен өтеді. Циклдің әрбір кезеңіне өз ұрпағы сәйкес келеді. Өрлеу мен дағдарыс кезеңдерінде қоғамға ұжымшылдық идеялары тән болып келеді, ал ояну мен құлдырау кезеңдерінде ұрпақ индивидуализм, сыншылдық және тәуелсіздік идеяларын қолдайтын болады.

1. «Пайғамбарлар», немесе бэби-бумерлер ұрпағы. Пайғамбарлар дағдарыстар аяқталған кезде пайда болады, бұл кезде қоғамдық өмір өзектендіріледі, әлеумет жаңа әлеуметтік тәртіп құрылысы мәселесі бойынша консенсусқа келеді. Дағдарыстан кейінгі кезең балалары бола отырып пайғамбарлар ояну циклінің жас эксцентристік көзқарастағы оның алғышарттары болып табылады. Өзінің орта жасында олар моральдық принциптерді ұстанады, ал қартайған шағында ақсақалдар ретінде келесі дағдарысты басқарады.

2. «Кезбелер», немесе X ұрпағы. Кезбелер өрлеу кезеңінде дүниеге келеді, мұнда қоғамда қалыптасқан әлеуметтік идеалдар мен рухани құндылықтар жастар тарапынан қатты сынға ұшырайды. Кезбелер оянудан кейінгі кезең қоғамының мүшелеріне жат болып келеді, ал дағдарыс кезінде өмірлік күш қуатының үлкен қоры бар прагматикалық көшбасшыларға айналады.

3. «Кейіпкерлер», немесе миллениалдар ұрпағы. Кейіпкерлер ояну циклінен кейін, бірақ құлдырау циклі кезінде дүниеге келеді, мұнда

қоғамда өз күшіне деген сенімділік, жеке прагматизм және қоғамдық процесстерге бей-жай қараушылық басым болады. Кейіпкерлер көпшілік мүддесіне бағытты оптимистер болып келеді. Дағдарыс кезінде олар өздеріне сенімді батыл болады, ал келесі ояну циклін саяси жағынан қуатты адамдар ретінде қарсы алады

4. «Суретшілер», немесе Z ұрпағы. Суретшілер дағдарыс кезінде дүниеге келеді, мұнда күшті қатерлер күрделі әлеуметтік және саяси тетіктерді қоғамдық келісім пайдасына қарапайымдатуға итермелейтін болады. Суретшілер әлеуметтенген, кеңістік әлеміне бейімделгіш болып өседі, ояну циклі кезінде белсенді қызмет етуге бағытталған ересек көшбасшыларға айналады және оянудан кейінгі кезеңде ойшыл тұлғаларға айналады [7].

Доминантты ұрпақтар «пайғамбарлар» мен «кейіпкерлер» болып табылады, өз кезегінде рецессивті ұрпақтар «кезбелер» мен «суретшілер» болады. Қазіргі ұрпақ циклдерін келесідей белгілеп, көрсетуге болады:

| | | | |
|----------|-----------|---------------|--|
| Көтерілу | Пайғамбар | Бэби-бумерлер | Екінші дүние жүзілік соғыс аяқталғаннан кейін батыс елдерінде қалыптасқан экономикалық және қоғамдық-саяси тұрақтылық кезеңі |
| Ояну | Кезбе | X ұрпағы | Сана революциясы |
| Құлдырау | Кейіпкер | Y ұрпағы | Мәдени соғыстар, постмодернизм |
| Дағдарыс | Суретші | Z ұрпағы | Әлемдік экономикалық дағдарыс, климаттың өзгеруі, терроризммен күрес, коронавирус |

Әр циклдің өзінің «ұлы ұрпақтары» бар, оның өкілдері азаматтық белсенділікке тартылған, жоғары моральдық принциптері бар және әлемді жақсарта түссек деген арман-тілектері бар. Көбінесе оларға қалыптасуы ояну мен құлдырау кезеңдеріне сәйкес келетін ұрпақтарды жзатқызады. Бірақ, қазіргі таңда гүлдену кезеңі туралы ұрпақтардың көзқарастары өзгеріске ұшырауда. Жаңа қалыптасқан жағдайлар өз түзетулерін енгізеді және қоғамдық даму кезеңін ұзартуға қажеттілік пайда болды: бұл процеске бірден бірнеше ұрпақ тартылған, атап айтқанда түрлі ұрпақтардың күшті көшбасшылары тартылған. Қазіргі заманғы күшті және ықпалды көшбасшылар жаңа циклдің уақыт шеңберінен шығу (80-90 жыл) және ортақ құндылықтар негізінде қоғамның ұзақ мерзімдік тұрақты дамуы міндетін қояды.

Nudge теориясы

Адамдардың әрекетіне ықпал етуге және қол жетімді месседждерді ілгерілетуге мүмкіндік беретін жаңа көзқарастардың бірі батыс елдерінде танымал итермелеу теориясы болып табылады (the Nudge theory).

Адам әрекетін басқарудың бұл технологиясы тікелей бұйрық беру арқылы бір қызмет түрімен айналысуға мәжбүрлемейді, тек жұмсақ түрде қажетті арнаға қарай «итермелейді». Ағылшын тілінің Кембридждік сөздігінде nudge сөзіне келесідей анықтама берілген: біреуді немесе бір нәрсені ақырын итермелеу, біреуді шынтақпен ақырын тұрту [21].

Nudge теориясын қолдану (итермелеу теориясы) немесе оның тағы бір атауы либертариандық патернализм, топтық немесе жеке шешім қабылдау процессіне оң қолдау көрсету немесе тікелей емес бұйрық беру арқылы ықпал ету мүмкіндігін қарастырады. Бұл теорияға сәйкес әрекет етуге немесе шешім қабылдауға итермелеу күш көрсетіп, мәжбүрлеу мен тікелей бұйрық беруден нәтижелілігі жағынан еш кем түспейді. Бұл жерде либертариандық патернализм – бұл патернализмнің жеткілікті түрде әлсіз, жұмсақ түрі екенін атап өтуіміз қажет, себебі мұнда таңдау шектелмейді, күштеп таңылмайды және адамдар дұрыс емес шешімдерден қорғалмайды [8, 63 б.].

Итермелеу теориясы «Nudge. Таңдау архитектурасы: Біздің денсаулық, игілік, бақыт туралы шешімдерімізді қалай жақсартуға болады деген кітабы 2008 жылы жарық көргеннен кейін танымал бола бастады. Оның авторы – Ричард Талер, әрекет экономикасы саласының жетекші маманы, Чикаго университетінің бизнес мектебінің әрекет ғылымы және экономика профессоры Касс Санстейн, Гарвард заң мектебінің профессоры, әрекет экономикасы бойынша маман, АҚШ-та сөздері ең көп қолданылатын құқық профессоры. Ричард Талердің өзі теорияны құрастырғаны және бұрынғы зерттеулерінің нәтижелерін жинақтағаны үшін экономика саласы бойынша Нобель сыйлығының лауреаты атанған.

Осы теорияның авторлары Ричард Талер мен Касс Санстейн итермелеу (nudge) «бұл шешім қабылдау процессінің кез келген жағы, ол адамдарды таңдау мүмкіндіктеріне ешқандай шек қоймастан белгілі бір түрде өз әрекеттерін өзгертуге итермелейді». Мысалы, есіне салу – бұл да итермелеу, ескерту де итермелеу. Күн сайын GPS навигатор бізді белгілі бір бағытта қозғалуға итермелейді, сондай-ақ ережелер белгілі бір әрекеттерді жүзеге асыруға итермелейді. Итермелеудің таңдау еркіндігін толық сақтап қалуы тиіс екендігін ұмытпау маңызды. Сондықтан да бұл саланы көбінесе таңдау архитектурасы деп атайды.

Жоғарыда аталған Талер мен Санстейннің кітабында әрекеттік ауытқушылықтар берілген, олар жеке тұлғалардың шешім қабылдау процессіне ықпал етеді, мысалы, байлау (зәкір салу) және қол жетімділік, репрезентативтіліктің ықтимал қателігі, оптимизм мен өзіне асыра сенгіштік, бір жаққа ауытқу, статус-кво, фрейминг. Авторлар әрекеттегі қателіктерді зерттеу мен бақылау адамдарды жеке немесе қоғамдық игіліктерді жақсартуға бағытталған белгілі бір шешімдер қабылдауға

итермелеуге пайдаланылуы мүмкін екені туралы көптеген мысалдар келтіреді [9].

Тайлердің либертариандық патернализм туралы зерттеуі оның өзге салаларға да таралуына алып келді, кейіннен бұл саясат әлемнің көптеген өзге елдерінде де қолданыла бастады. Үкіметтердің әрекет идеясын азаматтар әрекетін қалыптастырудың дәстүрлі экономикалық әдістерін жетілдірудің немесе оған қосымша құрал ретінде пайдалануға және қоғамдық басымдықтарды ілгерілету құралы ретінде пайдалануға барған сайын мүдделіліктері артып келеді. Бүкіл әлем бойынша бірнеше Үкіметте «итермелеу топтары» (Nudge units) деп аталатын топтар пайда болды, олар әрекет ғылымы бойынша сарапшылар тобы таңдауды шектеусіз қалаған әрекеттерді ынталандыруға қабілетті әрекетке араласу әдістемелерін құрастырады. Мысалы, 2010 жылы Ұлыбританияда «итермелеу бойынша бөлімше» құрылды (Behavioral Insights Team), соған ұқсас құрылымдар Австралияда, Германияда, Голландияда, АҚШ-та тағы басқа елдерде қызмет етеді. Халқаралық банк мәліметтері бойынша жақын арада әрекет идеяларының одан әрі таралуы күтілуде [10].

Ғалым-бехевиористердің көптеген зерттеулері мемлекеттік реттеудің классикалық әдістерімен қатар оларға балама ретінде, сондай-ақ оларға қосымша ретінде әрекетке итермелеудің өзіндік ерекшелігі бар және сонымен қатар болашағы зор тетіктері сәтті қолданылуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл әдістерді мемлекеттік басқаруды қолданудың дамуы мен тәжірибеде қолданылуының негізделуі дәстүрлі реттеу тетіктерінің жеке тұлғалардың рационалды ойлауына негізделетіні, ал әрекет тетіктері түрлі салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың нәтижелілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер береді, ол нақтылы адамдарға тән болып келетін психологиялық факторлар мен когнитивтік шектеулерді есепке алады. Көптеген жағдайларда мұндай құралдарды қолдануға жұмсалатын шығын шамалы болады, мұның өзі оларды алға қойылған мақсаттарды шешу үшін аз шығын жұмсау арқылы қолдануға мүмкіндік береді.

«Итермелеу» әдісі реттеудің түрлі салаларында қолданылады. Әрекет әдістері экономикалық қана емес, сонымен қатар өзге де сипаттағы неғұрлым оптималды шешімдер қабылдауды ынталандыру үшін қолданылады. «nudge» теориясының авторлары реттеудің үш бағытын таңдап алды, олардың шеңберінде әрекетке итермелеу жиі қолданылады:

1. Дербес қаржылық шешім қабылдау;
2. Мемлекет алдындағы міндетін орындау;
3. Қорларды үнемдеу және қалдықтармен жұмыс жасау [8, 71 б.].

Мысалы, осы итермелеу стратегиясы АҚШ-тың Техас штатында қоқыспен күрес барысында сәтті пайдаланылды. Мұның алдындағы

жоспарланған және жақсылап демеушілік жасалынған адамдарды жолға қоқыс шашпауға шақырған жарнама компаниясы қоғамдаулық резонансқа ие болғанына және әркімнің азаматтық борышына назар аударғанына қарамастан нәтижесіз аяқталды. Статистика бойынша 18 жастан 24 жасқа дейінгі ер азаматтар ең көп қоқыс тастаушылар болды. Олар бұл үндеулерді өздерінің әрекеттерін өзгертікісі келетін бюрократтардың әрекеті деп бағалады. Сол кезде шенеуніктер «Техастың шынайы рухына шақырған тікелей үндеу» қажет деген қорытындыға келді. Ең тыңдағысы келмейтін аудиторияға тікелей үн қату қажет болды. Тележарнамаға қатысуға әкімшілік «Даллас Ковбойз» футбол клубының ойыншыларын тартты, олар «Техаспен ойнамаңдар!» деп ұрандатып жүріп қоқыс жинады, сыра банклерін өз қолдарымен жинады. Бұдан кейін танымал әншілермен жаңа роликтер түсірілді, «Техаспен ойнамаңдар!»В деген үндеумен товарлар шығарыла бастады. Бұл осы үндеуді Техастықтардың 95% білуіне алып келді. 2006 жылы көпшілік дауыспен оны Американың үздік ұраны деп таныды. Компания ұйымдастырылғаннан кейінгі бірінші жылы штаттағы қоқыс көлемі 29% азайды, ал алты жыл ішінде жол шетіне лақтырылған қоқыс көлемі 72% азайды. Және бұған талап қою, күштеу, қорқыту арқылы емес, шебер итермелеу арқылы қол жеткізіліді [8, 211 б.].

Тағы да бір американдық штат Монтанада, мысалы, білім беру мекемесінде көлемді компания өткізілді. Негізгі назар штат тұрғындарының көпшілігінің ішімдік ішпейтініне аударылды. Студенттер арасындағы алкогольге деген көзқарасты өзгерту үшін Монтана штаты университеті студенттерінің басым көпшілігі (81%) аптасына төрт немесе одан аз ішімдік ішетініне аударылды. Осындай әдіс темекі шегумен күрес кезінде де қолданылды. Хабарламада Монтананың жасөспірімдерінің көпшілігі (70%) темекі шекпейтіні туралы хабарланды. Осы стратегия әлеуметтік көзқарастарға ықпал етті және темекі өнімдерін пайдалану көлемінің азаюына алып келді [8, 214 б.].

Қазіргі кезеңде әлемде әрекетке итермелеу әдісінің жария саясат әдісі ретіндегі танымалдығы елеулі көлемде өсіп келеді. 150 жуық ел осындай технологияларды қолданады, 20 астам елде мемлекеттік органдарда әрекетті реттеу бөлімшелері құрылған немесе қоғам мүдделері жағынан алып қарағанда оптималды болып табылатын жеке шешім қабылдауға «итермелеу» саясатын құрастыратын орталықтар жұмыс жасайды. Әрекетті реттеуді институттандырудың үш негізгі нұсқасын бөліп көрсетуге болады. Бірінші нұсқада норма шығармашылығы процессінде бехевиористік әдістерді қолдануды бақылау мен үйлестіру ұсыныстарын қалыптастыру бойынша қызмет реттеу саясатын жүзеге асыру саласында қызметті жүзеге асыратын қолданыстағы орталық билік органы

бөлімшелерінің біріне жүктеледі. Мұндай бекітуге АҚШ-ты мысалға келтіруге болады. Екіншісінде – әрекет экономикасы әдістерін қолдану арқылы шешім құрастыруға маманданған жеке орган құрылады. Оған мысалға Ұлыбританияны келтіруге болады. Үшінші нұсқа – жекелеме ведомстволар деңгейінде вихевиористік әдістерді қолдану бойынша бөлімшелер құрылады. Бұл нұсқа атап айтқанда Данияда қолданылады [9].

Ұлыбритания әрекет экономикасы әдістерін пайдалану үшін ұсыныстар құрастыру бойынша орган құрылған бірінші мемлекет болып табылады. Өзі қызмет еткен мерзім ішінде бұл орган өзінің мәртебесін өзгертті және қазір түрлі мемлекеттердің үкіметтеріне мемлекеттік реттеуде әрекет экономикасы көзқарастарын қолдану бойынша кеңес берушілік қызмет көрсететін халқаралық компания болып табылады. Алғашында әрекет әдістерін қолдану бойынша топ (Behavioral Insights Team, бұдан әрі – БИТ) 2010 жылы мемлекеттік саясаттың әрекет жағына қатысы бойынша мемлекеттік көзқарастарды қайта қарастыру мақсатымен Ұлыбритания министрлер кабинетінің Секретариаты бөлімшесі ретінде құрылды. БИТ әрекет көзқарастары бойынша ұсыныстар әзірлейтін орган ретінде мемлекеттік органдар қызметінде осы көзқарасты қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар шығарады [22].

Итермелеу теориясы шеңберінде EAST әрекет тетіктерін қолдану бойынша ұсыныстар шығарды (Easy, Attractive, Social and Timely). Олар төрт принципті суреттейді:

1) қарапайымдық (Easy): ұсынылған сұрақтарға жауап таңдап алу, ұсынылған нұсқалардың дұрыс жауабын іздеумен салыстырғанда қарапайым, сондықтан да көпшілік осы нұсқаны таңдайды. Стандартты жауап ең қажет етілетін нұсқа болуы тиіс;

2) қызықтыратын (Attractive): адамдардың назарын өзіне аударып, қызықтыратын тетіктерді қолдану қажет, – суреттер, түстер және т.б.;

3) әлеуметтік жағы (Social): талап етілетін әрекеттің осы қоғамда норма болып табылатыны туралы адамдарды хабарландыру, әрекетті өзгертуге ықпал ету;

4) уақыт (Timely): түрлі уақытта жасалынған, бірақ мазмұны бірдей болып келетін ұсыныстар азаматтарды әр түрлі әрекетке алып келуі мүмкін [23].

Осы принциптерді пайдалана отырып қоғамда әрбір азамат үшін түсінікті және қол жетімді құндылықтарды ілгерілетудің келесі тетіктерін тәжірибе жүзінде қолдану ұсынылады, мұның өзі бұдан әрі қоғамда әрекет ету мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді:

- Қазақтың «Отан оттан да ыстық», «Жолдасы көптің – олжасы көп», «Татулық – табылмас бақыт», «Еңбек – ердің көркі» және тағы басқа мақал-мәтелдері жазылған өзіне көңіл аударуға тартымды баннерлер

мен билбордтарды халық көп жиналатын орындарда орныластыру (аялдамаларда, көше бойында, сауда-көңіл көтеру орындарында), мұның өзі визуалдық эффект арқылы адамдар санасында дәстүрлі құндылықтарды нығайтуға ықпал ететін болады.

- Қоғамдық көліктерде адамдарда жақсы көңіл күй қалыптастыру және тиісінше шолаушылар тығыз болатын уақыттарда психологиялық шиеленісті азайту мақсатында баяу музыка қойып отыру, мұның өзі бұдан әрі «айналасындағыларға құрметпен қарау» құндылықтарын қалыптастыру мен нығайтуға мүмкіндік береді.

- Тұрғын үйлердің лифттері мен подъездерінде «Қоқысты контейнерге апарып тастағаныңыз үшін рахмет!» деген суретті жазбалар ілу, мұның өзі тазалық сақтау мәдениеті мен қоршаған ортаны қорғау мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Мекемелерде «Бұл бөлмеде тазалық сақталады», «Бұл мекеменің қызметкерлері ең сыпайы», «Осы маңдағы ең темекі тартпайтын ғимарат» түріндегі әлеуметтік мазмұны бар жазбаларды орналастыру, мұның өзі адамдарды осындай болуға ұмтылуға және бұдан әрі әрекет ету мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Сауда-көңіл көтеру орталықтарының фудкорттарында «Өзіңіздің артыңызды жинап кеткеніңіз үшін рахмет!» жазбасы мен қоқыс жинайтын орынды көрсететін белгілер орналастыру, мұның өзі тазалықты сақтау және тазалықшылардың қызметіне құрмет көрсету көзқарастарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

- Әлеуметтік желілер мен БАҚ отбасылық мерекелерді өткізудің тиімді әдістері, қаржыны үнемдеу жолдары туралы лайфхактар мен оң бейнероликтер тарату, мұның өзі тұрғындар арасында үнемшілдік көзқарастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Бұдан әрі Бағдарламаның барлық стейкхолдерлерінің қызметте таңдау архитектурасын қолдануы, «Рухани жаңғыру» идеялары мен құндылықтарын ілгерілету, өзіндік ерекшелігі бар мәдениетті қалпына келтіру бойынша ағарту жұмыстарын жүргізу кезінде Nudge көзқарасын пайдалану ұсынылады

Форсайт

Бағдарламаны нәтижелі ілгерілетудің тағы да бір қазіргі заманғы форматы форсайт болып табылады, оны жүзеге асыру үшін белгілі бір саладағы қолданыстағы моделге түзетулер енгізу немесе оптималды модель құрастыру үшін сарапшыларды іске қосу маңызды болады. Сарапшылардың алдына арта мерзімдік болашақта қоғамның әлеуметтік-саяси дамуын негіздейтін факторлар мен тенденцияларды зерттеу бойынша міндет қойылады. Форсайттық зерттеулер қоғамның одан әрі дамуы үшін қажетті шарт ретінде қоғамдық сананы жаңғыртудың

нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін жаңа форматтар мен шешімдерді қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қазіргі заманғы ғылыми әдістердің бірі болып табылады.

Форсайт – бұл осы зерттеуге қатысатын сарапшыларға болашақтың белгілі бір бейнесін жасауға, осы болашаққа байланысты әрекеттерді жүзеге асыру бойынша келісімге келуге және түрлі салалар бойынша технологиялық ілгерілеу жолдарын анықтауға мүмкіндік беретін орта және/немесе ұзақ мерзімдік болжамдар жасау технологиясы. Форсайт негізінде үлкен сарапшылар панелімен жұмыс жүргізу жатыр, мұнда жүздеген сарапшылар өз білімдерін, көзқарастары мен ұсыныстарын ұсынады.

Форсайттық зерттеулер жүргізу ХХ ғасырдың ортасында басталды. Осы кезеңде АҚШ-та қорғаныс саласындағы зерттеулер мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету салаларында форсайт технологиясы белсенді түрде қолданыла бастады. Бұдан кейін форсайттық зерттеулер Жапонияда қолданыла бастады, кейіннен технология Европа елдеріне де тарала бастады.

Форсайт әдіснамасы дәстүрлі және қазіргі заманғы сарапшылық әдістердің кең көлемін қамтиды. Сондай-ақ әдістер мен процедуралар ғылыми-техникалық және әлеуметтік-экономикалық дамудың болашағын болжаудың негізделуінің арттырылуын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде қарастырылып, жетілдіріліп отырады. Әдіснаманы жетілдірудің басты бағыты форсайтқа қатысатын сарапшылардың білімдерін белсенді және мақсатты түрде пайдалануға бағытталады. Әр форсайт жобада әр түрлі әдістер комбинациясы пайдаланылады, мысалы, сарапшылар панелі, Дельфи әдісі, SWOT-талдау, брэйнсторминг, сахна-лау, технологиялық жол карталары, релеванттық ағаштары, өзара ықпал көлемін талдау және тағы басқалар. Болжамның барлық мүмкін болатын және қол жетімді нұсқаларын есепке алу және болашақтың толық картинасын алу үшін сарапшылардың көптеген бөлігі тартылады. Мысалы, Жапонияда әр бес жыл сайын жүргізілетін ұзық мерзімдік ғылыми-технологиялық даму форсайттарында 2 мыңнан астам сарапшылар қатысады, олар ғылымның, технологиялардың және техниканың дамуының барлық маңызды бағыттарын қамтиды, ал оңтүстік Кореяда жүргізілген форсайт жобаға 10 мыңнан астам сарапшы қатысқан болатын [24].

Форсайттың базалық принциптері:

Болашақты жасауға болады, барлығы тек жұмсалған күшке байланысты;

Болашақ көп нұсқалы – ол өткенге негізделмейді, тек қатысушылар мен стейкхолдерлердің шешіміне тәуелді болады;

Оларға қатысты болжамдар құрастыруға олатын салалар бар, бірақ та болашақты тұтас алғанда шынайы болжауға болмайды, тек болашаққа

дайындалуға немесе оны өзіміз қалай көретінімізге байланысты дайын-
дауға болады [11].

Форсайт қажет болады:

Шешім қабылдау процессін жетілдіру үшін;

Технологияларды таңдау үшін;

Болашақ даму үшін балама бағыттар құрастыру үшін;

Оқыту процессін күшейту және күтпеген жағдайларға дайын болу да-
ырлығын жақсарту;

Өзгеріс жасау бастамасын көтеру үшін [12].

Форсайт дәстүрлі болжам жасаумен салыстырғанда елеулі көлемдегі
неғұрлым кешенді көзқарасты білдіреді.

Бірінішіден, болжамдар сарапшылардың тар шеңбері ішінде қалып-
тастырылады және көптеген жағдайларда қиын болжанатын оқиғалар
футурологиясымен ассоциацияланады (мысалы, акция курсының бол-
жамы, ауа райының, спорттық ойын нәтижелерінің болжамы және т.б.).
Форсайт туралы сөз қозғаған кезде ғылым мен технологиядағы прогрес-
спен байланысты инновациялық дамудың мүмкін болатын болашағын
бағалау туралы сөз болады, белгілі бір мөлшерде қаражат салып, жүйе-
лі жұмысты ұйымдастырған жағдайда қол жеткізілуі мүмкін болатын
технологиялық болашақ мүмкіндіктерінің сұлбасы жасалынады, сон-
дай-ақ экономика мен қоғам үшін қандай нәтиже беруі мүмкін екені
болжанады.

Екіншіден, форсайт қызметтің түрлі салалары бойынша нақтылы
форсайт-жоба тақырыбымен белгілі бір деңгейде байланысты болып
келетін сарапшылардың өте үлкен көлемінің қатысуын қарастырады,
ал кейде жоба шеңберінде талқыланатын мәселелердің шешілуіне ті-
келей мүдделі тұрғындардың белгілі бір тобы арасында суалнама өткізу
қарастырылады.

Үшіншіден, форсайттың дәстүрлі болжамнан басты айырмашылығы –
белгіленген стратегиялық бағыттарға жақындау бойынша тәжірибелік
іс-шаралар құрастыруға бағыттылығы болып табылады.

Форсайтты келесі класстарға бөлуге болады:

Мәселені қамту деңгейі бойынша – жаһандық, ұлттық, өңірлік және
т.б.;

Салалар бойынша – білім беру саласы, әлеуметтік, экономикалық, са-
яси, ғылыми, технологиялық және т.б. салалар.;

Зерттелетін сала ішіндегі түрлі деңгейлері бойынша (Менеджерлер
қауымдастығы Executive.ru. URL: <https://www.e-executive.ru/wiki/index.php/%D0%A4%D0%BE%D1%80%D1%81%D0%B0%D0%B9%D1%82> [пайда-
ланылған мерзімі: 08.09.2020])

Форсайт өткізуде пайдаланылатын негізгі әдістердің ішінде келе-
сілерін бөліп көрсетуге болады. Дельфи (Delphi) әдісі, болжам және

сараптама жасауда қолданылады, 1953 жылы О. Хелмер, Т.Гордон және өзгелер құрастырған RAND Corp. (АҚШ). Әдістің негізі топтың кешенді мәселемен нәтижелі жұмыс істеуі үшін жағдай жасауға бағытталған топтық қарым-қатынас процессін құрылымдандырудан тұрады [12]. Дельфи әдісі сарапшылар панелінің интербелсенді тәуелсіз сауалнамаларын пайдаланады, олар талқыланатын мәселе тақырыбымен байланысты факторлар, тенденциялар мен оқиғалардың мүмкіндігі, маңызы мен салдарын анықтауға мүмкіндік береді. Сауалнаманың бірінші турынан кейін сарапшылар панеліне қатысушылар өзге қатысушылар жауап авторын көрсетпестен берген барлық жауаптарды алады. Бұл әдіс сарапшыларға өздерінің көзқарастарын нақтылап, оған түзету енгізуге мүмкіндік береді. Әдістің басты артықшылығы жан-жақты, ашық, шынайы нәтижелер алу мүмкіндігін беретінінен тұрады.

Сценарийлік (Scenarios) – болашақпен жұмыс жасаудың бұрыннан қолданылып келе жатқан және нәтижелі технологиясы, болашақтың бірнеше мүмкін болатын картинасын құрастыруды қарастырады, олардың әрқайсысы белгілі бір шарттар орындалған жағдайда жүзеге асырылады [13]. Тәжірибеде сахналау мұқият таңдап алынған нүктелер төңірегінде құрастырылатын балама сценарийлердің жиынтығы түрінде болып келеді. Сахналау көзқарасында ненің болатыны, болжанатыны және жобаланатыны бір мезетте қалыптастырылады.

Технологиялық жол карталары (Technology Roadmapping) – технологиялық дамудың жоспар-сценарийінің визуалдық көрсетілімін құрастыру. Технологиялық карталар дамудың мүмкін болатын сценарийлерін белгілеп қана қоймайды, сондай-ақ сыни шешімдер нүктелерін белгілейді. Технологиялық жол картасы өзгерістерге алдын ала дайындалу және жаңа мүмкіндіктерден барынша мүкін болатынын алуды қарастырады. Технологиялық жол картасы келесі артықшылықтарды қамтамасыз етеді: дайындық барысында олар қатерлер мен мүмкіндіктерді бағалауға, басымдықтарды анықтауға, маңызды факторларды кезеңдік стратегиялық жоспарға кіріктіруге мүмкіндік береді.

«Технологиялық пакет» технологиялық дамуды бақылау мен болжам жасаудың ең нәтижелі түрлерінің бірі болып табылады (Технологиялық пакеттер: қысқаша суреттеме [25]). Жеке технология деңгейінде оның маңыздылығын анықтау қиын болады. Технологиялық пакет жүйелік қасиеттері бар технологиялардың өзара байланысты қызметтер жиынтығы түрінде болып келеді. Технологиялық пакет өзара бір бірімен байланысты емес, бірақ та синергетикалық нәтиже беретін жүйені құрастырады.

Сондай-ақ форсайт өткізудің бірнеше өзге әдістерін де атап өтуге болады: сарапшылар және қоғамдық панель, сыни технологияларды бөліп көрсету, ойындық және имитациялық моделдеу, жаһандық трендтерді

талдау, көп бағамды талдау [26]. Форсайт технология ретінде тұңғыш рет АҚШ-та қолданылды. Олардың форсайттық зерттеулерінің мазмұнына тек қана ел ішінде болып жатқан тенденцияларды талдау ғана емес, сонымен қатар тұтас алғанда әлемдегі белгілі бір тенденциялардың дамуына тікелей немесе жанама ықпал етуі мүмкін және соның салдары ретінде АҚШ-тағы жағдайға ықпал етуі мүмкін өзге елдердегі мүмкін болатын саяси шешімдерді талдау жатады (Форсайт: зерттеулер мен жетістіктерге шолу [28]). Форсайттың американдық әдістемесі жеткілікті көлемде шаблонды болып келеді, ол мысалы талқылануы қаланбайтын мәселелердің болуынан көрініс табады. Мұндай мәселелерге мысалы «АҚШ-тың территориялық тұтастығы» немесе «АҚШ-тың әлемдегі жетекші позициясын сақтауы» сияқты мәселелер жатады. АҚШ-та әсіресе корпоративтік форсайт және салалық форсайт ерекше дамыған (мысалы энергетика саласында, хай-тек және т.б.). Қазіргі таңда АҚШ-та жаңа бағыттар бойынша көптеген жұмыстар жүргізіледі. Мысалы, нанотехнологиялар мәселелерін зерттеу үшін арнайы форсайт-институт құрылған, оның шеңберінде нанотехнологияларды пайдаланудың жекелеме бағыттары үшін жол карталары құрастырылады.

Форсайттың Австриялық тәжірибесінің өзіндік ерекшеліктері бар. Оның ерекшелігі тұңғыш рет технологиялық және қоғамдық салалар үшін дамудың ортақ тізбегін табу әрекеттері жасалынды. Австриядағы форсайт бағдарламасының негізгі мақсаты мемлекетке ұзақ мерзімдік болашақта жетекші орындарды иеленуге мүмкіндік беретін инновациялық мүмкіншіліктерді анықтау болып табылады. Бұл бизнес пен ғылым арасындағы ынтымақтастықты күшейту, сондай-ақ индикативті жоспарлау кеңістігін кеңейту арқылы жүзеге асырылады. Алдын ала дайындық болжамдық зерттеулер жүргізіледі, оларда негізгі бағыттар анықталады, одан кейін сарапшылар топтары құрастырылады. Бұдан кейін Дельфи әдісін қолданатын кезең жүзеге асырылады.

Форсайттың шведтік бағдарламасы австриялықтан жұмыстың ұйымдастырылуы жағынан, сондай-ақ мақсаттары мен мазмұны жағынан айырмашылығы бар болып келеді. Мысалы, шведтік форсайт бағдарламасында Дельфи әдісін пайдаланудан бас тартқан. Оның орынына, қатысушылар мүдделеріне сәйкес келетін секциялар құрылады. Осылайша, форсайттардың бірінде 8 секция құрылған: медицина және денсаулық сақтау, биокорлар, әлеуметтік инфрақұрылым, өндірістік жүйелер, ақпарат және телекоммуникация, материал өндірісі, қызмет көрсету өндірісі, білім беру және оқыту [14].

Жапония тәжірибесі ерекше назар аударуды қажет етеді. Мұнда Дельфи әдісін пайдалана отырып құрастырылған ұзақ мерзімдік болжам пайдаланылады. Сонымен қатар, форсайт тұрақты сипатқа ие болады, ол

әр 5 жыл сайын жүргізіледі. Болжам кеңістігі 30 жылды құрайды. Форсайт әдіснамасы да тұрақты түрде жетілдіріліп отырады. Алғашқы жобалар бір сызба арқылы жүргізілді, оның құрамына сарапшылық сауалнамаға арналған стандартты тақырыптар жиынтығы енген болатын. Қазіргі таңда жапондық форсайт әр түрлі әдістердің тұтас кешенін құрайды – бұл жол карталары жүйесі және салыстырма зерттеулер жүргізу. Форсайтқа тапсырыс беруші Жапония үкіметі болып табылады. Форсайт материалдары ғылым мен технологияларды дамыту саласында, оның ішінде тікелей бюджет қаражатын бөлуді қарастыру арқылы ұлттық саясат үшін нақтылы негіз қызметін атқарады. Тұтас алғанда Жапонияда түрлі деңгейлерде көптеген форсайттар жүргізіледі, бірақ сонымен қатар айқын иерархия саақталады: үкімет деңгейінде жалпы көзқарас қалыптастырумен айналысады, министрліктер макродеңгейдегі форсайттармен айналысады, бұдан әрі компаниялар тобы мен жекелеме фирмалардың форсайттары болады. Қазіргі заманғы форсайттардың ерекшелігі бұрын жасалынған болжамдардың нәтижелілігі мен дәлдігін бағалау болып табылады, мұның өзі оларды ерекше етеді. (2030 жылға дейінгі технологиялық форсайт. Жапония. URL:<http://www.foresightrussia.ru/portal/faces/public/info/view?global:metalId=iqm:695558> [пайдаланылу мерзімі: 17.08.2020].

Германияда ұлттық форсайт өткізуге өзіндік ерекшелігі бар көзқарастар қалыптастыруға басты назар аударылады. Көптеген елдерді шарпыған дамудың мүмкін болатын сценарийлерін құрастырудың нәтижелі құралы ретінде форсайтқа қызығушылық толқыны Германияда негізінен тек ірі корпорацияларды ғана қамтыды. Бизнес көрінбейтін тенденцияларды анықтауға және өзекті мәселелерге жауап табуға мүмкіндік беретін форсайттың артықшылықтарын толық көлемде бағалады. Даймлер, БАСФ, Сименс корпорациялары сияқты алыптар корпоративтік форсайт-департаменттер құрды, және ғылыми-технологиялық және әлеуметтік даму болашақтары туралы зерттеулер жүргізді, тиісті әдістемелер құрастырды. Германиядағы форсайт процессінің принциптері тұтас алғандағы технологияларға емес, адамның қажеттіктеріне сүйене отырып қалыптастырылады. Германияда ғылыми зерттеулер қоршаған ортаға деген жауапкершілік көзқарастарын арттыруға, жұмыс күшінің өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға ықпал етуі тиіс деп есептейді [15].

Францияда форсайт өткізудің өзіндік ерекшеліктері бар: форсайттық зерттеулер 4 кезеңде жүргізіледі. Бірінші кезеңде болашақты қалыптастыруға ықпал ету мүмкіндігі бар технологияларды таңдап алу жүзеге асырылады. Бұдан кейінгі кезеңдерде ЕО үшін қызығушылық тудыру мүмкіндігі бағамдарына сәйкес, сондай-ақ Францияның және өзге де

Европа елдерінің бәсекеге қабілеттілігі бағамдарына сәйкес технологиялар саны қысқартылады.

2008 жылы Россияда «Метавер – болашақ білімі» қозғалысы шеңберінде елеулі бюджет қаражатын талап етпейтін форсайт-жобаларды жылдам өткізу әдістемесі құрастырылып, тексеруден өткізілді. Бұл әдістеме Rapid Foresight атауына немесе «жылдам форсайт» атауына ие болды. Осы әдістеме шеңберінде маңызды және мақұлдаудан өткен нәтижеге қол жеткізу бірнеше күнді немесе тіпті сағатты құрайтын болады. Сонымен қатар, ол көлемделінетін олып табылады, демек, бір жобалық команда көлемінде, сондай-ақ мемлекеттер мен мемлекетаралық көлемде де болашаққа деген көзқарастарға келісім алу мүмкіндігін береді. Тіпті жеке форсайт жасалуы да мүмкін – жеке болашақты жоспарлау үшін.

Rapid Foresight негізгі әдісі болашақ картасының келесі элементтерін бөліп көрсету болып табылады:

1. трендтер – қолданыстағы және жаңа туындап келе жатқан;
2. технологиялар – қолданыстағы трендтерді қолдайтын немесе жаңа трендтерді іске қосатын;
3. форматтар – әлеуметтік бірлесе әрекет ету технологиясы;
4. трендтің даму жылдамдығын іске қосатын, ауыстыратын немесе өзгертетін басты оқиғалар;
5. форматтарды заңдастыратын заң жобалары мен нормативтік актілер;
6. агенттерге теріс ықпал етуі мүмкін қатерлер (бизнес-мекемелер, білім беру мекемелері, нарық және т.б.) [11, 4-5 б.].

Қазіргі таңда «Рухани жаңғыру» қазақстандық қоғамдық даму институты» ҚеАҚ Rapid Foresight әдістемесі бойынша қоғамдық сананы жаңғырту саласында форсайттық зерттеулер жүргізуде. Бұл зерттеулер «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын есепке ала отырып қазақстан қоғамының дамуының оптималды траекториясы мен стратегиясын таңдап алуға, қатысушылар.

Форсайттық зерттеулердің мақсаты – форсайттың: сарапшылық сауалнама, Дельфи әдісі, болжам жасау, форсайт-сессиялар қоғам санасын жаңғыртуға бағытталған стратегиялар қалыптастыру сияқты әдістері мен құралдарын пайдалана отырып қоғам дамуы мен әлеуметтік процесстердің өзара тиімді сценарийлерінің негіздемелерін құрастыру: болып табылады.

Сарапшылар қауымдастығының міндеттері:

– қоғамдық сананы жаңғыртумен байланысты әлеуметтік-экономикалық процесстер шеңберіне талдау жасау;

– белгіленген бағыттарды дамытуда мүмкін болатын ілгерілеу мен қатерлерді анықтау;

– тұтас картинаны ұғыну мен құрастыру үшін қоғам дамуының қазіргі заманғы жаһандық және жергілікті маңызы бар трендтеріне толық талдау жасау;

– «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде республикалық және өңірлік деңгейлерде менеджментте қолдану үшін форсайттардың технологиялық пакетін құрастыру.

Ағымдағы жылы форсайттық зерттеулер үш бағыт бойынша жүргізіледі:

«Инклюзивті көзқарас және инклюзивті қоғам қалыптастыру»;

«Қазақстандықтың келбетін қалыптастыру»;

«Қазақстан халқаралық аренада».

Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы форсайттық бағдарламалар құрамына келесі кезеңдер енеді.

Бірінші кезең – форсайт алды кезеңі:

– сарапшылар пулын, стейкхолдерлер пулын қалыптастыру;

– форсайт зерттеуді жүзеге асырудың әдістері мен тәжірибесін анықтау;

– мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес мекемелердің статистикалық мәліметтерін, әлеуметтік сауалнама қорытындыларын жинау және талдау;

– халқаралық ғылыми конференция шеңберінде форсайттық панель өткізу.

Екінші кезең – форсайт:

– әрбір бағыт бойынша алдын ала сценарийлер әзірлеу;

– форсайт сессияларын өткізу;

– сарапшылық сауалнама өткізу.

Үшінші кезең – форсайттан кейінгі:

– отандық сарапшылардың қатысуымен форсайт нәтижелері бойынша қорытынды конференция өткізу;

– үш бағыт бойынша шынайы, оптимистік және пессимистік сценарийлерімен қорытынды болжам дайындау;

Ақпараттық сүйемелдеу [16].

Коронавирус пандемиясының жаңа жағдайлары қоғамдық сананы жаңғырту саласына өз түзетулерін енгізді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын нәтижелі ілгерілету үшін қолданылатын жаңа көзқарастар онлайн форматқа ауыстырылды, мұның өзі әлеуметтік бірлесе әрекет етуге елеулі көлемде ықпал етті. Пандемиядан кейінгі кезең әлеуметтік бірлесе әрекет етудің жаңа түрлері мен технологияларын іздестіруге мәжбүр етеді және бұл әрине digital-қарым-қатынастарды құрастырудың жаңа бағыты болатыны сөзсіз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті, Елбасы қазіргі заманғы мемлекет құру бойынша халықтың идеялары мен тарихи ұмтылыстарын жүзеге асырудың кепілі болып табылады. Ол қоғамдық санаға ықпал ету күші мен әлеумет тарапынан сенім деңгейі бойынша Керей, Жанибек, Тауке, Абылай, Линкольн, Ганди сияқты саяси қайраткерлермен бір қатарда тұр. Оның өмірі, қызметі мен шығармашылығы қазақстан халқын қазіргі заманға және болашаққа бағытталған жасампаз қызмет пен сапалық (оң) өзгерістер жасауға шабыттандырады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы Қазақстанның саяси және экономикалық жаңғыруының өзегі, алдыңғы қатарлы ой дамыған қазіргі қазақстан қоғамын құрудағы басты идеологиялық құжатқа айналды.

Әрине, мақала ғылыми қауымдастық тарапынан одан әрі ой елегінен өткізу мен зерттеу объектісіне айналатын болады. Қазіргі таңда қоғам негізгі ережелерді алғашқы қабылдау мен игеру парадигмасы жағдайында. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін жаңа нақтылыққа бейімдеу процессі жүруде.

Бұл кітап «Рухани жаңғыру» қағидаттарын ілгерілету және Бағдарламаны институттандырудың толық картинасын қалыптастыру бойынша жинақталған тәжірибені теорияландыру әрекеті болып табылады. Үш жыл өткеннен кейін біз материалды жинақтау және келесі ой қорыту мүмкіндігіне ие болдық:

1. Елбасы, тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы қоғамды жаңғырту мәселелерін қарастыруға тұжырымдамалық көзқарастарды анықтай отырып, қоғамдық сананы зерттеу бойынша қоғамдық дискурсқа жаңа серпіліс берді.

2. Бағдарлама мазмұнын неғұрлым толық ашу үшін философия мен әлеуметтанудың, саясаттану мен мәдениеттанудың эпистемологиялық мүмкіншіліктерін пайдалану маңызды.

3. Проблемалық алаңды қарастыру бойынша оптималды зерттеушілік шешімдерді табу үшін осы процесстегі жоғары оқу орындары кафедраларының рөлін арттыру қажет, бұл соңғы нәтижесінде жаңа гуманитарлық білімдердің дамуына, тұтас алғанда Бағдарлама құндылықтарының тұрғындар арасында ілгерілетуіне алып келеді.

4. Әлеуметтік бірлесе әрекет етудің қазіргі заманғы технологиялары «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қағидаттары мен бағыттарын дамыту мен ілгерілетудің жаңа буынын жасауға негізделеді. Бағдарламаны жүзеге асыруда жаңа көзқарастарды қолдану біліммен, тәжірибеммен,

идеялармен және құндылықтармен бөлісу процессінің жүйелілігін, сондай-ақ барлық стейкхолдерлердің тартылуын қамтамасыз ететін болады. Ұсынылған көзқарастар мен технологиялар қоғамдық сананы жаңғыру саласындағы барлық бағыттардың тұрақты қызмет етуі үшін жағдайды жақсартуға бағытталады.

Бағдарламаның нәтижелілігі оның өзектілігімен ғана емес, сонымен қатар оның тиісінше талдаушылық сүйемелденуі қажеттілігімен анықталады.

Қоғамның тұрақты дамуы әлеуметтік сабақтастықты сақтаусыз мүмкін емес болады, ол белгілі бір дәстүрлердің сақталуынан көрініс табады.

Дәстүрлер мен жаңғыртуды байланыстыру – күрделі және көп еңбекті қажет ететін процесс. Бұл жерде жаңғырту дәстүрлерді жоққашығармайтынын, тек оны біртіндеп реформалайтынын ұғыну қажет. Дәстүрлер өз кезегінде жаңғыртуға бөгет жасамайды, тек оны бір біріне бейімделу барысында бағыттайды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы қазіргі батыс мәдениеті элементтері мен шығыс философиясының даналығын бейімдеді, жаһандану жағдайында дәстүрлі және жаңғыртушы құндылықтардың синтезіне айналды. Сол арқылы, «Рухани жаңғыру» жаһандық құндылықтар жүйесі мен ұлттық дәстүрлер негіздері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға негізделеді.

Қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы форсайттық зерттеулер бойынша тұжырымдама

Өзектілігі. Жаһандану процесстері қазіргі әлем картинасын қалыптастыра отырып мемлекеттің қызметі мен бағытына күшті ықпал етеді. Ұзақ мерзім бойы мемлекет өзін өзі сақтау мен одан әрі даму болашағына арналған құралдарды иеленді немесе оған жағдай жасады. Қазіргі таңда, мемлекеттің рөліне өзгерістер енгізілуде, ал батыстық стандарттардың көп түрлілігі мен қызығушылық тудырушылығы көптеген ұрпақтар үшін қоршаған ортаға деген көзқарастардың негізін құрайтын ұлттық мәдениет үшін тәуекелдер тудырады. Жаһандану және оның бірыңғай бейне жасауға ұмтылысы саяси ғана емес, сонымен қатар шығармашылық элита тарапынан да тиісті жауап берілуін талап ететін қатер түрінде болып келеді. Тұңғыш Президент, Елбасы Н.Назарбаевтың бағдарламалық мақалалары өзінің мазмұндық жағынан алып қарағанда бүкіл қазақстандық қоғамның мүддесіне сәйкес келетін стратегиялық бағдарларды қалыптастырады. Қазіргі таңда біз бұл құжаттар стратегиялық және ұзақ мерзімдік сипатта болып келеді деген қорытынды жасай аламыз. Бағдарламалық мақалалар біріктіруші күш мүмкіншіліктері бар басты тұжырымдамалар болып табылады және қазақстан қоғамының жақын және алыс болашақтағы дамуын анықтайды. Себебі онда тарихи ғана емес, сонымен қатар әмбебап рухани сабақтастық көрініс табады. Бағдарламалық мақалада жарияланған идеялар ұлы философтар әл-Фараби мен Абай еңбектерінен көрініс тапқан рухани мазмұнмен байланысып жатыр. Бұл біздің эволюциялық даму императивіне сүйене отырып жүздеген жылдар бойы ұстанып келе жатқан құндылық санаттары мен бағамдарын қайта қарастыру болып табылады.

Сонымен қатар, объективті нақтылық қолданыстағы көп түрлілікпен байланыста біздің ұлтымыздың ерекшелігін сақтайтын дәстүрлі архетиптің іргелі негіздерін жоққа шығармастан қазіргі әлемнің даму шеңберіне үйлесімді енгізілетін жаңаша ойлау түрін құрастыруды талап етеді. Елбасы Н.Назарбаевтың бағдарламалық ережелері өз негізі бойынша осы бағыттағы дайын шешімдер түрінде болып келеді.

Бағдарламаның жүзеге асырылуының қысқа мерзімі ішінде ұлттық бірегейлікті нығайту, патриотизмді дамыту, ұлттық тарих туралы білімдерді тереңдету, шағын отан тарихын зерттеу бойынша көлемді жұмыстар жүргізілді. Тарихи ескерткіштер мен киелі орындарды қалпына келтіру, қазіргі заманғы қазақстан мәдениетін дамыту мен насихаттау, меценаттар мен демеушілерді туған өлкесін дамытуға, әлеуметтік мәселелерді шешуге тарту бойынша іс-шаралар өткізілді. Түрлі салаларда жоғары нәтижелерге қол жеткізген және еліміздің дамуына үлес қосқан замандастарымызды қолдау бойынша бағдарламалар жүзеге асырылды. Білім берудің сапасын арттыру мақсатында отандық жоғары оқу орындары оқу процессіне гуманитарлық бағыт бойынша шет елдік әдебиеттің 60 астам түрлерін енгізуде.

Алайда, Бағдарламаны жүзеге асыру барысында жүйелі көзқарастың болмауы және тиісті әдістемелік сүйемелдеудің болмауы салдарынан мазмұндық бөлімді жоққа шығару қаупі бар екені анықталды. Іс-шаралар мен бастамалардың

сандық молшылығы қоғамның Бағдарламаның негізгі ережелерін дұрыс қабылдауына арналған сауатты құралдар арқылы қолдау тапқан жоқ.

Барлық қатысушылардың Бағдарлама негізін түсінудегі айырмашылығын еңсеру үшін Бағдарламаны ілгерілету процессін толығымен легитимдендіретін теориялық негіздеу мен институттарды құру қажет. Легитимдендіру деп қоғамның да, мемлекеттік органдардың да осы құжаттың мемлекет пен тұлғаның дамуы үшін маңыздылығын тануын түсінуге болады. Тұрақты даму мен жеке тұлға, қоғам және мемлекеттің өзара жауапкершілігі туралы басты ұғым насихаттауды және тиісінше түсінік беруді талап етеді.

Сонымен, жүзеге асыруға жасалынған талдау Бағдарламаны ілгерілетудің жаңа форматтарын іздестіру қажеттігін көрсетеді және осы кезеңде оптималды модель құрастыру немесе қолданыстағы модельге түзетулер енгізу үшін сарапшыларды іске қосу маңызды болып табылады. Сарапшылардың міндеті мемлекеттің орташа кезеңдік болашақта әлеуметтік-саяси дамуын детерминдейтін (негіздейтін) факторлар мен тенденцияларды зерттеу болып табылады. Академиялық қауымдастық болашақтың тұтас бейнесін қалыптастыру үшін қатерлер мен ілгерілеу аймақтарын анықтау үшін қажетті құралдарға ие болып табылады. Тиісінше, осы бағыттағы талдаушылық жұмыс бізге оптималды модельді құрастыруға қажетті нақтылы қадамдарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қоғамның одан әрі дамуы үшін жағдай жасау қажеттігі ретіндегі қоғамдық сананы жаңғыртудың нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін қазіргі заманғы ғылыми әдістердің бірі форсайттық зерттеулер болып табылады.

Форсайт деп біз жаһандық трендтер мен объективті мүмкіндіктерді есепке ала отырып ғылыми негізделген базада болжам жасау технологияларын түсінеміз. Бұл әдістің өзіндік ерекшелігі бар белгілі болашақты жасау процессіне мүдделі барлық қатысушылардың тартылуы болып табылады. Форсайттық зерттеулерде басты рөлді сарапшылар, белгілі бір сала бойынша арнайы білімдерге ие біліктілігі жоғары мамандар атқаратын болады. Олар ғылыми қауымдастық өкілдері болуы немесе Форсайт өткізілетін саланың тәжірибелі маманы болуы мүмкін. Сарапшылардың міндеті белгіленген сала бойынша оның болашағы мен тәуекелдерін анықтау, осы бағыттың болашағының сценарийін құрастыру болып табылады. Сценарийдің жарамдылығы процесске Форсайттың өзге қатысушыларының: стейкхолдерлердің, шешім қабылдайтын тұлғалардың және т.б. тартылуымен анықталады.

Форсайттың маңызды кезеңі барлық қатысушылар үшін тиімді болып табылатын қорытынды сценарий дайындау ғана емес, сонымен қатар алға қойған мақсатқа қол жеткізу бойынша іс-шаралар дайындау болып табылады. Осы мақсатта сценарийді талқылау, стейкхолдерлер мен шешім қабылдайтын тұлғалардан ұсыныстар мен пікірлер алу және түзетулер енгізу жүргізіледі.

Сонымен, қоғамдық сананы жаңғырту саласындағы форсайттық зерттеулер «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарын есепке ала отырып қазақстан қоғамын дамытудың оптималды траекториясы мен стратегияларын таңдап алуға, қатысушылар арасында көлбеу және тік байланыстар жүйесін ортануға мүмкіндік береді. Соған байланысты, қоғамдық сананы жаңғырту саласында форсайттық зерттеулер жүргізудің өзектілігі елеулі көлемде арта түседі.

Форсайттық зерттеулердің мақсаты – Форсайт құралдары мен әдістерін-сарапшылық сауалнама, Дельфи әдісі, болжам жасау, форсайтсессия және қоғамдық сананы жаңғыртуға бағытталған стратегиялар қалыптастыру арқылы қоғам мен әлеуметтік процесстердің дамуының өзара тиімді сценарийін егіздеу құрастыру.

Сарапшылар қауымдастығының міндеттері:

- қоғамдық сананы жаңғыртумен байланысты әлеуметтік-экономикалық процесстер шеңберін талдау;
- белгіленген бағыттардың дамуындағы мүмкін болатын ілгерілеулер мен қатерлерді анықтау;
- толық бейнесін ұғыну мен қалыптастыру үшін қазіргі қоғам дамуының жаһандық және жергілікті трендтеріне жан жақты талдау жасау;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде республикалық және өңірлік деңгейлерде бұдан әрі менеджментті қолдану үшін форсайттық технологиялық пакетін құрастыру.

Форсайт-зерттеуін жүргізу барысында келесі міндеттерді шешу қарастырылады:

- қоғамдық сананы жаңғырту процессіне барлық қатысушылардың қызмет бағыттарын қалыптастыру және ашық ойды қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- Бағдарлама бағыттары бойынша жаңа жобаларды жүзеге асыру үшін қызығушылық танытылатын орта қалыптастыру үшін жағдай жасау;
- мемлекет, қоғам, бизнес және ғылыми қауымдастық арасында мүдделерді кооперациялау үшін диалогтық алаң құру;
- «жол картасын құрастыру», онда қоғамдық сананы жаңғырту бағыттарын есепке ала отырып қазақстан қоғамының дамуының мүмкін болатын жодары көрсетілетін болады.

Форсайттық зерттеулер «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға барлық қатысушыларды, сарапшылар қауымдастығын, мүдделі тұлғаларды болашақ қазақстан қоғамының бейнесін құрастыруға күштерін біріктіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, әлеуметтік инжинирингтің нәтижелі құралдарының бірі ретінде форсайттық зерттеулер жүргізу болашақ қазақстан қоғамының бейнесін жасауды ғана емес, сонымен қатар қоғамдық психология мен қазақстандықтардың санасын өзгертудің тәжірибелік тетіктерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жүзеге асыру тетіктері:

1. Форсайт зерттеу жүргізу бойынша ҚҚДИ тұжырымдамасын құрастыру.
2. Форсайт зерттеу бойынша іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын құрастыру.
3. Форсайт зерттеу бағыттары бойынша статистикалық және өзге де өзекті ақпараттар алу үшін мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес мекемелерге сұраныс жасау формаларына келісім алу мен жүзеге асыру әдістері мен тәжірибесін анықтау мақсатымен кездесулер өткізу.
4. Тапсырыс жасалынған бағыттар бойынша ақпарат жинау мен талдау.
5. Белгіленген бағыттар бойынша 2 күндік форсайт-сессиялар өткізу.
6. Сарапшылық әлеуметтік сауалнамалар жүргізу.

7. Белгіленген бағыттар бойынша сценарийге сарапшылардың түзетулер енгізуі.

8. Форсайт-зерттеу нәтижелері бойынша қорытынды конференция өткізу.
9. Қорытынды сценарий дайындау.

Форсайт зерттеу бағыттары

Үш бағыт бойынша форсайт-зерттеулер өткізу жоспарлануда:

- инклюзивтік көзқарас пен инклюзивтік қоғам қалыптастыру (Тең адамдар қоғамы);
- Қазақстандықтың келбетін қалыптастыру (Жаңа үлгідегі қазақстандық);
- Қазақстан халқаралық аренада (Қазақстан әлемнің 30 жетекші елі қатарында).

Форсайттық зерттеулер бағдарламасы құрамына келесі кезеңдер кіреді:

1. Форсайт алды кезеңі:

- сарапшылар пулын, стейкхолдерлер пулын қалыптастыру;
- Форсайт зерттеуді жүзеге асырудың әдістері мен тәжірибесін анықтау;
- мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес мекемелердің статистикалық мәліметтерін, әлеуметтік сауалнамалар қорытындыларын жинау және талдау;
- халқаралық ғылыми конференция шеңберінде форсайттық панель өткізу.

2. Форсайт:

- әр бағыт бойынша алдын ала сценарийлер әзірлеу;
- үш 2 күндік форсайт сессия өткізу;
- сарапшылық сауалнама өткізу және түзетулер енгізу.

3. Форсайттан кейінгі кезең:

- отандық сарапшылардың қатысуымен форсайт зерттеуі нәтижелері бойынша қорытынды конференция өткізу;
- үш бағыт бойынша реалистік, оптимистік және пессимистік сценарийлерді қамтитын қорытынды болжам дайындау;
- ақпараттық сүйемелдеу.

Күтілетін нәтижелер мен әлеуметтік эффект:

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ілгерілету процессіне қатысушылардың үйлесімді бірлесе әрекет етуі.
2. Бағдарламаның нәтижелілігін арттыру мақсатымен оны жүзеге асыру бойынша қолданыстағы шешімдерге түзетулер енгізу.
3. Сценарийлік қондырмаларға сәйкес әрекет моделдеріне түзетулер енгізу.
4. Форсайттық зерттеу нәтижелері туралы материалдар құрастыру.
5. Тұрақты және ұзақ мерзімдік форсайттық зерттеулер жүргізу үшін база қалыптастыру.
6. Қазақстанның дамуына ортақ көзқарас бойынша нәтижелер беретін форсайттық зерттеулер жүргізу бойынша әдістемелік құралдар құрастыру.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖОБАЛАР АКСЕЛЕРАТОРЫ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

I. Байқаудың жалпы ережелері

1. Осы Ереже әлеуметтік бағдарламалар Акселераторы байқауына (бұдан әрі Байқау) қатысу тәртібін және «Өзгерістердің саруарлары» жобасы шеңберінде тапсырыстарды таңдап алу тәртібін анықтайды (бұдан әрі – Акселератор).

2. Байқауды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі АҚДМ) қолдауымен «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» (бұдан әрі ҚҚДИ) болып табылады.

3. Байқауды өткізу үшін ұйымдастырушы байқау комиссиясын құрады. Байқау комиссиясының құрамына АҚДМ, ҚҚДИ, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі», «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ҰАҚ, сондай-ақ ғылыми-сарапшылар және азаматтық қауымдастық өкілдері кіреді.

4. Ұйымдастыру комитеті «Рухани жаңғыру» ҚҚДИ орталығы болып табылады.

5. Конкурстық таңдаудан өткен жобалар келесі мүмкіндіктерге ие болады:

1. Жобаны ақпараттық қолдау;
2. Қаржыландыру көздерін іздестіруге қолдау көрсету;
3. Бизнес-жоспар құрастыруға қолдау көрсету;
4. Жаңа әріптестер, зәкірлік мекемелер іздестіруге қолдау көрсету.

6. Жобалар акселерациясы бағдарламасына мыналар кіреді:

1. Акселератор жобасының мәртебесін анықтау үшін сарапшылармен интервю және дамудың жеке траекториясын құрастыру;

2. Белгілеу білім беру сессиясы;

3. Жоба бағыттары бойынша стратегиялық сессия, жоба кластерлерін қалыптастыру;

4. Жобалардың тұжырымдамасын, жүзеге асыру жоспарларын, жобалардың бизнес-модельдерін құрастыруға, жоба ішінде жаттықтырушылар дайындауға, оқытушы модульдер мен әдістемелік материалдар құрастыруға қолдау көрсету;

5. Қорлар мен қаржылар тартуға, зәкірлік мекемелер тартуға, әріптестермен шартқа отыруға, ақпараттық сүйемелдеуге қолдау көрсету, жобаның таратылуы мен өзін өзі ақтауы үшін жағдай жасау;

6. Жобаларды «Асар» алаңына қатысуға, әлеуметтік жобалар байқауларына қатысуға дайындау, жоба командаларының инвесторлармен және меценаттармен кездесулерін ұйымдастыру;

7. Жобаның өңірлерде тарату, жобаны өңірде іске қосу туралы мүмкін болатын әріптестермен және өңірлік жобалық кеңселермен келіссөздер жүргізуге қолдау көрсету;

8. 2020 жылдың қараша айында Акселератор жұмысының нәтижелері бойынша қорытынды конференцияға қатысу.

II. Байқауға қатысу тәртібі

7. 2020 жылғы 15 қаңтардан 28 ақпанға дейінгі аралықта өтетін байқауға қатысуға келесі бағыттар бойынша жобалық топтар шақырылады:

1. Инклюзивті қоғамды дамыту (жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, қарт адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасыларға қолдау көрсету);

2. Ресми емес білім беру шеңберінде өзекті құзыреттіліктерді дамыту (қаржылық, құқықтық, ақпараттық, IT, сандық сауаттылық, ағылшын тілі және мемлекеттік тілді меңгеру);

3. Ауыл шаруашылық, өлкетану және білім алушылық туризмді дамыту;

4. Мәдениет, өнер, халық шығармашылығы және спорт салалары бойынша жобаларды біріктіретін алаңды дамыту;

5. Тұрғындардың экологиялық мәдениетін дамыту;

6. Жүйелі жобалық ойлауды дамыту, көшбасшылық мүмкіншіліктерді нығайту;

8. Байқауға ҰЕҰ, кәсіпкерлер, бастамашыл топтар қатыса алады.

9. Байқауға қатысу үшін 2020 жылғы 28 ақпан күнгі сағат 18.00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қаласы уақыты бойынша) <https://learnopen.kz/accelerator> сілтеме бойынша тіркеуден өту және 1 қосымшаға сәйкес қазақ және/немесе орыс тілінде тапсырыс беру қажет.

10. Тіркеу үшін қажетті құжаттар тізімі:

1. Жоба анкетасы;

2. Тапсырыс берушінің түйіндемесі;

3. Қысқаша ақпарат (мекеме болған жағдайда);

4. Жоба туралы қысқаша презентация (10 слайдқа дейін) (міндетті болып табылмайды).

11. Тапсырыстар келесі бағамдар бойынша таңдап алынады:

1) жобалық құжаттардың жоғары деңгейде әзірленуі;

2) жобаның пилоттық режимде жүзеге асырылуы;

3) жоба командасының қажетті мамандармен жарақтануы;

4) жобаның таратуға дайындығы;

5) байқауға жоба идеясы немесе пилоттық режимде жүзеге асырылудың ерте кезеңіндегі жоба ұсынылған жағдайда жоба командасының таңдалған сала бойынша жобаларды жүзеге асыруға қатысу бойынша бұрынғы тәжірибелері есепке алынатын болады.

III. Акселераторға қатысуға тапсырыстарды таңдап алу тәртібі

12. Тапсырыстарды алдын ала таңдап алуды олардың түсуіне қарай ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады. Тапсырысты ерте берген қатысушылар сарапшылармен бірінші интервьюден кейін байқауға ұсынылған құжаттар пакетін жаңарту немесе/және толықтыру мүмкіндігіне ие болады.

13. Қатысушылардың сарапшылармен бірінші интервьюін ұйымдастырушы комитет тапсырыс беріліп қабылданған жағдайда тапсырыс берілгеннен кейінгі 7 күн ішінде жүзеге асырады. Егер де тапсырыс қабылданбаса қатысушылар электронды мекен-жайына тиісті хабарлама алады.

14. Алдан ала таңдаудан өткен тапсырыстарды қарауды байқау комиссиясы тапсырыстар қабылдана бастаған уақыттан бастап 20 жұмыс күнінен кеш емес уақыт ішінде бастауы мүмкін. Байқау комиссиясының қорытынды отырысы байқау аяқталғаннан кейінгі 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізіледі.

15. Ұйымдастырушы байқауға қатысуға берілген кез келген тапсырысты себебін түсіндірместен қабылдамау құқығын өзінде қалдырады. Байқау комиссиясының шешімі даулауға жатқызылмайды. Байқау нәтижелерін қайта қарау жүргізілмейді.

16. Байқау туралы қосымша ақпаратты Сіздер 8(7172)27-81-34, 8-707-816-06-16 телефондары бойынша, сондай-ақ email: zh.kamenova@kipd.kz ала аласыздар

17. Бұл ереже 2020 жылғы 03 ақпандағы жағдай бойынша жаңа редакцияда берілген.

3 қосымша

Әлеуметтік жобалар Акселераторы туралы ЕРЕЖЕ

I. Акселератор туралы жалпы ережелер

Осы Ереже «Өзгерістердің саруарлары» (бұдан әрі – Акселератор) жобасы шеңберіндегі әлеуметтік бағдарламалар Акселераторының қызмет етуінің миссиясын, мақсатын, міндеттерін, тәртібін анықтайды.

Байқауды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің (бұдан әрі АҚДМ) қолдауымен «Рухани жаңғыру» Қазақстандық қоғамдық даму институты» (бұдан әрі ҚҚДИ) болып табылады.

Акселератордың орналасқан мекен-жайы: ҚҚДИ кеңсесі.

II. Акселератор миссиясы, мақсаты мен міндеттері

Акселератор миссиясы – тұрғындардың өздігінен ұйымдасу процессіне қолдау көрсету арқылы мемлекеттік және мемлекеттік емес мекемелермен бірлесе әрекет ету арқылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының бағыттарын ілгерілету.

Акселератор мақсаты – «Рухани жаңғыру» бағдарламасының принциптері бойынша жоба портфельдерін құрастыру.

Акселератор міндеттері:

1) Акселераторға жобаларды таңдап алу, тақырыптық бағыттар бойынша жоба кластерлерін қалыптастыру;

2) жобаларды сарапшылық және әдістемелік сүйемелдеу, нәтижелі бизнес-модельдер құрастыру, мақсатты аудиторияны қамту және тұрғындарды өздігінен ұйымдастыру үшін жоба форматтары модельіне енгізу үшін жағдай жасау;

3) жобаның тиісті ведомстволармен және зәкірлік мекемелермен бірлесе әрекет етуін үйлестіру;

4) әлеуметтік салаға қорлар тарту және блокчейн технологиялары сияқты инновацияларды қолдану арқылы тұрғындардың жаппай қатысуымен жобаны қолдау үшін жағдай жасау және соның негізінде әлеуметтік жобаларды бизнес ортасының қолдау платформасын құрастыру;

5) Жобаларды «Асар» алаңына, әлеуметтік жобалар байқауына қатысуға дайындау, жоба командаларының инвесторлармен және меценаттармен кездесулерін ұйымдастыру.

6) жобалардың өзін өзі ақтауға және тұрақты дербес дамуға шығуы үшін жағдай жасау;

7) барлық қатысушылардың үйлесімді бірлесе әрекет етуін қамтамасыз ету үшін жекелеме бағыттар бойынша стратегиялық сессиялар өткізу.

Акселератор жұмысының нәтижесі «Рухани жаңғыру» бағдарламасының барлық бағыттарының кешенді жобалармен толықтырылуы, жекелеме бағыттар бойынша жоба кластерлерінің қалыптастырылуы болады, ол тұрғындардың барлық санаттарын кең көлемде қамтуды қамтамасыз етеді.

III. Акселератордың қызмет ету тәртібі

Акселераторқызметін іске қосу үшін ҰЕҰ, кәсіпкерлер, бастамашыл топтар тапсырыстары негізінде байқау жарияланып, өткізіледі.

Бұл байқаудың басты міндеті әлеуметтік жобаларды таңдап алу, ілгерілету және тарату болып табылады.

Байқауға қатысуға келесі тақырыптық бағыттарға сәйкес келетін тапсырыстар берілуі мүмкін (бұдан әрі – 6 бағыт):

1. Инклюзивті қоғамды дамыту (жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, қарт адамдарға, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасыларға қолдау көрсету);

2. Ресми емес білім беру шеңберінде өзекті құзыреттіліктерді дамыту (қаржылық, құқықтық, ақпараттық, IT, сандық сауаттылық, ағылшын тілі және мемлекеттік тілді меңгеру);

3. Ауыл шаруашылық, өлкетану және білім алушылық туризмді дамыту;

4. Мәдениет, өнер, халық шығармашылығы және спорт салалары бойынша жобаларды біріктіретін алаңды дамыту;

5. Тұрғындардың экологиялық мәдениетін дамыту;

6. Жүйелі жобалық ойлауды дамыту, көшбасшылық мүмкіншіліктерді нығайту. Ұйымдастыру комитеті жобалық құжаттарды қабылдау, өңдеу және талдауға жауап береді, сондай-ақ байқау шеңберіндегі ұйымдастырушылық жұмыстарды қамтамасыз етеді.

Байқау комиссиясы жобаларды бағалауды жүзеге асырады және оларды Акселераторға қосу туралы шешім қабылдайды.

Байқауды ұйымдастыру және әлеуметтік жобалар Акселераторына тапсырыстарды таңдап алуды ұйымдастыру тәртібі әлеуметтік жобалар Акселераторына байқау туралы Ереже арқылы реттеледі.

Акселератордың әріптестері (бұдан әрі – Әріптестер) 6 бағыт бойынша мемлекеттік және/немесе өзге заңды тұлғалар, зәкірлік мекемелер болып табылады.

Акселераторға қатысушылармен тренингтер өткізу және тренингтен кейінгі сүйемелдеу үшін 14 жаттықтырушы тартылады (сарапшылар), олар жобалық командаларға тұжырымдамалар, жүзеге асыру жоспарларын, жобаның бизнес-модельін құрастыруға қолдау көрсететін болады.

Жобалар Акселераторға таңдап алынғаннан кейін жобаларды кластерлерге біріктіру және әр бағыт бойынша жобаларды одан әрі дамыту жоспарларын құрастыру мақсатында қатысушылар үшін 6 бағыт бойынша бекіту сессиялары, стратегиялық сессиялар өткізіледі.

Акселераторға таңдап алынған кемінде 10 жобаға CRM моделдер құрастыру және әлеуметтік жобаларды қолдау платформаларын құрастыру арқылы IT сүйемелдеу қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, Акселератор тәжірибесін өңірлерге одан әрі тарату үшін әдістемелік материалдар құрастырылатын болады.

Сонымен, Акселератордың қызмет етуі қамтамасыз етеді:

– жобаның жекелеме бағыттары бойынша кластерлер қалыптастыру үшін жағдай жасауды;

– жобалардың нәтижелілігін арттыруды, олардың тұрақты дамуға шығуын, мақсатты аудиторияның кеңінен қамтылуын;

– «Рухани жаңғыру» құндылықтарын тарататын, қоғамның өзін өзі ұйымдастыруы процесін басқара алатын көшбасшылар пулын дайындау;

– тұрғындардың кең көлемін жобаны жүзеге асыру процесіне тарту, «Рухани жаңғыру» идеологиясы төңірегінде топтастыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ТҮПНҰСҚАЛАР ТІЗІМІ

1.1 бөліміне. Қоғамдық сана ғылыми талдау объектісі ретінде: теориялық тұжырымдамалар және проблемалық алаң

1. Кадыржанов Р. «Рухани жаңғыру: казахстанская модель духовной модернизации». – Научный журнал «Казахстан – Спектр», №1, 2018 ж. – 39 б.

2. Калашникова Н., Байжанов С. «Рухани жаңғыру: перспективные тренды». - Научный журнал «Казахстан – Спектр», №1, 2018 ж. – 19 б.

